

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология және әлем тілдері факультеті

ӘОЖ 811.512.122:003.3 Қолжазба құқығында

САЙБЕКОВА НАЗИРА УСЕНҚЫЗЫ

**Грамматологиялық парадигма: А.Байтұрсынұлы және қазақ жазу
үлгісінің қалыптасуы**

6D020500– Филология

Философия докторы (PhD)

дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:

**Филология ғылымдарының
докторы, профессор Салқынбай А.Б.**

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Доктор, профессор Айташ Г.

Қазақстан Республикасы

Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I. А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ГРАММАТОЛОГ ҒАЛЫМ	11
1.1 XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ жазуының тарихи сипаты.	15
1.2 Грамматология ғылымының зерттелуі.....	25
1.3А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі басты қисындар	52
II. А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҚАЗАҚ ГРАММАТОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ	
2.1 А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі дыбыстардың таңбалану жүйесі: грамматологиялық бағыты.	63
2.2 А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі таным.....	72
2.3 А.Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің негізділігі	80
2.4А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі дауысты дыбыстар жіктелімі.....	95
2.5 А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі дауыссыз дыбыстар жіктелімі	102
2.6А.Байтұрсынұлы әліпбиі мен латын әліпбиінің жіктелімі.....	110
III. А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҚАЗАҚ ЕМЛЕСІ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ	
3.1 А.Байтұрсынұлының күрделі сөздер емлесі.....	123
3.2А.Байтұрсынұлының грамматикалық емшелері – қазіргі емленің бастауында	137
ҚОРЫТЫНДЫ	152
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	155

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Көрнекті қазақ ғалымы, ұлт ұстазы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізгі салалары туралы алғаш қалам тартқан ғалым. А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің теориялық және практикалық тұрғыдан негізін қалады, грамматикалық құрылымның ғылыми жүйесін жасады, дыбыс жүйесінің басты ерекшеліктерін айқындады. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің метатілін қалыптастырды.

А.Байтұрсынұлының «Әліппе» оқу құралы нағыз грамматологиялық бағытта жазылған еңбек, онда қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп беріледі. Дыбыстар дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болады деп көрсетіледі [1,146].

X-XI ғасырлардан бастап қолданыста болған араб жазуы түркі халықтары тілдерінің ерекшеліктеріне сәйкестендірілмей, арабтарда қалай қолданылса, сол қалпында өзгеріссіз түркі тілдерінде де қолданылды. Ғасырлар бойы түркі халықтарының мәдени-рухани жағынан өркендеуіне негіз болған, ислам дінінің ілгерілей енуінің де басты тұғырына айналған араб жазуы екенінде шүбә болмасқа керек.

Қазақ жұртында П. Мелиоранский, А.В.Ильминский т.б. миссионерлер бастаған оқу жұмыстары жүргізілгені белгілі. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысы туралы алғашқы мәліметтер Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргиз-казахского наречия» деген еңбегінде кездеседі. Кейін М.А.Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875), П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» (1894, 1897), В.В.Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка» (1897), т.б. еңбектер жарық көрді. Қазақ тілін таныстыру мақсатын көздегендіктен бұл еңбектерде белгілі бір категориялардың сырын ашу, оның ерекшеліктерін анықтау жағы қарастырылмаған. Олар негізінен қазақ тілінің заңдылықтарын, ерекшеліктерін орыс тілімен салыстырып, сол тілдің негізінде түсіндіруге тырысты. Сондай-ақ, А.Е.Алекторовтың «Краткий казахско-русский словарь», 1891; «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с наречиями бухарцев, башкир, киргизов и жителей Туркестана», 1869; Т.Бокин «Русско-киргизский словарь», 1913; Н.И. Ильминский «Материалы к изучению киргиз-казахского наречия», 1861, т.б. еңбектері бар. Бұл туралы жазылған ғылыми зерттеулер бар (Ақымбек С. [2], Иманқұлова С. [3]). Сондықтан зерттеуімізде бұл мәселелерге терең талдау жасамаймыз.

Қазақ тіл біліміндегі грамматология ғылымының негізін қалаған - Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақтың өзінің төл жазуын алғаш рет жәдидшілдік, усул жәдид – төте оқу жолы негізінде негізін алғаш рет қалаған лингвист ғалым.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралында» (қазақша әліппе) буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, харіп секілді терминдер

берілген. 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше рет басылған «Тіл құрал» оқулықтары (қазақ тілінің сарфы) - қазіргі таңдағы қазақ тіл біліміндегі зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты терминдердің негізін қалаған оқу құралы.

Аталған оқу құралында А. Байтұрсынұлы былай деп жазады: «Жұрт баласын әуелі ауыз тілінде оқытып, ауыз тілінде жазу сызу үйретіп, ауыз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Бізде тіліміз бұзылмай сақталуын өзгелерше тілесек, әуелі ауыз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс. Қазірдің бастауыш мектебінде басқа тілдермен қатар қазақ тілінің оқу харпы да үйретілу керек. Үш жылдық бастауыш мектеп оқытуға шамалап қазақ тілінің оқу жазу харпін біліп, балаларға оқытуға ыңғайлы осы «Тіл – құрал» деген кітапшаларды шығарудамыз» [1,142].

Сол кездің өзінде А. Байтұрсынұлы, ең алдымен, адам ана тілінде білім алу керек, ана тілін меңгерген соң басқа тілді үйренуге қарай ойысу керек деген пікірде болғандығын байқауымызға болады.

Байтұрсынұлы әліпбиі 1912 жылдан бастап қазақ-орыс мектептерінде, мұсылман медреселерінде қолданыс тапты. Қазіргі таңда төте жазу үлгісі көптеген халықтың жазу үлгісі болып табылады.

Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау, жазба тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру үшін іргелі ғылыми жұмыс жазды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халық тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» - деді.

А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған елдің – өзі де жоғалады» - деді. Ғалым латын мен кириллица әріптерінің қазақ жазуына енуіне түбегейлі қарсы болды. Оның себебі, араб жазуында, төте жазу тілінде көптеген оқу құралдары жарияланғандықтан, халықтың басым көбі сол тілде оқып жаза білетіндіктен, халықтың рухани мол қорындағы дүниелер өзіндік құндылығын жойып, халықтың түпсанасындағы тіл мен рухани құндылықтардың жойылуына әкеліп соғады,- деді.

Зерттеудің нысаны: қазақ грамматологиясының негізін қалаған А.Байтұрсынұлының қазақ жазуына, қазақ тілі емлесіне қатысты ғылым және практикалық еңбектері мен қазақ жазуына қатысты грамматологиялық деректер мен ғылыми зерттеулер.

Зерттеу пәні: А.Байтұрсынұлы және қазақ грамматологиясы.

Зерттеудің мақсаты: рухани мәдениеттегі қазақ жазуының маңыздылығын негіздей отырып, қазақ тіл білімінің негізін қалаған, оның

бастауында тұрған А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі грамматологиялық теорияны талдап, ондағы ғылыми қағидалар мен практикалық тұжырымдарды жүйелеп, саралап, А.Байтұрсынұлының қазақ грамматологиясының негізін қалаушы ретіндегі рөлін көрсету, қазақ грамматологиясының негізгі ерекшеліктері мен басты қағидаларын талдау, қазіргі латынәліпбилі қазақ жазуының сипатын көрсету.

Зерттеудің міндеттері:

- А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі грамматологиялық қағидаларды жүйелеу;
- А.Байтұрсынұлының қазақ жазу үлгісінің қалыптасуына қосқан еңбектерінің сонылығын дәйектеу;
- А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі қазақ жазуы мен грамматологиясына тән басты ерекшеліктерді сипаттау;
- қазақ жазу үлгісінің қалыптасу тарихын зерделеу;
- «Төте жазудың» сөйлеу тілін таңбалаудағы маңызын айқындау;
- А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық емлелердің мәнін зерттеу;
- қазақ грамматологиясының басты ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан негіздеп, қазіргі бекітілген латыннегізді «Әліпби» мен «Емленің» сипатына ғылыми талдау жасау;

Зерттеудің ғылыми болжамы: Қазақ тіл білімінің көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ грамматологиясының негізін қалаған. Ғалым еңбектерінде тұңғыш рет дыбыс пен әріптің, орфография мен орфоэпияның аражігі ашылып, қазақ тіліндегі дыбыстардың ғылыми сипаты айқындалады. Төл тіліміздің тектік табиғаты (жалғамалылық, сингармониялық табиғаты) нақты талданып, ауызекі сөйлеу тілі мен жазба тілдің ерекшеліктеріне қатысты нақты ғылыми түсінік беріледі. Сөйлеу тіліндегі дыбыстардың табиғаты анықталып, олардың жазудағы және айтылымдағы ерекшеліктері сараланады. Қазақ дыбыстарының тілдік төл табиғаты ашылып көрсетіліп, сөздің жазылу емлесі ғылыми тұрғыдан зерттеледі.

Зерттеудің жетекші идеясы: А.Байтұрсынұлының грамматологиялық ғылыми мұраларын тереңдей зерттеп, ондағы танымдық, тағылымдық мәнді анықтау, ойжасампаздықпен үңіліп, ғылыми тағылымын қазіргі латынәліпбилі қазақ жазуы мен жаңа жазу емлелерін түзуде қолданудың тиімді жолдары мен талаптарын зерделеу.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізіне қазіргі шетелдік және қазақ тіл біліміндегі грамматологияға қатысты ғылыми-теориялық зерттеулер, пікір-көзқарастар, тұжырымдар алынады. Жазу және грамматология туралы шетелдік зерттеуші ғалымдардың В.А.Истриннің «Возникновение и развитие письма» (М., 1965); «Развитие письма» (М., 1961); Д. Дирингердің «Алфавит» (М., 1963), И.Фридрихтің «История письма» (М.,1979); Жак Дерриданьң «Грамматология туралы» (Of Grammarology, 1967), И.Е.Гельбтің «Опыт изучения письма» (Gelb I.J. A

study of writing: the foundations of grammatology, 1952) т.б. еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар басты назарда болады.

Отандық зерттеуші ғалымдар: А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Т.Шонанұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М. Балақаев, Р.Сыздықова, Ә.Жүнісбек, Ө.Әбдиманұлы, А.Ісімақова, М.Жүсіпұлы, Н.Уәлиев, А.Салқынбай, О.Жұбаева, С. Иманқұлова, Қ.Күдеринованың еңбектеріндегі грамматологияға қатысты ғылыми тұжырымдар мен пікірлер негізге алынады.

Зерттеу әдістері: Талдау, жинақтау, сипаттау, когнитивтік, салыстыру және түсіндірмелі әдістер.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертацияның жаңа пайымдаулары төмендегідей нәтижелерден байқалады:

- Қазақ тіл білімінде грамматология ғылымының негізін қалаған және қалыптастырған А.Байтұрсынұлы деп танылады;

- А. Байтұрсынұлы еңбектерінде алғаш рет грамматологияның негізгі метатілі жасалды және сараланды, дыбыс мен әріп, графема мен фонема, әр әріптің жазылу емшелері туралы тұңғыш ғылыми тұжырымдар жасалды;

-А.Байтұрсынұлы ұсынған араб әріптері негізінде жасалған төте жазу – қазақ тілінің төл табиғатына жақын жазу ретінде танылады. Бұл жазудың негізгі ғылыми теориясын «Әліпбиінде» келтіру арқылы ғалым тіліміздегі жазудың дыбыстық жазу болатыны туралы тұжырымын дәлелдеді;

-А.Байтұрсынұлы түзген емле тәртібі – қазақ грамматологиясы тарихындағы тұңғыш төл емле саналады.

-А.Байтұрсынұлының зерттеулерінде орфография мен орфоэпияның ерекшеліктері санамаланып, жазылу мен айтылудың басты ерекшеліктері тұңғыш рет қағида ретінде ұсынылды.

- төл дыбыстардың жіктелімін ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан дұрыс көрсетіп, олардың арасындағы үндестік пен гармонияны, дыбыстардың бір-біріне ықпалдасуын ғылыми талдады;

-А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің грамматологиясы бойынша негізгі теориялық тұғыр қалыптастырушы көшбасшы екені дәлелденді.

Жұмыстың теориялық маңызы:

Диссертациялық жұмыста қол жеткізген ғылыми нәтижелер А.Байтұрсынұлының грамматологиялық еңбектеріне деген жаңа ғылыми көзқарастың жетекші болуына жол ашады. А.Байтұрсынұлы тек төте жазудың авторы ретінде ғана қарастырылмай, жалпы қазақ грамматологиясының негізін қалаған, грамматологиялық ілімді қалыптастырған көшбасшы ретінде танылады. Ғалым тұңғыш рет грамматологиялық терминдерді жасаған және қолданған, қалыптастырған деп танылады. А.Байтұрсынұлы жасаған қазақ тіліндегі дыбыс пен әріптің табиғаты туралы қағидалар мен дыбыстардың жазылу үлгісі, сөздердің және грамматикалық формалардың жазылу сипаты туралы емшелер күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін сақтайды. Қазіргі таңда латынәліпбилі қазақ жазуына көшу кезеңінде А.Байтұрсынұлы жасаған грамматологиялық теория үлкен

ғылыми маңызға ие. Сондықтан А.Байтұрсынұлы жасаған төл тіліміздің грамматологиялық теориясын қайтадан терең зерделеу өзінің өзектілігін, зәрулігін анық аңғартады.

А.Байтұрсынұлы еңбектерін талдау барысында түйілген ойлар мен пікірлер, болжамдар, қорытындылар А.Байтұрсынұлына байланысты пәндерді оқытуда, оқыту әдістемесі теориясын оқытуда мол ғылыми-практикалық деректер береді. Зерттеудің теориялық нәтижелерін қазақ тіл білімі мамандарына қажетті оқу құралдарын жазу барысында пайдалануға болады.

Жұмыстың практикалық маңызы: Ғалым принциптерінің негізінде қазақ жазу үлгісінің айтылымға жақын болуы жатқанын анық аңғарамыз. Мұның өзі қазіргі тілімізге молынан кіріп отырған жаңа атаулар мен кей термин сөздерді бейімдеп алуға мүмкіндік береді, осы ретте жұмыстың үлкен практикалық маңызы бар деп есептейміз.

Зерттеу материалдарын жоғары оқу орындарында «А.Байтұрсынұлы тағылымы және ұлттық ғылым» пәнінен дәріс, семинар сабақтарында, өздік жұмыстарда, аудиториядан тыс іс-шараларда, үйірме, секцияларда, қазақ тілі мұғалімдерінің білім жетілдіру курстарында пайдалануға болады.

Диссертанттың жүргізген зерттеу нәтижелерінің қорытындысы А.Байтұрсынұлына қатысты пәндердің жаңаша зерттелуіне тірек бола алады.

Зерттеу нәтижесінің дәлелділігі мен негізділігі: Зерттеу жұмысының нәтижелері әдіснамалық тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу әдістерінің тиімділігімен, зерттеу еңбектеріне талдау жасалуымен анықталады.

Ғылыми жұмысымыздың негізділігі мен дәлелділігі, ең алдымен, грамматологияға қатысты әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттердегі ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, ғылыми тұжырымдар жасаумен байланысты. Диссертациялық жұмыста ағылшын тілі, неміс тілі, орыс тіліндегі ғалымдардың жазу теориясына қатысты еңбектері мен қазақ тіл біліміндегі басты теориялық зерттеулердегі грамматологиялық тұжырымдар таңдалып алынды және пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының дәлелділігі, сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін ұлттық кітапханадағы сирек қор материалдары бойынша оқып, талдаумен анықталады. Ғылыми талдау негізінен А.Байтұрсынұлының «Алифба» оқу құралына қатысты болғандықтан, 1912 және 1914 жылдары баспадан жарияланған «Алифба» оқу құралында орын алған айырмашылықтар еңбегімізде берілді. Бұл айырмашылықтар, негізінен, авторлық қолданыстағы сөздердің дыбыстық варианттарына қатысты [1;4]. А.Байтұрсынұлы жасаған және қолданған төте жазудың басты принциптері қазақтың сөйлеу тіліне негізделген, сондықтан жазу мен лебіз арасындағы айырмашылық көп болмаған.

Зерттеу жұмысының кезеңдері. Зерттеу үш кезеңде жүргізілді:

Бірінші кезеңде (2016-2017ж.ж.) ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбы, зерттеу бағыттары анықталып, ғылыми әдебиеттер сараланды. Зерттеу жұмысының теориялық, ғылыми-әдіснамалық негіздері

айқындалып, мақсат-міндеттері нақтыланып, зерттеудің пәні мен күтілетін болжамы анықталды. Анықтаушы зерттеу материалдары, тапсырмалар жүйесі түзілді.

Екінші кезеңде (2017-2018 ж.ж.) А.Байтұрсынұлы еңбектерімен жұмыс жасалынды, талдау жасалды және А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінде грамматология ғылымын қалыптастырғаны дәйектелді.

Үшінші кезеңде (2018-2019ж.ж.) ғылыми зерттеудің анықталған тұжырымдары мен қорытындылары жүйеленіп, диссертация түрінде рәсімделді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

-А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі грамматологиялық қағидалар жүйеленіп, ғалымның қазақ грамматологиясының негізін қалаушы ретіндегі рөлі анықталды;

-А.Байтұрсынұлының қазақ жазу үлгісінің қалыптасуына қосқан еңбегі тек «Төте жазуды» жазуы ғана емес, ең алдымен қазақ грамматологиясындағы басты ерекшелікті анықтап, дыбыс пен әріп табиғатын ашып, қазақ жазуының басты сипатын талдап көрсетеуі;

-А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қазақ грамматологиясының негізгі метатілі қалыптасты, алғашқы терминдер жасалып, олардың анықтамасы берілді.

- қазақ жазу үлгісінің қалыптасуының өзіндік тарихы бар, ХХ ғасырда қазақ жазуының бірнеше рет өзгеруінің саяси және қоғамдық себептері бар, сондықтан жазудың бір ғасырда бірнеше рет алмасуына ғылыми тұрғыдан баға берілуі тиіс;

- «Төте жазудың» сөйлеу тілін таңбалаудағы маңызы ғылыми тұрғыдан айқындалады;

-А.Байтұрсынұлы зерттеулерінде орфографиялық және орфоэпиялық тұрғыдан сөздердің жазылу ерекшелігі ғылыми тұрғыдан талданған, алғаш рет ана тіліміздің сауатты төл емлесі жасалған;

-А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық емлелердің мәні ашылған;

-Ғалым зерттеулері қазіргі таңда жаңадан бекітілген латынәліпбилі «Әліпби» мен «Емленің» басты теориялық тұғыры ретінде алынуы тиіс;

Зерттеу нәтижелерін сыннан өткізу мен ендіру: Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 16 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған филология сериясы бойынша диссертациялардың негізгі қорытындысын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында –3, «ҚазҰПУ Хабаршысы» журналында –1, нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала –1, халықаралық ғылыми конференция материалдарының арнайы жинақтарында –10 (оның ішінде 3 шетелдік баспада жарық көрді), республикалық ғылыми-практикалық конференцияда – 1 ғылыми мақала жарияланды.

«Жазу әлемдік өркениет бесігі». Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршы» журналына № 6 (164) 2016. ККСОН ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы;

«А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі дауысты дыбыстар жіктелімі». Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршы» № 2 (170) 2018 ж. Филология сериясы;

«The similarities of graphemes in Kazakh and Turkish languages». Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршы». № 1 (173) 2019 ж. Филология сериясы;

«The importance of A.Baitursynuly's alphabet». Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы» журналы № 3 (61) 2017. «Филология» ғылымдары сериясы;

«A.Baitursynuly and formation of Kazakh writing». Opcion (ISSN10121587-Venezuela-Scopus), журналы №85 (2018);

«А. Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің негізділігі». 2017 жылы 15 наурызда Тіл білімі институтында өткізілген «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция;

«А.Байтұрсынұлы және қазақ жазу үлгісі». М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 2017 жылы 31 наурызда өткізілген «Жаһандану жағдайындағы және білім беру жүйесіндегі Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция;

«А.Байтұрсынұлы және қазақ жазуы». Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2017 жылы 10-13 сәуір өткізілген студенттер мен жас ғалымдардың «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты халықаралық ғылыми конференция;

«А.Байтұрсынұлы төте жазуының сөйлеу тілін таңбалаудағы маңыздылығы». Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Профессор Талғат Сайрамбаевтың 80 жылдығына арналған «Қазіргі қазақ тілі өркениет бәсекесінде: зерттеу парадигмалары және оқытудың мобильді технологиялары» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция (2017 жыл 28-29 сәуір);

«A.Baitursynuly –an individual personality in the history of Turkic language». 11-14 мамырда 2017 жылы Әлеуметтік ғылымдар бойынша әл-Фарабидің 1-ші халықаралық конференция (Турция, Газиантеп);

«А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонеманың функционалды сипаты». М.Т.Томановтың туғанына 85 жыл толуына арналған «Қазақ тілі тарихы және рухани жаңғыру негіздері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция (03.11.2017ж.);

«А.Байтұрсынұлының төте жазуындағы фонеманың функционалды-грамматикалық ерекшелігі». «Рухани жаңғыру –Алаштың асыл мұраты: Тіл-Жазу-Мәдениет» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция (22.12.2017ж.);

«Қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы». Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция (16 наурыз, 2018ж.);

«А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі дауыссыз дыбыстар жіктелімі». «ҰЛЫ ДАЛА» III-ші гуманитарлық ғылымдар форумының материалдары. 2018.

Methodical importance of A.Baitursynuly's work «Bayanshy». 9-11 қараша, 2018 жылы Анкарада өткізілген III Халықаралық әл-Фараби әлеуметтік ғылымдар конференциясы;

«А.Байтұрсынұлының «Қазақша алифбасындағы» төл дыбыстар табиғаты». 31 наурыз 2019 жылы Переяслав-Хмельницкийде өткізілген «Еуропа мен Азия елдеріндегі заманауи ғылымның даму проблемалары мен келешегі» атты XIV Халықаралық ғылыми-практикалық интернет-конференция.

Диссертация құрылымы: Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

I. А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ГРАММАТОЛОГ ҒАЛЫМ

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым, Ыбырай Алтынсариннен кейін ел ішінде ағартушы-педагогтық қызмет атқарған, сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері, жас совет үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлы еді [1,8].

А.Байтұрсынұлы – жанының түкпіріне ешкім бойлап бара алмаған, қанша қиындық пен азапқа толы жылдардың өткелінен өтсе де, халқына және ғылымға адал болған, қазақ тіл білімі мен грамматологиясының негізін қалаған, қазақ халқының ұлттық дүниетанымын негізге ала отырып, араб таңбалық жүйесіне негіздей отырып, қазақ жазуын ұлттық және әлемдік деңгейге көтерген, тек қана қазақ халқының мүддесін ойлаған, қазақ халқының сауатты болуы үшін ерен еңбектер жасаған және сол жолда аяусыз еңбектенген алаштың аяулы да біртуар азаматы.

Диссертациялық жұмысымызда қазақ жазу үлгісін қалыптастырған, араб таңбаларын төте жазуға әкеліп оңтайластырған, қазақ тіл ғылымында грамматикалық құрылымдардың жүйесін негіздеп, грамматикалық тұлғалар мен категорияларды жүйелеп, зат есім, сын есім, сан есім, есім, етістік, үстеу, сияқты ғылыми ұғымдар мен термин сөздерді қалыптастырған, нақтылаған, функционалды грамматика мен коммуникативті-когнитивті құзыреттіліктің негізін қалап берген алаш ұлдарының бірі де бірегейі А.Байтұрсынұлының грамматологиялық ілімді қалыптастырудағы рөлі мен маңызы, қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы мен дамуы, қазақ грамматологиясының даму жолдары қарастырылады.

Ең алдымен, диссертациялық зерттеуімізде Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы туралы шағын ақпарат беру қажет. Ғалымның туған жылы туралы екі түрлі пікір бар болды. Алдымен, кей ғалымдар (Алғаш Ахмет Байтұрсынұлы туралы ғылыми зерттеу жазған Р.Сыздық еңбегінде де) 1873 жылы 28 (15) қаңтарда сол кездегі Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-ші аулында, Сарытүбек деген жерде (қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, күні кешеге дейін «Южный» деп аталған, ал бұл күнде А.Байтұрсынов атындағы совхоз орналасқан жерде) дүниеге келген деп жазды [1,8]. Кейінгі ғылыми деректер бойынша 1872 жылдың 5 қыркүйегі екені архив материалдары негізінде нақтыланды. Бұл мағлұматтарды нақтылауда А.Байтұрсынұлы мұражайының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Райхан Сақыбекқызының қызметі мол екенін айту орынды болмақ.

А.Байтұрсынұлы Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін 1891жылы бітіреді. Бітіргеннен кейін Орынборға барады. Онда баяғыда Ы.Алтынсарин салдырған мұғалімдер даярлайтын оқу орнына – «Учительская школаға» оқуға түседі. Төрт жыл оқып, 1895 жылы бітіреді де, ағартушылық іске кіріседі. 13-14 жыл бойы (1895-1909 жылдар арасында)

Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық бастауыш мектептер мен 5-6 жылдық екі кластық училищелерде мұғалім болып жұмыс істейді [1,9]. Бала оқыта жүріп, сол оқыту ісіне қажетті жағдайлар (нәрселер) жайын ойлайды: ең алдымен, қазақ балаларының сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбалары (графикасы, сол кездегі термин бойынша «әліпбиі») бар ма, екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған, үкімет тарапынан ашылған мектептер бар ма, үшіншіден, ондай әліпбиі мен мектебі болған күнде қазақ тіліндегі «Әліппесі» («Букварь» оқулығы) мен ана тілі оқулықтары («Грамматика» кітаптары) бар ма, баланы ана тілінде оқытудың тиімді әдістері қайсы –міне, осыларға назар аударады. Әрине, бұлардың бірде-біреуінің талапқа сәйкес емес екенін біледі және осыларды дүниеге келтірмейінше, жүзеге асырмайынша, қазақ даласындағы оқу-ағарту ісін дұрыс жүргізу мүмкін емес екендігін жақсы түсінеді. Енді, ол «барымен базар болып», күнделікті бала оқытумен қатар, жоғарыда айтылған жоқтарды түгендеуге кіріседі. Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы 1910-жылдардан бастап қазақ жазуымен (графикасымен) айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазақтар да пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алады. Ол үшін, алдымен, қазақ тілінің дыбыстық құрамын зерттеуге кіріседі.

1910 жылдың 9 наурызында Орынборға келіп, А. Байтұрсынұлы 1917 жылдың соңына дейін қызмет етеді. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының, Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «қазақтың ерте оянған тобының» инициативасымен, елден қаржы жиналып, 1913 жылы «Қазақ» атты газет шығару ұйғарылады. Газеттің редакторлығына А. Байтұрсынұлы ұсынылады. Ол 1913 жылдың басынан 1917 жылдың соңғы айларына дейін осы органның редакторы болып қыруар еңбек етеді [1,10].

1905 жылға дейін қазақтардың ана тіліндегі бірде-бір ұлттық газеті мен журналы, өзіне тиесілі типографиясы болғаны жоқ. Қазақ элитасының көшбасшысы Ә.Н.Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жақып Ақбайұлы, Райымжан Мәрсеқұлы, өзге де мұраттас серіктерімен бірге 1905 жылдан бастап 1906 жылдың бірінші жартысына дейінгі аралығында, яғни Мемлекеттік I Дума таратылғанға дейін жалпыхалықтық газет шығаруға күш салып бақты [5,57].

Ұзақ күттірген газет Семейде, Омбы немесе Қарқаралыда шыққаны жоқ. «Каримов, Хусаинова және К» серіктестігінің типографиясында басылған газеттің бірінші саны Орынборда 1913 жылдың 2 ақпанында жарық көрді. Газет бастапқыда апталық ретінде шыға бастады. 1915 жылдан бастап аптасына екі рет жарияланып тұрды [5,59].

Түркістан республикасы Орталық атқару комитеті мен Түркістан Орталық партия комитетінің газеті «Ақжолдың» 1923 жылғы 14 ақпанында шыққан 270-санында: «Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе мен әріп, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақан

еді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді», - деп жазылған [6,56].

Алаш қозғалысы дәуірі – ұлттық жазба әдебиетінің тарихындағы ерекше жылдар. Қазақтың жазба әдебиетінің өмірге келуінің бастапқы кезеңі Абай заманымен байланысты болғанымен, оның буыны бекіп, бұғанасы қатуы ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарына келеді.

ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы жазба әдебиетке Ыбырай Алтынсарин, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Нарманбет Орманбетұлы т.б. кейбір жекеленген әдебиет өкілдерінің шығармашылығы мысал бола алса, келесі ғасырдың басында жазба әдебиет өкілдерінің саны еселеп артты. Жазба әдебиеттің жарық көретін қалыптары - баспасөз, кітап басу ісінің дамуы жазба әдебиетті өркендете түсті. Ендігі жерде әдебиет оқырманға арнала бастады. «Айқап» журналы, «Қазақ» т.б. газеттер көркем ойды мыңдаған оқырманға жеткізушіге айналды. Үшіншіден, көркем проза, драма, әдеби сын үлгілері туып қалыптасты. Әдеби санның қалыптасуы, оның шығармаға, әдеби мұраға, әдеби процеске баға беруі - жазба әдебиеттің есейе бастағандығының айғағы болды.

Абай шығармаларының тұңғыш жинағының жарық көруі - жазба әдебиеттің қалыптасуына игі ықпал етсе, Міржақыптың «Оян, қазағы!», Ахаңның «Масасы» әдебиеттегі ұлтшылдық, елшілдік ұрандарды күшейтті. Сөйтіп бұл жаңашыл дәстүрді Жүсіпбек, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Мұхтар, Бейімбет секілді жас дарындар соны көркемдік сапада, тың қырынан жалғастырып әкетті. Соның нәтижесінде, Алаштың қалам кайраткерлері қазақтың тұңғыш романдары мен драмалық шығармаларын, алғашқы әдеби-сын мақалаларын дүниеге келтірді. Қазақтың сөз өнерін жанрлық жағынан да, идеялық-көркемдік жағынан да байытып, жазба әдебиетін қалыптастырды. Шамасы он-он бес жылдың ішінде Алаш қаламгерлерінің ерен қабілеті, ұлтына деген ерекше махаббаты, туған жұртының бүгінгісіне көңілі толмаған күдігі мен азат болашағына сенген үміті кейінгілерге үлгі боларлық әдеби туындыларды өмірге әкелді.

Алаш ұранды әдебиеттің беті мен екпіні, бағыты мен мазмұны Ахаң бастаған қазақ ақын-жазушыларының ұсталып кеткен кезеңіне дейін, яғни 1920 жылдардың соңына дейін жалғасты. Сол екпін, сол бет, сол бағыт қашанда ұлтына перзенттік сүйіспеншілігі мен адалдығын сақтаған қаламгерлердің шығармашылығында баяу болса да қан тамырындай бүлк-бүлк соғып жатты. Алаштық саралы жолдан ауытқыған советтік әдебиет әсіре қызылдың тез оңатынын сезбестен, адамға емес, саясатқа қолбалалық, құлдық сапарын айғай-шумен, беттен алумен бастап, бір кісінің ғұмырындай ғана өмір кешті. Әуелден таза, әуелден көркем, әуелден адамға, ұлтқа деген жанашырлық пен ізгілікке, шуақ пен мейірімге толы «Алаш әдебиеті» аталатын алып бәйтерек қайта жаңғырып, ізгілік тұқымдарын шаша бастады. Ендігі жерде қазақ баласы жасағанынша жасайтын оның байтақ та баянды мәңгілік өнегелі сапары басталды [6,12].

Бес жылдай (1913-1918) уақыт өз қаражатымен, сол кезең үшін үлкен тиражбен (8000 дана) шығып тұрған «Қазақ» газеті ең алдымен қазақ халқының ұлттық азаттығы мен мәдени-әлеуметтік дамуы үшін күрескен және қазақ қоғамының мүдделерін көздейтін проблемалар көтеріп, оларға әлеуметтік үн бере білген орган болды. Газет әсіресе тіл мәселесін бірінші орынға қойды. Қазақ тілін сақтап, әрі қарай дамыту керектігін, ол үшін қазақ балалары сауатын ана тілінде ашып, ана тілінде оқу керектігін, ұлт мектептеріндегі оқу-тәрбие ісін дұрыс жолға қою қажеттігін жиі жазды [1,10].

«Қазақ» газетінің тұңғыш санында А.Байтұрсынұлы: «...Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халіміз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті»-деген екен.

А.Байтұрсынұлы 1917 жылдың соңында газеттен кетіп, осы кезден бастап 1919 жылдың наурызына дейін «Алаш» партиясының жұмысына араласады, «Алашорда» атты уақытша халық кеңесінің (үкіметінің) оқулықтар жазу жөніндегі Комиссиясының құрамында қызмет етеді.

А.Байтұрсынұлы 1920 жылдардың басынан бастап әр түрлі мемлекеттік басқару істеріне, қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп, оқытушылық, ұстаздық қызметін тоқтатпаған. Ол 1921-1926 жылдары Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институты деп аталатын оқу орнында, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді, лекция оқиды. 1928 жылдың соңында, қыркүйек айында Алматыда Қазақ мемлекеттік университеті деп аталған жоғары оқу орны ашылады. Бұған сабақ беруге Москва, Ташкент сияқты орталықтардан мамандар шақырылады. Солардың бірі болып Ташкенттен А.Байтұрсынов келеді. 1928 жылғы қазан айының 15 жұлдызындағы № 14 бұйрығымен осы жылғы қазанның бірінен бастап А. Байтұрсынұлы қазақ тілі мен әдебиетінің профессоры болып жұмысқа алынады. Бұл қазіргі Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті еді [1,12].

Жазықсыз жала жабылып, 1937 жылы 8 желтоқсанда атылған А.Байтұрсынұлын Қазақ ССР-інің 1988 жылы 4 қараша күні ешбір қылмысы жоқ деп тауып, толық ақтау жөнінде шешім қабылдады. Ал Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бюросы 1988 жылы желтоқсанның 28 күні А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметтері жөніндегі тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру

кажет дегенді ұйғарды. Сол кезден бастап, А.Байтұрсынұлының еңбектерін жарыққа шығару, жариялау, еңбектерін төте жазудан кириллица әрпіне аударып, жазба тілде беру қарқын алды.

А.Байтұрсынұлының зерттеулерінде қазақ грамматологиясының ғылым негізі қаланды, жүйеленді. Тұңғыш рет қазақ әліпбиі төте жазу үлгісінде жазылып, әр таңбаға қатысты ғылыми ой түйінделді. Осы әліпбиге қатысты емле жасалды. Алғаш рет қазақ грамматологиясының метатілі айқындалып, қазақтың төл сөздерінің негізінде термин сөздер жасалды. Мұның ғылыми-теориялық маңызы ерекше деп есептейміз. Сондықтан, ғылыми жұмыстың басты мақсаты мен міндеті ретінде А.Байтұрсынұлының грамматологиялық зерттеулерін талдауды жұмыстың негізгі өзектілігі деп бағалаймыз. Олай болатын себебі, жазу – мәдениеттің негізгі тұғыры саналады. А.Байтұрсынұлының өзі «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық даражаға жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды. Жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шеіндегі адаммен сөйлеседі. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек», - деп жақсы жазады [1,174]. Сөздің қисынын келтіріп жазу үшін, оны таңбалайтын әріптерді және оны қалай жазудың емлесін көрсеткен А.Байтұрсынұлының еңбегінің мәні өлшеусіз.

1.1. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ жазуының тарихи сипаты

Тіл мен мәдениет – қоғам дамуының әлеуметтік азығы. Адамның жан дүниесі мен болмысының, мәдениетінің қалыптасуына үлкен үлес қосатын халықтың баға жетпес байлығы – оның тілі. Себебі, бүкіл бір ұлттың әдет-ғұрпын, дүниетанымын, рухани мәдениетін тек тіл арқылы ғана танып біле аламыз. Кез-келген халықтың мәдениетіндегі тілдің маңыздылығын бағалау аса қиын. Мәдени әдебиетте тілдің маңыздылығы келесі бағалауларға саяды: тіл-адамды қоршаған шынайы әлем ғана емес, сонымен қоса халықтың менталитеті, оның ұлттық сипаты, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ғибраты, ережелер мен құндылықтар жүйесі, әлем көрінісі бейнеленетін мәдениет айнасы; тіл–мәдениеттің жинағы, өйткені барлық білімдер, шеберлік, сол немесе басқа халықпен жинақталған материалды және рухани құндылықтар оның тілдік жүйесінде - фольклорда, кітаптарда, ауызша және жазбаша сөйлеуде сақталынады [7,14].

XVIII ғасырдың атақты философтары Ж.Ламетри, К.Гельвеций, П.Гольбах және басқалар тілдің қоғам мен мәдениетті қалыптастыруда қажетті шарт болып табылатындығын, мәдениетті дамытуда әр адам пен халықтың шексіз мүмкіндіктеріне сенетіндігін атап көрсетті. Олардың ізінше тіл мен мәдениеттің ара байланысының мәселесін өздерінің

зерттеулерімен жаңа лингвистиканың негізін қалаған Д.Вико, И.Гердер және В.Гумбольдт болды. Ең үлкен деңгейде бұл мәселе тіл мен мәдениетті кеңістік пен уақыт ұрпақтарының байланысында ерекше құрал деп қарастырған, сонымен қоса олардың әлемді қабылдау мен өмір бейнесін қалыптастыруға тигізетін әсерін бағалаған И.Г.Гердердің тұжырымдамасында түсіндіріледі. В.Гумбольдт тілді «халықтың рухымен» тікелей өзара байланысқан мәңгілік өзгеріп отыратын тарихи құбылыс деп түсінді [8]. В.Фон Гумбольдттың пікірінше, ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар. Сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл. Л.В.Щербаның тұжырымдамасы тілді психологиялық тұрғыдан түсіндіру болып табылады, ол сөйлеу әрекетінен, тілдік жүйеден және тілдік материалдан тұрады. Осыған орай бірінші орында сөйлеу әрекеті, сөйлеу және түсіну үдерісі тұрады; ол екінші аспект – тілдік жүйенің, сөздік пен грамматиканың бар болуымен байланысты, ал сөздік пен грамматика тек қана тілдік материалдан алынады [9].

Ұлт тілі арқылы ұлтты тану, ұлттың ойлау жүйесінің ерекшеліктерін айқындау, яғни ұлттық ділді айқындау, басқалардан айырмашылығын көрсету болып табылатындығына Э.Сепир мен Б.Уорф өз еңбектерінде ерекше көңіл бөлген. Егер кез-келген тіл болмысты өзіне ғана тән тәсілмен бейнелесе, тіл өзінің «әлемнің тілдік көрінісі» арқылы ерекшеленеді. Сепир-Уорфтың болжамы тіл әрбір адамда табиғи бейнемен қалыптасатын және бізді қоршаған әлемнің құбылыстары мен заттарын ретке келтіретін әлем көрінісінің негізі болып табылады деген ережеден келіп шығады [10].

Әріптік-дыбыстық жазудың таралуы б.э.д. I мыңжылдықтың бірінші ғасырынан басталады [11,222]. Әріптік-дыбыстық жазу екі маңызды бағытта таралды. Шығыс бөлігінде – барлық әріптік-дыбыстық және Азия халқының бірнеше буындық жүйесі бастау алатын финикий жазуының негізінде құрылған арамей жазуы пайда болды. Батыс бөлігінде – еуропа халқы жазуының барлық жүйесі бастау алатын финикий жазуының негізінде құрылған грек жазуы пайда болды [11,223].

Әріптік-дыбыстық жазудың барлық шығыс бөліктік жүйесі (ежелгі еврей жазуынан басқасы) арамей жазуы негізінде жасалған финикий жазуынан бастау алады. Ежелгі арамей мәтіндері б.э.д. IX-VIII ғасырға жатады. Бастапқыда арамей жазуының финикий жазуынан айырмасы болмады. Нәтижесінде арамейліктер жазуға шамалы өзгеріс енгізді: жеке әріптердің формасын өзгертті, сөздерді нүктемен немесе интервалдармен жүйелі түрде бөлуді енгізді [11,224].

Арамей жазуынан туыстас төрт түрлі жазу бөлініп шықты: еврей, иран, сирия және араб. Бұл тармақтағы жазулардың дамуы төрт діни ілімнің таралуымен байланысты: иудеизм (еврейлік тарам), зороастризм (ирандық тарам), христиан (сириялық тарам), мұсылман (арабтық тарам) [11,224].

Араб тілі арамей жазуының негізінде және Аравий түбегінде Набатей мемлекетін құрған ханаан-арамей тайпасы б.э.д. II ғасыр мен б.э.д. IV ғасыр аралығында қолданған «набатей жазуы» негізінде құрылды.

Консонантты-дыбыстық (консонантты-фонемографиялық) немесе жай ғана консонантты жазу деп аталуының себебі оның таңбаларымен тек қана дауыссыз дыбыстар (consonants) белгіленген әріптік-дыбыстық жазудың ежелгі түрі болып табылады. Консонантты жазудың пайда болуы б.э.д. II мыңжылдықтың екінші жартысына жатады. Консонантты-дыбыстық жазуда дауысты дыбыстар көрсетілмейді немесе оларға жақын орналасқан дауыссыз әріптердің көмегімен көрсетіледі немесе арнайы жол үстіндегі немесе жол астындағы таңбалар арқылы көрсетіледі.

Араб жазуы арамей жазуы арқылы біздің эрамызға дейінгі соңғы ғасырда пайда болған набатей жазуынан бастау алады. Набатей жазуы консонантты-дыбыстық мағынасы бар 22 дыбысқа негізделген. Әріптер жіңішке және дөңгелек сызықтардан тұрды және сөздердің бастапқы және соңғы жағында әртүрлі жазылды. Бастапқы кезде набатей жазуы набатейлердің семит тайпасының арамей тілін қамтамасыз етті. Тек қана б.э.д. IV ғасырдан бастап араб тілін қамтамасыз ете бастады. Араб жазуының ислам діні енгенге дейінгі бірнеше түрлері бар болып табылады (синай немесе жаңа синай, карматтық, куфалық). Олар набатей жазуынан классикалық араб жазуына өтуге дейінгі аралықтағы жазу түрлері болып табылады [12,147].

Әріптік-дыбыстық жазу тарихындағы кірме болудың рөлі екі себеппен түсіндіріледі: біріншіден, бұл жазудың аса қарапайымдылығымен және оның әртүрлі тілдердегі беруіндегі оңай бейімделгіштігімен, екіншіден, халықтар арасындағы сауда, мәдени және басқа да байланыстардың кең тарауымен. Кейбір халықтар, басқалардан әріптік-дыбыстық жазуды ала отырып, оның алфавиттік құрамын өз тілінің дыбыстық құрамына бейімдей отырып, шамалы болса да өзгертті: финикий жазуының негізінде құрылған грек жазуы, грек жазуының негізінде құрылған славян жазуы.

Тілдері туыс болып табылатын халық арасында осындай кірме болған кезде олар ешқандай қолайсыздық тудырмады: еврей және арамей жазуы финикий жазуының негізінде жасалған кезде ешқандай өзгеріс орын алмастан енгізілді.

Сонымен, араб тілінің түп төркіні қайдан бастау алады деген сауалға жауап берер болсақ, араб тілінің түп төркіні набатей жазуынан басталады, ал набатей жазуы финикий жазуының негізінде құрылған арамей жазуының негізінде құрылған.

Араб тілі – семит тілдері тобының (эфиоп, иврит, аккад, арамей) ең бай тармағы. Араб тілі орта ғасырларда Үндістан мен Атлант мұхиты аралығында өмір сүрген халықтар арасында кең қанат жайған. Өйткені, VII ғасырдың ортасынан бастап ислам дінінің таралуына байланысты араб тілінің рөлі де бірте-бірте күшейе түседі. Әсіресе араб мәдениетінің қайта өрлеу дәуірі тұсында оқу, білім, әдебиет пен мәдениет, сәулет өнері айрықша

дамыды. Тіл білімі, тарих, география, математика, астрономия, медицина секілді ғылым салалары бойынша гуманизм идеяларына толы көптеген еңбектер дүниеге келді.

Классикалық араб тілі көптеген ғасырлар бойы Орта және Кіші Азия, Таяу және Орта Шығыс, Закавказье, Солтүстік Африка мен Оңтүстік Испания (Андалусия) халықтарының өзара қатынас құралы болды. Күні кешеге дейін (1929) қазақ халқы да өзге түркі тектес халықтар сияқты, араб графикасын пайдаланғаны белгілі.

Араб тілі иран, түркі тілдеріне де едәуір әсер етті. Мысалы, кейбір түркі мен иран тілдері сөздік қорының едәуір бөлігін араб тілінен енген сөздер құрайды. Ал, қазақ тіліне енген араб сөздері шамамен он бес мыңға жуық. Оларды екіге бөлуге болады: біріншісі –қазақ тіліне араб тілінен тікелей немесе өзге шығыс тілдері арқылы (мұғалім, қала, дін, медресе т.б.), екіншісі –европа тілдері арқылы кірген сөздер (алгебра, азимут, адмирал, альманах т.б.).

Тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алмасатын саналы әрекет түрінде жүзеге асады. Өзара хабар алмасатын саналы әрекет түріне ауызекі сөйлеу тілі мен жазбаша сөйлеу жатады. Жазу тарихы қай ғасырдан бастау алады деген сауалға келер болсақ, жазу ғасыры Орхон-Енисей жазбасынан бастау алады.

Тас бетіндегі жеке жазбалар 1722 жылдан бастап пайда бола бастады, XIX ғасырдың соңынан бастап олар үлкен мөлшерде Сібір облыстарынан (Енисейдің жоғарғы жағынан), негізінен Орхон маңынан және Монғолияның басқа да жерлерінен табыла бастады [13,168].

Қазақ тілінің қалыптасу, даму кезеңдерін айқындау жалпы түркі тілдерінің даму жолдарымен тікелей байланысты. Турк (түрік, түркі) сөзінің мағынасы жөнінде айтар болсақ, ол түркі қағанатының аты, этникалық термин болуымен қатар, өзінің негізгі байырғы «күшті, қуатты» деген мағынасын да көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде сақтаған [14].

Орхон жазбалары тілінде орын алған сингармонизм құбылысы, яғни көп буынды сөздердің алдыңғы буынындағы дауыстының жуан-жіңішкелігі соңғы буындарға әсер ететіндігі (сөздің біркелкі, бір қатарлы дауыстыларды қабылдайтыны: өзүм сансыз, атлығ), алғашқы буынында еріндік дауысты дыбыс келетін сөздердің екінші буынында еріндік емес, езулік дауыстының келуі (бунсыз, оғлыңа, тутдым), сөз буындарының құрылымдық типтері (дауыссыздардың орналасу тәртібі: дауысты+дауыссыз+дауысты, дауысты+дауыссыз, дауыссыз+дауысты+дауыссыз), **ғ, г, п, р** дыбыстарының сөз басында кездеспейтіндігі –осылардың барлығы қазіргі қазақ тіліндегі әдеби нормаға сәйкес келеді [15,45]. Көне түркілік таңбалар қазіргі таңдағы түркі халықтарының тілдік әуезін, әуенін және қазақ тілінің дыбыстарын таңбалайды.

Қазақ тілі сан ғасырдан бері ата бабадан мирас болып келе жатқан киелі дүние. Тіл – адам баласының әлем бейнесін тану жолындағы түсінігінің,

ойының, сезімінің, идеясының, дүниетанымының көрінісі. Қазақ тілі –ең бай әрі дамыған тіл. Әлемдегі санаулы әдеби тілдердің бірі [16, 4].

Жазу – мәдениеттің ең жоғарғы деңгейдегі көрінісі. Ауызша және жазбаша сөйлеудің сыртқы (дыбыстау) және ішкі (мағына) жағы болады.

Жазудың екі жүйесі бар: идеографиялық жазу, сөзден тұратын дыбыстық тізбекті дыбыстайтын фонетикалық жүйе. Жазудың фонетикалық жүйесі сөйлеудің бөлінбейтін элементтеріне негізделген буындық және әріптік болып табылады [17, 64].

Жазу – адамзаттық мәдениеттің дамуын айқындайтын әлеуметтік мәні бар зор құбылыс. А.Аманжоловтың «Түркі филологиясы және жазу тарихы», М.Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», С.Исаевтың «Қазақ әдеби тілінің тарихы», Р.Сыздықованың «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбектерінде қазақ жазуының даму тарихы қарастырылады.

Жазба тілдің қолданыс аясы кең, жазу таңбалары арқылы ойды, ақпаратты ұзақ мерзімге әрі кез-келген аумаққа жеткізуге болады. Белгілі ғалым И.Е.Гельб адамдардың ой мен сезімді жеткізудің уақыт пен кеңістікке тәуелсіз формасын ойлап табуға деген ұмтылысы, ақпаратты ұзақ уақытқа және алыс жерлерге жеткізуге деген мұқтаждығы қарым-қатынастың түрлі көру құралдары арқылы іске асатын түрінің дамуына алып келгендігін айтады [18, 252].

Тіл –халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, қадір тұтатын заттары мен құндылықтар дүниесінің, қоршаған ортаның т.б. өмір сүру үлгілерінен хабардар ететін құрал. Әр ұлттың ана тілінде оның бүкіл өмірі, тарихы, тыныс-тіршілігі, жан дүниесі, яғни мәдениеті көрініс табады.

Тіл, сана, таным және мәдениет ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, ал жазу мәдениеттің ең жоғарғы деңгейдегі көрінісі және адамзаттық мәдениеттің дамуын айқындайтын әлеуметтік мәні бар зор құбылыс болып табылады.

Шын мәнінде, жазба тіл жалпы адамзат тілін бейнелейтін коммуникация құралы болып табылады. Бұл жөнінде жазу тарихын және жазу теориясын қарастырған ғалым В.А.Истрин «егер тіл – ойдың материалды бөлшегі, адамдар қарым-қатынасының негізгі құралы десек, онда жазу тілдің көмекші құралы қызметін ғана атқарады, графикалық таңбалар мен кескіндер арқылы тілдің белгілі бір элементтерін хабарлау болып шығады, ал тіл – сол тілде сөйлеуші халықтың сүзгіден өткізілген, өңделген сөздік қоры, лексикалық жүйесі, олардың тіркесім ережелері және грамматикалық құрылысы десек, онда жазу сол халықтың тілін бейнелейтін графикалық таңбалардың белгілі бір заңдылықтарға сәйкес түзілген кешені, белгілі дәрежеде тілмен тең келетін кешенді жүйе» деген пікір айтады [11,18].

Адамзат жазуының пайда болуы – мәдениет тарихындағы шешімін таппаған мәселенің бірі. Кейбір жазу үлгілері, мысалы иероглифтер мен пиктографиялық таңбалар бір тілде сөйлейтіндер үшін жасалған. Алфавиттік жазудың пайда болуы адамзат мәдениетінің дамуындағы ортақ сипаттарды да анықтай алады. Өйткені, әр түрлі тілдердің кез-келген сөзін хатқа түсіріп

оқуға мүмкіндік туғызған алфавиттік жазу, бірте-бірте ғаламдық ақпарат таратушы құралға айналды. Жазудың пайда болуын зерттегенде анықталатын мәселелер: алғашқы жазу үлгілерінің сипаты мен қызметі, тарихи қалыптасу кезеңі мен жазуға (таңбаға) негіз болған факторлар [19,100].

Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу - өткен мен бүгінгіні, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір [20].

Жазу тарихы қай ғасырдан бастау алады деген сауалға келер болсақ, жазу ғасыры бағзы заманнан келе жатқан Орхон-Енисей жазбасынан бастау алады. Орталық Сібірдің оңтүстік аймағынан, солтүстік-батыс Монғолия мен солтүстік-шығыс Түркістаннан табылған түркі мұралары негізінен VII-VIII ғасырларда жазылған.

Қазақ ғалымдарынан Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерін зерттеуде Ғ.Айдаров, Қ.Өмірәлиев, А.С.Аманжолов, А.Есенқұлов, М.Жолдасбеков, т.б. ғалымдардың қосқан үлесі өте көп. Қазіргі түркі халықтарына ортақ мұра болып табылатын Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері жазылған көне түркі әліпби жүйесінің пайда болуы мен көне түркі жазба дәстүрінің қалыптасуы ұзақ мерзімдерге созылған күрделі даму жолынан өткені белгілі. Түркі руникасы жайлы белгілі қазақ ғалымы А.Аманжолов: «Алғашқы әріп жазуының бір тармағы –руникалық көне түркі алфавиті болып табылады. Бұл алфавитпен жазылған ескерткіштер – көне түркі тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен білім өресінің ауыз толтырып айтарлықтай көрсеткіші» дейді [14,39].

Ғасырлар бойы араб жазуын қолданған кітаби тіл қазақ әдеби тіліне ықпал етті. Араб жазуының түркі тілдерінде қолданылуы XI ғасырдан басталады. Қазақ халқының көне жазу дәстүрі ең көне түркі жазу ескерткіштерінен басталады. Көне түркі тілі және оның диалектілік бір тармағы – көне ұйғыр тілі.

«Шағатай тілі» дегеніміз Шыңғысханның екінші ұлы, Шағатайдың ұлысына енген Орта Азия, Жетісу және Шығыс Түркістан жерінде кең тараған жазба әдеби түркі тілінің атауы ретінде XIV ғасырда пайда болды. Түркітану әдебиеттерінде «шағатай тілі» (немесе сыңаржақ ұсынылған «ескі өзбек тілі») деген термин Ақсақ Темір мирасқорлары заманында өз дамуының классикалық түріне жеткен XIV- XV ғасырдағы орта азиялық әдеби «түркі» тілін көрсетеді [14,73].

«Түркі» тілінде жазылған орта азиялық жазба әдеби шығармалардың дәстүрлері XVIII- XIX ғасырларда түркі тілдес өзбек, ұйғыр, түрікмен, қазақ пен қарақалпақ халықтарының жазба әдеби тілдерінің қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Қазақ қоғамындағы араб жазуына қатысты зерттеулерде араб жазуы «қадим», «жәдид» деп екіге бөлінеді. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қадим жазу үлгісіне XVI-XVII ғ.ғ. аралығындағы тарихи негізі бар

жылнамаларды, құжаттарды және түркі халқына ортақ еңбектерді, ал жәдид жазуына «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» тәрізді алғашқы қазақ газеттерінде қолданылған жазу үлгілерін жатқызады. Қадим жазу жүйесінің басты бір ерекшелігі дауысты дыбыстардың таңба арқылы емес, диакритикалық белгілермен берілуі, яғни дауысты дыбыстардың қызметін харакаттар атқарған.

Г.Мамырбекова «XVIII-XIX ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері» атты еңбегінде қадим жүйесінде 35 таңба болғандығы туралы айтады. Бұл классикалық араб әліпбиі негізінде емес, жалпытүркілік әліпби болды. Оның 28-і араб әліпбиіне сәйкес, 4-і парсы (ژ (же), گ (ге), چ (че) پ (пе) әліпбиінен, 2-і түркі (ك(ке), و (ве), 1-і ауған жазуынан (و(иамәжһул, е) алынды [21].

XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай қазақ әдеби тілі дамуының жаңа дәуірі басталады. Ол қазақ әдеби тілінің жаңа сатыға көтеріліп, ұлттық сипат алу дәуірі еді. М.Б.Балақаев: «Әдеби тіл –жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп екшеленді. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды... Жазба тілдің ілгері даму барысында халық тілінің сөз байлығы, грамматикалық құрылысы ықшамдалады, сұрыпталады, нормаланады; жазу мәдениеті арту арқылы халықтың тіл мәдениеті артады» - деп жазады [22, 32].

Қазақ әдеби тілінің ғылыми стилі А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышынан», «Тіл құралдан» бастау алады. Қазақ көркем сөзінің сырын ашу арқылы туған тіліміздің асылдануына және таза қалпында қалуына А.Байтұрсынұлы зор үлес қосты. Термин-атаулардың теориялық анықтамасын айқындап, оларды нақты мысалдармен беріп, шетелдік кірме сөздерді қолданбай, олардың қазақша баламасын ұсынды. А. Байтұрсынұлы термин-атауларды қазақшалау барысында теориялық терминдерді қазақша жатық тілмен оқушысына түсіндіре отырып, пікір жалғастыруға, дамытуға жәрдемдеседі, ойға ой қосады.

Араб лексикасымен қатар араб жазуы да көптеген тілдерге өзінің әсер-ықпалын тигізді. Мысалы, парсы, пушту, урду секілді тағы басқа халықтардың жазуы араб алфавитіне негізделген болса, А.Байтұрсынұлы қазақ әліпбиін төте оқу жолы негізінде араб графикасын қазақ жазуына сәйкестендіріп, төте жазуды енгізді. Тіліміздегі дыбысқа сәйкес үйлесімді әріпті айқындап, тіл ерекшеліктерін жетілдіріп, соған сәйкес балалар мен ересектерге арналған сауат ашуға қажетті оқу құралдарын жазды.

А.Байтұрсынұлы әліпбиіне байланысты ф.ғ.к. Г.Мамырбекова: «Байтұрсынұлы жазуы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінің жарық көргеніне жүз жыл атты баяндамасында: «А.Байтұрсынұлы жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырады. Жазу дегеніміз – шын мәнінде, кез келген халықтың рухани деңгейі мен мәдени дамуын көрсететін негізгі құрал. Ғалым осы құралды ұлттық деңгейге

көтеру жолында жан аямай еңбек етіп, тер төкті. Себебі сол кезеңге дейін ұзақ ғасырлар бойы қолданыста келе жатқан араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында үлкен кедергілері мен қиындықтары бар еді. А.Байтұрсынұлы осы кедергілер мен қиындықтарды жоюдың ең басты тәсілі – араб жазуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес реформалау деп білді. Ғұлама осылайша ұзақ ғасырлар бойы өзгеріссіз қолданылып келе жатқан араб графикасын қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын көтеріп, оны іс жүзінде реформалады. Бұған дейінгі қолданылып жүрген араб жазу жүйесінің қандай кемшіліктері бар, оны реформалауға не түрткі болды дегенге келсек, дәстүрлі араб жазуында: біріншіден, бір дыбысты жазу үшін бірнеше әріптер пайдаланылатын; екіншіден, сөзді жазғанда оның тек дауыссыз дыбыстары ғана таңбаланатын да, дауыстылары жазылмаған сөздің мағынасын түсіну қиындық тудыратын; үшіншіден, араб әліпбиінде дауысты дыбыстарды белгілейтін таңбалар саны үшеу ғана болғандықтан, бұл таңбалар тоғыз дауыстысы бар қазақ тілі үшін жеткіліксіз болды; төртіншіден, «мұсылманша сауат ашу» әдісінде әріптердің таза араб тіліндегі дыбысталуы мен айтылуын жаттатумен ұзақ уақыт кететін; бесіншіден, ол кездегі жазба тілдің құрылымында араб, парсы, «ескі тілдің» сөздері көп қолданылатындықтан, қалың бұқараға емес, азғана топтың мүддесіне қызмет ететін. Аталған жазудың осындай кемшіліктері халықты сауаттандыру ісін тежейтінін түсінген А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб жазуын қазақ тіліне ыңғайластырып, жақындатуды қолға алады да, оны 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгізеді», - дейді [23].

Жәдидшілдік – бірыңғай саяси сипатты қозғалыс емес, ол ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар тұжырымдама әрі ағым. XIX ғасыр соңында Ресей империясын әлемдік озық педагогика тәжірибесіне сәйкес алғаш рет мұсылман балаларын дыбыс жүйесімен оқытуды бастаған – Исмайыл Гаспыралы болып табылады.

А. Байтұрсынұлы: «Усул жәдид, яки төте оқу жолы бар екенін білеміз, бірақ сол жол қазақ арасында аз таралған соң, біздің мақсатымыз да – сол оқуды қазақ арасына көбірек жаю», - деп жазды. Яғни, жәдидшілдік дегеніміз - төте жазу [24].

Араб жазуы сияқты қазақтың төте жазуы да оңнан солға қарай жазылады. Төте жазудың араб жазуынан айырмашылығы – ондағы дауысты дыбыстар созылыңқы, қысқа деп бөлінбестен, әрқайсысы жеке әріп түрінде таңбаланады. Төте жазуда харакаттар, сукун, хамза, уасла, ташдид және тануин белгілері болмайды. Егер сөз ішінде бір дыбыс қосарланып келсе, ол екі қайталанып жазылады. Араб жазуындағы тыныс белгілер төте жазуда өзгеріссіз қолданылады [25].

Қазіргі қазақ алфавитінде 42 әріп болса, төте қазақ алфавитінде 32 әріп болды. Төте қазақ әріптерінің көпшілігі соған сәйкес араб әріптерінен өзгеріссіз алынған болатын [25]. Ол әріптер мыналар:

а – ا	к – ك	р – ر
б – ب	қ – ق	с – س
д – د	л – ل	т – ت
ж – ج	м – م	ф – ف
з – ز	н – ن	ш – ش

Жазу – адамзаттық мәдениеттің дамуын айқындайтын әлеуметтік мәні бар зор құбылыс. Жазудың әдетте төрт түрі бар деп есептеледі: пиктографиялық, идеографиялық, буындық және әріптік-дыбыстық (фонемографикалық). Бұл бөлінулер шартты болып табылады, себебі жоғарыда аталған жазу түрлері «таза» күйінде ұсынылмайды. Олардың әрқайсысы жазудың аралас, өтпелі түрлерін түзе отырып, басқа тип элементтерінен тұрады. Мысалы, пиктографиялық жазуда идеографиялық жазудың элементтері көрініс табады, ал идеографиялық жазуда буындық және әріптік-дыбыстық жазудың көптеген элементтері көрініс табады.

Жазу түрлерін айқындаудың келесідей классификациясы да кездеседі. Олардың келесідей бес түрі бар: фразография, логография, морфемография, силлабография, фонография (фонемография). Фонография (фонемография) немесе дыбыстық жазу, графикалық таңбалар әдетте фонеманы типтік дыбыс ретінде айқындайды [12, 20].

Жазу эволюциясы басқа классификацияға сәйкес келесідей кесте түрінде де беріледі: жазу алдындағы: ежелгі шартты таңбалардан, пиктография мен қарапайым идеографиядан тұратын семасиография және жазудың өзі: фонография, ал ол келесідей түрлерге бөлінеді: сөздік-буындық жазу, буындық жазу, әріптік жазу.

Біздің еңбегімізде жазу жүйесінің әріптік-дыбыстық (фонемографикалық) жүйесі негізге алынады, себебі А.Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің негізі араб тілінің таңбалық жүйесі негізінде жасалған, ал араб тілі арамей жазуы арқылы финикий жазуынан тарайтын әріптік-дыбыстық жазу жүйесіне негізделген.

1914 жылы Оренбург қаласынан шыққан «Тіл-құрал» оқу құралында А.Байтұрсынұлы: «Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бары. Осы дүниедағы адамдар тілінен айрылып, сөйлесуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз – жазу заманы. Жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлесе білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық» -дейді [1,141-142].

Ғылыми еңбегімізде А.Байтұрсынұлын лингвист ғалым ретінде қарастыратын болғандықтан, қазақ жазуы А. Байтұрсынұлына дейін қандай болды, дыбыс құрамы қазақтың төл дыбыстарын бере алды ма деген мәселелерге тоқталғанды жөн көріп отырмыз.

Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді кешіріп, ұлттық әліпби деңгейіне жетті. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келген еді.

Қазақ халқының жазбалары қаншама ғасырдан бері ауызша таралғандықтан, қазақ халқында әліпби болмағаны белгілі. Бірінен бірі жаттап алып, ауыздан ауызға көшіп отырған. Сонымен, қазақ жазуы бірнеше кезеңді бастан кешірді.

Кеңес өкіметі тарапынан қазақ әліпбиін ғана емес, сол кезеңдері оның отары болып отырған барша түркі тілдес халықтардың жазуын өзгерту арқылы өз ықпалын күшейтуге тырысқан астыртын әрекеттер нәтижесі аяқсыз қалмағандығын өз әліпбиімізден байқауға болады.

Алғашқы қазақ кирил әліпбиін XIX ғасырда Ыбырай Алтынсарин жасап шығарған. Әліпбидің негізгі ерекшелігі – Ы.Алтынсарин орыс графикасындағы бар таңбалармен ғана шектеліп, қазақ тілінің дауыссыз дыбыстарын беруде де осы жүйені ұстанған. Мысалы: қант, қағаз, дөңгелек, үзеңгі, тоғай, айғыр секілді сөздерді қант, кагаз, дунгелек, узенги, тогай, айғыр түрінде таңбалаған. Ал қазақ тіліндегі сонор ң дауыссыз дыбысын әріп тіркесі арқылы белгілейді: нг (мангдай – маңдай, сарангдық – сараңдық). Сөзді жіңішкерту үшін сөздің соңында (урть – өрт) және л дауыссыз дыбысынан кейін ь (жіңішкерту) таңбасын жүйелі түрде қойып отырған: тульки (түлкі), бль (піл), куль (күл), бельбеу (белбеу), таль (тал). Иа, иу әріп тіркесі келетін жерде орыс графикасындағы ю, я графемаларын да белгілегенін көреміз: аяк, узюк [26].

Ы.Алтынсаринның құрастырған әліпбиінде қазақ халқының тілдік болмысы сақталмаған, яғни төл дыбыстар жеткілікті деңгейде нақты да айқын берілмеген. Көбінесе, диакритикалық таңбалар қолданылды. Бір дыбысты беру үшін екі дыбыс қолданылды. Бір ғана «н» дыбысын алайық, «ң» дыбысының орнына «нг» берілді. Яғни, қазақтың қолдануына қолайсыз жазу түрі пайда болғандығын байқауға болады.

Ы.Алтынсариннен кейін қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологы – Ахмет Байтұрсынұлы болып табылады. Ол бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысқан және қазақ тілі ғылымын дамытқан лингвист ғалым. Қазіргі қазақ жазуының әліпбиі мен орфографиясының фонологиялық негіздерін қарастырған алғашқы грамматологиялық зерттеу А.Байтұрсынұлынан басталады.

Келесі бөлім грамматологияға, грамматология ұғымдарына, әлемдік грамматология мен қазақ грамматологиясына байланысты талдауға арналатындықтан, А.Байтұрсынұлының еңбектері грамматологиялық тұрғыдан қарастырылады.

1.2. Грамматология ғылымының зерттелуі

Қазақ жазуының қалыптасуын зерттеуші отандық ғалымдарымыз А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Е. Омарұлы, Т. Шонанұлы, Х.Досмұхамбетұлы, М.Балақаев, С.Аманжолов, Р.Сыздықова, Ә.Жүнісбек, Н.Уәлиев, Қ.Күдерина, М.Жүсіпұлы, А.Фазылжанова және басқа да ғалымдар зерттеді.

Жазу және грамматология туралы шетелдік ғалымдардың В.А.Истриннің «Возникновение и развитие письма» (М., 1965); «Развитие письма» (М., 1961); И.Фридрихтің «История письма» (М., 1979); Жак Деррида «Грамматология туралы» (Of Grammatology, 1967), И.Е.Гельбтің «Опыт изучения письма» (Gelb I.J. A study of writing: the foundations of grammatology, 1952), одан басқа Д.Дирингердің «Алфавит» (М., 1963) [27], Алпатов В. М. «Языкознание: От Аристотеля до компьютерной лингвистики» (2017) [28] т.б. еңбектері бар.

Түркиядағы зерттеуші ғалымдардың А.Байтұрсынұлы туралы жазған еңбектері бар. Нергис Бирайдың А.Байтұрсынұлы туралы жазған мақалалары (Ahmet Baytursinuli'na göre Kazak Türkleri yazılı Edebiyatının dönemleri ve türleri) және 2012 жылы жарияланған «Ahmet Baytursinuli şiirleri üzerinde dil ve usluup incelemesi» [29], Alaş'ın Aydınlatıcı Önderi: Ahmet Baytursinuli" [30] атты кітаптары бар. Бұл кітаптарда Нергис Бирай А.Байтұрсынұлының шығармаларына тоқталады, өлеңдері түрік тілінде беріледі, Алаш Орда қозғалысы туралы айтылады, А.Байтұрсынұлының жазған шығармалары, Алаш Орда қозғалысы кезінде қазақ халқына сіңірген еңбегі туралы сөз қозғалады.

Ферхат Тамирдың А.Байтұрсынұлының төте жазуына арналған мақалалары бар. Олар: «Ahmet Baytursinoğlu ve Arap alfabetesinin ıslahı» [31], «Gaspıralı İsmail bey ve Kazak aydınlarına tesirleri» [32], «Usul-i Cedit ve Ahmet Baytursinoğlu» [33], «Ahmet Baytursinoğlu ve 1926 Baku Türkoloji kongresi» [34]. Сонымен қатар Ф.Тамир магистрант шәкірттерімен бірігіп, А.Байтұрсынұлына қатысты зерттеулер жүргізеді. Ф.Тамирдың мақалаларында А.Байтұрсынұлы және араб әліпбиі, Гаспыралы Исмаил, усул жадит және А.Байтұрсынұлы туралы айтылады. Сонымен қатар, Бакуде өткен конференцияда орын алған төте жазу мен латын әліпбиіне қатысты мәселелерге тоқталады.

А.Байтұрсынұлына байланысты алты томдық шығармалар жинағы 2013 жылы «Ел-шежіре» баспасынан «Байтұрсынұлы Ахмет» деген атаумен жарық көрді. Жауапты шығарушы: Имаханбет Р.С.

А.Байтұрсынұлының алты томдық шығармалар жинағының I томына «Қырық мысал» (1909, 1913, 1922), «Маса» (1911, 1922), «Қазақтың бас ақыны» (1913), «Әдебиет танытқыш» (1926) атты ғылыми зерттеулері енгізілген [35].

А.Байтұрсынұлының алты томдық шығармалар жинағының II томында А.Байтұрсынұлының шәкірті Телжан Шонанұлымен бірге жазған «Оқу

құралы» түпнұсқамен қайта салыстырылып, толықтырылған үлгісі берілген. Бұл хрестоматиялық еңбекте бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті, жағырапия, шаруа-кәсіп және жаратылыстану, т.б. ғылым салалары бойынша мағлұматтар берілген [36].

«Оқу құралы» үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде «Әдебиет, тұрмыс, еңбек» атты бөлімінде Ы.Алтынсаринның, А.Байтұрсынұлының, М.Жұмабайұлының, Л.Н.Толстойдың, А.Құнанбайұлының, Н.Рубакиннің, А.Л.Львовтың, А.П.Чеховтың, Н.М.Покровскийдің, т.б. зерттеушілердің шығармалары берілген. «Ғылым» атты екінші бөлімде тамақтануға, тағамға, өсімдікке, астыққа, жапыраққа, күнге, табиғат құбылыстарына байланысты ақпараттар бар. Жалпы алғанда, аталған оқу құралы балалар мен жасөспірімдердің жан-жақты болуына арналған танымдық, тағылымдық ғылыми ақпараттармен толықтырылған. «Дүние» деп аталатын үшінші бөлім жаратылыстану ғылымына байланысты танымдық әңгімелерге бай. Үшінші бөлімде Жұлдыздар, Құс жолы, Күн, Жыл уақыттары, Жазғытұрым, Ай мен күннің тұтылуы, Ағынды жұлдыздар, Еуропа, Априке, Америке, Аустралия, т.б. жаратылыстануға байланысты танымдық ақпараттар берілген.

А.Байтұрсынұлының алты томдық шығармалар жинағының III томында А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқулықтары мен әдістемелік құралдарының мәтіндері қайта салыстырылып, толық ұсынылған. «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы) Орынбор, 1914ж., «Тіл-құрал» (дыбыс жүйесі мен түрлері) 1-ші тіл танытқыш кітап, Қызылорда, 1925ж., «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы) 2-жылдық, Орынбор, 1915ж., «Тіл-құрал» Сөйлем жүйесі мен түрлері, III-тіл танытқыш кітап, Қызылорда, 1925ж. оқулықтар берілген. Сонымен қатар, методика мәселелері деген бөлімде «Баяншы». Қазақ мұғалімдері үшін, Казань, 1920, «Тіл жұмсар». Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын I-кітап, Қызылорда, 1928, Қай әдіс жақсы?, Жалқылау (айырыңқы) әдіс, Жалқылаулы-жалпылау әдіс, Дыбыстарды жіктеу туралы атты мақалалары да енген [37].

А.Байтұрсынұлының алты томдық шығармалар жинағының IV томында А.Байтұрсынұлының әліппелер мен мақалалар жинағы, төте жазудағы тұңғыш әліппелер мен ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер берілген. Атап айтқанда, Оқу құралы: қазақша әліппесі (1912), Әліп-би (1926), Сауат ашқыш (1926) атты оқулықтары және өзекті мәселелерді қарастырған түрлі тақырыптағы мақалалары енген. Олар: Қазақ хәм 4-ші Дума, Қазақ жерін алу турасындағы низам, Земство, Жер жалдау жайынан, Көшпелі хәм отырықшы норма, Уақ қарыз, Қазақ хәм түрлі мәселелер, Закон жобасының баяндамасы, Жәрдем комитеті, «-ов» туралы, Қазаққа ашық хат, т.б. мақалалары енген. Жазу, емлеге байланысты Жазу тәртібі, Жазу мәселесі, Шаһзаман мырзаға, Қазақша сөз жазушыларға, А.Байтұрсынұлының араб әліпбиін жақтаған баяндамасы енген [38].

А.Байтұрсынұлының алты томдық шығармалар жинағының V томында А.Байтұрсынұлының «Ер Сайын» (Мәскеу, 1923), «23 жоқтау» (Мәскеу,

1926) ауыз әдеби мұрасы, жазған көсемсөздері, сонымен қатар бұрын еленбей келген еңбектері мен табылған туындылары енген. Табылған туындылары: Дағдарыс (1915), Қоян (1915), Туған тілім (1916), Шекіспей, бекіспейді (1916), Қалам қайраткерлері жайынан (1922), Емле туралы (1929), МОПР һәм күншығыс елдерінің еңбекшілері (1924). Мақалалары: Қазақтың өкпесі (1911), Егін егу (1913), Шаруа жайынан (1913), Ауру жайынан (1913), Басқосу турасында (1913), Жауап қат (1913), Білім жарысы (1913), Оқыту жайынан (1913), Бұ заманның соғысы (1914), Түзетілген әріп (1929), т.б. мақалалары енген [39].

А.Байтұрсынұлының алты томдық шығармалар жинағының VI томында А.Байтұрсынұлының жинақтарға еңбеген мақалалары, ресми құжаттары, эпистолярлық мұрасы, сонымен қатар А.Байтұрсынұлы туралы замандастарының лебізі, оның есімі ақталғаннан кейін жазылған танымдық және ғылыми мақалалар берілген. А.Байтұрсынұлының жинақтарға еңбеген еңбектері: Қазақстан дәуірінің жаңа құрылымы (1926), Баулу мектебі, Баталар. Ресми құжаттар: Ленинге хат, Жазығым не?, Мәлімдемелер, Өмірдерек, Хаттар, Мұрағаттық деректер. Сонымен қатар, А.Самойловичтың «Байтұрсынұлы Ахмет», А.Кононовтың «Байтұрсынұлы Ахмет» атты энциклопедиялық және библиографиялық басылымдарда жарияланған мақалалары енген. А.Затаевичтың А.Байтұрсынұлының композиторлық қыры туралы жазған мақаласы да енген [40].

А.Байтұрсынұлы туралы Шәріпов Ә., Дәуітов С. құрастырған Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер жинағы бар. Онда I бөлімде 1911-1922 жылдар аралығында жазылған өлеңдері бар. Олар: Маса, Сөз иесінен, Жазушының қанағаты, Туысыма, Қазақ салты, Достыма хат, Жиған-терген, Жұбату, Н.К.ханымға, Жауап хаттан, Ғылым, Ақын ініме, т.б. өлеңдері берілген. Ал, II бөлімде 1901-1922 жылдар аралығында жазылған аудармалары бар. Олар: Замандастарыма, Шымшық пен көгершін, Ат пен есек, Маймыл, Егіннің бастары, Қасқыр мен тырна, Қартайған арыстан, Шал мен ажал, Қайырымды түлкі, Шал мен жұмыскер, Жарлы бай, Қасқыр мен қозы, Қайыршы мен қыдыр, Есек пен үкі, Иттің достығы, Сарышымшық, т.б. секілді аудармалары берілген. III бөлімде 1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» атты оқу құралы берілген. Қара сөз, Дарынды сөз, Андатпа, Тіл қисыны, Сөз талғау, Қара сөз, Дарынды сөз, Жазу әдебиет, Ауыз әдебиет, т.б. шығармалары берілген [41].

А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» атты еңбегі өзінің көзі тірісінде-ақ «революциялық рухтағы алғашқы сөз», «елшілдік ұраны» (М.Әуезов) деп бағаланған. Қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыруға қызмет еткен бұл шығармалар Крыловтан жасалған таза аударма емес, автордың төлтума туындысы деген дұрыс. Сонымен қатар, 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» жинағынан алынған өлеңдер де кезінде ұлттық ой-сананы оятуда ұйытқылық рөл атқарған еді [42].

«Жасөспірімдер кітапханасы» сериясымен жарыққа шыққан А.Байтұрсынұлы шығармаларына А.Байтұрсынұлының өлеңдері, мақалалары

мен аударма мысалдары енген. Сонымен қатар, Р.Сыздықова, Р.Нұрғалиев, С.Кәкішев сынды зиялы қауымның А.Байтұрсынұлы өмірі туралы жазылған зерттеулері мен естелігі топтастырылған. Атап айтқанда, Р.Сыздықова: Ахмет Байтұрсынов (өмірі мен қызметі), Р.Нұрғалиев: Алып бәйтерек, С.Кәкішев: Қайта қауышу [43].

Ө.Әбдиманұлы «Ахметтану» атты оқу құралында А.Байтұрсынұлы туралы өз пікірін білдіреді: «Ахмет Байтұрсынұлы –ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өмірінен айрықша орын алған тұғырлы тұлға. Бір басына сан түрлі салқар санаткерлік тоғысқан осынау ұлы азамат қазақ руханиятындағы теңдесі жоқ құбылыс десек, артық айтқандық емес. Оның кемеңгерлік болмысы мен қайраткерлік қасиетін танып-білу бірер жылдың ішінде ғана біте қалар жеңіл іс емес. Оған тек ұзақ жылдарға созылған көшелі ізденістер нәтижесінде ғана қол жеткізуге болады» [44, 4].

Ө.Әбдиманұлының «Ахметтану» атты оқу құралы 5 тараудан тұрады. Олар: Ұлт азаттығын ұлықтаған тұлға, Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық әлемі, Ұлттық көсемсөздің көшбасшысы, Ұстаз-ғұлама, Ұлылар үндестігі. Әр тарауда А.Байтұрсынұлына байланысты ой-пікірін өрбітеді. Ұлт азаттығын ұлықтаған тұлға атты тарауда Туған жер-тәлім-тәрбие бесігі, Бадрисафа, Алаштың ақ жолы тақырыпшаларымен А.Байтұрсынұлының жары, өмір жолы, қызметі туралы мағлұмат берілсе, Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық әлемі атты тарауда Ахмет тәржіме-мысалдарының төл туындылық сипаты, Азаматтық жырдағы азатшыл сарын тақырыпшаларында А.Байтұрсынұлының шығармашылық жолы берілген. Ұлттық көсемсөздің көшбасшысы атты тарауда ұлттық баспасөз жолындағы күрес, «Қазақ» газетінің бас жазушысы тақырыпшалары А.Байтұрсынұлының «Қазақ» газетін шығарудағы еңбегі аталынса, Ұстаз-ғұлама атты тарауда Тіл білімінің білімпазы, Ұлт мұрасын ұлықтаушы, Талғамнан танымға жол ашқан ғұлама, Әдебиеттанудың Бас кітабы тақырыпшаларымен А.Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырын шығармаларын ұлықтау арқылы сөздермен өрнектей түседі. Ұлылар үндестігі атты тарауда Абай және Ахмет мысалдарындағы бірлік пен ерекшелік, Поэзиядағы дәстүр және жанашылдық тақырыпшаларында Абай мен Ахмет мысалдарын байланыстыра көрсетеді [44].

Ө.Әбдиманұлы А.Байтұрсынұлы туралы пікірін келесідей сөз өрнектерімен өрбітеді: «ХХ ғасырдағы қазақ халқының ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы. Ол ұлтының тәуелсіздікке қол жеткізуі жолында аянбай күресіп, өзінің қайраткерлік болмысымен, шығармашылық мақсаткерлігімен танылды. Іс пен сөзде бірлік таныта білген қайраткер, елінің ертеңіне сенімділікпен қарады. Сондықтан да шығармашылық арқылы кейінгі ұрпаққа сөз қалдыруды мақсат тұтты. Істегі күресшілдікті, сөздегі ойшылдықпен біріктіре отырып, ел рухын көтеруге ұланғайыр еңбек сіңірді» [44,254].

«Біздер ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының рухани көсемі, өнер мен ғылымның сан-саласын терең және жетік меңгерген, елінің ұлттық санасының оянуы мен азаттығы жолындағы күресте қиыншылыққа қайыспай қарсы тұрған азамат А.Байтұрсынұлының тарихи орнын ардақтай білуіміз керек», - деген келелі пікірін білдіреді.

А.Байтұрсынұлын күрескер-қайраткер, ақын, журналист, ғалым, ағартушы-санаткер еткен де, біріншіден, халқына деген сүйіспеншілік, екіншіден, алысты болжаған көрегендік. Оның артына қалдырған бай мұрасын қарастырғанда, алдына қойған осы күрескерлік мақсатына байланысты бағалау ләзім. Ахметтің халқын сүйген ұлтжандылық қасиеті бүкіл адамдық, азаматтық қызметі мен іс-әрекетінен көрініс табады [44,254].

Қ.Күдерінова «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» атты оқу құралында қазақ жазуының қалыптасу жолдарының көшбасында тілдің жаңа жүйесінің бағыт-бағдарын нақтылайтын екі мектеп болғандығын айтады. Оның бірі А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамбетұлы ұстанымдары үйлескен сингармониялық жазу мектебі болса, екіншісі Қ.Жұбанов бастаған қазақ жазуы дамуының жаңа кезеңі өкілдерінің (С.Аманжолов, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев) қалыптандыру мектебі болды [46, 260].

О.Жұбаева «Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары» атты кандидаттық диссертациясында қазақ тіл білімінің тарихын шартты түрде төрт кезеңге бөліп қарастырады [47,157]:

I кезең –ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең: Н.Ильминский, М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптев,Н.Созонтов еңбектері(1860-1912ж);

II кезең –ұлттық тіл білімінің қалыптаса бастаған кезеңі: А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омаров, Ж.Аймауытов (1912-1930 ж);

III кезең – ұлт зиялыларының қудалануына байланысты еңбектерін оқытуға тыйым салынып, тіл білімінде еуроцентристік бағыттың белең алуы (1930-1988 ж);

IV кезең – репрессия құрбандарының ақталып, олардың еңбектерін кемпайдалануға жол ашылуы (1988 жылдан бергі кезең).

О.Жұбаева тіл білімінің тарихын шартты түрде кезеңдерге бөліп қарастырудың өзіндік себептері ретінде ғалымның тіл білімінің дамуына қосқан үлесін зерделеу, түптеп келгенде, ғылымның тарихын зерделеу болып табылады дейді [47,157]:

Е.Омарұлы жөнінде проф. А.Салқынбай «Елдос Омарұлының қазіргі кездегі өзектілігі» атты мақаласында ғалымның еңбектеріне қатысты келесідей тұжырым жасайды: Елдос Омарұлы еңбектері бірнеше бағытта жазылған екен. Біз ғалымның физика, геометрия, жер туралы т.б. сала бойынша жазған еңбектерін емес, тек қазақ тілінің теориясы мен практикасы бағытында жазған еңбектерін сипаттауды жөн көреміз. Елдос Омарұлының

тіл білімі саласындағы ғылыми еңбектерін былайша топтастыруға болар еді [48]:

1. Грамматологиялық зерттеулер. Яғни ғалым ХХ ғасыр басындағы қоғамға бірнеше рет өзгертіліп ұсынылған жазулардың басы-қасында болып, жазу мәселесіне қатысты өз ғылыми пікірін білдірген; Елдес Омарұлы А.Байтұрсынұлынан кейінгі қазақ грамматологиясының теориялық та, практикалық та негізін қалаушылардың бірі ретінде танылуы тиіс.

2. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі.

3. Тілдің басты теориялық ұғымдарын жүйелеуі; жалпы тіл біліміндегі ілім негізінде жасалған теориялық қағидалар.

4. Лексикология саласына қатысты: Өлшем мәнді бірліктерге қатысты ғылыми ойлары мен терминологияға қатысты зерттеу мақалалары.

5. Морфологиялық зерттеулері.

6. Синтаксис туралы ғылыми зерттеуі [48].

Е.Омарұлының үш томдық шығармалар жинағын «Алашорда» қоғамдық қоры 2018 жылы Астанадан ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша шығарды. Жауапты редакторлары - филология ғылымдарының докторы О. Жұбаева, Ә.Ахмет; сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында филология ғылымдарының докторы, профессор З.Ахметжанованың жауапты редакторлығымен Елдес Омарұлы шығармаларын Алматыдан «Лұғат» қоғамдық қоры шығарды (2018 ж.).

Бұл басылымдардың жазуында бірқыдыру өзгешелік бар екенін проф. А.Салқынбай мақаласында атап көрсетеді. Мәселен, Алматы нұсқасында (Түсініктерін жазып, құрастырушы – Е. Маралбек) «Синтаксис жаттықтырғыш» (Орталау мектеп пен орта мектептің 7-8 кластарына арналған) кітабындағы «Бастауыш пен баяндауыш» деген тараушада сөздердің жазылуы «баяндауыш», «жазу», «жиырма алтыдамын», «туысқандарың», «Сәбит» сипатында берілген.

Ал Астана нұсқасында құрастырушылар барынша авторлық қолданысты барынша қаз-қалпында беруге ұмтылғаны аңғарылады. Сөйлемнің басты екі мүшесі – баяндауыш пен бастауыш. «Біреудің (бірдеменің) не істегені, кәйткені, кім (не) екені, қандай екенін көрсететін сөз – сөйлемнің баяндауышы болады. Мұны мына пормаға келтіріп жазу керек. Жыйырма алтыдамын. Тұуысқандарың бар ма? Сәбійт» сияқты тұлғада жазылған. Яғни екі басылымның алғашқысында автордың жазу үлгісі сақталмаған да, екінші профессор О.Жұбаева дайындаған басылымда автор қолданысы толық сақталған. Мұндай жазудағы өзгерістің сақталуы немесе сақталмауының

грамматологиялық жағынан ерекше маңызы бар екені белгілі. Бұл, әсіресе, емле жасау ісінде аса маңызды фактор саналады.

Е.Омарұлы еңбектерінің басты маңызы тілдің әлеуметтік орны мен маңызы туралы терең ой айтуында. Автор былай деп жазады: «Қазақша жазу жайы» атты мақалада «Оқығандарымыздың қазақ тілін, қазақша жазуы керек қылатындары санаулы. Бұлардың көбі қазақ тілін шұғылданып тексерген емес, тек анда-санда басқа жұмыстардан қолы босаған кезде ғана ермек қылады. Бұлардың қазақ тілін керек қылуы бекзада, байлардың бұқараға жаны ашығаны сықылды, Лонд Жорждың бұқарашылдығы сықылды. Бұл сын әсіресе орысша оқығандарға дәл келеді. Орысша оқығандардың көбі орыс тілін жақсы біледі. Орысша сөйлей білуі артықшылық деп түсінеді, қазақ тілін менсінбейді» [49].

«Қазақ тілі ермек емес, ғылым жөнімен тексеруге жарайтын тіл. Қазақ тілінің өзіне ғана меншікті қасиеттері бар, заңдары бар, өзгеше дыбыстары бар» [49, 111].

«Дұрысында тілдің дағдылы өзгерісі мен айлалы өзгерісінің жігін табиғат өзгерісіндей айқындап ашу қиын. Табиғаттың айлалы өзгерісі де, табиғаттың негізгі заңынша болатын. Табиғаттың негізгі заңына сәйкес тілдің негізгі заңы – сақтық заңы. Тіл сақтық заңына бағынып, өзінің дербес заңдарын, өзіне гәнә меншікті негізгі сырларын жоғалтпай, аман сақтау жолымен басқа тілдермен қатысып, өңін бұзып жібермей, өзге тілдерден өзгеше, өзіне гәнә меншікті түрге түсу бағытымен өзгереді. Тілдің сақтық заңы жан-жануарлардың тұрмыс тартысы мен табиғат талғауына түсіп, бірінен-бірінің басқалануы сықылды. Тілдің айлалы өзгерісі де сол сақтық заңына бағынады. Тіл айлалы өзгеріске түсіп, ағылшынның жүйрігіне өңделіп шығуы да мүмкін, шолақ тұмсық көгершінге ұсап өңделуі де мүмкін. Қалай өзгергенде де бір халықтың тілі екінші халықтың тілі болып, арасындағы жігі жоғалып өзгермейді, басқа тілден басқаланып өзгереді» - деп жазады Е.Омарұлы [49].

«Тілдің заңы мынадай, бұқараның сөзі дұрыс емес, сөздің түрін тілдің заңына келтіріп түзейміз» деу қата. Олай болған күнде бұқараның тіліне қарсы заң дегеніміз – тілдің заңы емес, тек оймен жорып шығарған заң болады. Тілдің заңының тетігі – жалпы бұқараның аузындағы тіл, оны елемей ойдан шығарған заң – заң емес, жазуды ондай заңға сүйеудің жөні жоқ.

«Мәдениетті ел өнерді, табиғатты өздеріне икемдеп, сыртқы түрлерін өз ыңғайларына қарап өзгертіп алады. Біз сияқты мәдениетсіз бейшара елдер оны білмейді. Өнерді, мәдениетті, техниканы өз тұрмысына ыңғайландырып, өзгертіп алудың орнына өнерге, табиғатқа өлшеп, өздерін өзгертеміз деп әуреленеді. Егер бұлай болса, бара-бара қазақтың тілін де өзгертеміз дер. Бұл өнерден, табиғаттан тұрмыс өлшеуімен пайдалана білмегендік, ескішілдік. Біз мәдениетті қазақтың салт-санасына, тұрмысына үйлестіріп, өнерді, техниканы өзімізге жақындатайық. Қөзімізді жұмып, өзімізше жүре бермейік. Бұған көнбеушілік, тағы да айтамын, баяғы ескішілдік әдеті болады» (1927

жылдың 28-29 сәуірінде Ташкент қаласында өткен әріп мәселесі туралы айтыстағы сөзінен).

Е.Омарұлының буын туралы пікірі жөнінде проф. А.Салқынбай «Елдос Омарұлының қазіргі кездегі өзектілігі» атты мақаласында [48]: «Е. Омарұлының буын туралы пікірі де қазіргі күндегі өзекті мәселені қозғап отырғанын аңғару қиын емес. «Жүсіпбек «сұу» деген сөздің аяғындағы «ұ» мен «у»-ды орыстың «у» сықылды бір дыбыс деп, оны «у» әрпімен белгілемекші. «Оқыу» деген сөздің аяғындағы «ы» мен «у»-ды да бір дыбыс деп, оны да «у» әрпімен белгілемекші. «Сұу»-ды «су» деп жазып, «сұуы» деген сөзді «суы» деп, «жазыуы» деген сөзді «жазуы» деп жазбақшы. Жүсіпбектің айтып үлгере алмаған жазбасынша: «сыйы» деген сөз «сиы» болып, «мыйы» деген «миы» болып жазылуға керек. Бұл «суы», «жазуы», «сиы», «миы» деген сөздерді Жүсіпбек «су-ы», «жазу-ы», «си-ы», «ми-ы» деп буындайды. Мұның аты – буынсыз жерге пышақ салған. Олай болғанда, «жазуы» деген сөзді «жаз-у-ы» деп буындауға да болса керек. Бірақ қазақ баласы қазақ сөзін олай буындай алмайды. Буындаудың да жолы бар. Сөздің қатар екі буынының бұрын айтылатынын алғашқы буын деп, артынан айтылатынын жалғас буын десек, алғашқы буын бітеу йә тұйық болғанда (соңғы дыбысы дауыссыз болғанда), оған жалғас буын дауысты дыбыспен бастала алмайды. «Жас» деген бітеу буынға дауысты дыбыспен басталатын «ар»-ды қоссақ, «жасар» болады. «Жасар-ды» «жас-ар» деп буындауға болмайды, «жа-сар» деп ғана буындауға болады», - деп жазады [49,115].

Ғалым үндестік заңы туралы мәнді ғылыми тұжырымдар жасайды. Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтін сөздер де жоқ емес, соны айтып үндестік заңына қарсы болып жүрген азаматтарымыз да бар. Үндестік заңына келмейтін сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтін қазақша сөз түрі – жалғыз-ақ «-нікі» (-дікі, -тікі)-мен жалғанып айтылатын түр. Қазақ тілінде үндестік заңы бар екеніне осы «-нікі»-ден басқа қарсы дәлел жоқ. Дұрысында, ешбір тілде де тастай қатқан тұрлаулы заң болмайды, бір заңның күшімен екінші заңға бағынбай кететін сөз түрлері болмай қалмайды. Ондай заңға келмейтін бірен-саран сөз түрлерінен ол заңды жоққа шығару, я ол заң жоғалуға бет алған деп жору қата. Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені рас болса, қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірінғай жіңішкертіп, я бәрін де жуандатып алу керек (Қазақша пән сөздер).

Жазу жүйесі туралы: «Біздің жазуымыз дыбыс жүйесінше. Бірақ қазақша жазу олай дыбыс жүйесінше болғаннан қиындамайды, қайта оңайланады. Қазақша сөздер өзгергенде түбірімен қопарылып өзгермейді, бір түбірге түрлі жалғау, жұрнақтар жалғанып өзгереді, – сондықтан біздің дыбыс жүйесіне келтіріп жазған сөздеріміз түбірлерінен басқаша болып шықпайды». 1924 жылы 12-18-маусымда Орынбор қаласында өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезіндегі» жазу ережелері тақырыпты баяндамасынан.

Кірме дыбыстар туралы. Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де, ішінде жат дыбысы бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танытұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады.

У мен и-ға қатысты пікір. Біздің «ұу», «ыу», «йй» болып бір дауысты дыбыс пен бір дауыссыз дыбыстың тізілгенінен болған сөз буынын орыстың ұзын «уу»-ы мен ұзын «и»-не ұқсатып екі дыбысты бір әріппен жазуды қолайлаушылар бар. Бірсыпыра азаматтарымыздың бұл үшін ұсынып жүрген жобасы: «у» мен «йй» дауысты дыбыстардан соң жарты дауысты делінсін де, дауыссыз дыбыстардан соң дауысты делініп, орыстың дауысты «уу» мен «и»-інше оқылсын деген жоба. Бұл жобаны ұсынушылар оның дыбыс жүйесінше қыйсынсыз екені мен таласпайды, тек: солай болса жазу жеңілденеді дейді. Дұрысында бұл жоба жеңілдік жағынан да қыйсынды бола қоймайды.

«Латын» әлібиінде дауысты «ы» мен «ғ»-ға арналған әріптері жоқ, тілінде «сұуат», «тййуі» сықылды сөздердің де болмауы мүмкін, сондықтан латынның «йй» мен «уу» тақырыпты ережесі бізге үлгі бола алмайды.

«Сұу», «жазыу», «бйй», «қыйй» сықылды сөздердің аяғындағы дыбыстары орыстың дауысты ұзын «уу» мен «и»-не ұсап естілетіні рас. Бірақ бұл сөздерге дауысты дыбыспен басталатұн жалғау, жұрнақтар жалғасақ: бітеу буындағы дауысты «ұу», «ыу»-лар ашық буынға келіп дауыссыз «уу», «и»-лардан айырылып шығады: «сұуат», «жазыуу», «бййіміз», «қыййады» деген сөздер де дауысты «ұу» мен «ыу»-да, олардан соңғы дауыссыз «уу» мен «йй»-да анық естіледі. Орыстың дауысты «уу» мен «и»-не ұсап естілетұн қазақша дыбыстардың бәрі де осылай, – сөзге жалғау, жұрнақтар жалғағанда ішіндегі дауысты дыбысы мен дауыссыз «уу», «йй»-лері бірінен бірі айырылып шығады, – тұйық буында көмескіленіп естілетұн дауысты «ұу» мен «ыу» буын ашылғанда анық естіледі.

Е.Омарұлының терім сөздер жөнінде айтқан пікірі жөнінде проф. А.Салқынбай «Елдос Омарұлының қазіргі кездегі өзектілігі» атты мақаласында: «Е.Омарұлының терім сөздер туралы пікірі де өзгеше болған. Ғалым барлық пікірлерінде А.Байтұрсынұлымен пікірлес болғаны анық байқалады. «Пән сөзі өз тілімізден таба алмаған күнде, Еуропа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек. Өйткені жат сөздің асыл түрін бұзбай алсақ, ондай сөзге қазақтың тілі келмейтін болады жана қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгертуге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңісе де алмайды, бір түрлі ерсі сөз болып қалады», -деп, тұжырым жасайды [48].

Е.Омарұлының кірме сөздер туралы ғылыми тұжырымдары бүгінде де өзекті деп айтуға болады. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертін болуға тиіс. Жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды; жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек. Пән сөзі тақырыпты негізгі

жолымыз: оның қазаққа, жалпы бұқараға түсінікті болуы, қала берді: тіліне жеңіл болып, құлағына ерсі болмауы деп түсіндіреді алаш қайраткері.

Ғалым қаламынан шыққан «Синтаксис жаттықтырғышы» атты оқу құралының жазылу сипаты мен грамматикалық құрылымда түсіндіруінің өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда ғалымның қазір біз үшін өзекті әрі ғылыми жаңалық болып жүрген функционалдық принципі бар. Мәселен, барыс септеулі айқындауыштар мен шығыс септеулі айқындауыштар жалпыша барыс-шығыстық септес делінеді. Мағына жағынан бұлардың түр-түрі тым көп. Бірақ іріктеп таптастырғанда 4 айыруға болады: 1) мекен-мезгіл септес, 2) себеп-мақсат септес, 3) сүубіейекті-обіейекті, 4) жай обіейекті. 1) Қыймыл мәнді етістіктердің жетегіне еріп қай жерге? қай жерден? қайдан? деген сұрауларға жауап ретінде мекен септес болады. («Тауға шықты. Таудан асты. Таудан түсті. Қолына жабысты. Қолынан ұстады».) Істелетін амалдың басталатын уақытын, не бітетін уақытын, не болмаса істеліп болғанша өтетін уақытты көрсетеді – мезгіл септес болады. («Қызыл іңірден ұйқыға кірді) – деп талдануы грамматикалық тұлғаның жеке өзін сипаттау емес, оның контекстегі қызметі мен мағынасын саралап барып, семантикалық-функционалдық тұрғыдан таразылау деп түсінеміз. Бұл өз алдына жеке зерттеуді қажет ететін тақырып [48].

Проф.А.Салқынбай «Телжан Шонанұлы шапағаты: үндестік заңының анықтығы мен ұлттық танымға жақындығы» атты мақаласында: «Дүние болмысы мен руханият мазмұны өзгеріссіз тегінде, алайда сол мазмұн түсініктері мен танымдық мәнінің адами формалары заманға сай өзгеріп отыратыны рас. ХХІ ғасырдың желкенімен алға қарай білдірмей жылжып бара жатқан уақыт тіл мен лебіздің кеңістігіндегі көкжиектерге де өз ізін жасырмай салып, танымдағы ағылған ойдың өзіндік жаңаша бір таңбаларын үсті-үстіне жазуда. Бұл тарихи даму үдерісінде ғаламдық ашықтық пен динамизм анық аңғарылады. Мұның бір көрінісі, әрі белгісі – қазақ ұлтының латын әліпбиіне өтуге бет алуы. Латын әліпбиіне өтудің негізінде, әрине, рухани жаңғыру жатыр. Яғни алаш көсемдерінің іргелі жолын бүркемелеп, сталиндік идеямен саналы түрде тұншықтыра, көзімізді тұмшалай отырып енгізілген кирилл таңбаларынан бойды алыстату – бұл сол таңбалардан алыстау ғана емес, тілдегі жат әріптерден, жат сөздерден (туған тілімізге икемдеу арқылы), сол арқылы еніп кеткен кеңестік таным-түсініктерден арылу да», -деп тұжырым жасайды [50].

Ал рухани жаңғыруды бастау үшін, ең алдымен сөзімізді дұрыс айтып, дұрыс жазуды оңдау қажет. Мұның бағыт-бағдарын іздеудің де қажеті аз, ол бізде бар. Тек өзімізді тұмшалап тұрған (мүмкін саяси) сауатсыздықтан арылып, рухани жаңғырсақ болғаны. Елбасының сілтегені де, елдің күткені де осы рухани жаңғыру деп есептейміз. Рухани жаңғырудың басты тетігі қазақ тілінде дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу десек, мұның нақты үлгісі, әрі жолы, жөні - алаш қайраткерлерінің мұрасында тұр. Ақымет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхаметұлы көрсеткен жол бар.

Проф.А.Салқынбай «Телжан Шонанұлы шапағаты: үндестік заңының анықтығы мен ұлттық танымға жақындығы» атты мақаласында Т.Шонанұлының еңбегіне тоқталады [50]. Телжан Шонанұлының бестомдық еңбегінің беташар алғашқы томы «Шала сауатты ересектер үшін» оқу құралы Хрестоматия для малограмотных взрослых» атты еңбекпен басталыпты [50; 51]. Оқу құралының алғысөзінде ғалым өз мақсатын былай белгілейді: «Бұл кітап сауатсыздықты жойатұн алты айлық мектепті бітірген, шала сауаттылар мектепте оқитын ересектерге арналып жазылған. Кітап, қолдан келгенше, комплекс жолымен жазылған. Комплекске келерлік ірі теме жеті: мал бағу, егіншілік, кәперетсіе, саяси сауат, Ленин өмірі мен ісі, төңкеріс мыйрамдары, есеп білдіргіш. Бұл ірі темелерді ұсақтап бөлуге де келеді. Әр теменің ішінде керекті жерлерінде есеп, табиғат тану жайынан мағлұматтар қыйыстырылып отырады».

Хрестоматиялық жинақ болғандықтан, негізінен, шағын мәтіндер алынған екен, олардың таңдалуы да таңдай қақтырады. Ғалым шала сауатты адамға сауатын тереңдету үшін не керек екенін нақты біледі, сондықтан қызығушылығының деңгейін тап басып, дәл анықтаған. Келтірілген мәтіндер ауыл қазағына қажетті деректер, көкірек көзін ашуға бағытталған саяси мәнді ақпараттар.

Ал жазу үлгісі айтылымға негізделіп, үндестік заңын бұзбай, табиғи тілдің икеміне көндірілген.

Мысалы,

Қазақстанда мал бағыу.

Шарыуашылығының қай түрі басымдығына қарай, Қазақстанды үш ауданға бөліуге болады: 1) Әр қалық егінші аудан. Мұнда 387,400 шаршы шақырым жер бар. Бұл бүтін Қазақстанжерінің 20% болады. 2) Орталық мал бағып-егіншілік қатар жүргізетін аудан. Мұнда 360,200 шаршы шақырым жер бар. Бұл бүтін Қазақстан жерінің 19% болады. 3) Оңтүстік көшіп жүріп мал бағатын аудан. Мұнда 1,192,400 шаршы шақырым жер бар. Қазақстан жерінің 61% болады. Қазақстан елінің дені (56,6%) егінші ауданда тұрады. Онан соң қалықтың көп тұратын жері (23,6%) оңтүстік мал бағатын аудан. Мал мен егінді қатар жүргізетүн орталық ауданда ел аз (19,6%) тұрады. Арқалық егін салатын аудандағы үйлердің 87,2% орыс, 12,8% қазақ. Орталық аудандағы үйлердің 89,7% қазақ, оңтүстіктегі үйлердің 98,3% қазақ. Егіндік аудан қалқының көбі орыс болып шығады. Егін салатын ауданда кесіптің бір мықтысы мал бағыу. Орталық ауданда егіннен мал бағыу күшті. Оңтүстікте ел тек мал бағып ғана күн көреді. 1920-жылы бүкіл Қазақстандағы 13,192,370 бас малдың 7,856,220 басы (59,6%) көшпелі қазақтікі болған. Қазақстанда кесіптің мықтысы – мал бағыу. Мал баққызатын Қазақстанның ауасы, топырағы, шөбі, жолы мен базары іреті [50; 51].

Немесе:

Лене оқыйғасы.

Сібірдің «Тайға» деген қалың орманы арасында Ленеалтын ауданы жатыр. Бұл аудан Ленінгіраттан 7 мың шақырым. Лене өзені бетіндегі

жолдан 500 шақырым. Бұл жер капыйтал қожалығына қақы жоқ болған. Палыйтсіеде, сотта, әскерде, мектепте – қысқасы барлық сайасат қожалық лене серіктігіндегі алтыншы байлар қолында болған. Мұндағы алтыншылар қандығы жалғыз Петіргірад қандығы түгіл, шет мемлекеттер жыйангерлігі мен тұтасып жатқан. Бұл жерде басы байлы тұрмыс күштілігі қалмаған. Үлкен түрлері жұмысшылардың қатын-қыздарын қалай болса солай бійлеп жүрген. Забастөпкі алдында лене серіктігі жұмысшылардың көбін ауырлата берген; ақысын кеміткен, айып салыуды күшейткен, тамақты қымбаттатқан, жұмысшылардың пәтер жағын қыйындатқан. Тағы сондай таршылықтар істеген.

Жұмысшылар шыдай алмаған. 1912 жылы пыйбырал жыйырмасында жұмысшылар мынадай тілек көрсеткен: 1) он сағат орнына күніне сегіз сағат жұмыс болсын, 2) ақы артылсын, 3) жұмысшылар тек жұмысшылар кемесіесі ырзалығымен жұмыстан шығарылсын, 4) айып салыу қойылсын, 5) зауыт жамандығынан ауырып, жарақаттанса, жұмыс қылмаған күніне де жұмысшылар ақша алсын, 6) үйлі баранды жұмысшылар пәтері бойдақтарінікінен бөлек болсын тағысын, тағылар [50;51].

Бұл үзінділерден мынадай мәселелердің шешімін аңғарамыз:

1. XX ғасыр басындағы қазақ лебізі осындай болғандығын көреміз.
2. Сөйлеудегі басты жүйе сақталып жазылған.
3. Қазіргі дау туғызып жүрген **и мен у**-дың қалай жазылу үлгісі көрсетілген. Әрі осы үлгіні алаш ғалымдары түгелдей қолдаған да қорғаған.
4. Кірме сөздерді өз тілімізге бейімдей, сингармонизм заңына бағындырып, икемдеп жазудың үлгісі бар.

Ал, ең бастысы, тіл ғылымының бүгінгі басты бағыт-бағдарын айқындайтын ілім де осы лебізге сүйенуді қолдайды. Сөздің лебізде айтылу үлгісі, оның жұмсалудағы қызметі – бүгінде басты зерттеу нысаны ретінде ғана танылмайды, сонымен бірге, сөйлеу заңдылығы барлық деңгейлерде ескерілу керектігі нақтыланады. Қазақ тіл білімінде де сөйлеу прагматикасы, қызметтік грамматика белең алып зерттеле бастағаны белгілі.

Бүгінгі тіл ғылымының басты бағыты сөйлеу тілін зерделеу. Яғни, Тіл – «халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қоймасы» болса, сол «қоймадағы» таңбалардың әртүрлі мақсатта жұмсалыуы, сөйлеуші мен тыңдаушының арасында болатын әңгіме-дүкеннен бастап, ғылыми, көркем шығармаларда, ресми құжаттардағы қолданысы – лебізді құрайды. Лебіз – тілдегі бірліктердің сөйлеу барысында қолданысы, жұмсалыуы; белгілі бір уақыт аралығында жазбаша немесе ауызша түрде әр алуан, әр типті ақпарат беру құралына айналуы. Тіл мен лебіз адамзаттық ортақ феномендік құбылыс бола тұра, бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Тіл – қарым-қатынас жасаудың құралы, лебіз осы құрал арқылы сөйлеуді жүзеге асырады. Суретшінің құралы – қалам, қағаз, салынған көркем сурет сол құрал арқылы орындалады; тілдік бірліктер де – осы сияқты құрал, ал оның қолданыстағы көрінісі, мәтін арқылы жеткізілген пікір – лебіз болады.

Лебізде сөзді әркім өзінің ыңғайына сай, танымдық, біліктілік, білімдік деңгейіне қарай субъективті көзқарасын айту үшін қолданса, тілдегі бірліктердің мағынасы оны жұмсаушы үшін объективті, сөздіктегі мағынасы халықтық таным деңгейінде жасалғандықтан, ортақ ұғымды таңбалайды [50].

Лебіз адамдар арасында коммуникативтік қарым-қатынас орнатады, сондықтан ауызша лебізде сөйлеу барысында дауыс ырғағы, темп, тембр ерекшелігі, дауысталуы, артикуляциялық анықтығы, акцент, интонация т.б. қатынасады. Лебізде адамның сезімі, ой-өрісі, талап-талғамы, талант-толғамы, дүниетанымы, көзқарасы көрінеді. Лебізге тек ауызекі сөйлеу үлгісі ғана еніп қоймайды, қазіргі ғылыми әдебиеттерде көрсетіліп, дәлелденіп жүргеніндей, сонымен бірге жазбаша жазылған кез келген ақпараттық мәтін (ғылыми, мәдени, ресми, көркем т.б.) лебіз ретінде танылады [50].

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін алғаш негіздеген А. Байтұрсынұлы «Тіл құрал» еңбегінде сөйлеуді ерекшелеп бөліп алуының үлкен теориялық мәні бар. Автор тіл дыбыстарын тілдің негізінде емес, сөйлеудің негізінде түсіндіреді. Сөйлеудің сөйлемнен, сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстардан тұратынына ерекше мән беріп, лебіздегі ішкі құрылымдық жүйені нақты, ғылыми дәлдікпен айқындайды [50].

Әр дыбыстың сөз басында, сөз ішінде, сөз аяғында келу тәртібі мен естілу жолына ерекше назар аударады. Дыбыс табиғатының бұлайша зерттелуі қазіргі қазақ дыбыстарының қолданыстық мәнін анықтауда аса маңызды да, функционалдық (қолданыстық) фонологияның зерттелуінің басы саналуға тиіс [50].

Осындай қисынды қағидаттардың практикалық қолданысын ұсынып отырған Телжан Шонанұлы еңбектерінің маңызы, әрине, ерекше.

Ғалым еңбектерінде танымдық, тағылымдық бағытта берілетін ақпараттар мол. Біріміз жадымызда сақтасақ, біріміз ұмытып қалған көптеген қазақы ұғымдарды қайта бір жаңғыртып алсақ мақұл болмақ [50].

Т.Шонанұлы жазған «Орыстар үшін қазақша әліппе» 1931 жылы Қазағыстан баспасынан (Одобрено УМС НКПроса КАССР для русских школ в качестве учебника для I года обучения казакскому языку) [52] және Қ. Төлебайұлымен бірге жазған «Үлкендер үшін қазақ тілінің оқулығы» [53] Жиенбаев пен Талжановтың редакторлығымен 1934 жылы жарық көрген. «Білмегенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз» демекші, біз өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуды кеше ғана бастадық деп жүрсек, алаш қайраткерлері оны 100 жыл бұрын бастап, оқу құралдарын шығарған. Мұнда алдымен суреттерді берумен басталып, бірден жалаң сөйлемдер арқылы оқытылады [50]:

Мысалы: Бала арбада, ара балада.

Ата аман. Ата далада. Ата, мал аман ба? Папа, мама, апа далада малда. Бала арбада. Ата далада. Папа малда. Ара апада. Ата, ара ал! Папа арба ал. Ата, папа, мама, апа, аман ба? – аман. Мал аман ба? – Мал аман. Бала аман ба? – Бала аман. Апа арбада ма? – Апа арбада. Ара балада ма? – Ара балада.

А-та. Па-па. Апа. Папа [50;51].

Тақырыптың таңдалуы да, реті де (отбасы, таныстыру, мамандық, тағам, мектеп, табиғат т.б.), берілу тәртібі де, оқыту әдістемесі де қазіргі оқыту жүйесіне толық сәйкес келеді екен.

Т. Шонанұлы дауысты дыбыстар ретінде а, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, ә; дауыссыз дыбыстар ретінде Б, ш, ж, д, г, һ, й, к, л, м, н, ң, п, қ, р, с, т, у, з – көрсетеді. Барлығы: 9 дауысты, 19 дауысты [114-115-беттер]. Кеңестік кезеңдегі қазақ ғалымдары зерттеулерінде дауысты мен дауыссызды бөлуде көп айырмашылық болғаны бұрын да жазылып жүр. Бастысы, жазу үлгісінде дыбыс үндестігі сақталады, у және и дыбыстарының таңбалануы қосарланып беріледі. Бұл түсінікті де, өйткені автор **и және у** дыбыстарын дауыссыз ретінде танығандықтан, буын құраушы **Ұ және Ү** дыбыстарын жазуға мүдделі. Тіл табиғаты да осыны талап етеді [50].

Қ.Кемеңгерұлы – қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, олардың саны мен құрамы, буын, сингармонизм табиғаты т.с.с. мәселелерге ерекше көңіл аударып, өзінше ой түйіндеген зерттеушілердің бірі. Ғалымның қазақ тілінің фонетикасына қатысты ойлары «Грамматика казахского языка», «Оқу құралы» және 1929 жылы Қызылорда қаласында өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда сөйлеген сөздерінде қамтылған [47].

Қ.Кемеңгерұлы қазақ тілінің дыбыс қорының зерттелуі сингармонизмге негізделуі керектігін терең пайымдаған. Ғалым сингармонизмді дауыстылармен қатар дауыссыздардың да үндестігі деп түсінеді [47].

О.Жұбаева «Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары» атты кандидаттық диссертациясында түркі тілдеріндегі сингармонизм табиғатын тануда зерттеушілер екіге жіктелгендігі жөнінде айтады. Яғни И.А.Бодуэн де Куртенэ, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, А. Байтұрсынұлы, Е.Д.Поливанов, Т.Шонанов т.с.с. зерттеушілер сингармонизмді дауыстылардың ғана үндесуі деп түсінсе, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, К.К.Юдахин т.б. зерттеушілер оны сөз құрамындағы барлық дыбыстардың үндесуі деп түсінген [47].

Қ.Кемеңгерұлы сингармонизмді дыбыстардың жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып үндесуі деп таныған. Бірақ қазақ тіліндегі әріп санын көрсетуде сингармофонемалардың сингармопозициялық түрлерін бір таңбамен берген. Бұл жағынан, ғалым А. Байтұрсынұлының «жеке фонемаға – жеке әріп» принципін ұстанғанын көреміз. Сондықтан Қ.Кемеңгерұлы дауысты дыбысты – 5, дауыссыз дыбысты - 17, оның ішінде жартылай дауысты дыбысты – 4 әріппен белгілейді де, сөздің жіңішкелігін білдіру үшін дәйекше қолданылатынын айтады.

Қ.Кемеңгерұлы атауларды қолдануда, дыбыстарды топтастыруда да А.Байтұрсынұлы еңбектерін басшылыққа алған.

Қ.Кемеңгерұлы дауысты дыбыстарды тілдің қатысына қарай жуан-жіңішке, еріннің қатысына қарай еріндік-езулік, жақтың қатысына қарай ашық, жартылай ашық, қысаң, жартылай қысаң деп топтастырады. Дауыстыларды жуан-жіңішке, еріндік-езулік деп жіктеуде зерттеушілердің көбінде бірізділік бар [47].

О.Жұбаева «Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары» атты кандидаттық диссертациясында: «Қ.Кемеңгерұлының дыбыстарды – дауысты, дауыссыз, жарты дауысты деп топтастыруы Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлының жіктеуімен ұқсас. А.Байтұрсынұлы ұяң дауыссыздарды жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай әрі сөз соңында келмеуіне байланысты ымыралы, ымырасыз деп жіктесе, Е.Омаров жарты дауыстыларды қосымшаның басқы дыбыстарын өзгертуіне байланысты ымыралы, ымырасыз деп бөледі. Ал Қ.Кемеңгерұлында ымыралы, ымырасыз деген атаулар кездеспейді. Келтірілген ғалымдардың бәрінде де дауыстылар құрамы (саны) мен қатаң дауыссыздарды топтастыруларында ұқсастық байқалады. Жалғыз-ақ **б** дыбысы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қатаңға жатқызылса, Е.Омаров пен Қ.Кемеңгерұлының еңбектерінде ұяң дауыссыздар қатарына жатқызылған», - дейді [47].

Сонымен, қазақ тіліндегі дыбыстардың құрамын, түрлерін, белгілерін анықтауда Қ.Кемеңгерұлы А.Байтұрсынұлының еңбектерін басшылыққа алғаны байқалады. Сонымен қатар ғалым ұстазының ойларын одан әрі дамыта, толықтыра түскен. А.Байтұрсынұлы қ-к, ғ-г дауыссыз дыбыстарын акустикалық жағынан да, артикуляциялық жағынан да өзгешеліктері болуына байланысты, жеке фонема ретінде танып, олардың әрқайсысына таңба арнайды. Ал Қ.Кемеңгерұлы сингармонизм ерекшелігіне сәйкес, сингармофонема корреляциялық қарама-қарсы жұптардан тұратынын ескеріп, қ-к, ғ-г дыбыстарын жұптасқан фонемалар ретінде таниды [47].

Х.Досмұхамедұлы да **қ-к (ғ-г)** дыбыстарын бір фонема деп таниды. Яғни Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы пікірлері мен Мәскеу фонологиялық мектебінің негізін қалаушылардың ойлары ұқсас болғанын көреміз. Сингармонизм табиғатын, фонема қасиетін терең түсінген қазақ фонологтары (Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы т.б.) Н.Ф.Яковлев, А.М.Сухотин, К.К.Юдахин т.б. ғалымдардан әлдеқайда бұрын дұрыс та батыл тұжырымдар түйіп отырған [47].

Сонымен қатар, А.М.Сухотин мен К.К.Юдахин **қ-к** дыбыстарының бір фонема болатындығын айтады [54]. Олардың айтуынша белгілі бір жағдайларда жұптасқан дауысты дыбыстардың графикалық көрінісіне әр дауысты фонеманың алфавитіне арнайы таңбалар енгізбестен қол жеткізуге болады. Сонымен, жұп дауысты дыбыстары бар сингармоникалық диалектке арналған Орхон алфавитінде **ь –і** және **а –ә** белгілерін ажырататын арнайы белгілер болмады. Осыған қарамастан, Орхон жазбаларында дауысты дыбыстың «ұяңдығының» немесе «қатаңдығының» анықталуы қиындық тудырғаны белгілі. Бұған дауыссыз дыбыстарға арналған белгілердің көпшілігінің жұптасуы арқылы қол жеткізілді: кейбіреулері тек алдыңғы вокализмі бар сөздер үшін, басқалары артқы вокализмі бар сөздер үшін қолданылды.

А.М.Сухотин мен К.К.Юдахин «Байтұрсынов емлесі» туралы келесідей пікір білдіреді: «Дауысты дыбыстардың жұптасуына дауыссыз дыбыстар

арқылы беруді арнайы ұяңдану белгісімен толықтырудың ұқсас әдісін біз «қырғыздар» қабылдаған қазақтың «Байтұрсынов» емлесінен байқаймыз. Бұл емленің ерекшелігі сол, казак тілінің 9 дауысты дыбысы 5 таңбамен графикалық түрде беріліп, қырғыздың 8 дауысты дыбысына бар-жоғы 4 таңба қажет болған. Дауысты дыбыстардың белгілерінің мұндай азаю мүмкіндігіне арнайы емле тәсілі арқылы қол жеткізілді, бұл q –o1 әріптерімен буын немесе сөз «қатаң», ал k -g немесе белгімен –«ұяң» деп айтылады. Бұл емледегі кейбір сәйкессіздік жазуда бір ретпен әртүрлі көрсетілген».

Ұяңдық белгісін сатылы қолданған кезде жұптау тұрғысынан дауыссыздарды айыру үшін әріптерді мүлдем жоюға болар еді. Қазақ және қырғыз тілінің барлық дауыссыз дыбыстары бірдей жұптасқан. k –q және g –o1 жұптарының ерекшелігі басқа дауыссыздар нұсқаларының арасындағы ерекшеліктен айырмашылығы болмайды. Егер, қатаң k (q) мен қатаң g (o1) үшін айрықша әріптер қажет болса, онда басқа дауыссыз фонемалардың қатаң нұсқалары үшін қажеті шамалы болып табылады. Егер бұл басқа дауыссыздар үшін талап етілмесе, онда бірдей шамада k мен g дыбыстары үшін қатаң нұсқалар қажет болып табылмайды. Егер bөл сөзі bol сөзінен жұмсару белгісі арқылы ерекшеленсе (bol сөзі қазіргі bөл сөзінің орнына), егер екі нұсқа үшін де қабылданған жағдайда онда осы белгімен көl сөзін qol сөзінен айыруға болар еді (kol сөзі qol сөзінің орнына және kol сөзі көl сөзінің орнына) [54, 158].

Сонымен, графикалық тұрғыдан дауыссыз дыбыстың жұбын беру мүмкіндігі белгілі жағдайларда дауысты дыбыстың әрбір жұбы үшін шектелуге мүмкіндік береді. Басқа жағынан, дауысты дыбыстарды толыққанды графикалық беру «қатаң» және «ұяң», дауыссыздар үшін нұсқалар тұрғысынан екіншісін артық етеді.

А.М.Сухотин мен К.К.Юдахин дыбыстар жұбын қарастыра келіп, іргелі ұстанымға сүйене отырып, қайсысы тиімдірек деген сұрақ туындайтындығын айтады:

1) ұяңданудың арнайы белгісін (әр «ұяң» сөздің алдына арнайы сигнал) енгізу керек пе, әрине, q және o1 әріптерін алып тастау және дауысты дыбыстарды білдіру үшін белгілерді жартысына немесе одан да жартысына дейін азайту;

2) бірінші кезекте дауысты дыбыстардың белгілерін алып тастаңыз немесе q және o1 сақтай отырып, сонымен қатар «қатаңдық» және «ұяңдық» белгілері бойынша графикалық түрде бөлетін басқа дауыссыз дыбыстардың санын екі есеге көбейтіңіз;

3) немесе q және o1 дыбыстарын алып тастап, сингармонизмді беруді толығымен дауысты дыбыстарға ауыстыру керек пе?

Біріншісі - бұл ескеру қажет болып табылатын пайда болатын және кейбір тілдерде пайда болған сөздерді «сынған» сингармонизммен бейнелеу абсолютті мүмкін емес болып табылатындықтан, іс жүзінде мүмкін емес болып табылады.

Екіншісі іс жүзінде мүмкін емес, өйткені бұл жағдайда алфавиттің қысқаруы емес, оның күрделілігі орын алады: дауысты дыбыстарға арналған төрт белгіні алып тастағанда, дауыссыз дыбыстар үшін оннан астам жаңа белгілерді енгізу керек еді (және оларды қайдан алуға болады!). Одан басқа, дауыссыз дыбысы жоқ сирек кездесетін сөздерде «қатандық» немесе «ұяңдық» қалай көрініс табады (мысалы, қырғыз тілінде аа «оған», ее «иесі», ии «аңшылық»)?

Осылайша, бұл барлық дыбыстарда дауысты дыбыстардың көмегімен «қатаң» нұсқалардың «ұяң» нұсқаларымен сәйкес қарама-қайшылықты бейнелеуге мүмкін болатындығы барлық тілдерде өте орынды.

Қажетті алфавиттік аббревиатуралардың ең мәнді сәті түркі тілдерін жалпы қарастырғанда к мен қ графикалық жұптың және г мен ғ графикалық жұптың бір әрпіне, жұп болып табылатын басқа да дауыссыз дыбыстарға сол жүйенің қолданылуы мәселе болып табылады.

Әрине, барлық түркі тілдерінде к арқылы бейнеленген дыбыс қ арқылы бейнеленген дыбыстан өзгеше айтылатындығына дау жоқ және г арқылы бейнеленген дыбыс ғ арқылы бейнеленген дыбыспен бірдей емес. Мұнда дыбыс айырмашылығы туралы мәселе көтерілмеуі керек, дегенмен к және қ (және тиісінше г және ғ) дыбыстары тек фонетикалық ортасымен комбинаторлы біріктірілген сол және бірдей фонеманың нұсқалары ғана болып табылмайды ма, сондықтан олардың айырмашылығын арнайы әріптермен емес, емлемен білдіру мүмкін емес болмайды ма [54,159].

Жалпы алғанда, А.М.Сухотин мен К.К.Юдахин **к-к** дыбыстарының бір фонема болып табылатындығын қазақ тілі мен қырғыз тіліндегі емлені, жұп дыбыстарды салғастырып, мысал ретінде бере отырып, дәйектеген. Дегенмен, осы жерде мынадай сауал туындайды? Шындығында А.М.Сухотин мен К.К.Юдахин дәйектегендей, **қ мен к** дыбыстары бір фонема қатарында саналады ма? Қазақ тіліндегі қ дыбысын к дыбысы алмастыра алады ма? Осы дыбыстарды таңбалауда А.Байтұрсынұлының еңбегін негізге алғанды жөн көрдік. Әрбір дыбысқа жеке жеке таңба арнаған А.Байтұрсынұлының аталған дыбыстарды бейнелеу барысындағы зерттеуін әлі күнге дейін зерттеушілер негізге алады.

20-30 жылдарда қазақ филологиясы саласында табысты еңбек еткен профессор Қ.Жұбановтың «Қосар ма, дара ма? (ұу, үу, ый, ій-лердің емлесі жөнінен)» атты мақаласы алғаш рет «Мемлекеттік термин комиссиясының бюллетенінің» 1935 жылғы 1-номерінде («Қазақстан» баспасы, Алматы) жарияланды [55,341].

Аталған мақала А. Байтұрсынұлының әліпбиіндегі емлеге байланысты сын пікір айтудан басталады. Қ.Жұбановқа ұнамаған нәрсе А. Байтұрсынұлының әліпбиіндегі «сүйеу таяқ» қою. «Сүйеу таяқтың» әліпбиге керексіз нәрсе екендігін, «сүйеу таяқ» 1924 жылы қазақ жазуынан алынғанын айтады. Қ.Жұбанов: «Дауысты дыбыстың алдынан қойылған «мәтсіз әліп» басқа әріптер секілді белгілі-бір дыбыстың таңбасы бола алмайды», - деген тұжырымға келеді.

Қ.Жұбанов сүйеу таяқ туралы келесідей пікір білдіреді: «Араб әрпін қолданып жүрген кезімізде сөздің басында дауысты дыбыс тұра қойса, жазғанда оның алдыңғы жағына бір «әліп» әкеліп сүйеп, мұны «сүйеуқұрыл таяқ» деп атаушы едік. Бұл шынында да сүйеу таяқ қана еді. Үйткені дауысты дыбыстың алдынан қойылған «мәтсіз әліп» басқа әріптердей, белгілі бір дыбыстың таңбасы болмайтынды. Ол тек –ескі әдеттің нендей оңбағанынан да безіп кетуге батылы бармайтын, шығандап шауып соны жол сала алмайтын, дағды құлы мешеудің көкірегіне демеу, жанына сүйеу болу үшін ғана керек еді. Сонда да сол түкке керегі жоқ сүйеу таяқ араб негізді әліппесін жамап кигенімізден кейін де он бір жыл өмір сүріп, 1924 жылы ғана қазақ жазуының еңсесінен шақ түсті» [55,341].

А.Байтұрсынұлының әліпби ережесіне сәйкес дауысты дыбыстар сөз басында келсе, олардың харіфтерінің алдына сүйеу таяқ қойылып жазылады.

Мысалы, «ү» әрпінің алдында берілген ¹ таяқ сүйеу болу үшін қойылған. Бұл «ү» әрпі сөз басында келсе ғана қойылатын таяқ, бұл таяқ оқылмайды, тек сүйеу үшін ғана қойылады деп ережеде арнайы айтылған. Демек, Қ.Жұбанов қабылдамаған сүйеу таяқтың ережеде оқылмайтындығы айтылған, сүйеу таяқтың өзіндік алатын орны болған емес. Сондықтан да, сүйеу таяқ ешқандай да дыбысқа кедергі келтірген емес, өзіндік орны болған да емес, ешқандай дыбыс орнына қолданылмағандығын ескерсек, Қ.Жұбановтың сүйеу таяқ туралы айтқан пікірі негізсіз дегім келеді.

Қ.Жұбанов «Қосар әріп бізде қайдан басталады?» тақырыпшада араб негізді әліппенің үйлесімсіздігі туралы айтудан бастайды. Қ.Жұбанов: «Араб негізді әліппенің біздің тілімізге үйлесімсіздігін жұрт ерте-ақ сезе бастаған болатын. Қазақ тілінде жазылған қағаздардың қандай ерте кезден қалғандарын алып қарасаңыз да, жазуды дағды қылған адамның ісі болса, онда араб әріптерін қазақ дыбысына шақтау, белгілі бір әріп, белгілі бір таңбаны белгілі орындарда белгілі бір түрде қолданған емле элементтерін көресіз. Мәселен, с дыбысының жуан естілетін жеріне сат, жіңішке естілетін жеріне сын жазатын, т дыбысының жуан естілетін тай, жіңішкесіне ти жазатын. Жуан з-ның орнына бірде зат, бірде зай жазып, жіңішке з-ның орнына зій жазатын. Тағы-тағы осындай әркім өзінше өз бетімен болса да, белгілі-бір қалыпқа айналған «емле іздеушілік» өте ерте кезден-ақ басталған сияқты. Дауысты дыбысты таңбалаудан осындай стихия түрінде іздену болғандығы сезіледі»-дей отырып, дауысты дыбыстарды таңбалаудағы емле элементтері туралы айтады [55, 342].

Қ.Жұбанов А.Байтұрсынұлының жасаған әліппесі мен емлесі жөнінде былай дейді: «Байтұрсынұлы жамап шығарған әліппе мен емле қазақ дыбыстарын жіктеу, таңбалау жөнінде дәлірек, түгелірек болған болса, онда оның өзбетімен тауып шығарған нәрсесі болмайтын-ды. Ильминский, Мелиоранский, Радлов сияқты оқымыстылар, Ронгинский, Алекторов сияқты миссионерлер орыс әрпімен таңбалап қазақ әліппесін шығарғанда, осы Байтұрсынұлы «тапты» деп жүрген дыбыстардың бәрі де ашылған болатын-ды. Ахметтен көп бұрын қазақ тілі мен оқу құралдарын шығарғанда, а мен ә,

о мен ө-лер барын, немесе с, т-лардың жуан-жіңішкесіне әріп алудың керексіздігін Ыбырай Алтынсариндер Ахметтен үйренбегенді. Егер осы күншығысшылар мен миссионерлер шығарған әліппе болмаған болса, Байтұрсынұлы әліппесі де, кім білсін, қандай болып шығарын. Тіл, әліппе мәселесінің тарихынан түк хабары жоқ кейбір азаматтар, өмірінде А.Байтұрсынұлының грамматика емлесерін оқып шығып көрмеген, өзі ұқпаған да болса, ол «Америка ашқан жоқ еді» десең, мұның «солақайлық», «демагогия» деп өре түре келетіні бар, бұлардың құлағына алтын сырға!» [55,342].

Қ.Жұбанов Байтұрсынұлының жасаған әліппесі мен емлесін осылай деп сынайды. Дегенмен, мұнда айта кететін нәрсе –А.Байтұрсынұлына дейінгі жасалған әліпбидің барлығы дерлік орыс тілінің дыбыстарына негізделгендігі болып отыр. Ы.Алтынсарин **ң** дыбысын беруде қосар әріпті қолданғандығы қазақ тіліндегі төл дыбыстың табиғатын ашуда жіберген өрескел қателігінің бірі болып саналатындығын айтқым келеді. Неліктен басқа әліппелер қазақтың жанына, жүрегіне жақын болмады? Себебі, қазақтың төл дыбыстары, қазақтың табиғатына тән дыбыстар А.Байтұрсынұлына дейінгі әліппелерде болмады.

Сонымен қатар, бұл мақалада әріпті қолданудағы қосар таңбалар туралы да айтылады. Қ.Жұбанов: «Қосар таңбаларды: бір дыбысты екі әріп, төрт әріппен белгілеулер: орыс әрпімен жазғанда **су, ты, ти** болып шығатын сөздерді *suв* («сұу»), *tyj* («тый»), *tij* («тий») қылып, *ұ+у, ү+у, і+й* қосарларымен таңбалау әдет болған», -дейді. А. Байтұрсынұлының араб әрпіне енгізген өзгерісі –бірқатар әріптердің үстіне үтір, мәт қою (бұл бір), арабтың әмзесін дәйекшілікке алу (бұл екі), қосар әріп енгізу (мұнымен үш). А. Байтұрсынұлының әліпбиіне қатысты сыни пікір білдіру арқылы, А. Байтұрсынұлының еншісіне тиетін, шығарды деуге жарайтын нәрсе –қосар әріптер деген тұжырымға келеді. Үтір қоюды алдымен Түркияда Шамсиддин Сами шығарған, одан кейін Татарстанда Каюм Насири, бұдан соң Нади Махсудов осы күнгі біздің әріптеріміздің *у, ү* әріптерінің орнына жұмсаған деген пікір айтады. Мәт пен әмзе таңбаларын да жуан **а** мен жіңішке **ә** орнына алу солардан қалған дейді.

Қ.Жұбановтың пікірінше, А.Байтұрсынұлының сыбағасында қалған әріптер – қосар әріптер ғана. 1924 жылғы емлесінде бұрынғы *ұу* түріндегі жалғыз қосар: *ыу, іу, ұу, үу* деген төрт қосарға айналды дей отырып, ескі арабша әліппеміздегі қосарлылық ауруын ала келіппіз дейді. Қосар әріп болғаннан кейін қате жазу да көбейеді дейді. Қ.Жұбанов *ұу, ій*-лер шынында бір-бір дыбыс **па, жоқ, әрқайсысы қос дыбыстан ба?**-дей отырып, өзінің жасаған тұжырымын В.Радловтың, П.Мелиоранский, Ғалымжан Шарап, Богородицкий пікірлерімен байланысты қорытындылауға тырысады. В.Радлов бұл дыбыстарға байланысты өзінің неміс тілінде шыққан «Терістік түркі тілдерінің фонетикасы» атты кітабының I томында бұл дыбыстарды қосар дыбыс демей, жалаң дыбыс деген. Бірақ, В.Радлов әліппеміздегі **ұу, ій** -лерді «ұзын дауысты» деп, ұзындық белгісімен таңбалаған.

Қ.Жұбановтың ойынша, бұл қате. Себебі, ұзындық-қысқалық белгісі қырғыз тілінде бар болғанымен, қазақ тілінде жоқ. Қ.Жұбанов осыған байланысты тағы бір пікір білдіреді. Қ.Жұбанов: «В.Радловтың ұу, ій-лерді «ұзын дауысты» деуі тек қысаң ұ, ү, ы, і –лерден айыру үшін болса керек. Олай болса дұрыс», дей отырып, өз пікіріне қарама-қайшы пікір келтіреді [55,346].

В.Радловтың тағы бір айтқаны: ұзын ұ, ұзын і-лерден соң, дауысты келсе, екі дыбыстың ортасына бір жарты дауысты тығылады, *су, би* болады да, *сұуат, бийік* болады деген. Бірақ, жазу барысында ол жарты дауыстыны таңбаламаған. Әліппемізде тійін, бійік деп жазылатын сөздерді В.Радлов **тін, бік** деп жазған дей отырып, өз пікірінің дұрыстығын дәйектеуге тырысады. 1884 жылы шыққан «О языке Куманов» дейтін шығармасында В.Радлов **ұу, ій**-лердің жалаң дыбыс екенін мойындаған. Ноғайбақтарға арналған оқу құралдарында миссионер Ильминский ұу, үу-лерді ыу, еу таңбаларымен белгілеген болатын делінеді. Радлов мұны да жай, шартты таңба деп қарастырған. Радлов бұл дыбыстардың қос емес, жалаң екендігін айтып кеткен делінеді [55, 346].

Қазақ тілінің грамматикасын зерттеген профессор П.Мелиоранский осы В.Радловтың пікірінде болып, **ұу, ій**-лерді жалаң әріппен таңбалаған. Бұл дыбыстардың татар тіліндегісі мен қазақ тіліндегісінің ешбір айырмасы жоқ. Ал, татар тіліндегі дыбыстарды эксперименталды тұрғыдан тексерген Ғалымжан Шарап бұлардың жалаң дыбыс екенін айтты. Татар, түрік тілдерін эксперименталь фонетика тұрғысынан зерттеген оқымысты Богородицкий «О корневом вокализме в турецком языке» деген еңбегінде Радловтың пікірін қостап, дыбыстардың жалаң дыбыс екенін айтады.

Қ.Жұбанов қосар әріптің әліппеде балаларға қиындық тудыратындығын айта отырып, мақала соңында, **ұу мен үу** орнына латын тіліндегі **u** дыбысын, **ый мен ій** орнына латын тіліндегі **i** дыбысын алуды қолдайтындығын айтады [55, 348].

Қ.Жұбанов А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқу құралына байланысты келесідей пікір білдіреді: Шынында неге осы уақытқа дейін Байтұрсынұлының кітаптары қолданылып келеді? Неге оның тіл құралдары 1-басқыштан бастап жоғары дәрежелі мектептерге (ВУЗ-ға) дейін бәріне де «жарап» жүр. «Тіл-құралмен» оқыту тиылған бола тұрса да, мұғалімдеріміз неге әлі күнге дейін оны құрандай қолтықтап, сабаққа сонан даярланады? Кім бұған айыпты? Әлде, сол мұғалімдер ме? –Жоқ. Бұған біз, тіл зерттеушілері айыптымыз. Бүгінге шейін қазақ тілі жайында жазылған жолбасшы кітаптарымыздың бәрі де «Тіл-құралдан» кем болған. Біздің шығарған кітаптарымыздың кеудесіне нан піскендей мен-мендігі болғанмен, іші қуысырақ соққан. Білімге сусаған қалың мұғалім бұлардан шөлін қандыра алмаса, бірқатар жоғы «Тіл-құралдан» табылып тұрса, ол сусынды содан іздемей, қайдан іздесін? Біздің кітаптарымыз шынында да мүгедек туған. Өйткені бұлар «жеңілдетілген». Жеңілдетілгенде, сөз табы 9 екен, оны ауыр көріп, алтауын кесіп түсіріп, үшеуін қалдырған. Етістіктің жіктеулері,

райлары, етістері көп екен, «жеңілдетіп» азайтқан, жұрнақтар көп екен, «жеңілдетіп» санын кеміткен.

Мұндай «жеңілдетуге» алғыстан бөтен еш нәрсе айтпас едік-ау, егерде қазағы түскірдің аузына қақпақ қойып, сол артық сөз таптарын, артық рай, шырайларды, жұрнақтарды айтпайтын қылып, бұлар қазақ тілінен біржола аластап қуылса. Бірақ, не пайда. Кітап бетінде тұжырып, кесіп тастағанмен, тіл өмірінде ол «артықтар» баршылығын қоймайды екен. Сонысын-ақ жеңілдемейді екен.

Барды «жоқ» деп жасырғанмен болмайды екен. Сонысын-ақ бұл жасырынбақ ойнаудың арты жеңілдету емес, ауырлату болады екен. Ауырлық басып баратқанын, «суға кеткен тал қармар», «сасқан үйрек артымен ұшып», «жаудан жақсылық күту –тарыққанның салдары» болса да, тарыққан мұғалім байғұс «артымен ұшып», артта қалған «талды қармап», «Тіл-құралдан» сусын күтеді екен,-дейді [55,35]. А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқу құралының осы уақытқа дейін қолданылуына тіл зерттеушілерін айыптай отырып, тіл біліміне қатысты оқу құралдарын жетілдірудегі кемшін тұстарды да тілге тиек етеді.

Қ.Жұбанов осылай айта отырып, А.Байтұрсынұлының қазақ тілін ғылыми зерттеу барысында бұрынғы күншығысшыл оқымыстылардан ұзап кеткен жоқ еді дейді. Орыс тілінде етістіктің 3-ақ шағы бар екен, Ахмет қазақта да шақ санын 3-еу деді. Қазақ сөйлем құрылысының өзгешелігін мүлде көрсеткен жоқ,-деген пікірге тоқталады [55,35]. Дегенмен, А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралы», қазақ тілін ғылыми зерттеу барысында ашқан жаңалықтары, метатіл, терімсөздер қазақ тілінің іргетасын қалады деп айтуға болады. Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін қарастырған зерттеушілердің басым көбі А.Байтұрсынұлының еңбектерін негізге алғандығы А.Байтұрсынұлының қалдырған мұрасының құнды екендігінің бірден бір дәлелі.

Профессор М.Балақаев, доцент А.Исқақов жауапты редактор болған «Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика, грамматика)» атты кітап Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасынан 1954 жылы жарияланды [56]. Аталған кітаптың «Фонетика және дыбыстар туралы түсінік» атты бөлімінде тілдің фонетикалық жүйесінің зор мәні бар екендігі айтылады [56,95]. Тілдің негізін жасайтын – оның грамматикалық құрылысы мен негізгі сөздік қоры. Қазақ тіліндегі сал және сәл, сан және сән дегенде (жуанды-жіңішкелі жұпта) мағынаға ұйытқы болып тұрғандары –дауыстылар; осында мағына ажыратуға себепкер болып тұрғандар: бірде а, бірде ә; ал н,с,л құлаққа естілуде бірде жуан, бірде жіңішке болғанмен, оның сөз семантикасына қатысы болмайды. Дыбыс атаулының қандайы болса да серпінді (сығылмалы) заттың вибрациялық қыймылынан пайда болады. Тілдегі дыбыстар күрделенген вибрациялық қыймылдың нәтижесінен пайда болатын құбылыс. Бұл кітапта қазіргі қазақ тілінде келесідей тоғыз жалаң дауыстылар (монофтонг) бар делінеді: а, е, ы, і, ә, о, ө, ү, ұ. Бұдан басқа мынадай екі қосынды дауыстылар (дифтонгоид) бар: и, у.

Дауыстылар үшке бөлінеді: езу дауыстылар, ерін дауыстылар, дифтонгоид дауыстылар. Езу дауыстылар: а фонемасы дауыстылардың ішіндегі мейлінше ашық айтылатын түріне жатады. Жасалу орны жағынан, бұл фонема тілдің кейін қарай жиырылуы арқылы дыбысталады. Сондықтан жуан дауысты болады. Бұл дыбысты айтқанда еріннің сүйірленбей, керісінше, тартылуы арқылы дыбысталады, оны езу дыбысы дейміз. Езу дыбыстары: а, и, ә, ы, і, е. Ерін дыбыстары: о, ө, ұ, ү, у.

Түрік тілдерінің фонетикалық заңы бойынша жу-ар, су-ат, ки-ер, ки-ім сияқты сөздер жұ+уар, сұ+уат, кі+йер, кі+йім түрінде ғана буынға бөліне алады. Демек, у, и арқылы айтылатын фонемалардың әрқайсысы екі элементті (қосарлы) фонема екендігі айқын байқалады. Тіл ғылымында бұл секілді фонема «жалған дифтонг» деп аталады. Дифтонг құрамындағы екі элементтің бірі буын жасай алатын, бірі буын жасай алмайтын дыбыс болады. Қазақ тіліндегі бұл секілді қосынды дауысты тұйық дифтонгілер тобына жатады: әр дифтонгінің алғашқы сыңары – дауысты (буын құрағыш), кейінгісі – дауыссыз (буын құрай алмайтын) болады.

Дифтонгоид дауыстылар: у мен и. Бұл фонемалар келесідей мысалдарда кездеседі: бу, буын, буу, қуат, киім, ту, ку, куу, ине, би, билеу, Иса, т.б. Осы сөздердің дәл айтылуын фонетикалық транскрипциямен келесідей жазуға болады: бұу, бұуұн, бұуұу, құуат, кийім, тұу, иинэ, бий, бийлэу, Ыйса, т.б. Қазақ тілінің у, и әріптері арқылы жазылатын дыбыстары –дифтонг дыбыстар. Себебі, мұның әрқайсысы қос дыбыстан жасалып тұр [56,111].

Бару сөзінде у дифтонгісінде ұ фонемасы да, у фонемасы да бар; келу сөзінде жіңішке у дифтонгісінде ү фонемасы да, у фонемасы да бар: дауысты ұ, ү фонемалары дауыссыз фонемадан бұрын келіп тұр. Би деген сөзде и дифтонгісінде і фонемасы да, й фонемасы да бар. Қазақ тілінің кей сөздерінде и таңбасы ый орнына да жүреді, мысалы: Иса, тарихи дегенде и дифтонгісінде ы фонемасы да, и фонемасы да бар: дауысты і, ы фонемалары дауыссыз фонемадан бұрын келіп тұр. Сондықтан бару, келу, би, тарихи сөздеріндегі у, и дыбыстарын тұйық дифтонг деп табуымыз керек.

1954 жылы жарияланған «Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика, грамматика)» атты кітап бойынша қазақ тіліндегі дауысты фонемалардың жыйнақталған түрі келесі кестеде берілген [56].

Кесте 1

Ерін қатысына қарай	Езу дыбыстары		Ерін дыбыстары	
	ашық дауыстылар	қысаң дауыстылар	ашық дауыстылар	қысаң дауыстылар
жасалу жолына қарай				
жасалу орнына қарай				
жуан дауыстылар	а	ы, (и)	о	ұ, (у)

жіңішке дауыстылар	а, е (э)	і, (и)	ө	ү, (у)
--------------------	----------	--------	---	--------

Қазіргі қазақ тілінде мынадай 25 дауыссыздар бар: б, г, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, (у), ш, қ, ң, ғ, һ, в, ф, х, ц, ч. Жәкша ішіндегі у фонемасы *тау, жауап* секілді сөздерде буын жасай алмағандықтан, дауыссыздар тобына жатады. Бес фонема в, ф, х, ц, ч –қазақ тіліне орыс тілі әсерімен енген фонемалар қатарына жатады. Дауыссыз дыбыстар үшке бөлінеді: үнді дауыссыздар, шұғыл дауыссыздар, ызың дауыссыздар. Үнді фонемалар: р, л, й, у. Шұғыл дауыссыз: п, б, т, к, г, қ, д, ч, ц. Ызың фонемалар: ф, в, с, ғ, ш, х, з, ж, һ.

Қазақ тіліндегі әрбір дауыссыз фонема буын ішіндегі дауыстының ыңғайына қарай жуан да, жіңішке де болады. Буын немесе сөз ішіндегі арнаулы бір фонеманың жуан я жіңішке болуына дауысты фонема себепші болады.

Күдерінова Қ.Б. «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» атты оқу құралында әліпби түрлерін салыстыра келіп, С.Аманжолов ұсынған әліпби жобасында 32 әріп бар болғандығын айтады. Олар: а <а>, в <б>, в <в>, г <г>, д <д>, е <е>, з <ж>, з <з>, і <й>, j <і>, к <к>, l <л>, m <м>, n <н>, о <о>, р <п>, г <р>, s <с>, t <т>, u <у>, f <ф>, х <х>, o1 <ғ>, q <қ>, с <ш>, ә <ә>, h <һ>, ң <ң>, ө <ө>, ь <ұ>, у <ү>, ь <ы>. Ұсыныс-жобаға байланысты М. Балақаев j <і> таңбасы сөздің барлық буынында келгендіктен таңбалап, ә, у, ө әріптері сирек жазылатындықтан жіңішкелік белгісін пайдаланайық деді, А. Ысқақов бұған жіңішкелік белгі орыс тілінде тек жіңішке дауыссыздарды белгілейді деп қарсылық білдірді. Енді бір ұсыныс - С.Жиенбаевтікі. Автор қысаң езуліктерді, мысалы, сталин, склад, рғыз, қтын деп жазу керек, себебі рығыз, қытын деген сөздерде де редукциялауды оқылатын қауіп жоқ екенін айтады. Қазақ тілінің жалғамалы сипаты қосымша жалғағанда, қопармалы тілге айналып кетпейді, қрғз (қырғыз) дегенде түсіріп, қрғзызы дегенде түбір тұрпатын өзгерту дұрыс емес дейді ғалым. Сондай-ақ автор дауыстылардың тек жуан түрін алуды а, о, у дыбыстарын сөз ішіндегі і, й, е әріптеріне қарап оқуды, ал бір буынды жіңішке дауыстылы сөздерге дәйекше қоюды ұсынады. Ғалымның есептеуінше, қазақ тілінде ә-мен-23, ө-мен-18, ү-мен 19 сөз басталады [46].

Р.Сыздықова - грамматология бойынша зерттеу жүргізген ғалым. Емлені түзген және емле туралы жазған. Р.Сыздықованың 1988 жылы «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» атты кітабындағы емле туралы деректерге тоқталғым келеді. Дауысты дыбыс әріптерінің қолданылуы: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, э әріптері жалаң дауыстылардың, ал ё, и, у, ю, я әріптері қосынды дауыстылардың да (мысалы: ёлка, қи, қи, бидай, су, шумақ, аю, якорь, саясат), кейде жалаң дауыстылардың да таңбасы ретінде (мысалы: слёт, кино, коммунист, бюро, октябрь) жұмсалады [57].

a, e, ы, i әріптері сөздің барлық буынында жазылады. Мысалы: ал, қала, шағала; ер, ересек; ыс, бақытты, айыр, қатысты, қорыту, құмырсқа, жапырақ; іс, білімді, көкірек, үкімет, әсіресе, мәжіліс.

ә, о, ө, ұ, ү әріптері жалаң сөздердің бірінші буындарында жазылады. Мысалы: ән, әнші, сән, дәлел, дәрігер; орын, жолаушы; өлең, көлем, көбелек, төртеу; ұлы, құлын; үндеу.

Бұл әріптер кейбір біріккен сөздер мен қос сөздердің екінші сыңарларының басқы буындарында да жазылады. Мысалы: Есенәлі, дәрі-дәрмек, тәлім-тәрбие; Қызылорда, Талдықорған, жөн-жосық, Сарыөзек, Қараөзек, өте-мөте; басқұр, қаламұш, жазғытұрым, кешқұрым, тарс-тұрс; бүрсігүні, еңбеккүн, сайгүлік.

и әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) түбір сөзде де, туынды сөзде де жіңішке естілетін жалаң *и* дыбысының және қосарлы *ий, ій* дыбыстарының таңбасы ретінде *и* әрпі қолданылады. Мысалы: иіс, иін, ине, имек, илеу, иық, тиын, тиін, қиын, киін, сирек, сирақ, ти, тиімді, тиіс, жиналыс, тарихи, саяси, яғни, ылғи, қағида, ақиқат, Иса, Иманбай, Қали, Әли, Сағира, Қалима, Кәлима, кино, пионер, комиссия, инерция, идея, иероглиф.

ә) *я, ю* әріптерінің алдында *ы, і* әріптерінің орнына *и* әрпі жазылады. Мысалы: тақия, дария, дүрия, сия, қия, мия, Әсия, Ғалия; кию, жию, тию.

б) *йы, йі* дыбыстар тіркесі мен *ы, і* дыбыстарына бітетін етістіктерге көсемшенің –*и* жұрнағы жалғанғанда, соңғы *ий, ій* әріптерінің орнына бір ғана *и* әрпі жазылады. Мысалы: байы+й+ды –байиды (байыйды). кейі+й+ді –кейиді (кеййіді).

в) *и* дыбысына бітетін етістіктерге жалғанатын тұйық райдың –*у* жұрнағы

–*ю* түрінде, көсемшенің –*а* жұрнағы –*я* түрінде жазылады. Мысалы: *и* –*ию* (иу емес), *ки* –*кию* (киу емес), *жи* –*жияды* (жиады емес).

у әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) түбір сөзде де, туынды сөзде де бірде жуан, бірде жіңішке естілетін дауысты *у* дыбысының, сондай-ақ дауысты дыбыстан бұрын және кейін келетін үнді *у* дыбысының таңбасы ретінде қолданылады. Мысалы: су, гуіл, у, руль, жуа, куат, уыз, уақыт, уәде.

ә) *ы, і* дыбыстарына бітетін етістіктерге тұйық райдың –*у* жұрнағы жалғанғанда, *ы, і* дыбыстары түсіріліп жазылады. Мысалы: оқы-оқу, тоқы-тоқу, жібі-жібу, ірі-іру, суы-суу.

б) *у* дыбысына бітетін етістіктерге тұйық райдың –*у* жұрнағы жалғанғанда, оның түбірі өзгертілмей жазылады. Мысалы: сау-сауу, бу-буу, ту-туу, қу-қуу, ау-ауу, жу-жуу.

э, ё әріптері орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздерде ғана жазылады (әрі қарай «орыс тілінен енген сөздер» дегенде, интернационалдық сөздерді де ұғу қажет). Мысалы: экономика, этика, эстетика, дуэт, аэродром, электр, ёлка.

ю әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) сөз құрамындағы дауысты дыбыстан кейін қосынды й+у дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: аю, ою, үюлі, кею, көркею.

ә) орыс тілінен енген сөздерде сөз басында және дауыссыз дыбыстан кейін де жазылады. Мысалы: юрист, революция, люкс, адъютант.

я әрпі мынадай сөздерде жазылады:

а) сөз басында және дауысты дыбыстардан кейін қосынды й+у дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: яки, яғни, якорь, қоян, таяқ, ая, мая, сая, қияқ, тұяқ, саяқ.

ә) орыс тілінен енген кейбір сөздерде дауыссыз дыбыстардан кейін де жазылады. Мысалы: октябрь, отряд, снаряд, аккумулятор.

Дауыссыз дыбыс әріптерінің қолданылуы

б, в, г, д әріптері, негізінде, сөздің басында, ортасында және орыс тілінен енген сөздердің соңында да жазылады. Мысалы: байқа, хабар, гүл, әдет, вагон, авиация.

ж, з, к, қ, л, м, н, п, р, с, т, ф, х, ш әріптері сөздің басында да, ортасында да, соңында да жазылады. Мысалы: жаз, жақсы, қажет, құж, лаж, заң, сазан, саз, көл, көңіл.

ң әрпі сөздің ортасында және соңында ғана, ал ғ әрпі сөздің басында және ортасында ғана жазылады. Мысалы: жаңа, аң, таң, ғалым, аға, ағартушы.

ф, ц, ч, щ әріптері орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: физика, кафе, кофе, щи, борщ, лифт, цифр, шифр, шрифт, чек, очерк, центнер.

й әрпі қысаң ы, і дыбыстарынан басқа (тый, сый сөздерін қоспағанда) дауысты дыбыстардан кейін ғана жазылады. Мысалы: ой, ай, кей, құй, күй, әй, өй, магний, санаторий, комментарий, сценарий.

х әрпі мынадай орындарда қолданылады:

а) орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: химия, хлор, археология, цех.

ә) араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалпы, жалқы есімдерде жазылады. Мысалы: хал, хат, халық, тарих, кітапхана, асхана.

h дыбысы естілген орындарда жазылады. Мысалы: қаһарман, қаһарлы, еһе, гауһар, уһ, аһлады, уһледі [57].

А.Байтұрсынұлы негізін қалаған емледен кейін енген өзгерістер аса көп емес, дегенмен арада бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, А.Байтұрсынұлы емлесі өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектері А.Байтұрсынұлының еңбектеріне негізделген. Әліпбиімізде орыс тілінің әсерімен енген дыбыстар бар. Дегенмен, ауызекі тіл мен жазба тілдің ерекшеліктері орыс тілінің әсерінен енген дыбыстардың басымдығынан сақталған жоқ. Мысалы: **тайаз** деп айтамыз, **таяз** деп жазамыз; **айу** деп айтамыз, **аю** деп жазамыз; **бұу** деп айтамыз, **буу** деп жазамыз; **кйім** деп айтамыз, **киім** деп жазамыз; **байыйды** деп айтамыз, **байиды** деп жазамыз. А.Байтұрсынұлы маңызды деп тапқан жазба тіл мен ауызекі тіл арасындағы ерекшелік сақталмағандығының айғағы осы мысалдар болып табылады.

Қ.Б.Күдерина «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» атты оқу құралында жазба тіл екі жақты межеде өмір сүретіндігін айтады. Оның дыбыстық деңгейдегі мазмұн межесі графема, тұрпат межесі – әріп, бас әріп, кіші әріп, әріптің кіші баспа түрі, үлкен баспа түрі, жазба түрі болады. Ауызша тілдің ең кіші мағыналық бірлігі – фонема – абстракті, санада ғана өмір сүретін единица болса, жазба тілдің кіші единицасы абстракті бірлік – графема санада өмір сүріп, әріптің түрлі формалары арқылы таңбаланады. Сөйтіп, графеманың реализацияланған әріп тұрпаттары белгілі бір тәртіппен орналасқан, белгілі саны бар жиынтық ретінде жазба тілдің код жүйесі – әліпбиге ұйымдасады. Ол жазба тілді оқудың немесе керісінше ауызша тілді жазуға айналдыратын кодашқыш (Н.Уәлиұлы термині) болып табылатындығын, ал коммуникация теориясы тұрғысынан әліпбидегі әріптер санының аздығы жазудың код болуына жарайды дейді [46].

Әліпбидегі я, ю, ё әріптері орыс әліпбиіндегі сөзді жіңішкертетін белгісінен айрылып, қазақ сөздері үшін тек й+а, й+ұ+у, й+ү+у, й+о дыбыс тіркесін беретін болды дей отырып, орыс тілінің әсерімен енген әріптер қандай сөздерде және дыбыс тіркестерінде кездесетіндігін айтады. Мысалы: э – әрпі тек кірме сөздерде, ал у, и таңбалары ый, ій, ұу, үу – дыбыс тіркестерін белгіледі. Щ әрпі қос ш-ны таңбалады. Сөйтіп, қазақ әліпбиінде бес әріп қосар дыбыс таңбасын береді. Олар: /я/ – [йа], [йә]; /ю/ – [йұу], [йүу], /у/ – [үу], [ұу], [у]; /и/ – [ый], [ій]; /ш/ – [ш+ш].

Сонымен қатар, Қ.Б. Күдеринаның еңбегінде төте жазу қазақ графикасы тарихында бірден-бір фонематикалық жазу болды делінеді. «Графиканың жетілгенін аз әріппен тілдегі дыбыстарды қаншалықты дәл, жеткілікті бере алды – сол арқылы анықтайды». Үндесім заңдылығы қазіргі қазақ жазуында: 1) дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке түрлеріне әріп арналумен; 2) <қ><к><қ><г> фонемаларына таңба берілумен; 3) түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай қосымшалардың жалғануымен; 4) бейүндес буын жігінде һ, х әріптерінің маркерлігімен (жиһаз [жійһ’а’з], Ахмет [ах’ім’ет’]) көрініс тапты.

Н.Уәлиұлының айтуы бойынша, һ әрпі – кірме сөздердегі бейүндес буынның жігін жымдастыру қызметінде жұмсалатын маркерлі әріп. Мысалы, Ахмет, жиһаз т.б. сөздерде буындардың жіңішке/жуан айтылуына сілтеп тұрады. Х әрпі сөз тұлғаларының мағынасын графикалық тұрғыда ажыратуға көмектеседі, кірме сөздерде жазылады [46,109].

Һ дыбысына А.Байтұрсынұлы әліпбиде арнайы дыбыс арнамағандығын айта кеткім келеді, бастапқыда бұл дыбысқа байланысты сөздер аз болғандығын, соған байланысты оған дыбыс арнау қажет деп таппағандығын айтады. Һ әрпінің дыбысы қазақ тілінде бар дейді. Мысалы: шаршаған кезде «yh!» деп күрсінеміз. Жақтырмағанда «tүh!» дейміз. Өкінгенде «ah» дейміз. Ауырғанда «әh!», «әh!» дейміз дейді. Жалпы алғанда, һ дыбысына байланысты сөздер одағай сөздерде кездеседі дейді. А.Байтұрсынұлы бұл әріпті қазақ әліпбиінен шығарған кезде мұнымен жазылатын сөздер аз деп

шығарған еді дейді. Дегенмен, аз болғанмен тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезілетін көрінеді дейді.

Қазақ тілінде әрдайым жуан айтылатын **қ мен ғ**, әрдайым жіңішке айтылатын **к мен г** дыбыстарын А.Байтұрсынұлы әліпбиде атап көрсетті. А.Байтұрсынұлы кей орында «қ» дыбысы «ғ» болып өзгереді, ондай орында айтылуынша «ғ» харфін жазу керек дейді. Мысалы: Істің ағы білмес, жігіттің бағы білер. Иттің сағы жақсы. Кей кезде «к» дыбысы «г» болып кетеді дейді. Ондай кезде естілуінше «г» харфін жазу керек дейді. Мысалы: етік-етігі; етігі жаман төрге шықпас. Еңбегі молдан өнбегі де мол. Бұдан байқайтынымыз, А.Байтұрсынұлы **қ мен ғ**, **к мен г** дыбыстарының әрдайым жуан не жіңішке айтылатындығын көрсете отырып, әліпбиде қазақтың табиғатына сай төл дыбыстардың негізін құрады деуге болады. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі үндестік заңы А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Дыбыстардың жуан мен жуан, жіңішке мен жіңішке болып үндесетіндігі қазақ тіліне ғана тән десек, оның негізін А. Байтұрсынұлы қалады.

А.Салқынбай «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің көшбасшысы» атты мақаласында терминді терім сөз дей отырып, А.Байтұрсынұлы жасаған термин сөздердің басты ерекшеліктерін атап көрсетеді [58,9]. Олар: анықталатын ұғымның дәлдігі, таңбаланған атаудың қазақилығы, терминнің жалқылық сипатының болуы, терминнің нақтылығы.

А.Байтұрсынұлы туралы еңбектермен қатар, конференция жинақтарында А.Байтұрсынұлының еңбектеріне байланысты жарияланған мақалалар да бар. Олар: Қ.Күдерінова «А.Байтұрсынұлы және қазақ жазуының қалыптануы», А.Фазылжанова «А.Байтұрсынұлы және қазақ тілі құрмалас сөйлемдерінің интонациясы жайында», Л.Қисамединова «Ахмет Байтұрсынұлы – основоположник казахской лингвистической терминологии», А.Бексейітова «А.Байтұрсынұлы еңбектерінде грамматикалық ілімнің дамуы», А.Жүнісбек «А.Байтұрсынұлы және қазақ тілі дыбыстары артикуляциясының зерттелу жайы», Г.Қайдарова «А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі буын жайы», О.Жұбаева «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл біліміндегі когнитивті лингвистиканың негізін салушы», Қ.Ашекеева «А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы тілдің философиялық мәселелері», Ғ.Иманалиева «Ахмет Байтұрсынұлы және тіл көрнектілігі», С.Иманқұлова «Ахмет Байтұрсынұлы және тілді меңгертудегі берік ұстаным», Х.Қарабаева «А.Байтұрсынұлы миссиясы – ұлтқа үлгі», Н.Егізбаева «А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі рай категориясының жіктелуі», М.Ахметова «А.Байтұрсынұлы және мәтін лингвостилистикасы мәселелері» [58], Р.Сыздық «Ахмет Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлының «Оқу құралы» атты көлемді еңбегі жайында» [59], т.б.

Р.Сыздықованың «А.Байтұрсынұлы» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлы туралы мәліметтер беріледі [60].

«Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы» атты ұжымдық монографияда А.Байтұрсынұлының еңбектеріне шолу жасай отырып, әліпбиі туралы мағлұмат беріледі [61].

А.Байтұрсынұлы туралы «Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы» атты монография жазған ғалымның бірі М.Жүсіпұлы. Ол Алматы қаласынан 1988 жылы 216 беттен тұратын монография жариялады. Монография сингармофонологиялық теорияға арналған. Бірінші тарауда А. Байтұрсынұлының фонемографиялық мұрасы зерттелінеді, тіл білімі тарихындағы оның орнын, ғылыми мәні мен әсерін анықтауға арналған. Мұнда А.Байтұрсыновтың сингармофонемалық алфавиті мен сингармофонемалық орфографиясының негізгі принциптері, ұғымдары, нормалық категориялары ретінде келесі ережелер беріледі:

1. Араб графикасының негізін (тегін) сақтау.
2. Сингармофонема – сингармодыбыстар қоры.
3. Әріп – бір таңбаның төрт түрлі өзгерілген қоры.
4. Қазақ тілі сөйлесімі процесінің сингармониялық қасиеттерін көрсету үшін, орфографияның сингармофонемалық принципін және арнайы таңба - «дәйекшіні» пайдалану.

5. Қазақ тілі орфографиясының негізгі принципі – сингармониялық принцип.

Қазіргі таңда қолданылып жүрген қазақ жазуында осы аталған бес ереженің екеуі сақталғандығын айтады. Олар: а) сингармофонема - сингармодыбыстар қоры. ә) негізгі орфографиялық принцип – сингармофонемалық принцип дей отырып, сингармониялық жұп әріптерге тоқталады: а-ә, о-е, ы-і, ұ-ү.... М.Жүсіпұлы дыбыстар туралы былай дейді: «Қазақ сана-сезіміндегі қазақ тілі дыбыстарының психологиялық бейнелерін анықтап, сол арқылы қазақ тілі сингармофонемаларының санын және қасиеттерін анықтауда А.Байтұрсыновтың ой-өрісі, талғамы өзгеріске ұшырамады, яғни бір логикалық арнада, бір ғылыми-теориялық және практикалық бағытта болды» [62].

Бұл зерттеу еңбегінен тұжырым жасар болсақ, А.Байтұрсынұлының қазақ жазуындағы сингарможуан және сингарможіңішке дыбыстарды жүйелеп бергендігін байқауға болады. Егер дауыссыз дыбыстардың дауысты дыбыстарға бағынатындығын ескерсек, дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады, дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылады. А. Байтұрсынұлы қазақ жазуының грамматологиясының негізін қалады. Практикалық тұрғыдан мысалдармен бекітті, теориялық тұрғыдан өзі ойлап тапқан метатілге анықтама берді.

1.3. А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі басты қисындар

Елі мен жерінің тәуелсіздігі жолында іздене отырып, сол күрес жолында Алаш зиялылары өздерін де, өз замандастарын да, өзінен кейінгілерді де қайраткерлік жағынан да, қаламгерлік жағынан да дайындады, жетілдірді деуге болады. Алаштың ренессанстық сипаты Ұлы ұлтшылдық дәуір ғана туғыза алатын Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұстафа, Халел, Мұхаметжан, Жанша, Ғалел, Әлімхан т.б. қайраткерлерді, Жүсіпбек, Мағжан,

Сұлтанмахмұт, Мұхтар сияқты алып талант иелерін қалыптастырды. Бұл ұлтшылдық, адамсүйгіштік, отансүйгіштік сезімдерінен ой мен іске айналған табиғи талпыныс болатын. Яғни, Алаш қайраткерлерінің ұлтшылдығы өз дәуірі туғызған, қазақ ұлтының алдына сол дәуірдің өзі қойған сауалдарға пікір жүзінде де, әрекет барысында да берген жауабы еді [6,6].

А. Байтұрсынұлы 1929 жылы 1 мамырда өз қолымен жазған (орыс тілінде) өмірбаянында «1901 жылдардан бастап, бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен шұғылдандым. Ал Орынборға келгеннен кейін ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім. Үшіншіден, қазақ жазба жұмысын бөгде тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің [жағымсыз] әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, қазақ прозасын (яғни, іс қағаздар тілін, публицистика мен ғылыми тілін) жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасауға кірістім және стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым» деп жазады [63].

А.Байтұрсынұлының араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады, себебі Байтұрсыновтың реформасы қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. Сонымен қатар оның 1912 жылдардан бастап ұсынған, осы алфавитті негізге алған жаңа жазуы (ол «Жаңа емле» деп аталды) іс жүзінде қолданыла бастады. 1915 жылдың бір өзінде осы емлемен (жазумен) 15-тей қазақ кітабы басылып шығыпты және бұл жазуды («Жаңа емлені») 1912 жылдардан бастап мұсылман медреселері мен қазақ-орыс мектептері де қолдана бастапты.

«Жаңа емлені» А.Байтұрсынов полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын салмақтайды. Сөйтіп, араб әріптері негізінде лайықтап жасалған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда маусымның 12-сінде басталған Қырғыз (қазақ) білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланады. Бұл съездің күн тәртібіне алты мәселе қойылады: Олар: 1) жазу ережелері (яғни орфография мәселелері), 2) әліпби (яғни, алфавит) мәселесі, 3) қазақша пән сөздер (яғни терминология), 4) ауыз әдебиетін жию шаралары, 5) оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары, 6) бастауыш мектептердің программасы [1].

Ұлағатты ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы туған тіл туралы өзекті мақалаларында: «Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. ...Біздің заманымыз - жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деп жазған екен. Шындығында, ол қазақ әліпбиін түзеп, түрлеудің, ана тілінде оқулықтарды жазудың мәні зор екенін ғасыр басында қоғам ахуалмен байланыстыра отырып, ауыр жүкті қолға алып, замандастарымен бірге ұлт тілінің келешегі үшін күрескен

кемеңгер. Кемеңгерлігі сол, әркімнің тіліне еріп, адасып жүрген жұртына «Қазақ әліпбиін» тайға таңба басқандай жасап берді [64].

А. Байтұрсынов –қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Ол осы мақсатта қазақша сауат ашатын әліппе құралын жазды. Ол «Оқу құралы» (қазақша әліфбе) деген атпен алғашқы рет 1912 жылы Орынборда басылды. А. Байтұрсынұлы «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914,1915,1925), «Әліпби» (1914), «Жаңа әліппе» (1926-1928), «Баяншы» (1926) атты оқу құралдарын жазды. «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар арасында 7 рет қайта басылып, оқу-ағарту жұмысында ұзағырақ қолданылды.

«Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы», - деп жазды тұңғыш қазақ әліпбиінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы [1,400]. Ахмет Байтұрсынұлының әліпби жасауда араб әріптерін негізге алу себебі, жазу тұрғысынан қарастырғанда, араб әрпімен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің бағдарымен бірыңғай келіп отырады және жазу оңнан солға қарай жүреді. Араб әрпінде оңнан солға қарай жазғанда қол қардың жиылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын жеңілденеді. Қол тыныққан есепті болып, талмайтындықтан және жазу тұрғысынан артықшылықтары басым болғандықтан араб әріптерін негізге алды.

«Оқу құралы» а (^), р (ь), з (3) әріптерін таныстырудан басталады [65]. Оқу құралында 28 әріп пен осы әріптерге байланысты мысалдар беріледі. Олар: **а, р, з, л, с, т, о, н, к, б, ұ, ж, ш, ы, м, ғ, д, п, н, й, у, ө, ү, і, ә, е, к, г.** Қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы деп дыбыстар беріледі де, дауысты дыбыстардың және дауыссыз дыбыстардың таңбалары деп дыбыстар арнайы көрсетіледі. Барлық дыбыстарды берген соң, танымдық, тағылымы мол деректер беріледі. Олар «Туысқан-туған іліктес» деген тақырыпта ата, баба, ана, әже, шеше, аға, іні, апа, қарындас, жеңге, келін... т.б. туысқанға байланысты сөздер тізбегі беріледі. Киімдерге, ойын-ойыншықтарға, тамақтар-сусындарға, дене мүшелеріне, үй саймандарына, ыдыс-аяқ, құстарға, құрт-құмырсқаға, жер жүзінің аттарына байланысты танымдық деректермен толықтырылады. «Мен қалай оқуға бардым» атты әңгімесінде Әбіштің оқуға барғандығы, кітап оқитындығы, өзінің оқуға қызығып, ертесіне оқуға барғандығы танымдық тұрғыдан таныстырылады және «Балалық күй» атты өлеңмен аяқталады. А. Байтұрсынов «Оқу құралында» тек дыбыстармен ғана таныстырмайды, сонымен қатар, танымдық, тағылымдық, тәрбиелік мән-мағынасы бар шағын мәтіндерді, өлең жолдарын, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер береді. Әдіснама тұрғысынан «Оқу құралы» балаларға үйренуге жеңіл, оқып-жазуға оңай үйренеді және танымын кеңейтеді.

«Оқу құралын» жазғаннан кейін, А.Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы) атты оқу құралын Орынборда, 1914 жылы жариялайды [66].

«Тіл-құрал» оқу құралы «Сөз басы» деген тараушамен басталады. Онда А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» [1,142].

«Тіл-құрал» үш жылға бөлінеді, бірінші жылда: сөйлем мен сөйлеуді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру, қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған хәріфтер; қазақ сөзіне жазылатын хәріфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары.

«Тіл-құралда» сөйлеу һәм сөйлем, сөйлем һәм сөз, сөз һәм буындар, буын һәм дыбыс, қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың хәріфтері, жазу қағидалары туралы айтылады. Сөздер тұлғасына қарай беске: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар болып бөлінетіндігі және сөздер мағынасына қарай тоғыз тапқа: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, шылау сөздер: үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз болып бөлінетіндігі осы «Тіл-құралда» алғаш рет айтылады.

«Мұғалімдер үшін баяндама» атты тараушада дыбыстар туралы айтылады. Қазақтың нағыз өз тіліндегі дыбыс 24. Бұлар үш түрлі болғандықтан 3-ке бөлінеді. Бес дыбыс ашық айтылатын болғандықтан, дауыстап айтуға көнетін болғандықтан, ашық дыбыс яки дауысты дыбыс деп аталады.

Он жеті дыбыс тұйық айтылатын болғандықтан, яғни дауыстап айтуға көнбейтін болғандықтан, тұйық дыбыс яки дауыссыз дыбыс деп аталады.

Екі дыбыс дауысты дыбыстардай нағыз ашық айтылмайтын болғандықтан һәм дауыссыз дыбыстардай тым тұйық айтылмайтын болғандықтан, орта дыбыс яки жарты дауысты дыбыс деп аталады. Соңында, дыбыстарға тоқталады және танымдық мысалдар береді.

Ахмет Байтұрсынұлы – біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын А. Байтұрсынұлының әліпбиімен ашып, ана тілін Байтұрсыновтың «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді (Р.Сыздықова).

А. Байтұрсынұлы 1925 жылы «Тіл-құрал», дыбыс жүйесі мен түрлері, 1-інші тіл танытқыш кітапты Қызылорданың мемлекет баспаханасынан жариялайды [67]. Бұл оқу құралында да «Сөз басы» деп басталады; «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді,

осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді» [1,173].

А. Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» туралы былай дейді: «Үш жылдық бастауыш мектептегі оқуға шамалап қазақ тілінің наху, сарфын бөліп, балаларға оқытуға ыңғайлы түрмен осы «Тіл-құрал» деген кітапшаларды шығарудамыз.

«Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл –қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенмен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана: онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа [1,142].

Тіл мүшелеріне байланысты тоқталады. Олар: сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, сөз бен буындар, буын мен дыбыс, қазақ тіліндегі дыбыстар, олардың таңбалары, дауысты, дауыссыз, жарты дауысты дыбыстар, сөз жазуының жалпы ережелері, жұрнақтар, атауыш сөздер: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, шылау сөздер: үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз, тасымал.

Сөз тұлғасына қарай беске бөлінетіндігі, сөздер мағынасына қарай тоғыз тапқа бөлінетіндігі туралы қорытуда айтылады. Сөз тұлғасына қарай беске бөлінеді: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар. Сөздер мағынасына қарай тоғыз тапқа бөлінеді: есімдеуіш атау сөздер: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік болса, шылау сөздер: үстеу, демеу, жалғау, одағай [1,197].

А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқу құралында дағдыландыру мен сынау деген сөздер жиі ұшырайды. Дағдыландыру дегеніміз –жаттығу, ал сынау – жаттығуды қорытындылау. Дағдыландыруда мысалдар бере отырып, сынауда берілген жаттығуды қорытындылайды.

А.Байтұрсынұлы 1915 жылы «Тіл-құрал»,қазақ тілінің сарфы, 2-інші жылдық Орынборда жариялайды [68]. Бұл оқу құралы «Сөйлеу бөлімдері» деп басталады; зат есім, тәуелді қалып: оңаша тәуелдік, ортақ тәуелдік, қорытуда: жалғаулар, тәуелдіктер; зат есімнен туған сөздер, сын есім, жай сын, сан есім, есімдік: жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, сұрау есімдігі, анайы қалып, сыпайы қалып, танықтық есімдігі, етістік; етістер: сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс; райлар: тұйық рай, билік рай, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді рай, сенімсіз рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай; көсемші: үнемді көсемше, үнемсіз көсемше, ниетті көсемше; үстеу: нықтаулық үстеу, сынаулық үстеу, өлшеулік үстеу, мезгілдік үстеу, мекендік үстеу; демеу, жалғаулықтар, одағай, одағайдан туған сөздер.

А. Байтұрсынұлы 1925 жылы «Тіл-құрал», қазақ тілінің сарфы, III-інші тіл танытқыш кітабын Қызылордада жариялайды [69]. Бұл кітап «Сөйлем жүйесі» деген тараушамен басталады. Бірінші бөлім «Сөйлем мүшелеріне» арналады: бастауыш, баяндауыш, жалаң сөйлем мен жайылма сөйлем, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш сөздер: мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, себеп пысықтауыш, мақсат пысықтауыш; бұратана сөздер: қыстырма сөз, қаратпа сөз; сөйлем мүшелерін айыруға керек сөйлем мысалдары.

Екінші бөлім «Сөйлем түрлеріне» арналады: болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем. Айтылу түрлеріне байланысты сөйлем түрлері төрт түрлі болады: сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, тілекті сөйлем, жай сөйлем. Құрылуына байланысты сөйлем түрлері: іргелес сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, басыңқы сөйлем, бағыныңқы сөйлем, бастауыш бағыныңқы сөйлем, анықтауыш бағыныңқы сөйлем, толықтауыш бағыныңқы сөйлем, шартты бағыныңқы, ереуіл бағыныңқы, қыстырынды сөйлем, келтірінді сөйлем, орамды немесе өрнекті сөйлем, жазу қосымша белгілері мен тыныс белгілерінің жалпы ережесі: кіші сызықша, үлкен сызықша, ноқат, үтірлі ноқат, теріс үтір, қос ноқат, сұрау белгісі, леп белгісі, көп ноқат, қабат үтір, жақша. Соңында сөйлем түрлерін айыруға керек сөйлем мысалдары берілген. Сөйлем түрлерін айыру сөйлем мысалдарымен үш түрлі жүзеге асады дейді. Олар:

1. Өлеңмен айтылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру.
2. Сөйлем түрлерін айырту.
3. Сөйлемдердің керек болған түрлерін оқушыларға тапқызу.

А. Байтұрсынұлы «Тіл-құралды» 1914 және 1915 жылдары Орынбордан, 1925 жылы Қызылордадан жариялайды. 1. Тіл – құрал. Қазақ тілінің сарфы. 1-ші жылдық. Дыбыс жүйесі һәм түрлері (фонетика); 2. Тіл – құрал. Қазақ тілінің сарфы. 2-ші жылдық. Сөз жүйесі һәм түрлері (морфология); 3. Тіл – құрал. 3-жылдық. Сөйлем жүйесі һәм түрлері (синтаксис). «Тіл-құралдың» әр жылда жарияланған бөлімі бірін-бірі толықтырып отырған. А. Байтұрсынұлы қазіргі таңда қолданыс тапқан әдістемелердің көпшілігін оқу құралдарында жаттығулар беру арқылы, үйренушіге оңай болатындай етіп, танымдық, тағылымдық мысалдармен бере білген. Қазақ тіліне байланысты метатілдің тұғыры осы кітаптардан бастау алады. Қазақтың тіліне сай метатілдің негізі осы оқулықтардан басталады.

А. Байтұрсынұлының оқу құралдары қазақ тілінің таза күйінде сақталуына негіз болды, қазақ халқының сауаттылығын арттыруға үлес қосты, әлемдік мәдениетпен араласу жолын жеңілдетте түсті, мектептерде балалар мен ересектер осы оқу құралдарымен сауат ашты. Қазақтың балалары білім нәрімен сусындай түсті, оқуға деген ынтасы артты, сауаттылық деңгейі арта түсті. Бұрын татар тілі мен орыс тілінің элементтері басым болған қазақ тілі таза күйінде халықтың жүрегіне жол тапты. Бұл нағыз ұлттық жазу еді.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым. Оның «Баяншы» атты қазақ мұғалімдеріне арналған оқу құралы әдістемелік тұрғыдан жазылған, қазақ тілін оқыту әдістемесінің ең алғашқы үлгісі 1920 жылы Қазанда жарияланды [70]. Кітаптың алғысөзі оқытуға байланысты дидактикалық қағидадан басталады. «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды; оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмай, ісі ілгері оңай жылжыған сайын, көңілденіп оқытуға жаһады зорайып, шабыттанады» [1,323].

«Баяншы» атты еңбегі А. Байтұрсынұлының 14 жыл бала оқытқан мұғалімдік тәжірибесінің негізінде жазылған. «Баяншы» екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері», екінші бөлім: «Дыбыспен жаттығу». Бірінші бөлімде қазақ тілінің дыбыстық құрамы беріледі. Қазақ тілінде 24 дыбыс бар дей отырып, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жарты дауыстыны атап көрсетеді. Дауысты харіфтер: а –ا, о –و, у –ۇ, ы –ى, е –ي, ө –ه. Дауыссыз харіфтер: б –ب, п –پ, т –ت, ж –ج, ш –چ, д –د, р –ر, з –ز, с –س, ғ –ع, қ –ق, к –ك, г –گ, ң –ڭ, л –ل, м –م, н –ن. Жартыдауысты дыбыстар: шолақ ұ (у), һәм шолақ й (й).

Қазақ тіліндегі жиырма төрт түрлі дыбысты таңбалаудың өзіндік ерекше жүйесін ұсынған А. Байтұрсынұлы «қ» мен «ғ» дыбыстарының ылғи жуан, «к» мен «г», һәм «е»-нің ылғи жіңішке айтылатынын ескерте отырып, былай деп жазады: «Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, мысалы: ت (т), س (с) сықылды, онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дәйім жуан айтылатын «қ» мен «ғ»-ны қосқанда дәйім жіңішке айтылатын «к», «г», «е»-лерді қосқанда, бәріне 43 белгі (харіп) керек [1,324].

Қазақ тіліндегі дыбыстарды жіңішке айту дәйекші белгісін қолдану арқылы жүзеге асқан. А. Байтұрсынұлы «Баяншыда» 43 түрлі дыбысты 25 белгілермен қалай жазып, қалай оқу керектігін айтады. Сүйеу хисабында алиф әрпі басқа әріп қасына қойылса, «а» болып оқылмайды. Егер, ا алиф әрпінің алдында дәйекші «ء» белгісі тұрса, онда «ا» алиф әрпі жіңішке айтылады. Мысалы: ән – ان ء. Дауысты дыбыстар а-ا, о -و, ұ -ۇ, ы -ى жіңішке айтылуы үшін дәйекші белгі «ء» қолданылады. Бұл белгі сөздің алдында дәйекшіге тұрып, ол сөздің жіңішке оқылуы керек екендігін көрсетеді, бұл белгі тұрса, сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды жіңішке айтамыз.

«Баяншының» екінші бөлімі балаларға дыбыстарды қалай үйрету керек, қалай таңбалау керек, қалай жазу керек, қалай меңгерту керек деген мәселелерге тоқталады. «Оқу үйренгендегі бас мақсат –керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу. Сөз –дыбыстың мағыналы болып тізілгені. Сөз айту – дыбысты ауызбен тізу. Сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу. Оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп сөз шығара білмейді. Себебі олар сөздің дыбыстан тізілетінін білмейді. Оқуға балалар дыбыс үйренеміз деп келмейді, оқу, жазу үйренеміз деп келеді. Бірақ

дыбысты білмей, дыбыстың қалай тізілетінін білмей, оқу, жазу үйрену қиын. Сондықтан осы күнде оқуы тәртіпті жұрттар балаларға хәріп көрсетпей тұрып, әуелі дыбыспен жаттықтырады» [1,330].

«Баяншыда» қарастырылатын негізгі дидактикалық қағида:

1. Әуелі балаларға әр түрлі дыбыс бар екенін білдіру.

2. Балаларға таныс сөздерді алып, оладың ішінде қандай дыбыстар барын айырту.

3. Бөлек бөлек дыбыстарды тіздіріп, сөз айтуды білдіру.

Мұғалім дыбысты « ا » созып айтады да, балалардан не дыбыс естігендігін сұрайды. Балалар « ا » а дыбысын естігендігін айтады. Осылай бірнеше дыбыстарды қайталағаннан кейін, балалар дыбыстың әртүрлі болатындығын біледі және жаттығу жасау барысында айыра алады. Дыбыстарды балалар жадысында жылдам сақтау үшін дыбыспен жаттыққан соң, бір буынды сөздерге көшеді. Мысалы: ار (ар), از (аз), ال (ал), اس (ас), اول (ол), اور (ор). Бір буынды сөздерді беру арқылы жаттыққан соң, мұғалім екі буынды сөздерге көшеді. Мысалы: а-са, а-ла, о-ра, са-ра, са-ла. Балалар екі буынды сөздерді қайталаған соң, мұғалім үш буынды сөздерді береді. Мысалы: او-را-نو (о-ра-ну), او-را-ما (о-ра-ма). Мұғалім балаларды сөздің буынымен таныстыру үшін екі буынды, үш буынды сөздерді алып, бөліпайтуы керек. Мысалы: *ана* деген сөзді айтқанда *а.....на..* деген екі буынға бөлінеді. *Ағалар* деген сөзді бөліп айтқанда *а.....ға...лар* «اغالر» деп, үш буынға бөлінеді. *Ағаларға* деген сөзді бөліп айтқанда *а..ға...лар...ға* «اغالرغا» деп, төрт буынға бөлінеді. Балалар бастапқыда дыбыспен жаттығу арқылы бір буын, екі буын, үш, төрт буынға біртіндеп көше отырып, дыбыстарды толықтай меңгереді.

А.Байтұрсынұлының пікірінше, дауысты дыбыстар сөздің жаны есебінде, дауыссыз дыбыстар сөздің тәні есебінде. Егер, дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да дауысты дыбыстарға бағына отырып, жіңішке айтылады, дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады. Мұнда үндестік заңы мен бағыну заңы қатар орын алады. Қазақ тілінің басқа тілдерден өзгешелігі де дыбыстардың бір біріне жалғануында. Әріп дыбысқа берілген шартты таңба болғандықтан, әріптерді қазақ халқына тән етіп берілуінде А.Байтұрсынұлының грамматолог ғалым ретінде қосқан үлесі зор. А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің негізін қалаған алғашқы грамматолог ғалым.

А.Байтұрсынұлының тағы бір жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» («Теория словестности») деген атпен жарияланды [71]. Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, негізгі терминдері мен категориялары осы кітапта берілген.

А.Байтұрсынұлы «Ақ жол» атты еңбегінде өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар жарияланған [72].

А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінен басқа, жазуға, әдіснамаға, мектепке, әліпбиге және оқу жұмыстарына қатысты ғылыми мақалалары да бар. Олар: «Қай әдіс жақсы?» [73], «Жалқылау (айырыңқы) әдіс» [74],

«Жалқылаулы-жалпылау әдіс» [75], «Жазу тәртібі» [76], «Жазу мәселесі» [77], «Шаһзаман мырзаға» [78], «Қазақша сөз жазушыларға» [79], «Байтұрсынов Ахметтің араб әліп-би жақтаған баяндамасы» [80], «Оқу жайы» [81], «Орысша оқушылар» [82], «Қазақша оқу жайынан» [83], «Бастауыш мектеп» [84], «Мектеп керектері» [85], «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек?» [86], т.б.

А. Байтұрсынұлының Қызылордадан 1928 жылы жарияланған «Әліп-би» оқу құралында жаңа бағдарлама бойынша жазылған [87]. «Дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуі де оқу құралында қолданыс тапты. Дегенмен, бұл әліпбиде қазақ тұрмысына лайық даяр сүгіреттер табылмағандықтан, сүгіретке байланысты кемшілік көп. Бұл әліпбиде бірінші сүгірет беріледі, одан кейін дыбыс беріледі. А.Байтұрсынұлы әліпбиде әдістемелердің барлығын топтастыра отырып, дыбыстарды сүгіреттермен әртүрлі бейнелеген. Мысалы: «а» дыбысына «а» деп тұрған баланың суреті, «з» дыбысына «з» деп тұрған араның суреті, «р» дыбысына «р» деп тұрған иттің суреті берілген. Берілген мысалдар дыбыс әдіс жолына берілген. Тұтас сөз жолымен үйрету әдісіне байланысты «ора» сөзіне саусаққа жіп ораған сурет, «ор» сөзіне орылған, маяланған шөптің суреті берілген. А. Байтұрсынұлы әліпбиде дыбыстарға, сөздерге байланысты суреттерді бірдей бермеген, түрліше етіп берген. Осы әліпбиде «ермек-еңбек» (он зат-он ат) атты әдіснамаға бағытталған тәсіл берілген. Мысалы: заттың суреттері тұтас тұрады, ат жазулары сызық бойымен бөлек кесіледі, одан соң карточка үлестіріледі. Заттар аттарымен жабылады. Заты жоқ (яғни, суреті жоқ), тек атын ұстап қалған екеуі сөзді үлесіп алады, жазып шығады. А. Байтұрсынұлы сөздерге байланысты балаларға қызықты түрлі ойындар ұйымдастыра отырып, ойын шартын ұсынады. Мысалы: тоғыз зат-тоғыз ат. Тоғыз заттың атын тоғыз қағазға жазып, көрсеткен түрде сызық бойымен кесіп, тоғыз табады, таппаған жазады. Балаларға үлестіреді. Келесі сөзді тапқан балаға жасауыл боламыз деп келіседі. Мысалы: «сап» деген сөз шыққанымыз жасауыл болайық десе, сол сөз шыққаны жасауыл болып, ойын басқарады. Тоғыз ат жазылған қағаздарды араластырып, біреуін алады, қолында ашпастан, «Кім табады? Тапқан жабады. Таппаған жазады» деп айтады. Мынадай сөз деп айтқан бала табатын болса, кітаптағы затты табылған атымен жабады. Таба алмаған жағдайда, таба алмаған сөзін жабады. Ойынға тоғыз баладан да көп бала қатысып, ойнауына болады. Үшінші рет басылған бұл әліпбиде денсаулық, күз, тазалық тәртібі, салақтықтың кесірі, қыс қамы секілді қысқа әңгімелер беріледі. Әліпби соңында қазақ әліпбиінен шығарылған әріптер деп қысқаша мазмұндама беріледі [1,88]. Мысалы: һ дыбысы. Бұл әріптің дыбысы қазақ тілінде бар. Шаршаған кезде «уһ» деп күрсінеді, жақтырмағанда «түһ!» дейді. Өкінгенде «аһ» дейміз. Бұл әріпті қазақ әліпбиінен шығарғанда мұнымен жазылатын сөздер аз деп шығарып едік, дегенмен, жоқтығы білінеді екен дейді. Х дыбысы. Бұл дыбыс «қ» ға жақын дыбыс әрпі. Қалың қалай?-Халың қалай? Осы оқу құралының соңғы

жағында қазақ әліпбиінен шығарылған әріптерге байланысты қысқаша тұжырым беріледі.

А.Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордадан жарияланған «Тіл жұмсар» атты кітабы дәйектемеден басталады [88]. Мұнда неліктен «Тіл-құрал» сол туралы айтылады. Құрал болғанда толып жатқан көптеген бөлшектері бар, ал ол бөлшектер түрліше қиысатын, машина секілді үлкен құрал екендігі туралы айтылады. Құралдың жұмсаушысы екі түрлі дейді. Біреуі –құралдың ішкі сыртқы бөлшектерінің бәрін біліп, олардың бір біріне қалай үйлесіп, одан шығатын тетіктердің бір біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Ал, екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ, құралдың жұмсауға керегі бар сыртқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, қолданып, жұмсау әдісін үйреніп, жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерімен бұл таныс құралды қолдана жүріп, онымен жұмыс істеп, тәжірибе барысында танысады. Бала үйретуде аталған кітапта қарастырылған тәсілдің екіншісі қолданылады дейді. Үйрету үдерісіндегі қазіргі жаңалықтың негізі – үйрету, әсіресе бастауыш мектептерде үйрету, тәжірибе жолымен білу болып табылады. А.Байтұрсынұлы бала білімді тәжірибе арқылы дербес алу керек дейді. Мұғалімнің қызметі балаға жұмысты қабілетіне қарай дербес беру және алдына қойған міндетке байланысты түзеп отыру болып табылады.

«Тіл-құрал» мен «Тіл жұмсардың» айырмасы «Тіл-құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін жеке-жеке жүйелі түрде көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін кішірейтіп, жеке-жеке ойыншық сияқты құрал жасап, соларды қолдана отырып, үлкен құралды танытады. «Тіл жұмсарда» метатіл беріледі.

А. Байтұрсынұлы әріптен басқа жазуда қолданылатын белгілерге белгілі ат қойылған жоқ еді. Сүгіретке қарап түрліше аталатын еді. Осы оқу құралында «тыныстық (.), жапсарлық (.), қосарлық (=), тастарлық (-), дәлдеулік (« »), сұраулық (?), лептеулік (!)» деп жұмсалатын орнына қарай атау береді. Дыбыс естілу жағынан төрт түрлі: 1) дауыс (немесе айғай); 2) үн; 3) сыбыс; 4) сыбыр. Дауыс пен үнді айыру қиын емес, ал сыбыс пен сыбыр екеуі бір нәрсе емес. А. Байтұрсынұлы осы оқу құралында алғаш рет сыбыс және сыбыр дыбыстар деп айырды [1].

«Тіл жұмсарда» берілген дыбыстар:

- 1) а –ا, о –و, ұ –ۇ, и –ى, е –ه дауысты деп аталды.
- 2) р –ر, ң –ڭ, л –ل, м –م, н –ن, у –و, й –ي үнді дыбыстар деп аталады.
- 3) ж –ج, з –ز, с –س, ш –چ, ғ –ع, г –گ сыбысты дыбыстар деп аталады.
- 4) б –ب, п –پ, т –ت, д –د, қ –ق, к –ك сыбырлы дыбыстар деп аталады [1].

Бұдан басқа, әріп белгілері, Бекіш әңгімесі, сөйлемдер, сөйлем белгілері, сөз белгілері: дәйекші, буын: буыншы әріптер, буын түрлері, қосарлық, есімдегі сүгірет, мақал, жұмбақ, жаңылтпаштар, тасымалдау берілген. Соңында, жазылмай қалған әріптері бар сөздер берілген. Сол жағында қалған әріптер, оң жағында қалған әріптер деп жаттығулар беріледі.

Мысалы: сол жағында «й» қалған, оң жағында «ы», «і» қалған деп дыбыстар беріледі. а-й, ай-ы, ба-й, бай-ы, та-й, тай-ы.

А.Байтұрсынұлы «Тіл жұмсарда» грамматологияның метатілін қалыптастырды. Мұнда біз терминдер деп айтпай, метатіл деп айтып жатырмыз. А. Байтұрсынұлы терминдерінің күштілігі сөздің ішкі мағыналық құрылымына негізделіп тұрғандығын айтқым келеді.

А.Байтұрсынұлы 1926 жылы Семейдің губерnelік баспасынан ересектерге арналған «Сауат ашқыш» кітабын жариялайды [89]. «Сауат ашқыш» кітабы да «Оқу құралы» секілді а, р, з дыбыстарынан басталады. «Оқу құралынан» айырмасы мысалдардың көп берілмеуінде, яғни ересектерге арналғандықтан, мысалдар аз берілген. «Оқу құралында» бір дыбысқа 24 мысал берілген, ал «Сауат ашқышта» бір дыбысқа 12 мысал берілген. Дыбыстардың барлығына мысал берілген соң, танымдық өлеңдер, әңгімелер, аңыз әңгімелер беріледі. Бұл туындыда ғалымның алғашқы «40 мысалы» сынды 40 тақырып қарастырылған [1].

Тақырып «Торайғыр бидің тақпақтарынан» басталып, «Қуанышты күн» деген Ғ.Сұлтанұлының шағын әңгімесімен аяқталады. Кітапқа Абайдың «Шырылдауық шегірткесі», Шорман жинағынан төрт танымдық әңгіме, Ы.Алтынсарин кітабынан: «Үш мерген», «Жәнібек батыр», «Қыпшақ Сейіткүл», Елдес Омаровтың «Қазақ салты» және «Дағдылы жол мен айлалы жол», Телжан Шонанұлының «Күн» (Толстойдан), «Тамшының тарихы» атты аудармалары, Қыр баласының (Ә.Бөкейханов) «Дүние қандай?», «Қасқыр мен мысық», «Кісі мен арыстан», «Иттер достығы» (Крыловтан) және басқа да тақырыптағы түрлі әңгімелер мен өлеңдер топтастырылған. Қазақтың тарихынан сыр шертетін, өнегелі де тағылымдық әңгімелері бар Торайғыр бидің тақпақтары, Алшын Қаражігіт би, Атақозы би, Алдар көсе, Қожанасыр, Мүңке би, Үш мерген, Қулық, Даукестер сөзі, Көсем бала, Әділ би, Жәнібек батыр, Қожанасыр ақылы, Шайқ Сағдидан, Крыловтан аударма, Абайдың Крыловтан жасаған аудармасы, қазақтың салтына, шаруа жайына байланысты 40 өлеңі мен әңгімесі аралас шығармалар жиынтығы берілген. Жалпы саны 40 тақырып, оның ішінде 7 өлең, 2 аударма-тақпақ, 4 мысал-өлең, 25 әңгіме, 2 көркем аударма бар.

II. А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚАЗАҚ ГРАММАТОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

2.1. А. Байтұрсынұлы еңбегіндегі дыбыстардың таңбалану жүйесі: грамматологиялық бағыты

Жазуды, жазу теориясын зерттейтін - грамматология ғылымыекенін айттық. Грамматология (гр. gramma –жазу, гр.logos –ұғым, ілім) –жазу туралы ғылым. Грамматология жазуды ғылыми көзқарас тұрғысынан зерттейді.

Грамматология терминін ең алғаш рет И.Гельб 1952 жылы енгізді. И.Гельбтің «Опыт изучения письма» атты еңбегінде грамматология термині туралы сөз қозғалады. И.Е.Гельб: «Письмо — это система взаимной коммуникации людей при помощи условно применяемых зримых знаков» [18,23]. Грамматология терминін алғаш қолданған Дж.Гельб грамматологияның үш бөлімін көрсетті: субграфемика, графемика, параграфемика. Автор грамматология жазудың барлық типін зерттейтінін айтты. И.Е.Гельб кітаптың алғысөзінде бұл кітап бойынша жиырма жылдан астам уақыт жұмыс істегені туралы жазады.

И.Е.Гельбтің кітабының алғысөзінде И.М.Дьяконов былай дейді. «И.Е. Гельбтің еңбегінде ең алғаш рет жазу айрықша міндеттері мен заңдылықтары бар белгі жүйесінің ерекше түрі және әлем мәдениетінің ерекше саласы ретінде дербес ғылым тақырыбы пайда болды. И.Е.Гельб бұл ғылымды грамматология деп атауды ұсынды. Енді И.Гельбтің не істегенін ескермей, енді жазудың даму тарихының теориялық мәселелерімен, сонымен қатар оның ежелгі жүйелерінің шифрын ашу теориясымен терең айналысу мүмкін емес. Әсіресе, ол «сөз-буын» деп аталатын ежелгі жазбаша жүйелерді, сонымен қатар квази-әліппе деп атауды ұсынатын буындық жазудың әртүрлілігін тексеруге болатын ежелгі әліппелер туралы мәселені түсінуге ерекше үлес қосты. Ең алғаш рет алфавиттік жазу дауыстылар мен дауыссыздарды, яғни сөйлеудің фонетикалық элементтерінің, солар арқылы ғана морфология мен лексиканы беруге негізделген жүйе ретінде б.э.д. VIII ғ. тек гректер арасында ғана (сонымен қатар, фригийлерді қосқанда) пайда болды».

И.Е.Гельбтің өзі былай дейді: «Зерттеудің мақсаты - грамматология деп атауға болатын жаңа жазу ғылымының іргетасын құру. Жазудың жалпы тарихы жекелеген жазбалармен негізінен сипаттамалы-тарихи тұрғыдан айналысса да, жаңа ғылым салыстырмалы типологиялық негізде жазуды пайдалану мен эволюцияны реттейтін жалпы қағидаларды белгілеуге тырысады. Зерттеудің құндылығы көрсетілген қағидаларға сүйене отырып, жазу тарихының және эволюцияның жүйелі түрде алғаш рет ұсынылуы болып табылады».

И.Е.Гельб егер «алфавитті» тілдің жекелеген дыбыстарын білдіретін жазу деп түсінетін болсақ, онда алғашқы алфавитті гректер ойлап тапты

деген пікір айтады. Жазу тарихы әлемдік грамматологияда гректерден бастау алады. Семиттер өз кезегінде гректерден дауыстыларған арналған белгілерді қолдануды үйренді және оның нәтижесінде өз әліпбиін дамытты. Әліпбидің үш түрі бар, олар дауыстыларды белгілеу әдісімен ерекшеленеді [18,191].

• I тип - грек, латын және т.б. Дауысты жеке белгілермен белгіленеді: t-a, t-i, t-e, t-u, t-o.

• II тип - арамей, иврит, араб және т.б.. Дауысты жеке диакритикалық белгілермен белгіленеді: •î' Î' !.. [> *' және т.б.*

• III тип - үнді, эфиопиялық. Дауысты белгілермен біріккен диакритикалық таңбалармен немесе белгілердің ішкі модификациясы көмегімен белгіленеді.

Негізінен «грамматология» туралы ұғымдар Гуссерль, Гегель, Хайдеггер, Фрейд, Ницше ықпалымен туындады. Бірақ ең маңызды ықпал жасаған Гуссерль болып табылады, ол ең алдымен - уақыттың ішкі сезім мәселелерін зерттеуші ретінде көрініс табады. Грамматология туралы еңбектер бірен саран ғана. Олар: Жак Деррида «Of Grammatology» (1967), И.Гельб «Опыт изучения письма» (Gelb I.J. A study of writing: the foundations of grammatology, 1952).

Грамматологияның маңызды ұғымдарының бірі – белгі, ол метафизика қаруы және деконструкция құралы. Белгіні батыстық метафизика шегінен шығатындай етіп қарастыру керек, ал бұл әскери айлакерлік («стратагем») шегінде қолданатын тәсілді қажет етеді. Бірақ жазу болмаған кезде жазуды қалай қарастыруға болады? Негізгі белгі – сөйлеу, ал жазу – белгінің белгісі немесе екінші белгі. Басқаша айтқанда, әр белгі белгілі бір мағынада жазу болып табылады, сонымен қатар кеңінен түсінілетін жазуға (прото-жазу, archi-écriture) пікір, тіл, тәжірибе ретінде негізделген.

Деррида еңбегінде қарастырылатын айырмашылыққа байланысты өзара байланысты ұғымдар: із, прото-із, жазу, прото жазу, грамма, про-грамма (жазу алдындағы), графия, графика, әріп. Негізгі ұғым – жазу [90].

Әр белгі белгілі бір мағынада жазу болып табылатындығын ескерсек, А. Байтұрсынұлы еңбектерінде қарастырылатын белгілердің барлығы жазу. Ал, жазу дегеніміз грамматология ғылымы. А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Қазақ әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған», -дейді [1,400]. Таңба – мағынаның (ұғымның) ең негізгі, ең тұрақты, ең әмбебап көрінісі десек, дыбыс – адамның дыбыстау мүшелері арқылы дыбысталатын таңбаның тұрақты айтылуы. Жазу, демек таңбалар мен әріптер, ең алдымен, ойдың көрінісі. Дегенмен қалыптасқан пікір бойынша, тілдің үздіксіз даму барысында дыбыстық тіл пайда болады. Кейін дыбыстардан ұғымға негізделген күрделі атаулар жасалады. Сөзді хатқа түсіру қажет болғанда, таңбалар жасалады.

А.Байтұрсынұлы таңбаларды жасай отырып, грамматологияның метатілін қалыптастырды. Дыбыс негізді әдіс - метатіл. Метатіл деп кең мағынада алып отырмыз. А. Байтұрсынұлы еңбегіндегі дыбыс әдіс жолы: бір әріпке - бір дыбыс. Дыбыс әдіс - мұнда араб харпі.

Сонымен қатар, дыбыстарға байланысты А. Байтұрсынұлы: «Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылады», - дейді [1,381]. Мысалы: ұн, үн, тұз, түз, тұр, түн, түр, жүру, жүзу, бүр, бұру, сүт, өсу, өну [1,40]. «Ұ» мен «Ү» дыбыстарына қатысты берілген мысалда екі дыбыстың жуан, жіңішке айтылу ерекшеліктері берілген. Яғни, дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынатындығының айғағы осы мысалдар болып табылады.

Жак Деррида «Грамматология жөнінде» атты еңбегінде грамматология мен лингвистиканың өзара байланысын, грамматологияны позитивті ғылым ретінде қарастырады. Дерриданың еңбегінде «із», «жазу», «прото-із», «өзгешелік», «прото-жазу» (сөйлеуге дейінгі жазу), орнын толтыру, орнын толтырушылық деген терминдердің барлығы синонимдік қатар құрайды. Мысалы, із, жазу, өзгешелік, орнын толтыру терминдерінде уақыттың өту мәнін ұғуға болады: аталған терминдердің барлығы басқа терминдерде көрініс таба отырып, бірін бірі алмастырады немесе алмасады [90].


Жак Дерриданың «Грамматология жөнінде» атты еңбегіндегі терминдердің синонимдік қатары



Дерриданың пікірінше метафизика ұғымы - негізгі бөлшектеу нысаны, деконструкция. Метафизиканың көптеген ұғымдары бар: зат-идея, таңбаланушы-таңбалаушы, құбылыс-мән. Ал, деконструкция - грек тіліндегі «талдау» сөзінің латынша аудармасы. Деконструкцияланған ұғымдар Дерриданың батыстық пікірінің философиялық дәстүрінде кездеседі: мысалы, мән, құбылыс, мақсат, онтология, метафизика, бар болу...

Жак Дерриданың «Грамматология жөнінде» атты еңбегіндегі метафизика ұғымдары

Кесте 3



Деконструкцияланатын ұғымдардың шығу тегі әртүрлі болады. Бұл барлық белгіленген проблематиканы қайтадан ойлауға мүмкіндік беретін, дәстүр ішінде болатын, бірақ оның шеңберінен де шығатын ұғымдар болуы мүмкін (олардың ішіндегі ең бастысы - белгі!) және айрықша айналымда алынған қарапайым ұғымдар (жазу) болуы мүмкін.

Метафизика- негізінен тәртіптік кеңістік, топос, орын. Логоцентрлік модуста (логос-дауыс ретінде) берілген барлық нәрселерді белгілі бір кеңістікте көруге, ұстауға, қайта өңдеуге және деконструкциялауға болады. Кеңістіктік метафоралардың, метонимиялардың және басқа да троптардың көмегімен Ж.Деррида жанама түрде сипаттама жасай отырып, метафизикадағы ой қозғалысын көрсетеді. Яғни, осы қозғалысты мәселе ретінде қарастыру мүмкіндігі туындайды.

Деррида еңбегінде аталған метафизика А. Байтұрсынұлы еңбектерінде де орын алады. Метафизиканың көптеген ұғымдары бар: *зат-идея*, *таңбаланушы-таңбалаушы*, *құбылыс-мән*. Аталған ұғымдар А.Байтұрсынұлы еңбектерінде келесідей көрініс табады.

А. Байтұрсынұлы «Әліп-би» еңбегінде затты сипаттау мақсатында үйренушіге идея береді. «Алабота», «ала қаз» сөздерін түсіндіру үшін алаботаның, ала қаздың суретін береді, одан соң суреттің төменгі жағына сөздерді жазбаша түрде береді. Яғни, үйренушінің жадысында суретті, яғни затты көру арқылы ол заттың не екендігі туралы идея қалыптасады.



Алабота



Ала қаз

Екі зат та «ала» сөзінен басталады. Үйренуші жадысында «ала» сөзі – мал, хайуанат, құс денесінің немесе денесінің бір бөлігінің ақшыл түсіне басқа да түстердің араласып келгендегі түрі деген ұғымды туындатады, ал затқа байланысты суретті көру арқылы жазбаша ұғым қалыптасатындығын атап айтқан жөн. Баланың санасында жазу арқылы таным қалыптасады. Есте сақтау үдерісі мен метафизикадағы ой қозғалысы бір бірімен байланыса отырып, баланың санасына әріп беріп тұрған ақпарат арқылы әсер етеді және есте сақтауын дамытады.

А.Байтұрсынұлы мен Карл Юнгтың қарастырған адам психологиясының ерекшеліктеріне тоқталғымыз келеді. Психоаналитикалық бағыттың көрнекті өкілі Карл Юнг санадан тыс процестерді тікелей бақылау мүмкін емес, ұжымдық бейсаналы деңгейдің мазмұнын архетиптер құрайды дейді. Адам психологиясындағы ұжымдық бейсаналы сфераға тарихи қалдықтар мен естеліктер енеді. Адам өз психологиясының ең терең қабатында жеке индивид болып қалмайды. Олардың психологиялық жаны бүкіл адамзат психологиясымен бірігеді. Барлық адамның психологиялық фундаменталды құрылымы бірдей. Алдымен ұжымдық, одан кейін барып индивидуалды бейсаналы сфера, одан кейін сана сферасы қалыптасады.

Екі ғалымның жаңалығындағы ұқсастық түпсанаға байланысты. А.Байтұрсынұлы адам санасындағы байланысты жазумен байланыстырған, себебі қазақ халқының санасында орныққан дыбыстарды басқа халықтардың дыбыстарымен салыстыру мүмкін емес, басқа дыбыстармен сәйкеспейтіндігін айта кеткен жөн.

Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Белгілі-бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады, себебі, бұл тілдік бірліктер белгілі-бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттың өмірлік көріністерінің айнасы болып табылады. Тілдік бірліктер әрбір халықтың жазуынан, алфавитінен көрініс табады. Сондықтан тілдегі дыбыстардың мазмұны, мағынасы, ұлттық мәдени сипаты қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады.

А.Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Қазақ тілінің табиғаты дегеніміз – қазақтың өзінің таза ауызекі сөйлеу тілі. Ауызекі сөйлеу тілі жазу тіліне жақын болу керек. Себебі, түп санадағы ақпарат жазу арқылы беріледі және әр халықтың өзіне ғана тән мәдениеті мен рухын байланыстыратын сөйлеу тілі әр халықтың өзіне ғана тән болып табылады [91].

А. Байтұрсынұлы еңбегіндегі жазудың өзара байланысы

Кесте 4



Метафизика ұғымдарының бірі *таңбаланушы мен таңбалаушыға* А.Байтұрсынұлы еңбектерінен мысал ретінде төте жазумен берілген үзіндіні алдық. *Таңбаланушы* –ішкі жақ, ұғым, мазмұн болса, ал *таңбалаушы*–сыртқы жақ, дыбыстар тіркесі. Таңба – мағынаның (ұғымның) ең негізгі, ең тұрақты, ең әмбебап көрінісі болса, дыбыс – адамның дыбыстау мүшелері арқылы дыбысталатын таңбаның тұрақты айтылуы болып табылады.


А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» оқу құралында «У» әрпіне байланысты 24 мысал берілген [1,40].

		* (у) ұ					
(суыр	سۈۈر	(айау)	اۋاۋ	(сау)	ساۋ	(ау)	اۋ
(суык)	سۈۈق	(тайау)	تاۋاۋ	(сауын)	ساۋن	(ауыз)	اۋز
(жуык)	جۈۈق	(буаз)	بۈۋاذ	(қау)	قاۋ	(бау)	باۋ
(ұуык)	اۋۋق	(ұуак)	اۋۋاق	(қауын)	قاۋن	(бауыр)	باۋыр
(ұуыз)	اۋۋز	(ауған)	اۋعان	(қалау)	قالاۋ	(жау)	جاۋ
(ұуыс)	اۋۋس	(жауған)	جاۋعان	(жалау)	جالاۋ	(жауын)	جاۋن

Ау сал. Балық аула. Қой сау. Қар жауар. Қолың жу. Ақ жаулық. Қоңыр саулық.
 Асау тай. Жуан қарағай. Асқар тау. Жауын жауып тұр.
 Таудан бұлақ ағады. Саулық сауын болады. Қалауын тапса, қар жанады.

* Дауысты дыбыстардың соңында «у» жарты дауысты болады. Мысалы: саула деген сөзде үш буын емес, екі буын.

Ал, 1914 жылы Оренбургта жарияланған «Ахмет Байтұрсынұлының қазақша алфавесі» оқу құралында «У» дыбысына байланысты 18 мысал берілген [4,21].



Салыстыра отырып, берілген мысалдарда қандай айырмашылықтар орын алғандығын жазумен бердік.

Суыр	Ауған	Ау
Суық	Жауған	Ауыз
Жуық	Айау	Бау
Ұуық	Тайау	Бауыр
Ұуыз	Бұуыз	Жау
Ұуыс	Ұуақ	Жауын

Ау сал. Балық аула. Қой сау. Қар жауар. Қолың жұу. Ақ жаулық. Қоңыр саулық.

Асау тай. Жұуан қарағай. Асқар тау. Жауын жауып тұр. Таудан бұлақ ағады. Саулық сауын болады. Қалауын табса, қар жанар.

А.Байтұрсынұлының екі еңбегін де салыстыра отырып, грамматология ұғымдарының бірі таңбаланушы мен таңбалаушыға арнайы тоқталғымыз келеді. А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» оқу құралында берілген 24 мысалда таңбаланушы-таңбалаушы бірдей берілген. Ішкі жақ пен сыртқы жақ екеуі бірдей көрініс табады. Ал, А.Байтұрсынұлының 1914 жылы Оренбургта жарияланған «Ахмет Байтұрсыновтың қазақша алфавесі» оқу құралында «У» дыбысына байланысты 18 мысал берілген. Дегенмен мұнда таңбалаушы бар болғанымен, таңбаланушы берілмеген. Ішкі жақ, ұғым, мазмұнды жоғарыда жазумен бердік. Демек, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде кейде таңбаланушы мен таңбалаушы қатар келсе, кейде тек қана таңбалаушы берілгендігін байқауға болады.

Мәтіннің «орнын толтыруда» Деррида құрылымдық ереже, ойын, тәртіп, тізбек, құрылым, жүйе, заң, ереже, логика, құрылымдық қажеттілік, графика, механизм, болмыстың ерекше тәсілі (бір мезетте артылуды да, жетіспеушілікті де болжамдайтын) және тіпті тұтас «дәуір» секілді әртүрлі контекстерді ұсынады.

Деррида үшін «орнын толтыру» ұғымы бір мезгілде жалпы және бірегей. Орнын толтыру – ішкі және сыртқы ресурстардың есебінен табиғатта және мәдениетте барлық нәрсенің құрылысын бітірудің/өсіріп жетілдірудің жалпы механизмі, арақатынасы сырттан қандай да бір механикалық қосуды немесе қарама-қайшылықты шешу тәсілімен алдын-ала анықталған ішкі мүмкіндіктерді диалектикалық тұрғыдан ашып көрсетуді білдірмейді.

Қазақ грамматологиясына қатысты мәтіннің орнын толтыруда А. Байтұрсынұлы келесідей контекстерді ұсынады. Олар: *жазу, тәртіпті жазу, дауысты, дауыссыз, жарты дауысты, жуан, жіңішке, әліпби, белгі, хари́ф, әріп, нүкте, ілім, емле, әріп алмастыру, тіл дыбысы.*


Логоцентризм - бұл классикалық философияда қолданылмаған ұғым, бірақ батыстық философиялық дәстүрдегі басымдықты, бірақ ретроспективті түрде құрылған ақыл жетерлік түрі. Осы күрделі сөздің екі түбір элементтерін қарастырамыз.

Грек тілінде «логос» - ақыл, сөз және кейде пропорция. «Центризм» иерархияны білдіреді: Деррида үшін, центризмның болуы құрылым ішіндегі элементтер арасындағы кедергісіз ойынға тосқауыл болып табылады.

Центрация- бір заттың таңдалған фрагменті оның шоғырлануы деп қарастырылатын нәрсені сәйкестендіру немесе өзін-өзі анықтаудың осындай әдісі және барлығы оған қарай, ядроға, оның негізіне қарай шоғырланады. Деррида үшін (және оның француздық замандастары үшін) «логоцентризмдегі» ең басты нәрсе – «сөз» ретінде логос немесе «дауыс» ретінде логос (фония), содан кейін ғана - оқу, білім, ақыл.

Енді қарастыратын мәселе А.Байтұрсынұлының еңбегінде «центрация» қалай орын алады және қалай көрініс табады деген сауалдардың мән мағынасын ашу болып табылады. «Тіл тағылымы» оқу құралынан мысалдар беру арқылы, логоцентризм, центрация, логос, дауыс терминдерінің мәнін ашуға тырыстық [1,35].


Кесте 5



Жоғарыда берілген мысалдағы «ат» сөзіне -а, -ар жалғану арқылы «ат» сөзі центрация болып қызмет атқарады, ал жалғаулар ядроға қарай шоғырланады.

«Н» дыбысына байланысты келесідей кесте берілді [1,35].


Кесте 6



Бұл мысалдағы центрация «ана» сөзі, оған т және с дыбыстары жалғану арқылы ядроға қарай шоғырланады. Яғни, бала санасында «ана» сөзін қайталатумен бірге тана, сана сөздері де жадысында сақталады. А. Байтұрсынұлының центрацияға алған мысал ретінде берілген сөздері мен метафизикадағы ой қозғалысы байланысын ескеретін болсақ, А. Байтұрсынұлы қазақ грамматологиясының негізін қалаушы. А. Байтұрсынұлы теориялық тұрғыдан грамматология ұғымдарын жіктеп, ерекшелік көрсетпесе де, грамматологияға байланысты ұғымдарға тән мысалдарды бере отырып, жоғарыда аталған ұғымдардың мысалдарда көрініс табуына жол ашқан ғалым.


«Қ» дыбысына байланысты келесідей кесте берілді [1,36].

Кесте 7



«У» дыбысына байланысты келесідей кесте берілді [1,36].

Кесте 8



Логоцентризмдегі иерархия мен тәртіп, центр мен периферия барлығы жүйелі түрде А.Байтұрсынұлының еңбектерінде орын алған. Сөздерді мысал етіп беруде иерархияны қолдана отырып, реттік тәртіпті сақтай отырып, центрацияға дыбыстардың шоғырлануын қамтамасыз ете отырып, Ж.Деррида қарастырған «сөз» ретінде логос немесе «дауыс» ретінде логос (фония), содан кейін ғана - оқу, білім, ақылды бала санасына құюға жүйелі түрде ұстанған деуге болады. Ж.Деррида орыс тіліндегі логос пен дауыс терминдері ұқсас болғандықтан, неліктен француз тілінде де қолданбасқа деген пікірге келеді. А.Байтұрсынұлының берген мысалдарында логос пен дауыс қалай көрініс тапты деген сауалға келсек, берілген мысалдарда центрация ретінде бір ғана сөз ықпал етсе, ал дауыстап айту арқылы центрацияда берілген сөзге шоғырланатын мысалдар ой қозғалысын туындата отырып, басқаша реңк алған. Яғни, баланы оқу, білім, ақылға жетелейтін грамматологиялық еңбек - «Әліпби» оқу құралын жазған. Таңбалар бірін бірі толықтырып, символдарды алмастырып, жүйеде бір бірімен байланыса отырып, сөздердің мағынасы өзгереді. Яғни, метафизикадағы ой қозғалысы орын алған кезде, сөздердің мағынасы да өзгереді, тұрақтылық пен бірегейлікке де жол қалмайды.

А.Байтұрсынұлы еңбегінде берілген мысалдардың деконструкцияланатындығын да атап айтқан жөн. Деконструкция мәтін жағдаятында мәтіндегі мағына, логика мен риторика арасындағы қарама қайшылықтарды анықтау болып табылады.

2.2

А. Байтұрсынұлы еңбегіндегі таным

А.Байтұрсынұлының «Әліппе» оқу құралында қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп берілген. Дыбыстар дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болады. Соған қарай харіфтер де дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болып бөлінеді [1,147].

Әліпби ережесіне сәйкес дауысты дыбыстар сөз басында келсе, олардың харіфтерінің алдына сүйеу таяқ қойылып жазылады.

Дауысты харіфтер: а –ا, о –و, ұ –ۇ, ы –ي –ى, е –э, ө. Мысалы, «ұ» әрпінің алдында берілген ا таяқ сүйеу болу үшін қойылған. Бұл «ұ» әрпі сөз басында келсе ғана қойылатын таяқ, бұл таяқ оқылмайды, тек сүйеу үшін ғана қойылады деп ережеде арнайы айтылған.

Дауыссыз харіфтер: б –ب, п –پ, т –ت, ж –ج, ш –چ, д –د, р –ر, з –ز, с –س, ғ –ع, қ –ق, к –ك, г –گ, ң –ڭ, л –ل, м –م, н –ن.

Жарты дауысты, яки орта дыбыстардың өз алдына оңаша харіфтері жоқ. Олардың орнына бүтін дауысты «у» һәм «й» харіфтері жүреді. Жарты дауысты дыбыстардың харіфтері екендігі, дауысты дыбыстардың соңынан я алдынан бір буында келгенінен ғана байқалады. Бір буынның ішінде дауысты дыбыстардың соңында я алдында «у» я «й» тұрса, ол жарты дауысты харіфтер болады, мәселен: «ау» деген сөзде «у» дауысты харіфтің соңында

түр. Мұнда «у» бүтін емес, жарты дауысты харіф. «Ай» деген сөзде «й» дауысты харіфтің соңында түр. Мұнда «й» бүтін емес жарты дауысты харіф, «у» һәм «й» харіфтері дауысты дыбыстарға да, жарты дауысты дыбыстарға да ортақ харіфтер болғандықтан, «тел» харіфтер деп аталады [1,147].

А. Байтұрсынұлының еңбектері:

1. «Әліппе»
2. «Тіл-құрал: Сөйлем жүйесі мен түрлері. Синтаксис»
3. «Тіл-құрал: Дыбыс жүйесі мен түрлері. Фонетика»
4. «Тіл-құрал: Сөз жүйесі һәм түрлері. Этимология»
5. «Тіл-құрал: Қазақ тілінің сарфы, 1-ші жылдық»
6. «Тіл-құрал: Қазақ тілінің сарфы, 2-ші жылдық».

А. Байтұрсынұлының төте жазуының қазақ қоғамындағы маңызын айқын көрсеткен Т.Шонанов болды. Ол өзінің «А.Байтұрсынов халық ағарту және әдебиет саласында» деген мақаласында былай дейді: «Болашақ ұрпақты молдалардың дүмше дым білместігінен, миссионерлердің жаңашылдығынан құтқару үшін Ахаң жалғыз күресті. Оның жаңа қазақ алфавитін жасауы іс жүзіндегі ішкі және сыртқы жаулармен күресінің көрінісі болатын, біздің тіліміздегі барлық дыбыстарды сақтай отырып, дыбыс үндестігінің заңдылықтары бойынша жаңа әріптер белгілеп, ана тілінің синтаксисі мен этимологиясын жасап шықты. Ол қазақ тілінде қолданылмайтын мүлдем қажетсіз 12 араб әрпін әліппеден алып тастады. Бұл жазу емлесіндегі көптеген қиыншылықтарды жойды. Сондықтан да А.Байтұрсынұлының жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің мәдени өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. Жаңа алфавит тілдің таза сақталуына мүмкіндік туғызды. Жаңа алфавит әлемді мәдениетпен араласа түсу жолын жеңілдете түсті» [92,24].

А.Байтұрсынұлының жазуымен Гаспыралы есімі тығыз байланысты. Ұлттың ұстазы атанған А.Байтұрсынұлы Гаспринский жайында: «...Сол күннен бастап өршіп көбейген Россия мұсылмандары арасында бес-алты мыңға жуық тәртібі бастауыш мектептің бәрінің үлгісі Гаспринский мектебі еді. Бұл күнде төте оқу үшін шығарылған неше түрлі әліппе болса, бәрі де үлгіні Гаспринский шығарған әліппеден алған еді. Бұл күнде он мыңға жуық мұғалімдердің бас ұстазы, жолбасшысы Гаспринский еді», -дейді [93,10-11].

А.Байтұрсынұлы араб жазуына негіздеп жасаған төте жазудың ерекшелігі мен өміршеңдігіне келетін болсақ, ол қазіргі таңда да қолданыста. А.Байтұрсынұлы қазақтың дүниетанымын бірінші орынға қойғандығын айта кеткен абзал.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мәні аса зор еңбегінің жас ұрпаққа берер үлгі-өнегесі өлшеусіз. Ұлттық сананы жаңғырту жолында рухани сілкініс туғызған еңбектің тарихи тағылымы ұшан-теңіз.

Рухани жаңғыру дегеніміз – ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, мәдени дәстүрлерді берік сақтай отырып, оны жаңа заман жетістіктерімен және жалпыадамзаттық құндылықтармен байыту.

Жалпыадамзаттық құндылықтармен байыта отырып, құлдық санадан құтылуымыз керек. Қазіргі таңда қазақ тілін латын графикасына өту арқылы оқыту жүзеге асырылуда. 300 жыл орын алған идеологияда әрбір билеуші мемлекет өзінің жазуын енгізуге тырысуында үлкен саяси және әлеуметтік мән бар екендігін байқауға болады. М.Мырзахметов «Қазақта орыстандыру саясаты қалай жүрді?» деген еңбегінде оны жан-жақты саралай қарастырады.

Осы тұста қазақтар үшін орыс графикасындағы жазу үлгісінің алғашқы нұсқасын 1862 жылы Ильминский ұсынғандығын атап өткім келеді. Ең ғажабы, бұл әліпбидің мәңгілік емес екенін миссионер-ғалым сол кезде-ақ жете сезінген. «Түркі халықтары дербестікке қол жеткізген күні олар бұл графикадан бас тартатын болады» деп ол күндердің күнінде орыс жазуының қажет болмай қалатынын көрегендікпен болжап кетіпті. Содан бергі уақытта орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуы түрлі саяси кезеңдерден өтіп, түрлі реформаларды бастан кешірді.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдары: ойлау, білім, когниция, дүниені тілдік көру, менталдылық, концепт т.б. екендігін ескерсек, әріп халықтың танымымен тікелей байланысты. Адамның санасында күнделікті көріп, күнделікті жазып отырған жазу туралы ақпарат қалыптасады. Бұдан әріпте когнитологиялық аспект бар екендігін байқауға болады.

Жазуға күнделікті қарау және күнделікті өмірде күніге қолдану, сол жазумен жазылған ақпараттарды оқу адамның ойына, сезіміне және көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді. Көне түркі таңбаларымен жазудың символдық мәні бар. Әр таңбада мән бар, ұлттық таңбалық ерекшелік бар. Әріп беріп тұрған мәдениет, дүниетаным, ақпарат адамның санасында қалып қояды. VIII-IX ғасырларда қазақ жеріне арабтар келе бастады. Ал, X-XI ғасырларда Қараханидтер дәуірінде арабтар қазақ жеріне көбірек келіп, шоғырлана бастады. Арабтар көне түркі жазуын ығыстырып, өз жазуларын енгізді. Ал арабтардан соң келген орыс халқы араб жазуын ығыстырып, кириллицаны енгізді. Қазақтың жеріне, қазақ халқына, қазақтың даму тарихына ұлттық сананы жаулап алумен келген рухани апат еді. Қазақ халқының даму тарихында, әсіресе тілдік даму тарихында арабтардың да, орыстардың да өз жазуларын енгізуге тырысуында үлкен мән бар. Өзінің басқаратын мемлекетінің бұрынғы санасын өшіріп, жаңа сана қалыптастыруы керек болды.

Дегенмен рухани жаулаудың қазақ елінде орын алғанына үш ғасырдан астам уақыт өтсе де, жазуды өзгерту арқылы қазақ халқының санасын рухани жаулаудың салдары әлі толыққанды жойылмағандығын атап айтқым келеді.

Мәдениетаралық байланысты жүзеге асыруда тіл қарым-қатынас құралы ретінде қызмет атқарса, түрлі тіл иелері аудармаға сүйеніп өзге мәдениетті тани алады. Тіл мен мәдениет өзара тығыз байланыста болатын қоғам дамуының белсенді көрсеткіштері.

Жалпы алғанда, мәдениет дегеніміз, бір қырынан алып қарағанда, адамның маңдай терін төгіп, қолымен жасаған, таным, тәжірибе мен

қордалаған білім негізінде игеруге күш жұмсап қол жеткізген заттық (материалдық) құндылықтары. Ал, екінші жағынан сана-сезімі, ой жұмысы арқылы қол жеткізген рухани құндылықтар.

Зерттеушілер мәдениеттің анықтамасын түрліше сараптайды. Жалпы айтқанда, мәдениеттің жүзден бастап мыңға жуық анықтамасы бар деген пікір қалыптасқан. Оған тарихи қалыптасқан ұлттық мән-мағына, символдар, өмір сүру салты, заттық мәдениет, қоғамдық мәдениет, руханият мәселелері кіреді.

Таңба – мағынаның (ұғымның) ең негізгі, ең тұрақты, ең әмбебап көрінісі десек, дыбыс – адамның дыбыстау мүшелері арқылы дыбысталатын таңбаның тұрақты айтылуы. Дыбыстың тұрақтылығы адамның дыбыстау мүшелерінің анатомиялық құрылысына, дыбыстау мүшелерінің анатомиялық құрылысына, дыбыстау аппаратына байланысты, сондықтан кез келген дыбысты айтқанда белгілі-бір шектен аспаймыз. Дыбыстардың бір-біріне жақын һәм өзгергіш болуы да осыған байланысты. Сондықтан, тек дыбысқа, яғни фонологиялық сипатқа ғана айрықша мән берудің бұрыстығы осыдан байқалады.

Сөзге екі басқа анықтама беруге болады екен. Ол белгілі-бір ұғымның қалыпты айтылуы немесе кездейсоқ құралған дыбыстардың комбинациясы.

Таңбаның дыбыстық үлгісі қай кезде қалыптасқаны бізге, әзірше беймәлім. Ол – адамзат эволюциясының тарихи жемісі.

Этимологиялық талдау арқылы әуелгі тілді қалпына келтіру – адамзаттың ежелгі арманы. Философия ғылымында «әуелгі затты не идеяны» анықтау тәрізді, «әуелгі тіл» туралы Демокрит мынадай пікір айтқан екен: «...заттарға есім тағу алғашқы қауым кезінде пайда болды. Атау үшін «символдар» қолданылды, бірақ адам баласы жер бетінде шашырап жүргендіктен, әр түрлі тілдер қалыптасады». Антикалық дәуірде грек әріптері былайша сипатталған:

Р дыбысы қозғалысты, қимылды бейнелейді, тілдің дірілінен пайда болған әріп, ал λ – керісінше жұмсақ айтылады, судың ағысын т.с.с. бейнелейді. Грек софиларының дыбыс пен әріпке қатысты пікірлері осындай арнада дамып, кейін римдік грамматикалық мектепте жалғасады [19,101].

Таңба негізіне қоршаған ортадағы заттар алынған. Нақты заттың бейнесін көз алдына елестету, уақыт өте келе оның сұлбесін тегіс жерге таңба түрінде түсіру, кейін оған сакральды қасиет тану. Сол сенімге сәйкес оларды түрлі магиялық, анимистік не тотемдік ритуалдарда қолдану – таңбаның (символдың) пайда болу жолы. Адамзат тарихында соқыр наным мен табынудың нысанына айналған таңбалар аса көп емес. Жазу, демек таңбалар мен әріптер, ең алдымен, ойдың көрінісі. Дегенмен қалыптасқан пікір бойынша, тілдің үздіксіз даму барысында дыбыстық тіл пайда болады. Кейін дыбыстардан ұғымға негізделген күрделі атаулар жасалады. Сөзді хатқа түсіру қажет болғанда, таңбалар жасалады.

А.Байтұрсынұлының оқу құралдарында алифтің екі түрі бар болып табылады. Бірі – мадалы алиф, екіншісі – оқылмайтын алиф. Араб-парсы

тілдерінде созылыңқы және қысқа «а» дыбыстары болғандықтан, созылыңқы «а» дыбысынан басталатын сөздерде алифтің үстіне «мәд» белгісі қойылады [94,20]. Маддалы алиф $\overset{\text{آ}}$, ал оқылмайтын алиф ا . Алифтің үстіндегі белгі мәд деп аталады. Мысалы: ай – آي . Егер, маддалы алиф сөз басында келсе, онда «а» болып оқылады. Сүйеу хисабында алиф әрпі басқа әріп қасына қойылса, «а» болып оқылмайды. Мысалы: ұр – اُور , ұн – اُون , ұқ – اُوق . «Ұ» әрпінің алдында берілген сүйеу таяқша белгісі сөздің дауысты дыбыстан басталатындығын білдіреді, яғни дауысты дыбыстың алдында ғана қойылады. Сүйеу таяқша оқылмайды, сүйеу ретінде ғана қойылады. Егер, ا алиф әрпінің алдында дәйекші «ء» белгісі тұрса, онда «!» алиф әрпі жіңішке айтылады. Мысалы: ән – انء .

Алиф әрпінің қасына ешқашан өзара тіркесімде әріп жалғанбайды, алдынан да, соңынан да тіркеспейді. Себебі, дүниетанымдық көзқарас тұрғысынан қарастыратын болсақ, алиф әрпі Алла Тағаланың жалғыз екендігін білдіреді. Сондықтан да алиф «а» әрпіне ешқандай әріп тіркеспейді.

А.Байтұрсынұлының «Әліпбиінде» берілген мысалдар тіркесі тұрғысынан қарастыратын болсақ, «а» дыбысына ешқандай дыбыс тіркеспейді. Мысалы: ар, аз, ара, аза, араз.

А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» кітабындағы «Қазақша Алифба» оқу құралына арналған бөлімінде М әрпіне байланысты 24 мысал берілген [1,38].

		(м) م				
(мық)	مق	(алма)	الما	(мас)	ماس	(там)
(мамық)	مامق	(алмас)	الماس	(маса)	ماسا	(тама)
(мыс)	مس	(алмақ)	الماق	(масак)	ماساق	(тамақ)
(қамыс)	قامس	(қалмақ)	قالماق	(мол)	مول	(шам)
(мұз)	موز	(салмақ)	سالماق	(молы)	مولى	(шама)
(мұрт)	مورت	(талмақ)	تالماق	(молық)	مولق	(шамалы)

Мал, малы, малшы, тамыр, тамыз, құм, құман, құмақ, марқа, малта, мақта, мақбал, марал, жұмсақ.
Мал аман. Мас жаман. Тамшы тамар. Малта ашшы. Алтын салмақты. Мамық жұмсақ. Сырмақ қатты. Қармақты балық қабар.


Ал, Оренбург қаласынан 1914 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсуновдың казакча алифбеси» оқу құралы түпнұсқасында М әрпіне байланысты 18 мысал берілген [4,15]. Салыстырмалы түрде қарастырсақ, «Тіл тағылымы» кітабындағы «Қазақша Алифба» [1,38] оқу құралы мен 1914 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсуновдың казакча алифбеси» [4,15] оқу құралы түпнұсқасындағы М әрпіне мысалдар берілуінде біршама өзгешеліктер бар екендігін атап айтқым келеді.

Алма	Мас	Там
Алмас	Маса	Тама

Алмақ	Масақ	Тамақ
Мық	Мол	Шам
Мұз	Молы	Шама
Мұрт	Молық	Шамалы

Мал, малы, малшы, тамыр, тамыз, құм, құман, құмақ, марка, малта, мақта, мақбал, марал, жұмсақ. Мыс, мысты, мысқа, мысық, қамыс, таныс.

Мал аман. Мас жаман. Тамшы тамар. Малта ашшы. Алтын салмақты. Мамық жұмсақ. Сырмақ қатты. Балық қармақ қабар.



Сонымен, архисема туынды сөз мағынасының белгілі-бір лексика семантикалық топқа біріктіруде негіз болатын әуелгі сема. Архисема түбірдің бастапқы негізгі семасы. Танымда қабылданған зат не құбылыстың ерекше белгілерінің негізінде ғана архисема бөлігі сақталып, атаудың өзексемасын құрайды [95,207]. А.Байтұрсынұлының оқу құралында берілген там, тама, тамақ; шам, шама, шамалы; мас, маса, масақ; мол, молы, молық; алма, алмас, алмақ сөздерінің екіншілік туынды мағыналары арқылы архисема арқылы қалыптасып, өзіндік ерекше мән иеленгендігін атауға болады. Мұндағы архисемалар – там, шам, мас, мол, алма.

Синкретикалық сөздер құрамында да фонетикалық өзгерістер болады. Дегенмен ондай өзгерістер фонетикалық конвергенция тәрізді бір сипатқа емес, қайта олардың әр түрлі дыбысталуына әкеліп соғады. Синкретикалық түбірлердің табиғатын тануда айрықша назар аударуды қажет ететін мәселе – олардың өзара семантикалық байланыстары. Әдетте синкретикалық етістіктер мен есімдер бір-бірімен себептілік байланыста болып отырады [96]. Мысалы, алма етістігінен сол процестің нәтижесі болып саналатын ұғым – алмас есімі келіп шығады. Себептілік байланыс туынды сөздерді де қамтиды: тама және тамақ, маса және масақ, молы және молық.

Ал, қазіргі қазақ тілінде үнсіз (қатаң мен ұяң) фонемалар жұп-жұбымен қосарласып келеді және әрбір қатаңның ұяң сыңары болады [56]. Тамшы

тамар (келер шақ). Балық қармақ қабар (келер шақ) мысалдарындағы тамар мен қабар етістіктерінің бастапқы архисемасы там және қап болады. Себебі, қатаң -п дыбысының ұяң сыңары –б болады. Егер, там сөзіне –у тұйық етістік (қимыл есімі) жасайтын қосымшасын жалғар болсақ, таму сөзін береді. Сөйтіп, -у тұйық етістігі там сөзіне жалғану арқылы іс-әрекет жасайтын мағына үстейді. Қап сөзі араб тілінде (хафф) бірдемені қоршау деген сөз. Ал, қазақ тіліндегі қап сөзі осы мағынаға сәйкес келеді. Балық қармақ қабар мысалындағы қабар етістігінің архисемасы қап сөзінен келіп шығатындығын ескерсек, балық қармақты қоршайды, балық қармаққа түседі деген мағынаны береді. Қабар етістігінің архисемасы қап, қатаң -п дыбысының ұяң сыңары –б дыбысы болуына сәйкес, қаб сөзіне келер шақ етістіктің –ар аффиксі қосылып, келер шақ мағынасын береді. Балық сөзінің соңындағы қ дыбысы көне түркілік -ғ-ның қатаң варианты болып табылады.

Қазіргі қазақ тілінде аса жиі қолданылатын -ма, -ме (-ба, -бе, -па, -пе) аффиксі зат есім жасаудың тәсілі ретінде X-XI ғасыр жазбаларынан ұшырасады: сүрме, кесме, ыстама, т.б., -ма аффиксі де құрандылардың қатарына жатады. Мысалы: алма сөзінің архисемасы -ал, -м құбылыс, әрекет атауын жасайтын аффикс, ал -а құралдық, объектілік (құрал, объектіге қатысты) мән беретін аффикс болып табылады. Сөз соңындағы з, с дыбыстары қолданылуындағы сабақтастық келер шақтың болымсыз түрінен айқын көрінеді: алмас. Қазақ тіліндегі етістіктің болымсыздық қосымшасынан кейін жалғанатын -с дыбысы -з дыбысының тарихи қатаң варианты болып табылады. Қазақ тілінде р-з сәйкестігінің екінші сыңары болатын ұяң -з қатаңдау процесіне ұшырап, с-ға айналғандығын көруге болады.

Қазақ тіліндегі болымсыздық күрделі қосымшасы -мас құрамындағы -с мен келер шақ мәнін беретін -р қосымшалары да дивергенцияның нәтижесі [56]. Алдыңғы тұлға (с) -сөз соңының қатаңдану процесінің нәтижесі (з >с), ал -з түркі тілдерінде болған р>з алмасуының нәтижесі. Алмас (келер шақ); Тамшы тамар (келер шақ). Балық қармақ қабар (келер шақ) мысалдарының арасындағы айырмашылық алмас сөзіндегі болымсыздық мағына үстейтін -ма мен -з дыбысының тарихи қатаң варианты болып табылатын -с дыбысында болып табылады.

Шам сөзі иран тілдерінде кездесетін «кеш» деген сөз. Қазіргі қазақ тілінде сам жамырады деген тіркестер бар. Яғни, с мен шаффрикатының өзара алмасу процесі жүреді: сам-шам. Шама сөзі қытайдың ча және мо сөздерінің бірігуінен жасалған, ча-шай, мо-қалдық, қоқым. Демек, шайдың қалдығы, шайдың қоқымы деген мағынаны береді. Чамо сөзінің шама болып қалыптасуы заңды құбылыс: аффрикат ч дыбысы ш-ға ауысқанда екінші буындағы о дыбысы а-ға ауысқан. Шама сөзі түркі тілдеріне қытай тілінен ауысқан сияқты [97]. Көне түркілік ч қазіргі түркі тілдерінде әртүрлі орныққан: қазақ -шын, татар -чын, хақас -сын. Сөйтіп, түркі тілдері арасында ч >ш>с дыбыс сәйкестігі келіп шығады. Шамалы сөзінде есімдерден сын

есімдер тудыратын өнімді жұрнақ -лы жалаң жұрнақтан жасалған туынды сын есім.

Мық, мұз, мұрт. Мық, мұз, мұрт сөздерінде дауыссыз дыбыс сәйкестігі орын алады, ы әрпі ұ әрпімен алмасу арқылы сөз мағынасын өзгертіп тұр. Ы әрпі ұ әрпіне, қ әрпі з әрпіне алмасу негізінде мұз сөзі судың қату, судың тоңу, ең жоғары температурада қату үдерісін көрсетеді. Бір дыбыстың халық арасында өзгеріске ұшырап айтылуы үшін жүздеген жылдар қажет. Алифбада берілген Мық сөзіндегі М әрпі қазіргі таңда Н әрпіне өзгеріске ұшырағандығын байқауға болады. Мық сөзін қазіргі таңдағы нық, аяқты нық басу деген секілді мысалдармен беруге болады. Мұрт сөзінде бір-бірімен ықпалдаспаған дауыссыздар тіркесі–диссимиляция бар: -рт. Яғни, мұрт сөзі диссимиляциялық тіркеске құрылған сөз. Малта, марка сөздерінде де диссимиляция ізін байқауға болады. Яғни, -рқ, -лт.

Малта ашшы мысалындағы ашшы сөзі қазақ тілінің дыбыстық табиғатына негізделіп алынған, қазіргі таңда ашшы сөзі ашы деп жазылады, ш >ч. Ш аффрикаты ч аффрикатына ауысқандығын байқауға болады. Алтын салмақты және Сырмақ қатты мысалдарында фузиялық өзгешелікті байқауға болады, қатаңнан соң -ты жалғанатындығын ескерсек, салмақ сөзінің соңындағы -қ дыбысы қатаң, қат сөзінің соңындағы -т дыбысы қатаң, сондықтан түбірдің соңғы дыбысының әсерімен -ты жалғанады және аталған дыбыс өзгерістері түбір мен қосымша шегінде көрініс табады. Мысты сөзі де осы секілді, -с дыбысы қатаң, ал қатаңнан соң -ты жалғанады. Алтын сөзі құрамындағы -лт тіркесі де бір-бірімен ықпалдаспаған дауыссыздар тіркесі болып табылады. -лт тіркесінің алдыңғысы түбірдің соңғы, қосымшаның басқы дыбысы. Алтын сөзінде де диссимиляция тіркесі көрініс табады. Сонымен қатар, кейбір ғалымдар алтын сөзі түркі тіліндегі алты сөзінен шыққан дегенді айтады. Монғолдарда ақша ретінде жібек мата, алтайларда мал терісі жұмсалса, кейбір түркі халықтарында (болғарларда) нәрсенің құнын белгілеуші алты тиіннің терісі болған. Бара-бара алты мен тиін сөздері бірігіп, алтын болып өзгерген деген пікір бар [97].

Мал, малы, малшы сөздеріндегі архисема мал. Малшы сөзі есімдерден зат есім тудыратын –шы жұрнағы жалғану арқылы жасалынады.

Түркі тілдерінің көне дәуірінде сөздің абсолют басында протеза ретінде айтылған й сөз құрамына әбден сіңіп, қазақ тілі заңдылығына лайық ж дыбысына айналған. Қазіргі тілімізде кейбір сөздердің басында айтылатын ж сол протезаның өзгерген түрі болса, Мас жаман және Мамық жұмсақ мысалдарындағы жаман және жұмсақ сөздері протезаның өзгерген түрі болып табылуы ықтимал екендігін айтқым келеді.

Жалпы алғанда, А.Байтұрсынұлының оқу құралында берілген мысалдардан дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестігі, фузиялық өзгешеліктер, протеза, архисема, диссимиляция тіркесі көрініс табады. Оқу құралында А.Байтұрсынұлы дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестігі заңдылығын негізге ала отырып, сөздердің үйренушіге жеңіл жолмен

түсіндірілуіне де назар аударған. Сөздерді буындап бөліп үйренген соң, сөздің әр буынындағы дыбыстарды айырып, тұтас сөздің ішіндегі дыбыстарды білген соң, дыбыстарды қосып сөз айтуды үйрету үшін әуелі дыбыстарды емес, сөздің буындарын бөлек-бөлек айтып, оларды қосқызып сөз айтқызу жөн болып табылғандықтан, үйретуге жеңіл де қолайлы етіп, архисемасы бір болып табылатын сөздерді мысал етіп алған. Сонымен қатар, Малта ашшы сөзіндегі **ашшы** сөзін **ш** аффрикатымен беру арқылы қазақ халқының таза сөйлеу процесі, қазақ халқының табиғаты мен түпсаналық деңгейдегі дүниетанымын қалыптастыру мақсатында берілген мысалдар негізінде ұлттық дүниетанымды қалыптастыру негізге алынған.

2.3

А. Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің негізділігі

А.Байтұрсынұлы – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады.

Байтұрсынұлы әліпбиі 1912 жылдан бастап қазақ-орыс мектептерінде, мұсылман медреселерінде қолданыс тапты. Қазіргі таңда төте жазу үлгісі көптеген халықтың жазу үлгісі болып табылады.

Қазақ әліпбиі –қазақ тілі әріптерінің жүйелі тізбегі, қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі.

А. Байтұрсынұлы еңбегінде жазу екі негізді: таңба негізді және әріп негізді болып екіге бөлінеді. Ал, емлелер төрт жүйеге бөлінеді: таңбаша жүйе; дағдыша (тарихша) жүйе; туысша емле; дыбысша емле. Қазақ тілі емлелер жүйесінің ішіндегі дыбысша емлеге жатады. Ал, дыбысша емле әріп негізді жазулардың емле жүйелері болып табылады.

Таңбаша емле –таңба негізді жазумен тәртіптес, негіздес емле, мысалы: қытайдыкі. Дағдыша емле – баяғыдан бері жазып келе жатқан қалыпты қолданып отырған емле, мысалы: ағылшынша. Туысша емле –сөздің тек басына қарамай, басқа түбірлес, туыстас сөздердің де айтылуына қарайтын емле, мысалы: орысша. Дыбысша емле –сөз дыбыстарының естілуінше жазу жолын қолданатын емле, мысалы: италянша, немісше, қазақша. Бұл айтылған емле жүйелерінің барлығы әріп негізді жазуға жатады дейді [1,360].

Ал, таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле деп орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерді атағаны болып табылады.

Л.В.Зиндер жазудың тегі семасиографиялық немесе идеографиялық, фонографиялық болып бөлінеді десе [98,52], Л.В.Щерба этимологиялық

принцип деген морфеманы сақтап жазу, яғни морфологиялық принцип, бұл бір жағынан тарихи принципке жақын деген болатын [99,104].

Сонымен, таңба жүйелі емле (Ахмет) – тарихи принцип (Зиндер), тарих жүйелі (Ахмет) –этимологиялық принцип (Зиндер), туыс жүйелі (Ахмет) – морфологиялық принцип (Зиндер) етіп сәйкестендіруге болады.

«Әліппе» оқу құралы нағыз грамматологиялық бағытта жазылған еңбек, қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп беріледі. Дыбыстар дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болады. Соған қарай харіфтер де дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болып бөлінеді [1,147].

Әліпби ережесіне сәйкес дауысты дыбыстар сөз басында келсе, олардың харіфтерінің алдына сүйеу таяқ қойылып жазылады.

Дауысты харіфтер: а –ا, о –و, ұ –ۇ, ы –ي –ى, е –ه, ө. Мысалы, «ұ» әрпінің алдында берілген 1 таяқ сүйеу болу үшін қойылған. Бұл «ұ» әрпі сөз басында келсе ғана қойылатын таяқ, бұл таяқ оқылмайды, тек сүйеу үшін ғана қойылады деп ережеде арнайы айтылған.

Мысалы: ұр –اُر, ұн – اُن, ұқ – اُوق. Бұл мысалдан дауыссыз дыбыстың дауысты дыбысқа бағынғандығын және соңғы дауыссыз дыбысты өзгертіп, жаттығу ретінде беру арқылы ұ дыбысын үйрену жеңіл болатындығын байқауға болады.

Дауыссыз харіфтер: б –ب, п –پ, т –ت, ж –ج, ш –چ, д –د, р –ر, з –ز, с –س, ғ –ع, қ –ق, к –ك, г –گ, ң –ڭ, л –ل, м –م, н –ن.

Жарты дауысты, яки орта дыбыстардың өз алдына оңаша харіфтері жоқ. Олардың орнына бүтін дауысты «у» һәм «й» харіфтері жүреді. Жарты дауысты дыбыстардың харіфтері екендігі, дауысты дыбыстардың соңынан я алдынан бір буында келгенінен ғана байқалады. Бір буынның ішінде дауысты дыбыстардың соңында я алдында «у» я «й» тұрса, ол жарты дауысты харіфтер болады, мәселен: «ау» деген сөзде «у» дауысты харіфтің соңында тұр. Мұнда «у» бүтін емес, жарты дауысты харіф. «Ай» деген сөзде «й» дауысты харіфтің соңында тұр. Мұнда «й» бүтін емес жарты дауысты харіф, «у» һәм «й» харіфтері дауысты дыбыстарға да, жарты дауысты дыбыстарға да ортақ харіфтер болғандықтан, «тел» харіфтер деп аталады [1,147].

Жазу ауызша тілдің дыбыстық құрылымына негізделген жүйе болатын болса, онда сол жүйенің өзіне тән ішкі құрылымы болады. Ал, құрылымның өзі тұрақты элементтерден және сол элементтердің өзара қарым – қатынасынан тұрады.

Н.Уәлиев «Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері» атты диссертациялық жұмысында қазақ жазуына байланысты элементтерді сипаттайды [100]. Мұнда қазақ жазу жүйесінің ішкі құрылымы: дыбыс, фонема, графема және әріптен тұратындығын ескерсек, кез-келген таңбаның екі жағы бар дейді. Ол мазмұндық және тұрпаттық. Оның мазмұндық жағы – фонема, ал тұрпаттық жағы – әріп. Фонема – таңбаланушы, ал әріп –таңбалаушы. Осы екеуінің бірлігі жазу теориясында графема деген ұғымды білдіреді.

Ал, сөз дыбыстары –фонеманың ауызша тілдегі өкілі болса, фонеманың жазба тілдегі өкілі –графема. Ол фонема сияқты дерексіз единица, жазуда нақты әріптер арқылы көрінеді. Ал, әріп дегеніміз – жазуда фонемаларды немесе оның варианттарын белгілейтін белгілі-бір әліпбидегі графикалық таңба [100,25].

Қазақ тіліне дауыссыз-дауысты, дауысты-дауыссыз, дауыссыз-дауысты-дауыссыз тіркесімдер тән болса, ал дауысты-дауыссыз-дауыссыз, дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауыссыз тіркесімдер сирек ұшырасатындығын атап өткім келеді.

Сонымен, фонема деген не, оның дыбыстан айырмашылығы неде деген сауалға келер болсақ, сөз ағымында әртүрлі дыбыстар айтылады, олардың айтылу түрі көп, шегі жоқ, бірақ олар орайласып бір дыбыс типін құрайды, оны біз фонема дейміз. Фонемаға мынадай анықтама беруге болады: тілдің ең шағын функционалды бірлігі, сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажырататын және оның құрамында болатын дыбыс типі. Фонемалар мағына айқындау жағынан бір-біріне қарама-қарсы қойылады, сонда оның негізгі қасиеті, ерекшелігі анықталады.

Бір сөзде фонемалардың саны аз да, көп те болуы мүмкін, бір сөз екінші бір сөзден өзгеше болуы үшін барлық фонемалардың өзге болуы шарт емес. Бір сөз басқа сөздерден фонемасының саны жағынан, сапасы жағынан және сөздегі орын тәртібі жағынан өзгешеленуі мүмкін [101,282].

Мысалы, аяз, таяз, саяз, баю, аю. Осы мысалда берілген аяз деген сөз а фонемасынан басталса, таяз деген сөз т фонемасынан, ал саяз деген сөз с фонемасынан басталады. Ал, баю деген сөз б фонемасынан басталса, аю деген сөз а фонемасынан басталады. Аталған мысалдарда сөз мағынасының ерекшелігіне негіз болып тұрған бастапқы фонемалар болып табылады, сөздердің бірінші дыбыстары мағына ажыратушы қызметін атқарып тұр. Әрбір екі сөздің өзге фонемалары ортақ (өзінің сапасы мен саны жағынан да, ол фонемалардың орын тәртібі жағынан да айырмашылығы жоқ). Жоғарыда берілген мысалдар қазақ сөздерінің фонетикалық бірлігі сингармонизм екендігін дәлелдеп дәйектейтін мысалдар болып табылады. Қазақ тіліндегі үндесім, үндестік әуезі ауызекі тіл мен жазба тілде сақталған жағдайда ғана сол тілдің заңдылығы сақталады.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілінде 2 жарты дауысты бар деп ескерген кезде, қай елдің әліпбиіне сүйенді деген сауалға келер болсақ, жарты дауысты ӱ (у) һәм ӳ (й) Англияда да бар екендігін ескере отырып, оларға өз алдына басқа хәріфтер алынбайды, себебі дауысты дыбыстардың соңынан келетін ӱ (у) һәм ӳ (й) жарты дауысты болады, қағидалары бар деген Бөкейхановтың пікірімен санаса келе, сол қағиданы біздің тілімізге кіргізуге болады дейді. Жарты дауысты ӱ (у) һәм ӳ (й) үшін хәріф белгілеп, арнамайтындығын да ескертіп өтеді.

Дыбыс пенен хәріфтің бір зат еместігін А. Байтұрсынұлы еңбектерінен байқауға болады. Яғни, екеуі екі бөлек нәрсе. А. Байтұрсынұлының «Оқу құралындағы» тілдегі бар дыбыстың бас-басына арналған белгісі /әрпі/ бар

болуы керек деген тұжырым үнемі жазу тәртібінде негізге алынды. Емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек деген пікірін негізге алсақ, тіл харіф үшін шығарған нәрсе емес, харіф тіл үшін шығарған нәрсе болып табылады. Олай болса харіфі жоқ деп, тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ харіфті іздеп табу керек. Харіфке бола тілді бұзбайды, тілге бола харіфті бұзып өзгертеді. Осы қағида А. Байтұрсынұлы жасаған төте жазуда көрініс табады. Ол қағида қалайша төте жазуда көрініс табады дегенге келер болсақ, А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің сингарможіңішке дауыстыларының дербес фонемалар деңгейіне дамып жеткендігін, ал қазақ тілінің сингарможіңішке дауыссыздарының дербес фонемалар деңгейіне дамып жетпегендігін анықтаған. Бірақ екеуінің де таңбалануын алфавит жасау процесінде бір принципке бағындырған –сингармонизмнің қасиеттерін пайдаланып, әріптер санын үнемдеу (көбейтпеу) [62,44].

А. Байтұрсынұлы әріптер санын үнемдеу үшін дәйекші белгіні алған. Себебі, дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынады. Егер, дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылады. Дауысты дыбыстар а-, о -ә, ұ - ұ, ы - ы жіңішке айтылуы үшін дәйекші белгі «•» қолданылады. Бұл белгі сөздің алдында дәйекшіге тұрып, ол сөздің жіңішке оқылуы керек екендігін көрсетеді, бұл белгі тұрса, сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды жіңішке айтамыз. Жіңішкелік үшін бір ғана дәйекші белгісін алу арқылы, 43 түрлі дыбысты дұрыстап айту үшін 28 белгі (харіф) жетеді. Себебі, әліпбидегі әріп саны көбейіп кетсе де, сол тілге қатысты жазу заңдылығында жаңсақтық кеткен болып саналады.

«Результаты вычисления повыведенной нами формуле для казахского языка являются еще более замечательными. Они дают возможность установить едва ли не самый «малобуквенный» алфавит в мире» [102,146] деген пікір кезінде А.Байтұрсынұлы әліпбиіне қатысты айтылған пікір болатын. Демек, бұдан А.Байтұрсынұлы төте жазуының сол кездің өзінде зерттеушілер тарапынан қолдау тапқандығын көруімізге болады.

Дәйекші жөнінде проф. Ә.Жүнісбек «Қазақ жазуы: төл дыбыс – төл әліпби» атты баяндамасында: «Осы жерде А.Байтұрсынұлының тағылымына арнайы тоқтала кетейік. Біздің, жерден жеті қоян тапқандай болып, «апостроф» деп әріптің бір шекесін шертіп сәндеп, «диакритика» деп әріпті төбесіне сызықша қойып шендеп, о әрпінің белінен тартып ө жасап мәндеп, ае-ні қосақтап ә деп егіздеп жүргеніміздің бәрі Ахаңнан қалған үлгі. Ендеше, қазіргі жоба авторлары алып отырған жуан-жіңішкелік белгілер (әртүрлі нұсқасына қарамай) - сол А.Байтұрсынұлы салған сара жол. Араб таңбалар негізінде туындаған дәйекші дауыстылардың жуан-жіңішке таңбасына таңылып, кирилшеге көшті. Енді, міне, кирилшеден «апостроф, қос нүкте, сызықша, қосақ әріп болып», мың құбылып, латынша жобаларда жүр. Қалай құбылса да бәрінің мазмұны яғни емле қызметі - сол бір дәйекші», - дейді [103].

А.Байтұрсынұлы төте жазуының сөйлеу тілін таңбалаудағы маңыздылығы сингармофонемаға тікелей байланысты. Егер, фонема жуан болатын болса, оған жалғанатын дыбыс та жуан, егер фонема жіңішке болса, оған жалғанатын дыбыс та жіңішке. Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға бағынатын болғандықтан, А. Байтұрсынұлы сингарможуан, сингарможіңішке дыбыстарды бір сингармофонеманың құрамында қарастырған және сөз әуезділігі мен сөйлеу әуезділігін сөздердің бойында сақтап қалуға да айрықша назар аударған. Әуезділік сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөздің үні құлаққа жағымды болуы дыбыстарының тізілуі түрінен, сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы сөйлемдердің тізілуі түрінен. Сөздің әуезділігі ішіндегі дауысты-дауыссыз дыбыстар оңтайлы орналасуынан болады. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар аралас келмеген жерде, яғни кілең дауысты дыбыстар яки кілең дауыссыз дыбыстар қатар келген жерде сөз айтуға оңтайлы болмайды. Дегенмен дауыссыз дыбыстардың қатарынан екеуі келуі сөйлеу әуезділігіне онша кемшілік келтірмейді. Дауыссыз дыбыстар қатар келетін сөздер «жаттықтыру», «аптықтыру» деген секілді болады. Бұларда қатар келген дауыссыз дыбыстар екеуден артық емес және сөздің үнін азайтып, айтуға онша оңтайсыздық келтіріп тұрған жоқ. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың қатарынан бір сөздің ішінде келуі тіпті болмайды.

Байтұрсынұлы әліпбиді жасау кезіндегі қағидалар мен ережелер жиынтығын математикалық формулалар таңбаларымен белгілеп, атап көрсетпесе де, математикалық дәлдік пен логиканы қолданғандықтан барша халыққа түсінікті болып жасалған. А. Байтұрсынұлы **қ-ғ, к-г** дауыссыз дыбыстарын жеке фонема ретінде қарастырған, олар акустикалық және артикуляциялық жағынан алып қарастырғанда да дифференциалдық қасиеттерге ие болып табылатындықтан, бір жағынан сөздердің мағынасын өзгертеді, екінші жағынан сөз әуезділігі мен сөйлеу әуезділігі, сингармонизм құбылысы осы дыбыстар бар сөздерде орын алатындығын айта кеткім келеді. Себебі, **қ** мен **ғ** жуан, **к** мен **г** жіңішке, егер А.Байтұрсынұлы айтқан ережеге сүйенер болсақ, сөз әуезділігі мен сөйлеу әуезділігінің арасындағы айрықша ерекшелік орын алады. Мысалы: ағын, алғыр, аға, сақал, оқ, қалқа, жүген, шеге, көк, түк.

Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі **у** мен **и** әріптерін дауыссыз дыбыстардың таңбасы ретінде қарастыра отырып, ауызекі тіл мен жазба тілде көрініс табатын ерекшеліктерге де әліпби жасау барысында назар аударды, оны сөз құрамында қосар әріптермен (дифтонгтар, ұу, үу, ый, ій) берді, мысалы: *су – сұу, туған – тұуған, туысқан – тұуысқан, жуан – жұуан, ми – мый, тиын – тыйын, тиін – тійін, қиын – қыйын, жиын – жыйын, сиын – сыйын, сиқым – сыйқым, жиналыс – жыйналыс, ти – тый, т.б.*

А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» оқу құралында «Й» әрпіне байланысты 24 мысал берілген [1,39].

		* (й) ې			
(кый)	قى	(бой)	بوي	(ой)	اوي
(кыйсык)	قيسق	(бойа)	بويا	(ойла)	اويلا
(кыйсын)	قيسين	(бойак)	بوياق	(ойлан)	اويلان
(жыймак)	جيماق	(айу)	ايۇ	(ойан)	اويان
(жыйын)	جيين	(байу)	بايۇ	(ойна)	اويئا
(тыймак)	تيماق	(тайу)	تايۇ	(ойнар)	ويئار
				(тайар)	تايار

Бай, май, шай, жай, байка, шайка, айқай, кайқы, кайсы, кайшы, айту, айтқак, аймак, тайлақ, тайғак.
 Ай жарық. Айаз мықты. Шай сұйық. Кайшы құрал. Тоғай толған жылқы. Сай малға сайа болады. Құм жыйылып тас болмас. Айу ағаш сайалайды.

* «й»-дың нүктесін мұғалім өзі қояды. Матбуғата жоқ болғандықтан, нүктесіз басылды.

Ал, 1914 жылы Оренбургта жарияланған «Ахмет Байтұрсыновтың қазақша алфабесі» оқу құралында «Й» дыбысына байланысты 18 мысал берілген [4,20].

ي		
آيۇ	اوي	آي
بايۇ	اويلا	آيا
تايۇ	اويلان	آياز
قى	بوي	تاي
قيسق	بويا	تايئا
قيسين	بوياق	تايار

бай, май, шай, жай, байка, шайка, айқай, кайқы, кайсы, кайшы, айту, айтқак, аймак, тайлақ, тайғак.
 Ай жарық. Айаз мықты. Шай сұйық. Кайшы құрал. Тоғай толған жылқы. Сай малға сайа болады. Құм жыйылып тас болмас. Айу ағаш сайалайды.

Салыстыра отырып, берілген мысалдарда қандай айырмашылықтар орын алғандығын жазумен бердік.

Й

айу	ой	ай
байу	ойла	айа
тайу	ойлан	айаз
қый	бой	тай
қыйсық	бойа	тайа
қыйын	бойақ	тайар

Бай, май, шай, жай, байқа, шайқа, айқай, қайқы, ойан, ойна, ойнар, жый, жыйна, жыйын, жыймақ, қыйбақ, қайсы, қайшы, айту, айтақ, аймақ, тайлақ, тайғақ.

Ай жарық. Аяз мықты. Шай сұйық. Қайшы құрал. Тоғай толған жылқы. Сай малға сайа болады. Құм жыйылыб тас болмас. Айу ағаш сайалайды.

Бұдан оқу құралдарында «й» дыбысына берілген мысалдар саны әртүрлі екендігін және қосар дыбыстармен берілген мысалдар екі оқу құралында да орын алғандығын байқауға болады.

И мен **у** дыбысы жөнінде проф. Ә.Жүнісбек «Қазақ жазуы: төл дыбыс – төл әліпби» атты баяндамасында: «Тіптен басқаларды былай қойғанда, тіл мамандарының арасынан орыс тілінің **и**, **у** тәрізді кірме «жетістіктерінен» айрылғысы келмейтіндер табылып жатыр. Олар оны қазақ тілінің «даму жетістігі», тіптен «жаңа сатыға көтерілген түрі» деп бағалап, қазіргі орыстекті **ми**, **ки**, **су**, **ту** деген жазуымызды латын негізінде **mi**, **ki**, **tu**, **su** деп жазуды ұсынып отыр. Егер қазақтың **мый**, **кій**, **сұу**, **тұу** деген сөздерін қайтадан **mi**, **ki**, **tu**, **su** деп, қазақ сөзінің түбір, буын, морфем айтылымын бұзып жазатын болсақ, онда әліпби ауыстырмай-ақ орыс жазуында қала бергеннің өзі жөн», -дейді [103].

А. Байтұрсынұлы төте жазуды қазақ тіліне бейімдеп жасау барысында араб тілінің 14 әрпін өзгеріссіз күйінде алған, 5 әрпіне дайын ереже қосып алған. **А.** Байтұрсынұлы математикалық дәлдікті қолдана отырып, логикаға сүйене отырып, әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймастан, өзгеріске ұшырағандығын жеңіл түрде таңбалай отырып, үйренушіге оқып кетуге оңай болатындай қылып, қазақ тіліндегі ауызекі тіл мен жазба тіл ерекшеліктерін және сингармонизм заңдылығын сақтай отырып жасағандықтан төте жазуға негізделген әліпбиі өте сәтті шыққан. Қазіргі таңда төте жазу Қытайдағы қандас бауырларымыздың жазуы болып табылады. Бұдан **А.** Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің өміршеңдігін байқауымызға болады. Себебі, қазақ тілі – толыққанды жетілген үйлесімді және әуезді тіл.

Фонема дегеніміз – қазіргі теориялық тіл білімінің негізгі ұғымдарының бірі. Фонема теориясы қалыптаспас бұрын тілтанымының дамуында бірнеше кезеңнен өтті. Әлемдік тіл білімінде дыбыс пен әріп ажыратылмағандықтан, бұл тілдің дыбысталу жағын зерттеуге кедергі болған. Алайда XIX ғасырдың ортасына таман тілтанымының дамуы нәтижесінде дыбыс пен әріп ажыратыла бастады; тіл дыбыстарын физиологиялық және акустикалық ұғым

ретінде антропофоникалық тұрғыдан зерттелді. Осы ретте тіл жүйесіндегі дыбыс элементін атау үшін фонема деген ұғым енгізілді. Бұл ұғым алғаш рет француз тіл білімінен келген болатын [101,278].

А.Байтұрсынұлының еңбектеріне сүйенсек, қазақ тілінің дыбыс жүйесінің сингармонизм ұғымда зерттелуінің ғылыми-практикалық негізі 1912 жылы қалыптасқан. Тіл білімі тарихында А.Байтұрсынұлының дүниеге әкелген осы бір өнегелі де үлгілі сингармоалфавит пен сингармоорфографияның 1912 жылы жасалғаны белгілі [62, 68].

...Қазақ тілі ауызша жүйесінің үлкен құрсауы үндесім заңы (сингармонизм заңы). Ол – тілдегі дауысты дыбыстардың бір-бірімен үйлесіп, үндесіп, ыңғайласып айтылуы. Үндесім заңының екі жағы бар. Оның біріншісі және негізгісі – бір сөз бойындағы дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатын тіл үндесімі. Сөз түбірі мен оған қосылған жұрнақ, жалғанған жалғау, не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып отырады. Қазақ тілінің бұл дыбыстық заңдылығы жазуда да көрініс тапқан. Сондықтан бүкіл түркі халықтарының мақтанышына айналған А.Байтұрсынұлының әліпбиі қазақ тілінің басты үндестік заңын айғақтайтын бірден-бір алфавит болғаны белгілі [46,141].

Жазу ауызша тілдің дыбыстық құрылымына негізделген жүйе болатын болса, онда сол жүйенің өзіне тән ішкі құрылымы болады. Ал, құрылымның өзі тұрақты элементтерден және сол элементтердің өзара қарым-қатынасынан тұрады.

Қазақ жазу жүйесінің ішкі құрылымы: дыбыс, фонема, графема және әріптен тұратындығын ескерсек, кез-келген таңбаның екі жағы бар. Ол мазмұндық және тұрпаттық. Оның мазмұндық жағы – фонема, ал тұрпаттық жағы – әріп. Фонема –таңбаланушы (дыбыс), ал әріп –таңбалаушы. Осы екеуінің бірлігі жазу теориясында графема деген ұғымды білдіреді.

Сөз дыбыстары – фонеманың ауызша тілдегі өкілі болса, фонеманың жазба тілдегі өкілі – графема. Ол фонема сияқты дерексіз единица, жазуда нақты әріптер арқылы көрінеді. Ал, әріп дегеніміз –жазуда фонемаларды немесе оның варианттарын белгілейтін белгілі-бір әліпбидегі графикалық таңба [51,25].

Әліпби ережесіне сәйкес дауысты дыбыстар сөз басында келсе, олардың харіфтерінің алдына сүйеу таяқ қойылып жазылады [1,147].

Дауысты харіфтер: а –ا, о –و, ұ –ؤ, ы –ي –ى, е –ي, ە.

Дауыссыз харіфтер: б –ب, п –پ, т –ت, ж –ج, ш –چ, д –د, р –ر, з –ز, с –س, ғ –ع, қ –ق, к –ك, г –گ, ң –ڭ, л –ل, м –م, н –ن.

Мысалы: ұр –اُور, ұн – اُون, ұқ – اوق. Бұл мысалдан дауыссыз дыбыстың дауысты дыбысқа бағынғандығын және соңғы дауыссыз дыбысты өзгерту арқылы ұ дыбысын үйрену де жеңіл болатындығын байқауға болады. «Ұ» әрпінің алдында берілген сүйеу таяқша белгісі сөздің дауысты дыбыстан басталатындығын білдіреді, яғни дауысты дыбыстың алдында ғана қойылады. Сүйеу таяқша оқылмайды, сүйеу ретінде ғана қойылады, сондықтан да кез-келген таңбаның екі жақты қасиеті бар екендігін және

олардың бірі –таңбаланушы (дыбыс), екіншісі –таңбалаушы (әріп) екендігін негізге ала отырып, А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонема мен әріптің қатынасын қазақ жазу жүйесінің ішкі жазу құрылымы тұрғысынан қарастырсақ, бірдей, яғни теңбе –тең.

Мысалы, ұ әрпінің алдында берілген ʼ таяқ сүйеу болу үшін қойылған. Бұл ұ әрпі сөз басында келсе ғана қойылатын таяқ, бұл таяқ оқылмайды, тек сүйеу үшін ғана қойылады. Жазуда сүйеу таяқша сүйеу ретінде берілгендіктен оқылмайды және фонема мен әріптің қатынасы тұрғысынан қарастырған кезде есепке алынбайды. Сондықтан да, жоғарыда берілген ұр, ұн, ұқ сөздеріндегі фонема мен әріптің қатынасы бірдей деп айтуымызға болады. Себебі, А. Байтұрсынұлы сүйеу таяқшаны қою арқылы сөздің дыбыстық және әріптік қатынасына емес, дыбыстық мағынасына көбірек назар аударған, дегенмен сүйеу таяқша таңбалауда бар болғанымен, оқылуда есепке алынбайды, сондықтан да фонема мен әріптің қатынасын негізге алған кезде сүйеу таяқшаның бар болуы ескерілмейтіндігін айтуымызға болады. Ұр, ұн, ұқ сөздеріндегі фонема мен әріптің қатынасы 2:2.

Дауысты дыбыстар тілдің қатысу қалпына қарай жуан және жіңішке, жақтың ашылу қалпына қарай: ашық және қысаң, еріннің қатысу қалпына қарай: еріндік және езулік болып жіктеледі. Ұ әрпі тілдің қатысуына қарай жуан дауысты болып табылады. Қазақ тілі орфографиясының негізгі қағидасы сингармофонемалық қағидаға негізделетіндіктен, сингарможуан, сингарможіңішке дауысты фонемаларды таңбалайтын әріптердің алдында сүйеу таяқшаның берілуі ережеге сәйкес жасалған. Ұ әрпі сингарможуан дауысты фонема, ал алдында берілген сүйеу таяқша сингармофонемалық қағидаға негізделген. Оқу барысында есепке алынбаса да, жазуда сингарможуан дауысты фонемаға қағидаға сәйкес сингарможуан дауысты фонема берілген. Яғни, сүйеу таяқшаның сингармодауысты фонемалардың жуандығы мен жіңішкелігін ажыратып көрсетуде де маңызы зор болғандығын байқауға болады. Егер, сөз сингарможуан дауысты дыбыстан басталса, алдындағы сүйеу таяқша да сингармофонемалық қағидаға сәйкес сингарможуан дауысты дыбыс болып табылатын дыбыс арқылы берілген. А. Байтұрсынұлының оқу құралындағы дауысты дыбыстардың а, о, ұ, ы басым көпшілігі сингарможуан дауысты дыбыстар болып табылады. А. Байтұрсынұлы жасаған әліпби араб әліпбиіне негізделгендіктен, әріптің сыртқы бейнесінің өзгерістерге ұшырауы және әріптердің сыртқы бейнесінің түрліше болуы заңдылық. Ал, ережеге сәйкес әріптердің сыртқы бейнесінің өзгерісінің күрделі болуы немесе шамалы ғана өзгеріске ұшырауы дыбыстардың сингармофонемалық қалпын анықтауға және таңбалауға байланысты болып табылады. Сингарможуан және сингарможіңішке дауысты фонемалардың берілу айырмашылығы да осы ережеде берілген сүйеу таяқшадан көрініс табады деп айтуымызға болады.

Сонымен қатар, ұ және ү әріптерін таңбамен бейнелеу және оларды бір-бірінен ажыратылған түрде оқу және жазу сингармофонемалық қағидаға негізделгенімен, таңбалану үдерісі басқаша болғандығын байқауға болады.

Яғни, әріптердің сыртқы бейнесі замма және дәйекші белгісін қою арқылы өзгеріске ұшырады. Замма белгісінің **уау (ә)** әрпінің үстіне қойылуы арқылы **ұ мен ү** әріптерін ажыратуға негіз туды. Замма белгісі қойылса **ұ** әрпі, ал уау (ә) дыбысының қасына дәйекші белгі **ә** және үстіне замма белгісі қойылса **ү** әрпі. Әріптердің таңбалануында өзгешелік бар. Оқу үдерісінде **ұ мен ү** әріптерін ажырату таңбалануына, яғни, замма белгісі мен дәйекші белгісіне байланысты жүзеге асқан.

А. Байтұрсынұлының 1914 және 1925 жылдары баспадан шыққан «Тіл-кұрал» атты оқулықтарында тілдің екі күйде өмір сүретіндігін байқағандығы аңғарылады. А. Байтұрсынұлы тілдің екілік және тілдің үштік ұғымдарына терминдер арнады (тіл-сөйлеу-сөйлесу) [104,184].

Тілдік дихотомия мен тілдік трихотомия тіл білімі тарихында толық қалыптаспаған кезде, А. Байтұрсынұлы қазақ тілтанымында, жалпы түркі тілтанымында бірінші болып осы ғылыми арнада зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен, қазіргі қазақ тілтанымындағы тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет ұғымдарының қалыптасуы А. Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. А. Байтұрсынұлы осы ұғымдарды, осы ұғымдарға жақын (тектес) ұғымдарды анықтап, тіл-сөйлеу-сөйлесу терминдерін қазақ тіл білімі саласына енгізді.

А. Байтұрсынұлы тілдесім түрлерін анықтауға байланысты да ізденістер жүргізген. Тілдесімнің екі түрін – ауызша тілдесім (сөйлесім) және жазбаша тілдесім (жазылым) анықтаған, ғылыми сипаттама берген. Тілдесімнің тағы екі түріне (тыңдалым-тыңдау арқылы тілдесу, оқылым-оқу арқылы тілдесу) тікелей анықтама бермесе де, ұғымдық деңгейде әдістемелік еңбектерінде пайдаланған, яғни тілдесімнің сөйлесім, жазылым түрлеріне қаншалықты көп жаттығулар, тапсырмалар, сынаулар арнаса, тілдесімнің тыңдалым, оқылым түрлеріне де соншалық көңіл бөлген. Сонымен, А. Байтұрсынұлы қазақ тілтанымы, қазақ лингводидактикасы мен әдістеме тарихында және жалпы түркі тіл білімінде алғашқы болып, әлемдік тіл білімінде алғашқылардың қатарында тілдесім түрлерін анықтады, солардың екеуін (сөйлесім, жазылым) толығырақ сипаттады және ғылыми, ғылыми-әдістемелік ізденістер барысында қолданды. Орыс тіл білімінде бұл мәселеге бірінші болып көңіл бөлген ғалым – Л.В.Щерба. Л.В.Щерба тілдесімнің барлық түрін анықтап, сипаттамасын жасады. Л.В.Щербаның тілдесім саласына қатысты ғылыми ізденістері тілтаным ғылымына ғана емес, лингводидактика ғылымына да ерекше әсер етті. Л.В.Щербаның бұл ізденістері А. Байтұрсынұлының ізденістерінен 10-15 жыл кейін басталған еді [104,185].

А. Байтұрсынұлы – қазақ тілі стилистикасының негізін қалаушы. Тіл бірліктері қолданылуының әлеуметтік салаларға байланысты ерекшеліктерін анықтап, қазақ стилистикасының функционалды стильдерінің негізін қалаған [104,185].

Функция (қызмет-жұмсалым) дәстүрлі грамматикада көбінесе жеке тіл бірліктерінің сөйлемдегі атқаратын қызметі тұрғысынан түсіндіріліп, сөйлем мүшесі болумен байланысты айтылады [105,69]. Мысалы, Айу ағаш

сайалайды, Балық қармақ қабар [1,38-39] мысалдарындағы сөйленім темпоралдық жағдаятқа құрылған. Сөйленімдегі негізгі мазмұн – Айудың ағаш саялайтындығы, Балықтың қармақты қабатындығы. Яғни, екі сөйлемдегі іс-әрекет те тұрақты.

Кесте 9

Мысалдар	Категориялық жағдаят	Өріс орталығы	Өріс перифериясы	Категориялық мағына
<i>Айу ағаш сайалайды</i>	Темпоралдық жағдаят	-ды (сайалайды) – шақ көрсеткіші	ағаш	Өткен шақ
<i>Балық қармақ қабар</i>	Темпоралдық жағдаят	-ар (қабар) – шақ көрсеткіші	қармақ	Келер шақ

Сонымен, уақытқа байланысты мағыналық қатынас сайалайды және қабар етістіктері арқылы мысалда көрініс тапқан. Ал, ағаш және қармақ сөздері айу мен балықтың нақты нені сайалайтындығын және нені қабатындығын көрсететіндіктен, өріс перифериясы болып тұр және сөйлемде толықтауыш қызметін атқарып тұр. Сайалайды етістігі өткен шақтық мағынаны білдіріп, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұр. Ал, қабар етістігі келер шақтық мағынаны білдіріп, сөйлемде баяндауыш қызметінде тұр.

Мысалдарда берілген сөздердің баяндауыштық және толықтауыштық қызметі олардың тіл жүйесіндегі құрылымдық қызметі болып табылады және категориялық жағдаят бойынша темпоралдық мағынаны береді. Темпоралдық мағына олардың семантикалық функциясы болып табылады және семантикалық функция өз құрамындағы жекелеген тіл бірліктерінің құрылымдық функциясымен байланысты болып табылады. Ал, жекелеген тіл бірліктері айу, ағаш, сайалайды, балық, қармақ, қабар болып табылады. Айу мен балық зат есім, сөйлемде бастауыш мағынасын атқарып тұр. Сонымен қатар, бұл мысалдарда локальдылық категориясы да өріс алатындығын байқауға болады. Құрылымдық қызмет сөйлеумен байланысты динамикалық сипатта болатын құбылыс болып табылатындықтан, сөйлемдердегі берілген мысалдардың етістіктеріне жалғанған шақ көрсеткішіне байланысты олардың категориялық мағынасы да өзгеріп отыратындығын байқауға болады және соған сәйкес категориялық жағдаят та өзгеріске ұшырайтындығын айта кетуге болады.

Сонымен, А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонеманың функционалды ерекшелігі сингарможуан және сингарможінішке дауысты дыбыстардың фонема құрамында болуына байланысты болып табылады. Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға бағынады. Яғни, фонемалардың функционалдылығы қазақ тілінің сингармонизм заңына негізделеді. Егер,

фонема жуан болатын болса, оған жалғанатын дыбыс та жуан, егер фонема жіңішке болса, оған жалғанатын дыбыс та жіңішке.

Сөз көп мағыналы құбылыс. Таңба болса дербес өмір сүріп, өзі белгілеп тұрған затпен тікелей байланыста болмайды деген пікір де айтылады. Мысалы, «а» дыбысы дербес емес, өйткені оның әр түрлі фонетика-семантикалық жүгі болады. Сондай-ақ, дыбыстың мағынасының да өзіндік тарихы бар екен, сол мағына арқылы ол фонетикалық және лексика-семантикалық жүйеде байланыс жасайды. Сондықтан тіл элементін кездейсоқ деп тануға болмайды.

Этнограф-ғалым Леви-Стростың пікірінше, тіл-мәдениетті игерудің ең тиімді жолы әрі жүйелі мәдени құбылыстың жетілген түрі. Соған байланысты қоғамдағы ғылым, өнер, дін, басқа да қоғам сананың көріністері тілге негізделген мәдени құбылыстар [19,43].

Қазақ фонологиясында дыбыстардың бір-бірінен айырмасын іздеп, оларға сипаттама жасау тұңғыш тіл маманы А.Байтұрсынұлының зерттеулерінен басталады. А. Байтұрсынұлы қазақ фонетикасының іргелі ұғымдарын жүйелеп берді. Әрбір ұғымды қатаң терминологиялық мәнде көрсетіп, оларды арнайы атаулармен атады. Қазақ фонетика ғылымының айырым белгі терминдерін жасап, жүйелеп қалыптастырды [106,93].

Сингармонизм тек дауыстылардың үндесуі ғана емес, сөзді құрап тұрған барлық дыбыстардың біркелкі не жуан, не жіңішке болып үндесуі екенін соңғы кездердегі зерттеулерде жиі айтылады. Оның үстіне бұл үндестік қазақтың төл сөздеріне және ертеректе енген кірме сөздерге, олардың бір буынды түрлеріне де, көп буындыларына да тән екендігі көрсетіледі, яғни сөздің қалау таңбаланғанына қарамастан, ішінде жуан-жіңішке дауысты дыбыс әріптері жазылғанмен, тұтасымен не жуан, не жіңішке дыбысталуы тиіс [107, 23].

Қазақ тіліндегі сөздер сингармониялық тембріне қарай жалпы төрт түрде үндеседі: олар жуан, жіңішке, еріндік, езулік. Мысалы: *замзам, даража, гайрат, рахмат, хұрмет, хамыд, хайран* секілді сөздер тұтасымен жуан айтылып, олардағы дыбыстар *зәмзам, дәреже, қайрат, рақмет, құрмет, қамыд, қайран* болып үндесетіндігі жуан-жіңішкелікке байланысты үндесу болса, ал еріндік-езулік дыбыстардың бір-біріне ықпалына қарай болатын гармония ерін үндестігі деп аталады.

Сөздердің жазылуы мен дыбысталу (айтылу) сазы бірдей бола бермейтіндігі *и* әрпімен келген сөздерге байланысты берілген мысалдардан нақты байқалады. Негізі бұл *ий, ій, йу, йа, ұу, ір* деген дыбыстар қосындысы (тіркесі) арқылы таңбаланады.

Мысалы: *ий, ій* дыбыстар қосындысына берілген мысалдар айтылуда – *сыйыр, мый, тыйын, тійін, қыйсық, қыйсын, жыйын, жыймақ* болса, ал жазылуда – *сиыр, ми, тиын, тиін, қисық, қисын, жиын, жимақ* болады. Ал, *йу, йа, ұу, ір* дыбыстар қосындысына берілген мысалдар айтылуда – *айу, байу, тайу, айа, аяз, тайа, тайаз, тайар, ұуық, ұуыз, ұуыс, ұуақ, сұу, тұған, тұуысқан, жұуан, ірет, іретінше* болса, ал жазылуда – *аю, баю, ая,*

аяз, тая, таяз, таяр, уық, уыз, уыс, уақ, су, туған, туысқан, жуан, рет, ретінше болады [1,39].

Мұнда ауызекі тіл мен жазбаша тілдің арасындағы А. Байтұрсынұлы айтқан сәйкестік орын алады деуге болады. А. Байтұрсынұлы «Жаңа мектеп» журналында 1928 жылы жарияланған «Қай әдіс жақсы?» атты мақаласында дыбыстар мен әріптер арасындағы сәйкестікке тоқталады. Дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті. А.Байтұрсынұлы дыбыстар мен әріптер арасындағы сәйкестігі күшті жазуға қазақ пен қырғыз жазуын жатқызады. Қазақ пен қырғыз жазуында дыбыс басына арналып әріп алынған, әріп таңылған дыбыстан қайда тұрса да айрылмайды дейді. Сөздері жазылғанда көбінесе-ақ сөзінің ішінде естілетін дыбысына қарай жазылады. Мысалы, орыста бір сөз дыбысына қарай жазылып, он сөз дыбысына қарамай жазылатын болса, қазақта он сөз дыбысына қарай жазылып, бір сөз ғана дыбысына қарамай жазылады. Қазақ тіліндегі емле дыбысша емлеге жататындықтан, сөздің ішіндегі дыбыстарын дұрыс айыра білу керек деген тоқтамға келеді [1,360].

А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» оқу құралында берілген мысалдарға тоқталатын болсақ, мысалдардың барлығында ауызекі тіл мен жазба тілдің арасындағы сәйкестік орын алады. Қазіргі емлемізге сәйкес сөздерді буынға бөлуде қандай сәйкессіздіктер мен сәйкестіктер орын алады деген сауалға келер болсақ, сиыр, ми, тиын, тиін, жиын, жима деген мысалдар бойынша дұрыс буынға бөліну реті: сы-йыр, мы-й, ты-йын, ті-йін, жы-йын, жы-ймадеген сөздерде қазақ тілінің буынға бөлу заңдылығы бойынша екінші, үшінші буындардың еш уақытта дауысты дыбыстан басталмауы керектігін, тек дауыссыздан немесе үнді (сонор) *у,й* дыбыстарынан басталуын негізге алуымыз керектігін А. Байтұрсынұлы атап айтқан еді. Сондықтан да, емле ережемінде сиыр/сыйыр, ми/мый, тиын/тыйын, тиін/тійін, жиын/жыйын, жима/жыйма болып буынға бөлу орын алатындығын айта кеткіміз келеді.

Бір сөзде фонемалардың саны аз да, көп те болуы мүмкін, бір сөз екінші бір сөзден өзгеше болуы үшін барлық фонемалардың өзге болуы шарт емес. Бір сөз басқа сөздерден фонемасының саны жағынан, сапасы жағынан және сөздегі орын тәртібі жағынан өзгешеленуі мүмкін [101,282]. Мысалы, *аяз, таяз, саяз, баю, аю*. Осы мысалда берілген *аяз* деген сөз *а* фонемасынан басталса, *таяз* деген сөз *т* фонемасынан, ал *саяз* деген сөз *с* фонемасынан басталады. Ал, *баю* деген сөз *б* фонемасынан басталса, *аю* деген сөз *а* фонемасынан басталады. Аталған мысалдарда сөз мағынасының ерекшелігіне негіз болып тұрған бастапқы фонемалар болып табылады, сөздердің бірінші дыбыстары мағына ажыратушы қызметін атқарып тұр. Әрбір екі сөздің өзге фонемалары ортақ (өзінің сапасы мен саны жағынан да, ол фонемалардың орын тәртібі жағынан да айырмашылығы жоқ). Жоғарыда берілген мысалдар қазақ сөздерінің фонетикалық бірлігі сингармонизм екендігін дәлелдеп дәйектейтін мысалдар болып табылады. Қазақ тіліндегі

үндесім, үндестік әуезі ауызекі тіл мен жазба тілде сақталған жағдайда ғана сол тілдің заңдылығы сақталады.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізін салушы. А.Байтұрсынұлы «Әліпби» оқу құралында сүгіреттерді бере отырып, сүгіреттердің нәрселердің атын көрсететін баспа да, жазба да сөздер берген. Сонымен қатар, сол сөздерге ұқсас басқа да сөздер, балаларға үйретілген әріптерден жасалған сөздер, сөздерден жасалған сөйлемдер, сөйлемдерден жасалған қысқа-қысқа әңгімелер берілген.

Яғни, А.Байтұрсынұлының «Әліпби» оқу құралында берілген мысалдарды шағындап алған сөзінің сандары, сөздерінің түрлері, сөздерінің орналасуы және оқытуға алынған әңгімелері тұрғысынан қарастыруға болады.

Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологы – Ахмет Байтұрсынұлы. А. Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама.

А.Байтұрсынұлы қоғам, ғылым және мәдениеттің өркендеуі жазу арқылы іске асатынын жақсы түсінді. Ғалым сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесін кезек күттірмейтін мәселе екенін біліп, 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, сингармониялық ұлттық әліпби түзеді.

Әліпби түзген, тыныс белгілерін нақтылаған, жазу үлгісін көрсетіп, графема мен фонема арасындағы сәйкестікті терең талдап қарастырған А. Байтұрсынұлы емле тәртібіне, тіл жүйесін оқытуға да ерекше мән береді. Әлем халықтарының емле жүйесінен мол хабары бар ғалым, қазақ сөзінің ішкі болмысына сай келетін жүйені, дұрыс сауаттандыратын емлені қажет санайды. «Сауаттылық негізі жазу» деген жолды берік ұстана отырып [1,362], «жазу – әріптердің сүгіретін сала тізу, оқу – әріптердің дыбыстарын айта тізу» екенін нақтылайды.

Тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алмасатын саналы әрекет түрінде жүзеге асады. Өзара хабар алмасатын саналы әрекет түріне ауызекі сөйлеу тілі мен жазбаша сөйлеу жатады. Ауызша және жазбаша сөйлеудің сыртқы (дыбыстау) және ішкі (мағына) жағы болады.

Орфоэпиясы бірдей сөздерді сөйлеу үдерісінде ажырату қиын болғанмен, жазуда ол анық көрініп тұрады. Мысалы, аяз – айаз, таяз – тайаз, баю – байу, аю – айу. Яғни, жазуда аяз, таяз, баю, аю деп жазылғанмен, ауызекі сөйлеу үдерісінде айаз, тайаз, байу, айу болып айтылады.

Ауызекі сөйлеу тілінде мазмұндық-мағыналық құрылымының сақталып айтылуы қазақ халқының дыбыстық үндестігін ғасырлар бойы сақтап қалғандығының нәтижесі. Ал, А.Байтұрсынұлы қазақ халқына тән ұлттық дыбысталу ережесін негізге ала отырып жасаған әліпбиі нағыз

грамматологиялық еңбек болып табылады. Сонымен, жазу – адамның ой-пікірін, хабарлап айтқысы келген сөзін, мағлұматын таңбалар арқылы жеткізуді қамтамасыз ететін белгілер жүйесі.

А.Байтұрсынұлының «Тіл құрал» оқу құралында бір буынның ішінде бірнеше дыбыс болатындығы, мысалы: *не?, же, мә!, ат, аш* деген сөздер қатарында бір-бір буын бар екендігі айтылады. Мұндағы әр буында екі дыбыстан бар, мысалы: бірінші дыбыс «*н*», екінші дыбыс «*е*».

Сонымен қатар, бір дыбысты буындар да бар болып табылады, мысалы, *а-ра, а-та, а-ғу, а-су, а-зу, а-сы* деген сөздердің бірінші буындарында бір-бір дыбыстан, екінші буындарында екі-екі дыбыстан бар [1].

Дыбыс таңбасы хәріф деп аталынса, сөз ішінде хәріф, ал айтқан сөз ішінде дыбыс бар. Дыбыс пен хәріф екеуі екі басқа нәрсе.

А.Байтұрсынұлының «Қазақша алифба» оқу құралында берілген мысалдарды қарастыратын болсақ, *а* дыбысына байланысты мынадай мысалдар берілген. *Ар, ара, аз, аза, зар, азар, араз*.

Ал, *с* дыбысына байланысты келесідей мысалдар беріледі. *Ас, аса, асар, сал, сала, салар, ал, ала, алас, сас, саса, сасар, саз, сазар, рас*.

Мұнда дыбыс айырту мақсатында тұқымдас сөздер алынған. Тұқымдас сөздердің дыбыстарының көбісі бірдей болады. Дыбыстарды айырту барысында жаңа үйретілген сөздер тұқымдастығына қарай сұрыпталып, бірінің астына бірі сатыланып жазылады. Балалар соларды қайталап оқу барысында сөздердің барлығында кездесетін ортақ дыбыстардың үнін де, әрпін де айыратын болады.

Сөз дыбыстан құралған нәрсе болғандықтан, оның дыбыстары жағымды да, жағымсыз да болып құралуы мүмкін. Сөз ішінде дауысты-дауыссыз, жарты дауысты дыбыстар араласып тіркесе келеді. Бір сөзде дауысты дыбыстар, ал бір сөзде дауыссыз дыбыстар көп келеді.

А.Байтұрсынұлы төте жазуының сөйлеу тілін таңбалаудағы маңыздылығы сингармофонемаға тікелей байланысты. Егер, фонема жуан болатын болса, оған жалғанатын дыбыс та жуан, егер фонема жіңішке болса, оған жалғанатын дыбыс та жіңішке. Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға бағынатын болғандықтан, А.Байтұрсынұлы сингарможуан, сингарможіңішке дыбыстарды бір сингармофонеманың құрамында қарастырған, сөз әуезділігі мен сөйлеу әуезділігін сөздердің бойында сақтап қалуға да айрықша назар аударған.

М.Дулатұлы: «Қазақ тілінің мұңы» атты мақаласында: «А.Байтұрсынұлының тәртібінше қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың өзіне арнаған әріп бар. Ол әріптерменен не айтылса соны жазуға, не жазылса соны оқуға болады. Бір түрлі жазылған сөзді бұрынғыдай неше түрлі қылып оқуға болмайды. Бұл тәртіп бойынша 13 әріп кемітілген»-дейді [108,143].

А.Байтұрсынұлының «Қазақша алифба» оқу құралында *а* дыбысы дауысты-дауыссыз тіркес құрамында берілген. Мысалы: *ар, ара, аз, аза, зар, азар, араз*. Сонымен қатар, «Қазақша алифба» оқу құралында әрбір әріпке берілген мысалдардағы дыбыс тіркесімінің дауысты-дауыссыз дыбыстар

болып орын алуы сөз әуезділігі мен сөйлеу әуезділігін сөздердің бойында сақтап қалуына, сонымен қатар, тұқымдас сөздерді мысал ретінде бере отырып, әдістемелік-әдіснамалық жағынан тиімді болып табылатын жалқылаулы-жалпылау әдісті оңтайлы қолдана білуіне байланысты болып табылады. Сөздің үні құлаққа жағымды болуы дыбыстарының тізілуі түрінен, сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы сөйлемдердің тізілуі түрінен екенін ескеретін болсақ, дыбыстарының тізілуі мен сөйлемдердің тізілуі тұрғысынан А.Байтұрсынұлының «Қазақша алифба» оқу құралы нағыз грамматологиялық бағытта жазылған еңбек.

2.4 А. Байтұрсынұлы еңбегіндегі дауысты дыбыстар жіктелімі

«Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы», - деп жазды тұңғыш қазақ әліпбиінің негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы [1, 400].

Қазақ әліп-биі – қазақ тілі әріптерінің жүйелі тізбегі, қазақ халқының мәдени өмірінде түркі халықтарымен бірге қолданыста болып табылатын әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралында» (қазақша әліппе) *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, харіп* секілді терминдер берілген. Ал, 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше рет басылған «Тіл құрал» оқулықтары (қазақ тілінің сарфы) қазіргі таңдағы қазақ тіл біліміндегі *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты терминдердің негізін қалаған оқу құралдарының бірі.

А.Байтұрсынұлы терминдерінің күштілігі сөздің ішкі мағыналық құрылымына негізделген. Фонетикалық принциптің ең негізгі авторы А. Байтұрсынұлы. Дауысты дыбыс дегеніміз не? Кез-келген нәрсенің естілуі дыбыс, өзеннің сылдырап аққаны естілсе, дыбыс, ағашқа ұя салған құстардың тамылжыта ән салғаны естілсе, дыбыс, яғни естілген нәрсенің барлығы дыбыс. Дауысты дауыс бар деген сөз, ал дауыссыз дауыс жоқ деген сөз.

Қазақ грамматологиясының негізін қалаған А. Байтұрсынұлы. А.Байтұрсынұлы төте жазуды дыбыс әдіс жолына негіз еткендігін ескерсек, дыбыс негізді әдіс арқылы метатіл орын алады. А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі ғылымында грамматологияның метатілін қалыптастырды [109].

Тілдің дыбысталу мүшелері арқылы айтылып, құлақпен естілетін үн дыбыс деп аталады да, оны жазу тілінде белгілейтін шартты белгі әріп деп аталады. Демек, дыбысты айтамыз және естиміз, ал әріпті жазамыз және

көреміз. Әріп – жазуда дыбысты белгілейтін шартты таңба. Айтылғанда, өкпеден ауа ешбір кедергісіз, еркін шығатын дыбыстардауысты дыбыстар деп аталады [110,11].

1912 жылы жарияланған «Айқап» журналының № 4-5 санында қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп беріледі. Дыбыстар дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болады. Соған қарай харіфтер де дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болып бөлінеді [1,147].

Дыбыс пенен харіфтің бір зат еместігін А.Байтұрсынұлының еңбектерінен байқауға болады. Яғни, екеуі екі бөлек нәрсе. А. Байтұрсынұлының «Оқу құралындағы» тілдегі бар дыбыстың бас-басына арналған белгісі /әрпі/ бар болуы керек деген тұжырым үнемі жазу тәртібінде негізге алынды. Емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек деген пікірін негізге алсақ, тіл харіф үшін шығарған нәрсе емес, харіф тіл үшін шығарған нәрсе болып табылады. Олай болса харіфі жоқ деп, тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ харіфті іздеп табу керек. Харіфке бола тілді бұзбайды, тілге бола харіфті бұзып өзгертеді. Осы қағида А.Байтұрсынұлы жасаған төте жазуда көрініс табады. Әліпби ережесіне сәйкес дауысты дыбыстар сөз басында келсе, олардың харіфтерінің алдына сүйеу таяқ қойылып жазылады.

Дауысты харіфтер: а – ا, о – و, ұ – ؤ, ы – и – ی, е – ـے, ө. Мысалы, «ұ» әрпінің алдында берілген 1 таяқ сүйеу болу үшін қойылған. Бұл «ұ» әрпі сөз басында келсе ғана қойылатын таяқ, бұл таяқ оқылмайды, тек сүйеу үшін ғана қойылады деп ережеде арнайы айтылған. Мысалы: ұр – اور, ұн – اون, ұқ – اوق. Бұл мысалдан дауыссыз дыбыстың дауысты дыбысқа бағынғандығын және соңғы дауыссыз дыбысты өзгертіп, жаттығу ретінде беру арқылы ұ дыбысын үйрену жеңіл болатындығын байқауға болады.

Дауыссыз харіфтер: б – ب, п – پ, т – ت, ж – ج, ш – چ, д – د, р – ر, з – ز, с – س, ғ – ع, қ – ق, к – ك, г – گ, ң – نڭ, л – ل, м – م, н – ن. Жарты дауысты, яки орта дыбыстардың өз алдына оңаша харіфтері жоқ. Олардың орнына бүтін дауысты «у» һәм «й» харіфтері жүреді. Жарты дауысты дыбыстардың харіфтері екендігі, дауысты дыбыстардың соңынан я алдынан бір буында келгенінен ғана байқалады. Бір буынның ішінде дауысты дыбыстардың соңында я алдында «у» я «й» тұрса, ол жарты дауысты харіфтер болады, мәселен: «ау» деген сөзде «у» дауысты харіфтің соңында тұр. Мұнда «у» бүтін емес, жарты дауысты харіф. «Ай» деген сөзде «й» дауысты харіфтің соңында тұр. Мұнда «й» бүтін емес жарты дауысты харіф, «у» һәм «й» харіфтері дауысты дыбыстарға да, жарты дауысты дыбыстарға да ортақ харіфтер болғандықтан, «тел» харіфтер деп аталады [1,147].

Ал, 1927 жылы жарияланған «Жаңа мектеп» журналының № 2 санында жарияланған Елдестің «Қазақ дыбыстары» деген мақаласына байланысты Қызылорда, 28.04.1927 жылы жарияланған «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақаласында А.Байтұрсынұлы өз пікірін білдіреді. Сонымен, біздің

қарастыруымызша, А.Байтұрсынұлы әліпбиінде *екі түрлі жіктелім* орын алғандығын байқауға болады.

1. 1912 жылы жарияланған «Айқап» журналының № 4-5 санында қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты (а, о, у, ы, э), 17 дауыссыз (б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н), 2 жарты дауысты (у, й) бар деп берілген жіктелім.

2. А.Байтұрсынұлының Қызылорда, 28.04.1927 жылы жарияланған «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақаласында 12 дауысты (толық дауыстылар - *а, е, о, ұ, ы*, шала дауыстылар - *р, ң, л, м, н, у, и*) және 12 дауыссыз (б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г) бар деп берілген жіктелімі.

Кесте 10

А. Байтұрсынұлының жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар (Қызылорда, 28.04.1927 жылы жарияланған «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақаласындағы дауыстылардың жіктелімі)

Дауыстылар	Толық дауыстылар		Шала дауыстылар		
	<i>Аңғал түрлісі</i>	<i>Қымқыру түрлісі</i>	<i>Ауыз шығысты</i>	<i>Мұрын шығысты</i>	
<i>а, е, о, ұ, ы</i> Бұлар А.Байтұрсынұлының жіктелімінде <i>толық дауыстылар</i> деп аталады. Толық дауыстылары кең шығысты, тар шығысты болып екіге айырылады.	<i>а, е, ы</i>	<i>о, ұ</i>	<i>р, л, у, и</i>		<i>ң, м, н</i>
	Ауыз шығыстылары <i>босаң жолды, қысаң жолды</i> болып екіге бөлінеді.		Мұрын шығыстылары <i>босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі</i> болып үшке бөлінеді.		
<i>р, ң, л, м, н, у, и</i> Бұлар А.Байтұрсынұлының жіктелімінде <i>шала дауыстылар</i> деп аталады.	<i>Босаң жолдылары</i>	<i>Қысаң жолдысы</i>	<i>Босаң бөгеулі</i>	<i>Қысаң бөгеулі</i>	<i>Тұйық бөгеулі</i>
	<i>р, у, и</i>	<i>л</i>	<i>ң</i>	<i>н</i>	<i>м</i>

Кесте 11

А. Байтұрсынұлының жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың өзара ерекишелігі

Дауыстылар	Толық дауыстылар	Шала дауыстылар
------------	------------------	-----------------

<i>а, е, о, ұ, ы</i> Толық дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында да, соңында да келеді.	<i>Аңғал түрлісі</i>	<i>Қымқыру түрлісі</i>	<i>Ауыз шығысты</i>		<i>Мұрын шығысты</i>
	<i>а, е, ы</i> Орын талғамайды.	<i>о, ұ</i> Бас буыннан басқасын да келмейді.	<i>р, л, у, и</i> Септегенде «дың», «дан», жіктегенде «мыз» келеді.		<i>ң, м, н</i> Септегенде «ның», «нан», жіктегенде «біз» келеді.
<i>р, ң, л, м, н, у, и</i> Шала дауыстылар буын ішінде дауыссыздың соңында келмейді.	Ауыз шығыстылары босаң жолды, қысаң жолды болып екіге бөлінеді.		Мұрын шығыстылары босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі болып үшке бөлінеді.		
	Босаң жолдылары	Қысаң жолдысы	Босаң бөгеулі	Қысаң бөгеулі	Тұйық бөгеулі
	<i>р, у, и</i> Сөз басында келмейді.	<i>л</i> Сөз басында келеді.	<i>ң</i> сөз басында келмейді	<i>н</i> алдындағы дыбысқа әсері бар.	<i>м</i> алдындағы дыбысқа әсері жоқ.

Кесте 12

А. Байтұрсынұлының жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарға сипаттама (1912 жылы жарияланған «Айқап» журналының № 4-5 санында қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп берілген жіктелім бойынша)

	<i>Дауысты дыбыс</i>	<i>Дауысты дыбыстар сипаттамасы</i>
	<i>а</i>	езулік, жуан дауысты, ашық дауысты
	<i>о</i>	еріндік, жуан дауысты, ашық дауысты
	<i>у</i>	еріндік, жуан дауысты, қысаң дауысты
	<i>ы</i>	езулік, жуан дауысты, қысаң дауысты
	<i>э</i>	езулік, жіңішке дауысты, ашық дауысты
	<i>ү</i>	еріндік, жуан, жіңішке дауысты, қысаң дауысты
	<i>и</i>	езулік, жуан, жіңішке дауысты, қысаң дауысты

С.М.Исаевтың жіктелімі бойынша қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс бар деп беріледі. Олар: *а, ә, е, э, о, ө, ұ, ұ, ы, і, и, у*. Бұлардың ішінде *э* тек орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады (электр, элеватор, т.б.) және *и мен у*

екеуі қосынды (дифтонгоид) деп аталады: и –ы+й немесе і +й және у-у +у немесе ұ +у. Дауысты дыбыстар буын құрайды, дауыссыздар буын құрай алмайды. С.М.Исаевтың жіктелімінде қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар үш жақты жіктеледі [110,12].

1. Тіл қатысына (жасалу жолына) қарай жуан және жіңішке болып бөлінеді. Жуан дауыстылар: а, о, ұ, ы және бірде жуан, бірде жіңішке и, у. Жіңішке дауыстылар ә,е, (ә), ө,ү, і және бірде жуан, бірде жіңішке и, у.

2. Иек (жақ) қатысына немесе жасалу орнына қарай ашық және қысаң болып бөлінеді.

Ашық дауыстылар: а,ә,е,(ә), о,ө. Қысаң дауыстылар: ы,і, и,ұ, ү,у.

3.Ерін қатысына қарай езулік және еріндік болып бөлінеді. Езулік дауыстылар: а,ә,е, (ә),ы,і,и.

Еріндік дауыстылар: о,ө,ү,ұ,у.

Кесте 13

С.М.Исаевтың жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар

Ерін қатысына қарай	Езулік		Еріндік	
	ашық	қысаң	ашық	қысаң
Иек (жақ) қатысына (жасалу орнына) қарай				
Тіл қатысына (жасалу жолына) қарай				
<i>Жуан</i>	<i>а</i>	<i>ы (и)</i>	<i>о</i>	<i>ү (у)</i>
<i>Жіңішке</i>	<i>ә,е</i>	<i>і (и)</i>	<i>е</i>	<i>ұ (у)</i>

Қазақ тілінің дауыстылары мен дауыссыздарының тағы бір басты айырмасы: дауыстылар буын жасай алады да, дауыссыздар буын жасай алмайды. Сондықтан дауыстыны буын құрағыш дыбыс деп, дауыссызды буын құрай алмайтын дыбыс деп те атауға болады. Бұл дыбыстардың атқаратын қызметіне қарай айырылуы [111, 232].

І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың жіктелімі бойыншақазіргі қазақ тілінде мынадай *тоғыз жалаң дауыстылар* (монофтонг) бар: *а, е, ы, і, ә, о, ө, ү, ұ*. Бұдан басқа мынадай *екі қосынды дауыстылар* (дифтонгоид) бар: *и, у* [111, 233].

Кесте 14

І. Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауысты фонемалар

Ерін қатысына	Езулік	Еріндік
---------------	--------	---------

қарай				
Жасалу жолына қарай	<i>Ашық дауыстылар</i>	<i>Қысаң дауыстылар</i>	<i>Ашық дауыстылар</i>	<i>Қысаң дауыстылар</i>
Жасалу орнына қарай				
Жуан дауыстылар	<i>а</i>	<i>ы (и)</i>	<i>о</i>	<i>ұ (у)</i>
Жіңішке дауыстылар	<i>а, е (э)</i>	<i>і (и)</i>	<i>ө</i>	<i>ү (у)</i>

С.Мырзабековтың жіктелімі бойынша қазіргі қазақ тілінде он бір дауысты фонема бар. Олар дыбыстау мүшелерінің қызметіне қарай іштей үш топқа жіктеледі [112,18].

Кесте 15.

С.Мырзабековтың жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауысты фонемалар

Тілдің қатысына қарай		Еріннің қатысына қарай		Жақтың қатысына қарай		
<i>Жуан (гutturал ь) дауыстылар</i>	<i>Жіңішке (палатал ь) дауыстылар</i>	<i>Еріндік (лабиаль) дауыстылар</i>	<i>Езулік дауыстылар</i>	<i>Ашық дауыстылар</i>	<i>Жартылай ашық дауыстылар</i>	<i>Қысаң дауыстылар</i>
<i>а, о, ұ, ы, у</i>	<i>ә, ө, ү, і, е, и</i>	<i>о, ө, ұ, ү, у</i>	<i>а, ә, ы, і, е, и</i>	<i>а, ә</i>	<i>о, ө, е</i>	<i>ұ, ү, ы, і, и, у</i>

Ә.Жүнісбектің жіктелімі бойынша қазақ тілінде 9 әліпби дауысты дыбыс бар. Олар қолданымдағы әліпби құрамында былай таңбаланады: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і.

Қазақ тілі дауысты дыбыстары *жалаң (монофтонг) және құранды (дифтонг)* болып екіге бөлінеді [113,54]. Біркелкі айтылатын дауысты дыбысты жалаң дауысты дыбыс деп атаймыз, олар: а, ә, ы, і, ұ, ү. Бір дыбыстан басталып, екінші дыбыспен аяқталатын дауысты дыбысты құранды дауысты дыбыс деп атаймыз, олар: о, ө, е.

Кесте 16.

Ә.Жүнісбектің жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар

Дауысты дыбыстар	а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і
-------------------------	---------------------------

Жалаң (монофтонг) дауыстылар	а, ә, ы, і, ұ, ү
Құранды (дифтонг) дауыстылар	о, ө, е.

Неліктен у, ә дыбыстары дауысты дыбыс қатарына қосылған деген сауал туындайды? Біздің ойымызша, бұл орыс тілінің әсерін күшейту, әсірелеу мақсатында қазақтың дүниетанымын өзгерту мақсатында енгізілген өзгеріс. Себебі, әріп арқылы беріліп тұрған мәдениет, дүниетаным, ақпарат адамның санасында қалып қояды. Адамның санасындағы ақпарат біртіндеп жады арқылы қалыптасып, адамның дүниетанымының өзгеруіне әкеліп соғады. Бұдан әріп арқылы берілетін когнитологиялық аспект бар екендігін, адам санасында қалыптасатын таным арқылы адам санасына түбегейлі өзгеріс енгізуге болатындығын байқаймыз.

Жоғарыда аталған ғалымдардың дауысты дыбыстар жіктелімін салғастыра келе, қай ғалымның идеясы А.Байтұрсынұлына жақындау деген ой туындайды. Сонымен, А. Байтұрсынұлының қалыптастырған емлесіне жақын келетін идея – С.М.Исаевтың, І. Кеңесбаевтың, Ғ.Мұсабаевтың қарастырған дауысты дыбыстар жіктелімі. Дауысты дыбыстар саны жағынан сәйкес емес, бірақ құрамы, жіктелімі жағынан ұқсастықтар мен сәйкестіктер басым. С.М.Исаевта қысаң дауысты ретінде и мен у дыбыстары қарастырылады. Ал І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевта екі қосынды дауыстылар (дифтонгоид): **и мен у** бар деп көрсетіледі. Ал, аталған ғалымдардың бұл жіктеуі А. Байтұрсынұлының 2 жарты дауысты бар деп қарастырған дыбыс жіктеліміне сәйкес келеді. Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлы әліпбиінде бар дыбыстардың көпшілігі аталған ғалымдардың жіктелімінде бар. Ал, С.Мырзабеков пен Ә.Жүнісбектің қарастырған дауысты дыбыс жіктелімі А.Байтұрсынұлынан алшақ. Аталған дыбыстар А. Байтұрсынұлы әліпбиінде бар болғанымен, жуан, жіңішке, құранды, жалаң деп қарастыру жағынан келгенде кемшін тұстары баршылық.

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған ғалымдардың дауысты дыбыс жіктелімі қайдан бастау алады деген сауал туындайды? Қазақ тіл білімі ғылымында бұрын соңды емле тәртібі түзілмегендігін ескерсек, жалпы түркітану ғылымында, әсіресе ХХ ғасырдың басында түркітану ғылымында Байтұрсынұлының емлесі үлгі емле болды. А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі ғылымында қалыптастырған әрбір таңбасында мән бар, ұлттық таңбалық ерекшелік бар. Яғни, аталған ғалымдардың дыбыстарды жіктеуі А.Байтұрсынұлының қалыптастырып кеткен дыбыстар жіктеуінен бастау алады. Қазақ тіл білімі ғылымындағы қарастырылған дыбыстар жіктеуінің барлығы А.Байтұрсынұлының жасаған дыбыстар жіктеуіне негізделген. Сонымен, А.Байтұрсынұлы қазақ тіл біліміндегі грамматологияның негізін қалаушы.

1912 жылы жарияланған «Айқап» журналының № 4-5 санында қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп беріледі. Дыбыстар дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болады. Соған қарай харіфтер де дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болып бөлінеді [1,147].

А.Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы» оқу құралында тіл дыбысына қатысатын мүшелердің қайсысынан қандай дыбыс шығатындығы туралы пайымдауын сонау өткен ғасырдың бастапқы кезінде айтып кеткендігін атап өткім келеді. Дыбыстың шығуына қызмет қылатын өкпе, кеңірдек, тамақ (жұтқыншақ), мұрын, түрлі мүшелерімен ауыз. Ауыз мүшелерінің ішінде де көбінесе қызмет қылатын – тіл. Тілдің қатыспайтын дыбысы жоқ. Қай сөзде болса да дыбысқа түр беріп, тіл дыбысы болып шығуына тіл қатыспай қалмайды. Басқа мүшелер тілдің жұмсайтын құралы, ылаждаушы (амалдаушы) есебіндегі нәрселер болады. Дыбыс жасауға жем беретін – өкпеден кеңірдек арқылы келетін ауа. Сол ауаны бірде ананы, бірде мынаны сепке алып, керегіне қарай олай да, былай да жіберіп, сөзге керек түрдегі дыбыс қылып шығаратын – тіл. Сондықтан да «сөз», «сөйлеу», «айту», «қабар» дегеннің орнына көбінесе «тіл» аты жұмсалады [1,376].

Қазақтың төл сөздерінде *л, р* дыбыстарының алдынан *ы, і* дыбыстары айтылады, бірақ жазылмайды. Мысалы: *ыриза-риза, ырахат-рахат, ірет-рет, ылайық-лайық, ылажсыз-лажсыз, ілебіз-лебіз*.

Тілдің дыбысталу мүшелері арқылы айтылып, құлақпен естілетін үн дыбыс деп аталады да, оны жазу тілінде белгілейтін шартты белгі әріп деп аталады. Демек, дыбысты айтамыз және естиміз, ал әріпті жазамыз және көреміз. Әріп – жазуда дыбысты белгілейтін шартты таңба. Айтқанда ауа кедергіге ұшырап шығатын дыбыстар дауыссыз дыбыстар деп аталады. Дауыссыз дыбыстарда дыбыс болмайды, олар үн мен салдырдан немесе тек салдырдан тұрады [110].

1927 жылы жарияланған «Жаңа мектеп» журналының № 2 санында жарияланған Елдестің «Қазақ дыбыстары» деген мақаласына байланысты Қызылорда, 28.04.1927 жылы жарияланған «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақаласында А.Байтұрсынұлы өз пікірін білдіреді. Сонымен, біздің қарастыруымызша, А.Байтұрсынұлы әліпбиінде *екі түрлі жіктелім* орын алғандығын байқауға болады.

1. 1912 жылы жарияланған «Айқап» журналының № 4-5 санында қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты (**а, о, у, ы, э**), 17 дауыссыз (**б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, н, л, м, н**), 2 жарты дауысты (**у, й**) бар деп берілген жіктелім.

2. А.Байтұрсынұлының Қызылорда, 28.04.1927 жылы жарияланған «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақаласында 12 дауысты (толық дауыстылар - **а, е, о, ұ, ы**, шала дауыстылар - **р, н, л, м, н, у, и**) және 12 дауыссыз (**б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г**) бар деп берілген жіктелімі.

Кесте 17. *А. Байтұрсынұлының жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар (Қызылорда, 28.04.1927 жылы жарияланған «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақаласындағы дауыссыздардың жіктелімі)*

Дауыссыздар	Қысаң дауыссыздар		
<p><i>п, т, с, ш, қ, к</i> Бұлар А.Байтұрсынұлы жіктелімінде <i>қысаң дауыссыздар</i> деп аталады. Қысаң дауыссыздар <i>ашық және қысаң</i> болып екіге айырылады.</p>	<i>Ашық түрлісі</i>	<i>Тұйық түрлісі</i>	
	<i>с, ш</i>	<i>п, т, қ, к</i>	
<p><i>б, ж, д, з, ғ, ғ</i> Бұлар А.Байтұрсынұлы жіктелімінде <i>босаң дауыссыздар</i> деп аталады.</p>	Босаң дауыссыздар <i>ашық, тұйықтаулары және тұйық</i> болып үшке бөлінеді.		
	<i>Ашықтары</i>	<i>Тұйықтаулары</i>	<i>Тұйықтары</i>
	<i>ж, з</i>	<i>ғ, ғ</i>	<i>б, д</i>

Кесте 18. *А.Байтұрсынұлының жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың өзара ерекшелігі*

Дауыссыздар	Қысаң дауыссыздар		
<p><i>п, т, с, ш, қ, к</i> <i>Қысаң дауыссыздар</i> босаңға жуыспайды (босаңмен бірге қатарынан келмейді).</p>	<i>Ашық түрлісі</i>	<i>Тұйық түрлісі</i>	
	<i>с, ш</i> <i>азбайды, айнымайды</i>	<i>п, т, қ, к</i> <i>азады, айныйды</i>	
<p><i>б, ж, д, з, ғ, ғ</i> <i>Босаң дауыссыздар</i> қысаңға жуыспайды (қысаңмен бірге қатарынан келмейді).</p>	Босаң дауыссыздар <i>ашық, тұйықтаулары және тұйық</i> болып үшке бөлінеді.		
	<i>Ашықтары</i>	<i>Тұйықтаулары</i>	<i>Тұйықтары</i>
	<i>ж, з</i> Сөздің бас аяғы демей келе береді.	<i>ғ, ғ</i> Сөздің басында да, аяғында да келмейді.	<i>б, д</i> Сөздің басында ғана келеді.

Кесте 19.А. Байтұрсынұлының жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарға сипаттама (1912 жылы жарияланған «Айқап» журналының № 4-5 санында қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп берілген жіктелім бойынша)

Дауыссыз дыбыс	Дауыссыз дыбыстар сипаттамасы
<i>б</i>	ұяң дыбыс, шұғыл фонема, ерін дауыссыз
<i>п</i>	қатаң дыбыс, шұғыл фонема, ерін дауыссыз
<i>т</i>	қатаң дыбыс, шұғыл фонема, тіс дауыссызы
<i>ж</i>	ұяң дыбыс, ызың фонема, тіл алды дауыссызы
<i>ш</i>	қатаң дыбыс, ызың фонема, тіл алды дауыссызы
<i>д</i>	ұяң дыбыс, шұғыл фонема, тіс дауыссызы
<i>р</i>	үнді дыбыс, тіл алды дауыссызы
<i>з</i>	ұяң дыбыс, ызың фонема, тіс дауыссызы
<i>с</i>	қатаң дыбыс, ызың фонема, тіс дауыссызы
<i>ғ</i>	ұяң дыбыс, ызың фонема, тіл арты дауыссызы
<i>қ</i>	қатаң дыбыс, шұғыл фонема, тіл арты дауыссызы
<i>к</i>	қатаң дыбыс, шұғыл фонема, тіл ортасы дауыссызы
<i>г</i>	ұяң дыбыс, шұғыл фонема, тіл ортасы дауыссызы
<i>ң</i>	үнді дыбыс, тіл арты дауыссызы
<i>л</i>	үнді дыбыс, тіл ұшы дауыссызы
<i>м</i>	үнді дыбыс, ерін дауыссызы
<i>н</i>	үнді дыбыс, тіл ұшы дауыссызы

С.М.Исаевтың жіктелімі бойынша қазақ тілінде 26 дауыссыз дыбыс бар деп беріледі. Олар: **б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ.** Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың да сөз ішінде қолданылуында өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, қазақтың төл сөздері **б, в, г, ғ, д, ш** дыбыстарына аяқталмайды, **ң, й** дыбыстарынан сөз басталмайды. **В, ф, ц, ч, ш** әріптері орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Ал, **у** дыбысы дауысты дыбыстан кейін айтылғанда, **у** дыбысы дауыссыз болып келеді: бауыр, ауыр, жауын, әуре, т.б. Дауысты дыбыстар буын құрайды да, дауыссыз дыбыстар буын құрай алмайды, сондықтан сөзде қанша дауысты болса, сонша буын болады. Берілген сөздер буынға былай бөлінеді: *ба-уыр, а-уыр, жа-уын, әу-ре*. Бұл сөздердегі **у** буын құрай алмай тұр [110,13].

Дауыссыз дыбыстар үш жақты жіктеледі.

1. *Дауыс (үн)* қатысына қарай дауыссыздар *қатаң, ұяң және үнді (сонор)* болып үшке бөлінеді. Кейде қатаң және ұяң дауыссыздар үнсіз дыбыстар деп те аталады. Үнді дауыссыздар *ауыз жолды (р, л, й, у)* және *мұрын жолды (м, н, ң)* болып та бөлінеді. Қатаң дауыссыздар: *п, ф, с, ш, к, қ, т, ч, щ, ц, х*. Қатаң дауыссыздарда ешбір үн болмайды, тек салдырдан тұрады. Ұяң дауыссыздар: *б, в, г, ғ, д, ж, з*. Ұяң дауыссыздарда үн аз болады да, салдыр басым болады.

Үнді (сонор) дауыссыздар: *р, л, й, у* (ауыз жолды) және *м, н, ң* (мұрын жолды). Үнді дауыссыздарда үн басым болады да, салдыр аз болып келеді.

2. *Айтылуына (жасалу тәсіліне)* қарай дауыссыздар *шұғыл және ызың* болып екіге бөлінеді. Шұғыл дауыссыздар: *б, п, д, т, ц, г, к, қ, ч*. Ызың дауыссыздар: *в, ф, з, с, ж, ш, щ, г, х, һ*.

3. *Жасалу орнына (дыбыстау мүшелерінің қатысына)* қарай дауыссыздар келесідей жіктеледі. Ерін дауыссыздары: *б, п, м, у*. Тіс пен ерін дауыссыздары: *в, ф*. Тіс дауыссыздары: *з, с, т, ц*. Тіл алды дауыссыздары: *ж, ш, щ, ч, н, р, л, й*. Тіл ортасы дауыссыздары: *к, г*. Тіл арты дауыссыздары: *қ, г, ң, х*. Көмей дауыссызы: *һ*.

Кесте 20. *С.М.Исаевтың жіктеліміндегі жасалу орнына (дыбыстау мүшелерінің қатысына) қарай қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар*

Жасалу орнына қарай		Ерін	Тіс пен ерін	Тіс	Тіл алды	Тіл ортасы	Тіл арты	Көмей
Айтылуына қарай	Үн қатысына қарай							
Ызың	қатаң	<i>п</i>		<i>т, ц</i>	<i>ч</i>	<i>к</i>	<i>қ</i>	
	ұяң	<i>б</i>		<i>д</i>				
Шұғыл	қатаң		<i>ф</i>	<i>с</i>	<i>ш, щ</i>		<i>х</i>	
	ұяң		<i>в</i>	<i>з</i>	<i>ж</i>		<i>г</i>	<i>һ</i>
Үнді (сонор)		<i>м, у</i>			<i>н, р, л, й</i>		<i>ң</i>	

Қазақ тілінің дауыстылары мен дауыссыздарының тағы бір басты айырмасы: дауыстылар буын жасай алады да, дауыссыздар буын жасай алмайды. Сондықтан дауыстыны буын құрағыш дыбыс деп, дауыссызды буын құрай алмайтын дыбыс деп те атауға болады. Бұл дыбыстардың атқаратын қызметіне қарай айырылуы [111, 232].

І. Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың жіктелімі бойынша дауыс қатысына қарай қазақ тіліндегі дауыссыздар саны – 26. Олар үш топқа бөлінеді: 1) *үнді (сонор) дыбыстар*; 2) *ұяң дыбыстар*; 3) *қатаң дыбыстар*; ұяң мен қатаң екеуі қосылып, *үнсіздер* деп аталады. Үнділер: *м, н, ң, р, л, (у, й)*; Ұяңдар: *б, в, г, г, д, ж, з*. Қатандар: *п, т, к, ф, с, ш, қ, ч, щ, ц, х, һ* [111, 262].

Кесте 21. *І. Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауыссыз фонемалар*

Жабуысыңқы	ҮНСІЗ	Жасалу орнына қарай		Ерін дауыссыздары	Тіс пен ерін дауыссыздары	Тіс дауыссыздары	Тіл ұшы дауыссыздары	Тіл алды дауыссыздары	Тіл ортасы дауыссыздары	Тіл арты дауыссыздары	Көмей дауыссыздары	
		Жасалу жолына, дауыс қатысына қарай										
		Қатаң		<i>n</i> (<i>p</i>)		<i>m</i>			<i>k</i>	<i>q</i>		
		Ұяң		<i>b</i> (<i>v</i>)		<i>d</i>			<i>g</i>			
		Аффрикат	қ а т а ң			<i>ʧ</i> (<i>ç</i>)	<i>ʧ</i> (<i>ç</i>)					
			Ұ я ң				(<i>ʝ</i>) <i>z</i>					
		Мұрын жолды үнді		<i>m</i> (<i>m</i>)			<i>n</i>				<i>ŋ</i>	
		Қатаң				<i>f</i>	<i>s</i>		<i>ʃ</i>		<i>x</i>	<i>h</i>
		Ұяң				<i>v</i>	<i>z</i>		<i>ʒ</i> (<i>ʒ</i>)		<i>ʒ</i>	
		Ауыз жолды үнді		<i>y</i> (<i>w</i>)			<i>l</i>	<i>r</i> , <i>ʝ</i>				

С.Мырзабековтың жіктелімі бойынша қазіргі қазақ тілінде 25 дауыссыз фонема бар. Олар акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай үшке жіктеледі [112, 32].

1. Дауыстың (салдардың деуге де болады) қатысына қарай дауыссыздар әдетте үшке бөлінеді:

- а) үнділер: *л, м, н, ң, р, й, у*;
- ә) ұяңдар: *б, в, г, ғ, д, ж, з*;
- б) қатандар: *п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч*.

Ұяңдар мен қатандар үнсіз делінеді.

2. Дауыссыздарды айтылу (ауаның шығу) жолына қарай да үш топқа бөлуге болады.

- а) Шұғыл (эксплозив) дауыссыздар: *п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, ң*;
- ә) Ызың (фрикатив) дауыссыздар: *ф, в, с, з, ш, ж, х, ғ, һ, л, й, у*;
- б) Діріл дауыссыз – *р*.

3. Жасалу немесе айтылу (артикуляциялық) орнына қарай дауыссыздар алдымен үш топқа бөлінеді:

- а) ерін (лабиаль) фонемалары: *п, б, ф, в, м, у*;
- ә) тіл (лингваль) фонемалары: *т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, к, г, қ, х, ң, н, л, р, й*;
- б) көмей (фарингаль) фонемасы – *һ*.

Дауыссыз фонемалардың көпшілігі тілдің тікелей қатысуымен жасалады. Тіл фонемалары үшке бөлінеді:

- а) тіл алды: *т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р*;
- ә) тіл ортасы: *й*;
- б) тіл арты: *г, г, к, қ, ң, х*.

Кесте 22. *С.Мырзабековтың жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауыссыз фонемалар*

Дауыстың қатысына қарай			Айтылу жолына қарай			Жасалу немесе айтылу орнына қарай		
<i>үнділе</i> <i>р</i>	<i>ұяңда</i> <i>р</i>	<i>қатаңд</i> <i>ар</i>	<i>Шұғыл</i> <i>дауыс</i> <i>сызда</i> <i>р</i>	<i>Ызың</i> <i>дауыс</i> <i>ыздар</i>	<i>Діріл</i> <i>дауы</i> <i>ссыз</i>	<i>Ерін</i> <i>фонем</i> <i>алары</i>	<i>Тіл</i> <i>фонемала</i> <i>ры</i>	<i>Көмей</i> <i>фонемас</i> <i>ы</i>
<i>л, м,</i> <i>н, ң, р,</i> <i>й, у</i>	<i>б, в,</i> <i>г, г,</i> <i>д, ж,</i> <i>з</i>	<i>п, ф, к,</i> <i>қ, т, ш,</i> <i>с, х, һ,</i> <i>ц, ч</i>	<i>п, б,</i> <i>т, д,</i> <i>к, г, қ,</i> <i>ц, ч,</i> <i>м, н, ң</i>	<i>ф, в, с,</i> <i>з, ш,</i> <i>ж, х, г,</i> <i>һ, л, й,</i> <i>у</i>	<i>р</i>	<i>п, б, ф,</i> <i>в, м, у</i>	<i>т, д, с, з,</i> <i>ш, ж, ц,</i> <i>ч, к, г, қ,</i> <i>х, ң, н, л,</i> <i>р, й</i>	<i>һ</i>

Кесте 23. *С.Мырзабековтың жіктеліміндегі тіл фонемаларының бөлінуі*

Тілдің тікелей қатысына қарай		
Тіл алды	Тіл ортасы	Тіл арты
<i>т, д, с, з, ш, ж, ц, ч,</i> <i>н, л, р</i>	<i>й</i>	<i>г, г, к, қ, ң, х</i>

Ә.Жүнісбектің жіктелімі бойынша қазақ тілінде 17 төл дауыссыз дыбыс бар. Олар қолданымдағы әліпби құрамында былай таңбаланады: *б, г-г, д, ж, з, й, қ-к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у (w), ш*.

Дауыссыз дыбыстар дауыстың (дауыс желбезегінің) қатысына қарай: *қатаң (тербеліссіз), ұяң (тербеліңкі) және үнді (тербелімді)* болып үш топқа бөлінеді [113, 75].

Кесте 24. *Ә. Жүнісбектің жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар*

Дауыссыз дыбыстар	<i>б, ғ-ғ, д, ж, з, й, қ-к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у (w), ш</i>
<i>қатаң (тербеліссіз) дауыссыздар</i>	<i>п, т, қ-к, с, ш</i> <i>Қатаң дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі: дауыстың қатыспауы</i>
<i>ұяң (тербеліңкі) дауыссыздар</i>	<i>б, д, ғ (-ғ), з, ж</i> <i>Ұяң дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі: дауыстың жартылай қатысуы</i>
<i>үнді (тербелімді) дауыссыздар</i>	<i>м, н, ң, р, л, й, у (w)</i> <i>Үнді дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі: дауыстың мол қатысуы</i>

Неліктен *в, ф, ц, ч, ш* дыбыстары қазіргі қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыс қатарына қосылған деген сауал туындайды? Мысалы: *ащы* деген сөздің орнына А. Байтұрсынұлы айтқандай, *ашшы* десек, төл дыбыстарымыздың танымдық-тағылымдық мән-мағынасы санамызда жаңғырып тұрар ма еді? Сонымен қатар, *айыру белгісі (ь) мен жіңішкелік белгісі (ъ)* бар сөздерге А. Байтұрсынұлы айтқандай, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздер алынуы тиіс.

Қазақ тілінің табиғатына сай келмейтін барлық қазақ тілді емес сөздер қазақ говорына сәйкес өзгерістерге ұшырауы тиіс. Бұл біріншіден, қазақ тілінің дыбыстарына бөгде болып табылатын барлық қазақ тілді емес сөздердің барлығындағы дыбыстар қажетті болып табылатын дыбыстармен алмастырылады, екіншіден, қазақ тілді емес сөздердің суффикстері қазақ тілінің суффикстерімен алмастырылады, үшіншіден, қосарлы дыбыстар қарапайым күйде қабылданады, төртіншіден қазақ тіліне бөгде болып табылатын жалғаулар айтылу барысында сол тілге ыңғайланып, сол тілдің талап етілген аясында өзгертілуі тиіс. Мысалы: Оренбург –Орынбор, Самара-Самар, пуховой – бөкебай және т.б. [1,423]. Байтұрсынұлы айтқан ережені негізге ала отырып, *ноль* деген сөзді неге *нөл* демеске? Сонда осы сөздегі айыру белгісі қолданыстан алынар еді.

Біздің ойымызша, жоғарыда аталған дыбыстардың дауыссыз дыбыс қатарына енгізілуі орыс тілінің әсерін күшейту, әсірелеу мақсатында қазақтың дүниетанымын өзгерту мақсатында енгізілген өзгеріс. Себебі, әріп арқылы беріліп тұрған мәдениет, дүниетаным, ақпарат адамның санасында қалып қояды. Адамның санасындағы ақпарат біртіндеп жады арқылы қалыптасып, адамның дүниетанымының өзгеруіне әкеліп соғады. Бұдан әріп арқылы берілетін когнитологиялық аспект бар екендігін, адам санасында қалыптасатын таным арқылы адам санасына түбегейлі өзгеріс енгізуге болатындығын байқаймыз.

С.Мырзабеков «Қазақ тілінің фонетикасы» атты оқу құралының 33 бетінде мынадай пікір білдіреді. Тіл фонемаларын тіл-тіс, тіл ұшы, т.б. түрде бөлу ұшырайды. Бірақ олай бөлу есте сақтауды қиындатады және оның практикалық мәні де аз делінген. Тіл фонемаларын тіл-тіс, тіл ұшы, т.б. түрде бөліп қарастыру С.Исаевтың, І. Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың дауыссыз дыбыстар жіктелімінде кездеседі. Демек, С.Мырзабековтың дауыссыз дыбыстар туралы пікірі С.Исаевтың, І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың дауыссыз дыбыстар туралы пікіріне кереғар екендігін байқауға болады.

Жоғарыда аталған ғалымдардың дауыссыз дыбыстар жіктелімін салғастыра келе, қай ғалымның идеясы А. Байтұрсынұлына жақындау деген ой туындайды. Сонымен, А. Байтұрсынұлының қалыптастырған емлесіне жақын келетін идея – Ә.Жүнісбектің қарастырған дауыссыз дыбыстар жіктелімі. Дауыссыз дыбыстарының саны жағынан да сәйкес келеді. Сонымен қатар, құрамы жағынан ұқсастықтар мен сәйкестіктер басым. Ал, жіктелім жағынан аздаған айырмашылық байқалады. Ә.Жүнісбек дауыссыз дыбыстарды дауыс желбезегінің қатысына қарай тербеліссіз, тербеліңкі, тербелімді деп үшке бөліп қарастырады.

Дауыссыз дыбыстардың саны жағынан С.Исаевтың, С. Мырзабековтың, І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың қарастырған дауыссыз дыбыстар жіктелімінің сәйкестігі басым. С. Исаев – 26 дауыссыз дыбыс, І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев -26, С.Мырзабеков – 25 дауыссыз дыбыс. Жоғарыда аталған ғалымдар жіктеуінде неліктен дауыссыз дыбыстар саны көбейіңкі деген сауалға келер болсақ, орыс тілінен енген дауыссыз дыбыстар саны есебінен көбейгендігін байқауға болады. Жалпы алғанда, С.Исаевтың, С.Мырзабековтың, І Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың қарастырған дауыссыз дыбыстар жіктелімі А.Байтұрсынұлынан бастау алады. Бірақ, дауыссыз дыбыстар саны жағынан А.Байтұрсынұлының жіктеліміндегі дауыссыз дыбыстар санынан орыс тілінің әсерінен енген дыбыстар бар болғандықтан басым болып табылады.

Жоғарыда аталған ғалымдардың дауыссыз дыбыстарды жіктеуі А.Байтұрсынұлының қалыптастырып кеткен дауыссыз дыбыстар жіктеуінен бастау алады. Ауыз мүшелерінің ішінде де көбінесе қызмет қылатын – тіл. Тілдің қатыспайтын дыбысы жоқ. Қай сөзде болса да дыбысқа түр беріп, тіл дыбысы болып шығуына тіл қатыспай қалмайды,-дейді А. Байтұрсынұлы. Ғалымдардың тіл арты, тіл ұшы, тіл ортасы, т.б. деп қарастырған бөлінісі бұдан бір ғасыр бұрын А. Байтұрсынұлы жасаған дыбыстар жіктеліміне негізделген деп толыққанды айтуға болады. Себебі, А. Байтұрсынұлы қазақ тіл біліміндегі грамматологияның ғана емес, сонымен қатар, фонологияның да негізін қалаушы.

2.6 А. Байтұрсынұлы әліпбиі мен латын әліпбиінің жіктелімі

Академик тарихшы Манаш Қозыбаев: «Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың феномені. Оның есімі, осы дүбірлі ғасырдың түбірлі, түбегейлі құбылыстарымен тағдырлас. Сондықтан Байтұрсынұлытану шын мәнінде ғасыр тану десе болады. ...Ахметтануды дамыту барлық гуманитарлық ғылымдардың ортақ парызы» деген екен.

А. Байтұрсынұлы реформалаған қазақ әліпбиінің ережелері мен принциптері алғаш рет 1924 жылғы 12-18 маусымында Орынборда өткен қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде қабылданды.

Бұл съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Әзиз Байсейітов, Біләл Сүлеев, Нәзір Төреқұловтар делегат болып қатысты. Қазақстаннан съезд президиумына А.Байтұрсынов сайланды, сондай-ақ ол съезде жұмыс істеген бірнеше комиссияның құрамына енді.

Съезд түркі халықтарының бұрыннан қолданып отырған алфавиттерін тастап, латынға көшу жөніндегі пікір таласында екі топ бөлініп шықты. Бірі – бұрыннан пайдаланып келген әрі нақтылы ұлт тіліне лайықталып, реформаланған, ресми қабылданған араб не орыс графикасын (мысалы, сол кезде чуваштар қолданып отырған) латыншаға ауыстырудың ешқандай не саяси-идеологиялық, не экономикалық тиімділігі жоқ, сауат аштыру, оқыту ісінде де лайықталған араб графикасы мен қабылданбақшы латын жазуының бір-бірінен артық-кемдігі шамалы, керісінше, жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба дүниеден, жазба дәстүрден қол үзу қаупін тудырады дегенді айтты. Екінші тобы – араб жазуы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай келмейді, латын алфавиті түркі тілдерін еуропа мәдениетіне жақындастыра түседі дегенді дәлел етті. Алғашқы пікірдегілердің бірі – А.Байтұрсынов болды. Бұл жерде А.Байтұрсыновтың концепциясынан ұлтшылдық, пантюркистік немесе советке қарсылық іздеу мүлде қисынсыз: араб жазуы арқылы ислам дінін уағыздауды ол көздеген жоқ, өйткені ол дін қамқоршысы емес, оның үстіне А.Байтұрсынов реформалаған қазақ жазуы қаракетті құран жазуынан мүлде алшақ екені айдан анық, пантюркистік пиғылда болды деу де орынсыз, керісінше, А.Байтұрсынов қазақ ұлтының, қазақ тілінің дербестігін (қазақтардың «іргелі жұрт» екендігін) қатты қолдаған адам, үшіншіден, бұл жердегі ғалым әрекетінен антисоветизм іздеу де нанымсыз, себебі жазу таңбасының түрі идеологияның мазмұны мен бағытын өзгерте алмайтындығын А.Байтұрсынов та, өзгелер де, қазіргі біз де жақсы білеміз. Бірдей графика халықтар мәдениетін жақындастыратындығы сөзсіз, бірақ латынға көшкен түркі халықтары ол күнде отандас орыс халқының емес, капиталистік қоғамда өмір кешіп отырған еуропа жұрттарының мәдениетіне жақындай түскен болар еді. Демек, ғалымның араб жазуын жақтаудағы мақсаты – осы съездегі және 1924 жылғы қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіндегі сөзіне қарағанда, 12-13 жыл бойы қолданылып, орнығып қалған, қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталып өзгертілген, ресми түрде қабылданған алфавиттің қазақ жазуы мұқтаждығын толық өтеп

отырғандығы, оның дыбыс әдісімен оқыту ісінде айтарлықтай қолайлы болып шыққандығы, полиграфиялық мүмкіншіліктер тұрғысынан да бұрынғы алфавитті сақтау пайдалырақ екендігі. А.Байтұрсынов бұл съезде айтқан пікірін одан кейін де, 1927 жылы Қызылордада жазу (графика) мәселесіне арналған конференцияда («Әліпби айтысында») қайталап, дәлелдей түседі [60, 27-28].

А. Байтұрсынұлы Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін және құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазуымыздың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады.

А.Байтұрсынұлы баяндамасында латын әрпін алуға байланысты келесідей тұжырымдар келтіреді: «Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын алып сөйлемекшімін. Ең әуелі аңғартып өтетін бір нәрсе сол – латын әрпін алу деген –тіршілік мұқтаж қылғаннан, ділгерлік қосып туғызып отырған мәселе емес. Ділгерлік қыспақ түгіл, еш уақытта әншейін керек қылған нәрсеміз емес.

Керек қылмағанымыз–қажетімізге жарататын басқалардікінен анағұрлым артық әрпіміз болғандықтан.

Әліп-би деген асылына адам арқылы жетпейтін нәрсе емес. Әліп-биде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс [1,400].

Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы [1,400].

Қазақ алдақашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуымызға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, француздікінен, ағылшындікінен оңай, оңтайлы. Түрік жұртының 90%-і баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының араб әрпімен жасалған хат мәдениеті бар (хат мәдениеті деп әріпке қатысы бар нәрсенің бәрі айтылады, мәселен: сауаттылық, оның жүзіндегі дағдылы өнер-білім, ілім, емле үйрету әдісі, баспа істері, баспа мамандары, жазба мамандары, жазылған, басылған барша сөздер, тағысын тағы сондайлар).

Хат мәдениеті бар халыққа бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес. Бірте-бірте барып алып кетуге бірталай уақыт керек, бірталай артық тұрған қаржы керек. Бірталай артық тұрған адамның күші, ісі керек. Әуелі, ондай қаржы, күш пен іс екі әріппен бірдей қатар оқыту, сауат ашу істеріне керек. Екінші баспа дүкендерінде қатар дүкен құрылмақ, қатар жұмыс жүрілмек, басылып шығып жатқан нәрселердің бәрі де екі әріппен бірдей басылып шығып тұрмақ. Мұның аты екі шығын болмақ, екі жұмыс

болмақ. Артық қаржы, артық күш бұған керек», - деген өз пікірімен құрылтайға қатысушылармен бөліседі [1,400-401].

А. Байтұрсынұлының 1927 жылы жақтаған баяндамасында латын жазуы мен төте жазудың ерекше сипаттарын келесідей анықтаған жөн деп айтады [1,402]:

1. тіл дыбысына жеткілікті – жеткіліксіздігі қанша?
2. қайсысымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?
3. қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?
4. қайсысы баспаға қолайлы (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы)?
5. үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?
6. көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?

Тіл дыбысының жеткілікті болу жағынан араб әрпі артық, себебі латын әрпінің он бес әрпін ғана алған және қалған жеті әрпін өзгертіп қосқан. Жазу тұрғысынан қарастырғанда, латын жүйелі әріппен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады және жазу жолы да солдан оңға қарай жүреді. Араб әрпімен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің бағдарымен бірыңғай келіп отырады және жазу оңнан солға қарай жүреді. Сонымен қатар, латын әрпін оңға қарай жазғанда қол қардың жайылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын қиындайды. Ал, араб әрпінде оңнан солға қарай жазғанда қол қардың жиылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын жеңілденеді. Қол тыныққан есепті болып, талмайды. Үйретуге жеңілдік жағынан да араб әрпі латын әрпінен анағұрлым артық екендігін айтады.

А. Байтұрсынұлы араб әрпі мен латын әрпінің қолайлылығын салыстыра келіп, келесідей тұжырымдар береді:

- 1) араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай. араб әрпімен басылған сөз бен жазылған сөздің арасында айырым аз болады;
- 2) латын әрпі екі түрлі сызық, тік сызық, сопақ шеңбер сызық. латын жүйелі әріптердің бәрі осы екі түрлі сызықтың түрліше үйлесіп құралуынан шыққан. үстіне қоятын қосымша белгілері де аз;
- 3) латын жүйелі әріппен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады. сол ыңғайына қарай жазу жолы да солдан оңға қарай жүреді;
- 4) баспа ісі жағынан араб әрпінің ескісі латын әрпінен төмен, жаңасы артық
- 5) сауат ашу жүзінде араб әрпінің қолайлығы латын әрпінен артық;
- 6) араб әрпі сызығы түрлі болғандықтан, көзге көркем шырайлы көрінеді;
- 7) латын әрпі ұлылы кішілі қосар таңбалы болады. баспа әрпі мен жазба әрпі біріне бірі ұқсамайтын түрде болады;
- 8) латын әрпі өзгеріссіз алынбайды. латын әрпінің аз дегенде 25-30% өзгеріске ұшырайды;
- 9) латын әрпінің пішіндеме сызықтары көзге көсе көрінеді.

Оқу жағынан алғанда қандай әріппен басылған я жазылған сөз болса да сүгірет секілді. Неғұрлым сөз сүгіреті көзге елеулірек болса, соғұрлым жылдам танылып, шапшаң оқылмақшы. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды.

А. Байтұрсынұлы араб әрпі мен латын әрпін салыстыра келіп, сөздің тез танылу жағынан араб әрпі латын әрпінен артық деген байламға келеді. Латын әрпі ұлылы-кішілі қосар таңбалы болады. Баспа әрпі мен жазба әрпі біріне – бірі ұқсамайтын түрде болады. Бір сөзде екі түрлі сүгірет болғандықтан, біреуін танудың орнына, екі-екіден тану керек болады. Әріптің екі баспа түрін, екі жазба түрін, сөздің екі баспа сүгіретін, екі жазба сүгіретін тану қажет болады. Бір жұмыстың орнына көп жұмыс істеу қажет болады.

А. Байтұрсынұлы латын тілінде басты орын алатын нәрсе баспа әрпінің даралығы. Бірақ оның бұл қасиетінің өмірі аз дейді, себебі сөзді әрпімен оқу жоғалып, сөздің тұтас сүгіретін оқу күшейе беретіндіктен, даралықтың пайдасы кеми береді. Сөз сүгіретін тез танытуға араб әрпі артық болатын себебінің бірі осы деген тоқтамға келеді. Құрылтай соңында жалпы қорытынды жасайды.

1) Араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай. Онысын сауатты адамдардың күндегі ісінің жүзінде көп пайдалы болып шығады;

2) Сауат ашу жүзінде араб әрпінің қолайлығы латын әрпінен артық;

3) Баспа ісі жағынан араб әрпінің ескісі латын әрпінен төмен, жаңасы артық;

4) Машиналарға орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісі де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр;

5) Араб әліпбиінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі нағыз оңай, бұқараға қолайлы емле [1,410].

Әліпби түзеу, емле түзеу жағынан соңғы кезде істелген жұмыстардың жемісті болғандығын, бұл жағынан қазақ халқы Еуропа, Америка халқы жазуынан да көшбастап тұрғандығын айта кетеді.

Бакуде өткен құрылтайда А.Байтұрсынұлы пән сөздері туралы да сөз қозғайды: онда пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ халқы басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы тілдерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен.

Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін – қайсысына болса да

түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Сол жол басқа түріктер қолдануына да теріс болмас делінді [1, 413].

М.Дулатұлы өз сөзінде А. Байтұрсынұлы жетілдірген араб графикасының артықшылығын атап көрсетеді: «Араб әрпінің өзгеріп отырғаны ырас. Бірақ қалай өзгертілген, әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14-і ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болуы керек еді ғой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше «бұл өзгертушілердің шеберлігі деп біліңдер». А. Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалғандығын басты негізге алады.

Когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдары: ойлау, білім, когниция, дүниені тілдік көру, менталдылық, концепт т.б. екендігін ескерсек, әріп халықтың танымымен тікелей байланысты. Адамның санасында күнделікті көріп, күнделікті жазып отырған жазу туралы ақпарат қалыптасады. Бұдан әріпте когнитологиялық аспект бар екендігін байқауға болады.

Жазуға күнделікті қарау және күнделікті өмірде күнге қолдану, сол жазумен жазылған ақпараттарды оқу адамның ойына, сезіміне және көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді. Көне түркі таңбалары мен жазудың символдық мәні бар. Әр таңбада мән бар, ұлттық таңбалық ерекшелік бар. Әріп беріп тұрған мәдениет, дүниетаным, ақпарат адамның санасында қалып қояды.

Таңба – мағынаның (ұғымның) ең негізгі, ең тұрақты, ең әмбебап көрінісі десек, дыбыс – адамның дыбыстау мүшелері арқылы дыбысталатын таңбаның тұрақты айтылуы. Дыбыстың тұрақтылығы адамның дыбыстау мүшелерінің анатомиялық құрылысына, дыбыстау мүшелерінің анатомиялық құрылысына, дыбыстау аппаратына байланысты, сондықтан кез келген дыбысты айтқанда белгілі бір шектен аспаймыз. Дыбыстардың бір-біріне жақын нәм өзгергіш болуы да осыған байланысты. Сондықтан, тек дыбысқа, яғни фонологиялық сипатқа ғана айрықша мән берудің бұрыстығы осыдан байқалады.

Этимологиялық талдау арқылы әуелгі тілді қалпына келтіру – адамзаттың ежелгі арманы. Философия ғылымында «әуелгі затты не идеяны» анықтау тәрізді, «әуелгі тіл» туралы Демокрит мынадай пікір айтқан екен: «...заттарға есім тағу алғашқы қауым кезінде пайда болды. Атау үшін «символдар» қолданылды, бірақ адам баласы жер бетінде шашырап жүргендіктен, әр түрлі тілдер қалыптасады».

Символ интуитивті және бейсаналық түрде қосыла алатын белгісіз, иррационалдық болмыс элементі ретінде анықталады. М.Мамардашвили мен А.Пятигорский заманауи мәдениет сана символдарын тіл белгілеріне айналдырады, солай ете отырып, тіпті өзін жоя отырып, символизмді мәдениет негізі ретінде жояды деп атап өтеді [114].

Символдар тіл бірліктерінде көрініс таба отырып, тілдік дыбыстарды бейнелеуге тікелей қатысады. А. Байтұрсынұлының еңбегінде символдар қазақтың төл дыбыстарын араб әрпімен таңбалау арқылы көрініс табады. Келесі кестеде А. Байтұрсынұлының дыбыстарды араб әрпімен таңбалауы берілген. Оның негізіне 1912 жылы жарияланған «Айқап» журналының № 4-5 санында қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп берілген жіктелім қолданылды. Жазу экономиясына жету үшін «<» дәйекші белгісін қолданады.

Кесте 25. А. Байтұрсынұлының жіктеліміндегі қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға сипаттама

№	Араб әрпімен таңбалануы	Қазақ әрпімен таңбалануы	Дыбыстардың сипаты
1	ا	А а	езулік, жуан дауысты, ашық дауысты
2	اَء	Ә ә	езулік, жіңішке, ашық дауысты
3	و	О о	еріндік, жуан дауысты, ашық дауысты
4	وُ	Ө ө	еріндік, жіңішке, ашық дауысты
5	ؤ	Ұ ұ, У у	еріндік, жуан дауысты, қысаң дауысты
6	ؤُ	Ү ү	еріндік, жіңішке, қысаң дауысты
7	ى	Ы ы	езулік, жуан дауысты, қысаң дауысты
8	يَ، هَ	Е е	езулік, жіңішке дауысты, ашық дауысты
9	ى	І і	езулік, жіңішке дауысты, қысаң дауысты
10	ي	Й й	езулік, жуан, жіңішке дауысты, қысаң дауысты
11	ب	Б б	ұяң дыбыс, шұғыл фонема, ерін дауыссыз
12	پ	П п	қатаң дыбыс, шұғыл фонема, ерін дауыссыз
13	ت	Т т	қатаң дыбыс, шұғыл фонема, тіс дауыссызы
14	ج	Ж ж	ұяң дыбыс, ызың фонема, тіл алды дауыссызы
15	چ	Ш ш	қатаң дыбыс, ызың фонема, тіл алды дауыссызы
16	د	Д д	ұяң дыбыс, шұғыл фонема, тіс дауыссызы

17	ر	Р р	үнді дыбыс, тіл алды дауыссызы
18	ز	З з	ұяң дыбыс, ызың фонема, тіс дауыссызы
19	س	С с	қатаң дыбыс, ызың фонема, тіс дауыссызы
20	ع	Ғ ғ	ұяң дыбыс, ызың фонема, тіл арты дауыссызы
21	ق	Қ қ	қатаң дыбыс, шұғыл фонема, тіл арты дауыссызы
22	ك	К к	қатаң дыбыс, шұғыл фонема, тіл ортасы дауыссызы
23	گ	Г г	ұяң дыбыс, шұғыл фонема, тіл ортасы дауыссызы
24	ڭ	Ң ң	үнді дыбыс, тіл арты дауыссызы
25	ل	Л л	үнді дыбыс, тіл ұшы дауыссызы
26	م	М м	үнді дыбыс, ерін дауыссызы
27	ن	Н н	үнді дыбыс, тіл ұшы дауыссызы
	ء	дәйекші	дәйекші

А. Байтұрсынұлы төте жазуды қазақ тіліне бейімдеп жасау барысында араб тілінің 14 әрпін өзгеріссіз күйінде алған, 5 әрпіне дайын ереже қосып алған [1].

Кесте 26. А.Байтұрсынұлының дыбыстарға байланысты жасаған ережесі

№	Дыбыстардың таңбалануы	Дыбыстардың таңбалану ережесі
1	Алиф. Маддалы алиф ^ا , ал оқылмайтын алиф ^آ .	Алифтің үстіндегі белгі мәд деп аталады. Мысалы: ай – ^ا ي. Егер, маддалы алиф сөз басында келсе, онда «а» болып оқылады.
2	Сүйеу хисабында алиф әрпі басқа әріп қасына қойылса, «а» болып оқылмайды.	Егер, ^ا алиф әрпінің алдында дәйекші «ء» белгісі тұрса, онда «ا» алиф әрпі жіңішке айтылады. Мысалы: ән – ^ء ان.
3	«Ұ» әрпінің алдында берілген сүйеу таяқша белгісі сөздің дауысты дыбыстан басталатындығын білдіреді, яғни дауысты дыбыстың алдында ғана қойылады.	Сүйеу таяқша оқылмайды, сүйеу ретінде ғана қойылады. Мысалы: ұр – ^ا ور, ұн – ^ا ون, ұқ – ^ا وق.
4	А. Байтұрсынұлы әріптер санын үнемдеу үшін дәйекші белгіні алған. Себебі, дауысты	Дауысты дыбыстар а- ^ا , о- ^و , ұ- ^ۇ , ы- ^ي жіңішке айтылуы үшін дәйекші белгі «ء» қолданылады. Бұл белгі

	дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынады. Егер, дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылады.	сөздің алдында дәйекшіге тұрып, ол сөздің жіңішке оқылуы керек екендігін көрсетеді, бұл белгі тұрса, сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды жіңішке айтамыз.
5	А.Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі у мен и әріптерін дауыссыз дыбыстардың таңбасы ретінде қарастыра отырып, ауызекі тіл мен жазба тілде көрініс табатын ерекшеліктерге де әліпби жасау барысында назар аударды.	Оны сөз құрамында қосар әріптермен (дифтонгтар, ұу, үу, ый, ій) берді, мысалы: су –сұу, туған-тұуған, туысқан-тұуысқан, жуан-жұуан, ми-мый, тиын–тыйын, тиін–тійін, қиын-қыйын, жиын-жыйын, сиын -сыйын, сиқым-сыйқым, жиналыс-жыйналыс, ти –тый, т.б.
6	«Ұ» және «ү» әріптерінің сыртқы бейнесі замма және дәйекші белгісін қою арқылы өзгеріске ұшырады.	Замма белгісінің уау (ә) әрпінің үстіне қойылуы арқылы ұ мен ү әріптерін ажыратуға негіз туды. Замма белгісі қойылса ұ әрпі, ал уау (ә) дыбысының қасына дәйекші белгі « және үстіне замма белгісі қойылса ү әрпі.
7	Сөздердің жазылуы мен дыбысталу (айтылу) сазы бірдей бола бермейтіндігі и әрпімен келген сөздерге байланысты берілген мысалдардан нақты байқалады. Негізі бұл ый, ій, йу, йа, ұу, ір деген дыбыстар қосындысы (тіркесі) арқылы таңбаланады.	Мысалы: ый, ій дыбыстар қосындысына берілген мысалдар айтылуда –сыйыр, мый, тыйын, тійін, қыйсық, қыйсын, жыйын, жыймақ болса, ал жазылуда – сиыр, ми, тиын, тиін, қисық, қисын, жиын, жимақ болады. Ал, йу, йа, ұу, ір дыбыстар қосындысына берілген мысалдар айтылуда –айу, байу, тайу, айа, аяз, тайа, тайаз, тайар, ұуық, ұуыз, ұуыс, ұуақ, сұу, тұуған, тұуысқан, жұуан, ірет, іретінше болса, ал жазылуда – аю, баю, ая, аяз, тая, таяз, таяр, уық, уыз, уыс, уақ, су, туған, туысқан, жуан, рет, ретінше болады.

Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерінің жобасын «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы

Президентінің 2018 жылы 19 қазандағы №637 Жарлығына сәйкес бекітілген әліпби негізінде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Институт) әзірледі [115,3].

Ережеде:

- латын негізді әліпби бойынша қазақ тілі дыбыстарының мәнін білдіретін әріптердің үндестікпен, үйлестікпен жазылу нормасы көрсетілді;

- сөздерді бірыңғай жуан немесе жіңішке жазу, соған сәйкес қосымшалардың жуан немесе жіңішке жалғану үлгісі берілді;

- қосар дыбыстарды (ұу/үу, ый/ій) дара әріппен (у, и әріптерімен) таңбалаудың үлгісі ұсынылды;

- қазақтың әдеби тіліндегі емлесі қиын сөздердің орфографиялану ерекшеліктері көрсетілді;

- латыннегізді жаңа әліпбиде жоқ ё, й, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ әріптерінің жазылу баламасы берілді;

- бейүндес буынды кірме сөздерге қосымша жалғаудың орфографиялану тәртібі көрсетілді;

- шеттілдік сөздердің орфографиялану үлгісі ұсынылды;

- біріккен, кіріккен, тіркесті және қос сөздердің емлесі, сондай-ақ бас әріппен жазылатын атаулардың жазылуы мен тасымалдың тәртібі көрсетілді [116].

Кесте 27. Латын негізді қазақ әліпбиіндегі 32 дыбыс

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ					
Баспа түрі	Көркем жазу түрі	әріп атауы	Баспа түрі	Көркем жазу түрі	әріп атауы
Aa	<i>A a</i>	[a]	Áá	<i>Á á</i>	[yá]
Áá	<i>Á á</i>	[á]	Oo	<i>O o</i>	[o]
Bb	<i>B b</i>	[by]	Óó	<i>Ó ó</i>	[ó]
Dd	<i>D d</i>	[dy]	Pp	<i>P p</i>	[py]
Ee	<i>E e</i>	[e]	Qq	<i>Q q</i>	[qy]
Ff	<i>F f</i>	[fy]	Rr	<i>R r</i>	[yr]
Gg	<i>G g</i>	[gi]	Ss	<i>S s</i>	[sy]
Ġġ	<i>Ġ ġ</i>	[ġy]	Tt	<i>T t</i>	[ty]
Hh	<i>H h</i>	[hy]	Uu	<i>U u</i>	[u]
İi	<i>I i</i>	[i]	Úú	<i>Ú ú</i>	[ú]
Iı	<i>I ı</i>	[iı]	Vv	<i>V v</i>	[vy]
Jj	<i>J j</i>	[jy]	Yy	<i>Y y</i>	[y]
Kk	<i>K k</i>	[ki]	Ýý	<i>Ý ý</i>	[uý]
Ll	<i>L l</i>	[yl]	Zz	<i>Z z</i>	[zy]
Mm	<i>M m</i>	[my]	Sh sh	<i>Sh sh</i>	[shy]
Nn	<i>N n</i>	[ny]	Ch ch	<i>Ch ch</i>	[chy]

Келесі кестеде салыстырмалы түрде А. Байтұрсынұлы әліпбиі мен латын алфавитіне негізделген қазақ әліпбиіне талдау берілген. Қазіргі латын алфавиті негізіндегі қазақ әліпбиіндегі дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер: a, á, o, ó, u, í, u, ú, e [115,9]. Қазіргі латын алфавиті негізіндегі қазақ әліпбиіндегі дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: b, d, f, g, g, h, ı, j, k, l, m, n, n, p, q, r, s, t, v, y, z, sh, ch [115,10].

Кесте 28. Латын алфавиті негізіндегі қазақ әліпбиі мен А. Байтұрсынұлы әліпбиіне салыстырмалы талдау

Латын негізді әліпби	Кирилл негізді әліпби	Әріп атауы	А.Байтұрсынұлы әліпбиі	Әріп атауы
A a	А а	[a]	ا	А а
Á á	Ә ә	[ə]	ءا	Ә ә
B b	Б б	[бы]	ب	Б б
D d	Д д	[ды]	د	Д д
E e	Е е	[e]	ه, ې	Е е
F f	Ф ф	[фы]	-	-
G g	Г г	[гі]	گ	Г г
Ĝ ĝ	Ғ ғ	[ғы]	ع	Ғ ғ
H h	Х, h	[хы]	-	-
I i	І і	[і]	ى	І і
I ı	и, й	[и]	ي	Й и
J j	Ж ж	[жы]	ج	Ж ж
K k	К к	[кі]	ك	К к
L l	Л л	[ыл]	ل	Л л
M m	М м	[мы]	م	М м
N n	Н н	[ны]	ن	Н н
Ñ ñ	Ң ң	[ың]	ڭ	Ң ң
O o	О о	[o]	و	О о
Ó ó	Ө ө	[ө]	و	Ө ө
P p	П п	[пы]	پ	П п
Q q	Қ қ	[қы]	ق	Қ қ
R r	Р р	[ыр]	ر	Р р
S s	С с	[сы]	س	С с
T t	Т т	[ты]	ت	Т т
U u	Ұ ұ	[ұ]	ۇ	Ұ ұ
Ú ú	Ү ү	[ү]	ؤ	Ү ү
V v	В в	[вы]	-	-
Y y	Ы ы	[ы]	ى	Ы ы
Ý ý	У у	[ұу]	ؤ	У у
Z z	З з	[зы]	ز	З з
Sh sh	Ш ш	[шы]	چ	Ш ш

Ch ch	Ч ч	[чы]	-	-
-------	-----	------	---	---

Қазақ жазуы мен әліпбиге байланысты проф. Ә.Жүнісбек «Әліпби мәселесі» атты баяндамасында: «Бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екендігін айтады. Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайды. Реформа үш мәселені – дыбыс, әліпби және еміле-ереже – бірдей қамтиды: дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы; әліпби сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; еміле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері. Осы үш мәселе бір-бірімен байланысты және қатар шешілмей төл жазу қалыптаспайды. Ал, әліпби ауыстыру қазақ жазуына реформа жасаудың алғышарты және ең төте жолы болып табылады. Егер латын таңбаларын баптап қабылдай алсақ, онда көптеген тіл бұзар әріптер мен еміле-ережелер өзінен-өзі түсіп қалады», - дейді [117].

А. Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» оқу құралында «У» әрпіне байланысты 24 мысал берілген [1,40].

		* (у) ұ					
(суыр)	سۇر	(айау)	اياۇ	(сау)	ساۇ	(ау)	اۇ
(суық)	سۇق	(тайау)	تاياۇ	(сауын)	ساۋن	(ауыз)	اۋز
(жуық)	جۇق	(буаз)	بۇاز	(қау)	قاۇ	(бау)	باۇ
(ұуық)	اۇق	(ұуак)	اۇاق	(қауын)	قاۋن	(бауыр)	باۋر
(ұуыз)	اۋز	(ауған)	اۋعان	(қалау)	قالاۋ	(жау)	جاۋ
(ұуыс)	اۋس	(жауған)	جاۋعان	(жалау)	جالاۋ	(жауын)	جاۋن

Ау сал. Балық аула. Қой сау. Қар жауар. Қолың жу. Ақ жаулық. Қоныр саулық.
 Асау тай. Жуан карағай. Асқар тау. Жауын жауып тұр. Таудан бұлақ ағады. Саулық сауын болады. Қалауын тапса, қар жанады.

* Дауысты дыбыстардың соңында «у» жарты дауысты болады. Мысалы: саула деген сөзде үш буын емес, екі буын.

Мұнда дыбыстар қалай естіледі, солай берілген. Уақ емес, ұуақ. Уыз емес, ұуыз. Уыс емес, ұуыс деген секілді мысалдар осының айғағы.

Ал, латын негізді әліпбиде бұл дыбыстар келесідей берілген. Айтылудағы *u* (ұу), *u* (үү) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында *u* әрпімен жазылады: *uyldyruq*, *uyuz*, *yldey*; *tuyus*, *quyrshaq*, *guyil*, *tintuyir*; *oqu*, *su*, *jazy*, *kelu*, *baru* [115,11]. Қазіргі латын негізді әліпбидегі әріптер үстінде орналасқан ақут таңбасы қажет па деген сауал туындайды. Бізше, ақут таңбасы қажет емес. Себебі, ақут таңбасын қою нәтижесінде үйрету барысында қиындық туындайды. Жазу процесінде де қолайсыздық туындатады. Жадыда сақтау процесінде де көп уақыт алады. Сонымен, А. Байтұрсынұлы қазақ емлесінің, қазақ тіл білімінің, қазақ когнитологиясы мен фонологиясының негізін қалаушы. Төл дыбыстардың таңбалануы

А.Байтұрсынұлы әліпбиінен бастау алады. А. Байтұрсынұлы алғаш рет дыбыстар таңбасын жасады.

А. Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» оқу құралында «Й» әрпіне байланысты 24 мысал берілген [1,39]. Мұнда аю дегенді айу, боя дегенді бойа, баю дегенді байу деп берген. Демек, жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде берілген дыбыстық ережелердің басым көпшілігі А.Байтұрсынұлы әліпбиінде берілген ережеге негізделгендігін байқауға болады. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде «ю» әрпі «у» әріп тіркесі түрінде жазылады: айу, байу, ойу, жайу, сүйу. Бұл жерде айтқымыз келген нәрсе қазіргі латын негізді әліпбиде «ю» әрпін беруде А.Байтұрсынұлының ауызекі тіл мен жазба тіл арасындағы ерекшеліктің сақталуында болып отыр. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде я әрпі ia әріп тіркесімен жазылады: qoiaп, iaғni, saia делінген.

		* (й) ې			
(кый)	قىي	(бой)	بوي	(ой)	اوي
(кыйсық)	قيىسىق	(бойа)	بوييا	(ойла)	اويلا
(кыйсын)	قيىسىن	(бойақ)	بويياق	(ойлан)	اويلان
(жыймақ)	جيىماق	(айу)	ايۇ	(ойан)	اويان
(жыйын)	جيىين	(байу)	بايۇ	(ойна)	اويينا
(тыймақ)	تيىماق	(тайу)	تايۇ	(ойнар)	اويينار
				(ай)	اي
				(айа)	ايا
				(айаз)	اياز
				(тай)	تاي
				(тайа)	تاييا
				(тайар)	تاييار

Бай, май, шай, жай, байка, шайқа, айкай, қайқы, қайсы, қайшы, айту, айтақ, аймақ, тайлақ, тайғақ.
 Ай жарық. Айаз мықты. Шай сұйық. Қайшы құрал. Тоғай толған жылқы. Сай малға сайа болады. Құм жыйылып тас болмас. Айу ағаш сайалайды.

* «й»-дың нүктесін мұғалім өзі қояды. Матбуғада жоқ болғандықтан, нүктесіз басылды.

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде «ш» дыбысы «sh» болып берілген. Ал, А.Байтұрсынұлы әліпбиінде «ш» дыбысы бір ғана дыбыспен берілген. Демек, үйренушіге дыбысты жаттау барысында қиындық туындамайды.

		(ш) ش			
(шортан)	چورتان	(шаш)	چاش	(алаш)	الاش
(шолақ)	چولاق	(шаша)	چاشа	(алаша)	الاشا
(шошак)	چوشاق	(шашак)	چاشاق	(араша)	اراشا
(ошақ)	اوشاق	(ашу)	اشۇ	(қаш)	قاش
(арша)	ارشا	(ұшу)	اوشۇ	(қашу)	قاشۇ
(қанша)	قانچا	(шашу)	چاشۇ	(қашан)	قاشان

Жақ, шақ, жоқ, шоқ, жана, шана, жолақ, шолақ, жала, шала, ақша, бақша, шоқша, құлаш, қошқар, шошқа.
 Ашу бас. Шашу шаш. Шолақ шаш. Жолақ алаша. Шал шаршар. Шабан ат. Қара шана. Он құлаш арқан. Он құшақ арша. Бұл ақ шабақ, ол шортан.

Сонымен қатар, s, z, j дыбыстарына аяқталатын сөздерге s, sh дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбір сақталып жазылады: basshy (bashshy емес), qussha (qushsha емес), tuzsyz (tussyz емес), sózsiz (sóssiz емес), aýyzsha (aýyshsha емес), tájsiz (táshsiz емес) [115,13].

Қазіргі кезде берілген жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде «ш» дыбысы «sh» болып, қосар дыбыспен таңбаланып отыр. Демек, латын әрпіне негізделген қазақ тілінде дыбыстарды таңбалауға байланысты қиындықтар бар екендігін айтқымыз келеді. Оның бірі дыбыстарды таңбалаудағы қосар таңбалар болса, екіншісі акут таңбасы. Екі таңба да дыбыстарды бейнелеудегі өз міндетін үйренушіге дұрыс жеткізе алмайтындығын айтқымыз келеді.

Ш. А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚАЗАҚ ЕМЛЕТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

3.1. А. Байтұрсынұлының күрделі сөздер емлесі

А.Байтұрсынұлы «Емле туралы» деген мақаласында емлеге байланысты толыққанды сипаттама береді: «Емле негізі 4 түрлі: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай).

Таңба жүйелі емле – арғынға «дөңгелек» таңба алайық, қыпшаққа «жіп» таңба алайық деген сияқты немесе «бірге» мынадай «1» белгі, «екіге» мынадай «2» белгі алайық деген сияқты, не болмаса пәлен дыбысқа пәлен белгі алайық деп, дыбыс басына әріп арнаған сияқты тіл іліміне тірмей, тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деумен жасалатын емле жүйесі. Емленің бұл жүйесін алу-алмау жағын сөз қылмай өтеміз, өйткені жоғарыда емлеміз қалай жасалса да, негізгі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу тиіс дедік, - дей жазады [118].

Тарих жүйелі емле – баяғы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де, өзгерместен әдеттенген бойынша қолданатын емле. Ондай емледе бір дыбысқа арналған әріп, тіл дыбыстары өзгеріп кеткендіктен, бірнеше дыбыстың ортасындағы ортақ таңба болуы мүмкін. Бір дыбысты жазуға бірнеше әріп жұмсалуды мүмкін немесе тіпті дыбысы жоғалып кеткен әріптерді әлі күнге жоғалмастан, сөз ішінде жазылып жүруі мүмкін. Емлеміздің жүйелі болу-болмауын тағы сөз қылмай өтеміз, үйткені дағдыланған емлеше жазамыз десек, емле мәселесі қозғалмас еді.

Туыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққан дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мәселен, ауыздан шыққанда «қорада бір кара ат тұр екен» дегенде «қара» деген, «ат» деген сөздерді ауыздан шығуынша «қарат» деп жазбай, «қара ат» деп жазады. Сол секілді ауыздан шыққанда, «солай болсигеді» болып естілсе де, жазғанда «солай болса игі еді» деп, «болса», «игі», «еді» деген сөздердің тегіне қарап жазады. Бірақ осы күнгі емлемізше жазу бар болғандықтан, емленің бұл түрі сөз болуға тиіс.

Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле. Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда ауыздан бір түрлі болып шығады, әр сөзді оңаша, жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. Оның мысалын айқын түрде «ақ», «көк» деген сөздердің айтылуынан көруге болады. Осы сөздерді оңаша, жеке түрінде айтсақ, ауыздан айнымай шығады. Сол араға «өгіз» деген сөзді жалғас айтсақ, әлгі сөздеріміздің аяғы айнып, екінші түрлі естіледі (Ақ өгіз – ағ өгіз, көк өгіз – көг өгіз).

Дыбыс жүйелі емленің сөйлегендегі ауыздан шығуынша жазу түрін тілдік ілім-білім жүзінде қолданбаса, өнер-білім жүзінде еш жұртта қолдану жоқ. Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып

келеді. Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік.

Жаңа емлешілер емле үйренуге жеңіл болу үшін дыбыс жүйелі болу тиіс дейді: керек орындарда ғана туыс жүйелі (сөз жүйелі) болсын дейді. Бұрынғы емлеміз дыбыс жүйелі емес бе еді? Туыс жүйесін керексіз орында кірістіруші едік пе? Бұрынғы емлемізде дыбыс жүйелі екендігін, туыс жүйелі қандай керек орындарда кірісетіндігін жоғарыда айтып өттік. Олай болса, жаңа емлешілердің емле жобасының бұрынғыдан басқалығы қай жерінде? Басқалығы мынадай: екі сөз, үш сөз жалғаса айтылғандағы дыбыстарының естілуінше жазу тиіс дейді (бұрынғы емлемізде әр сөз жеке айтылғандағы естілуінше жазылатын). Бұл бір. Екінші, үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей, ауыздан шығуынша жазылсын дейді. Бұрынғы емлемізде ондай дыбыстар ауыздан шығуына қарамай, тегіне қарап жазылатын. Мысал үшін, бұрынғы емлеше жазу мен жаңа жобаша жазылу арасындағы айырымын бірнеше сөз алып көрсетіп өтейік. Алдыңғысы бұрынғыша, соңғысы жаңаша жазылған сөздер болады: Тұрғанбай – Тұрғамбай, қонған – қоңған, көнген – көңген, інге – іңге, бара алмайды – баралмайды, келе ал- майды – келалмайды, келе алмай тұрмын – келалмайтұрмын, бүрсі күні – бүрсігүні, бұрнағы күні – бұрнағыгүні, жазды күні – жаздыгүні, тұзсыз – тұссыз, басшы – башшы, ізші – ішші, қазса – қасса тағы сондайлар.

Мұнымен емле үйренуге оңай бола ма? Көз тануына, қол жүруіне жеңіл бола ма? Басқа түріктерге түсініктірек болып жақындар ма? – Жоқ. Олай болса, бұрынғыдан мұның несі артық деп аламыз? Емлені бұрынғысынан артық болғандай етіп өзгертуге мағана бар; бұрынғысынан төмен болғандай етіп өзгертуге мағана да, мақсат та жоқ. Кілең туыс жүйелі болсын дейтіндер де, кілең дыбыс жүйелі болсын дейтіндер де алдарында неге барып камалатындарына көз салмайды-ау деймін.

Кілең туыс жүйелі емле болсын дегенде, «балалы», «тұзлы», «атлы», «баланы», «тұзны», «атны» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы болып табылар ма? Кілең дыбыс жүйелі болсын дегенде, «сөзшең» дегенді «сөшшең» деп, «ізшілер», «ісшілер» деген сөздердің екеуін де бірдей «ішшілер» деп, «кигізсе» дегенді «кигіссе» деп, «кигізше» дегенді «кигішше» деп, «жазса» дегенді «жасса» деп, «қызса» дегенді «қысса» деп, «сезсе» дегенді «сессе» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы бола ала ма? Екі жүйені де аралас тұтыну керек деушілер: керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді. Солай дейді де, мынау сөзді мынадай, анау сөзді анадай етіп жазайық деп, сөз басына ереже жасайды. Сөз басына ереже жасайтын болсақ, ондай емле қолайлы, оңай емле болып табылар ма?

Онан басқа тағы бір байқалып тұрған нәрсе – сөздерді қосып жазуға құмарлық. Ол құмарлықтың ар жағы неге барып килігетініне тағы көз салынбайды-ау деймін.

Мәселен: «бара алмайды» дегенді «баралмайды» деп жазу керек дейтін бар. Бұл қосылып айтылып тұрған сөздердің біреуі – көсемше етістік,

екіншісі көмекші етістік екен. Бұл екі түрлі етістіктің бірлесіп айтылуы ылғи бір көсемше, бір көмекшіден болып отырмайды. Онан көбірек болып бірлесетін орындары болады. Менің ойымша, қопа қардай етіп емле жүйесін өзгертеміз демей, бұрынғы емленің кеміс жерлері болса, соларын тексеріп, соларын ғана түзеу. Басқа түріктерге жазу тіліміз түсінікті болу үшін мүмкіндігінше жанастыру жағына қарап икемдеу» [118].

М.Дулатұлы емле туралы былай дейді: «Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ емлесін» мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншалла мұнан кейін артпаса кемімес деген үміт зор» [119].

А. Байтұрсынұлының Орынбордан 1914 жылы жарияланған «Тіл-құрал» оқулығында «Жазу қағидалары» бөлімінде сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді делінеді [1,154]. Олар: 1) түбір сөз; 2) туынды сөз; 3) қос сөз; 4) қосалқы сөз; 5) қосымшалар.

1) Түбір сөз дегеніміз – бастапқы мағынасындағы, бастапқы тұлғасындағы сөз, мысалы: бас, тас, шаш.

2) Туынды сөз дегеніміз –бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгерген сөз, мысалы: бастық, тастақ, шашақ.

3) Қос сөз дегеніміз – қосарынан айтылатын сөздер, мысалы: аяқ-табақ, киім-кешек, төсек-орын, жүн-жұрқа, құрт-құмырсқа.

4) Қосалқы сөз дегеніміз –өз алдына мағынасы кем басқа сөздің маңайында тұрғанда мағына шығатын сөз. Мысалы: да, ғой, ғана (мал да, жан да, солай ғой, осы ғана).

5) Қосымшалар дегеніміз сөз емес, сөзге жалғанатын буындар; бұларда өз алдына мағына да жоқ, басқа сөзге жалғанбай бөлек айтылмайды. Сондықтан бұлар қосымшалар деп аталады [1,154].

Қосымшалар екі түрлі: біреулері жалғанған сөзінің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын өзгертпейді, екіншілері жалғанған сөзінің тұлғасын да, ішкі мағынасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқы қосымшалар *тысқарғы жалғаулар я тікелей жалғау* деп аталады; екінші қосымшалар *ішкергі жалғаулар я тікелей жұрнақ* деп аталады. Мысал ретінде «жылқы» деген сөз беріледі. «Жылқы» деген сөзге «шы» мен «ның» қосымшасын қосқан кезде, қайсысы жалғау, қайсысы жұрнақ екендігі белгілі болады. Жылқы – жылқышы, жылқы-жылқының, «жылқышы» дегенде сөздің бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгерді; «жылқышы» деген сөз малдың есімін көрсетпейді, адамның есімін көрсетеді. «Жылқының» дегенде сөздің тұлғасы өзгергендігін, мағынасы өзгермегендігін, «жылқының» деген сөз бәрібір малдың есімін көрсетіп тұрғандығын айтады. Демек, «шы» қосымша жұрнақ, «ның» қосымша жалғау болады. Қазақ тілінде жалғау аз, жұрнақ көп. Жалғау түбір сөзде де, туынды сөзде де болады. Жұрнақ түбір сөзде жоқ, туынды сөздерде ғана болады [1,154].

А.Байтұрсынұлының оқу құралындағы «Сөз жазуының жалпы ережесіне» тоқталғым келеді [1,154-155].

1. һәр түбір сөз һәм туынды сөз жұрнақтарымен, жалғауларымен бірге, тұтас жазылады, бірақ үзетін харіфтер келген жерде үзіледі (үзетін харіфтер: а, д, з, р, о, ұ, е).

2. Қос сөздердің арасы сызықша (–)–мен айырылып жазылады (аяқ-табақ, киім-кешек).

3. Қосалқы сөз бөлек жазылады.

4. Жұрнақтар барша сөзге қосылып жазылады. Жұрнақ ішіндегі дүдәмал естілетін дыбыстар естілген қалыпша жазылады.

5. Жалғаулар. Түбір сөзге де, туынды сөзге де қосылып жазылады. Жалғауда «т» мен «д» дыбыстары дүдәмал болса, «т» жазылмай, «д» жазылады.

Жұрнақтар түбір сөздің, жалғаулар түбір һәм туынды сөздің аяқ дыбысының түріне қарай өзгеріліңкіреп жалғасады [1,155].

А. Байтұрсынұлы: «Жазу –әріптердің сүгіретін сала тізу; оқу –әріптердің дыбыстарын айта тізу» дейді. Қазақ тілінде көпше жалғау немесе басқа жалғау қосылғанда, тек жалғау қосылғаны болмаса, сөздің басқа тұлғасы мен тұрпаты өзгермейді. А. Байтұрсынұлы француз, қазақ, қырғыз, орыс, қытай, ағылшын тілдеріне мысалдар келтіре отырып, жан-жақты салыстырмалы тұрғыдан дәйектемелер келтіреді. Мысалы: қазақ және қырғыз тілдерінде «сақал» деп жазып, «сақал» деп оқимыз; «тырма» деп жазып, «тырма» деп оқимыз. Қазақ тілі мен қырғыз тілінің емлесі дыбысша емле [1].

Орыс тілінде А.Байтұрсынұлы мысалдар бере отырып, тілінің шартына қарай дыбысына сәйкестеп әріп арнауға болмағандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуы бөлектенген жұрттың мысалы орыс тілі екенін айтады. Орыс тіліндегі дыбыстарға сәйкестеп әріптер белгілеу мүмкін емес: «сақал» орысша «борода» (борода), «тырма» деген секілді мысалдар береді. Француз тілінде де мысалдар келтіреді, «бе ау» (beau) деп жазады, оны «бо» деп оқиды, «орейлле» (oreille) деп жазады, «орей» деп оқиды. Француз жазуының ережесі бойынша 26 әріптің 100 шақты ережесі бар дей отырып, кей әріптер тұрған орнына қарай жазылғанмен, тіпті оқылмай да қалатындығын айтады. Ал, кей әріптер басқа дыбыстармен қатар келген жерде тіпті дыбысынан айрылып қалатындығын айтады [1].

А.Байтұрсынұлы тілдердің басым көбін салыстыра келіп, ағылшын, америка, француз жазуларының жүйесі әріпті болғанмен, мағынасы таңба жүйелі жазуға жақын екендігін айтады. Сауаттылық негізі жазу ма, оқу ма деген сауал бере отырып, сауаттылық негізі жазу дейді. Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек дейді. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек дейді. Жалпы алғанда, А. Байтұрсынұлы әдістің екі түріне айрықша тоқталады: тұтас сөзді әдіспен үйрету жолы мен дыбысты әдіспен үйрету жолы. А.Байтұрсынұлының әліпбиде дыбыстарды үйретуде дыбысты әдіспен үйрету жолын қолданған, себебі үйренуші бұл тәсіл арқылы жылдам үйренетіндігін айтады.

А.Байтұрсынұлы дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті деп мысал ретінде қазақ тілі мен қырғыз тілін келтіреді. Қазақ тілі мен қырғыз тілінде дыбыс басына арналып әріп алынған дейді, әріп таңылған дыбыстан қайда тұрса да айрылмайтындығын айтады. Сөздері жазылғанда көбінесе-ақ сөзінің ішінде естілетін дыбысына қарай жазылады дейді. Орыс тілі мен қазақ тіліндегі дыбыстар қолданысын қарастыра келіп, орыс тілінде бір сөз дыбысына қарай жазылып, он сөз дыбысына қарамай жазылатын болса, қазақ тілінде он сөз дыбысына қарай жазылып, бір сөз ғана дыбысына қарамай жазылады.

Әдетте, түбір деп сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін бөлшегі айтылады. Мысалы: басқарма деген сөзбен қатар басқар, басқару, басқарушы, бастық, басшы деген сөздер бар. Бұлар өзара түбірлес сөздер. Мұндағы түбір тек бас деген сөз. Өйткені бұл сөз біріншіден мағына жағынан сол айтылған сөздердің бәрінің түпкі төркінін білдіріп тұр, екіншіден ол сөзді одан да әрі қарай бөлшектеуге келмейді [56,190].

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде түбір сөздер тіл үндестігі бойынша жазылады делінген. Төл сөздер бірыңғай жуан не жіңішке үндесіммен жазылады: *azamat, untymaq, bosaǵa, turmys; ásem, memleket, izet, úmit, sóilem*. Ал кейбір кірме сөздерде тіл үндестігі сақталмай жазылады: *quziret, qudiret, muǵalim, qyzmet, qoshemet, aqiret, qasiet, qadir, kitap, taýqimet, qaziret*. Сөздердің, күрделі сөздер мен сөз тіркестері сыңарларының түбір тұлғасы сақталып жазылады: *qulyn (qulun емес), júzim (júzum емес), kóilek (kóilók емес), júrek (júrók емес), oryndyq (orunduq емес), kók oramal (kóg oramal емес), aq ala (aǵ ala емес), aq aıú (aǵ aıú емес); bara almaıymyn (baralmaıymyn емес), barsa ıǵı edi (barsıǵedi емес), baryp pa eken (baryppeken емес), kele jatyr (kelatyr емес)* [115,11-12].

Мұнда төл сөздер бірыңғай жуан не жіңішке үндесім бойынша жазылады делінген. Демек, жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде А.Байтұрсынұлының әліпбиіндегі дыбыстардың жуан, жіңішке сингармониясы сақталған. Сонымен қатар, жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде сөздердің, күрделі сөздер мен сөз тіркестері сыңарларының түбір тұлғасы сақталып жазылады делінген, ал А.Байтұрсынұлының әліпбиінде берілген ережеде түбір сөз бастапқы мағынасындағы, бастапқы тұлғасындағы сөз делінген.

«Қазіргі қазақ тілі» оқулығында қосымшаға байланысты арнайы тарау берілген [56,205]. Онда қосымша деп сөздің түбіріне үстелетін морфологиялық қосымша бөлшектерді айтамыз делінген. Түбірге үстелетін ондай морфологиялық бөлшектердің дара тұрғанда өздеріне тән жеке мағынасы болмайды.

Қосымшалардың көпшілігі дыбыстық жағынан өзгергіш, түрленгіш келеді, демек, қосылатын сөздердегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың әуеніне қарай үйлесіп, үндесіп отырады. Осы ерекшеліктеріне байланысты олардың бірнеше түрлері болады. Мысалы: балалар, төбелер, қыздар, біздер,

институттар, мектептер деген сөздерге жалғанып тұрған **-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер** бөлшектерінің мағынасы мен қызметі жағынан ешқандай өзгешелік жоқ, бір ғана қосымша, олар тек дыбысталуы жағынан ғана түрленіп тұр. Ал, аталған бөлшектердің бұлай түрленулері сол қосымшаның өзі жалғанатын сөздерінің әуеніне қарай үйлесіп, үндесуінен туып қалыптасқан [56,205].

Дыбыстардың үндесу заңдарына қарай қосымшалардың құбылуы қосымшалардың фонетикалық варианттары деп аталады. *Алғыш, білгіш, айтқыш* дегендердегі **-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш** бөлшектері бір ғана қосымшаның фонетикалық варианттары болады. Сол сияқты, *оқушымын, инженермін, студентмін, көпмін* дегендегі **-мын, -мін, -пін, -бын** бөлшектері де жіктік жалғаудың жекеше түрінің тек бірінші жағының ғана варианттары болып саналады делінеді [56,205].

Қосымшалар мағынасына және атқаратын қызметіне қарай жұрнақ және жалғау делініп аталатын екі топқа бөлінеді.

а) Жұрнақтар түбірге жаңа мағына үстейді, жаңа сөздер тудырады. Жұрнақ арқылы туған жаңа сөздер кәдімгі түбір сияқты жеке сөз ретінде қолданылып, жаңадан басқа да қосымшаларды қабылдай береді. Мысалы: *бүркіт және бүркітші* деген сөздер түбірлес сөздер болғандарымен, екеуінің лексикалық мағынасы бір емес, екеуі –екі басқа сөз [56,205].

Жұрнақтардың қызметтері де, мағыналары да біркелкі емес, әртүрлі. Кейбір жұрнақтар түбір сөздің мағынасын өзгерткенімен, сол сөзді басқа бір грамматикалық категорияға ауыстырып жібермейтіндігі айтылады. Мысалы: *қой және қойшы* деген сөздер лексикалық мағынасы жағынан басқа-басқа сөздер, бірақ белгілі грамматикалық категорияға қатысты болып табылатын бір ғана сөз табына (зат есім) жатады [56,205-206].

ә) Жалғаулар. Жалғаулар түбірге жаңа мағына үстемейді. Олар өздері жалғанған сөзді сөйлемдегі басқа сөздерден жалғастырып, байланыстырады [56,208]. Мысалы, *мұғалімдер оқушыларын алып театрға шықты* деген сөйлемді мысал ретінде алып қарастырсақ, *мұғалім оқушы алып театр шық* деген сөйлемде ешқандай байланыс болмайды, өзара байланыспайды. Бірінші сөзге жалғанып тұрған **-лер**, екінші сөзге жалғанып тұрған **-лар, -ы, -н**, төртінші сөзге жалғанып тұрған **-ға**, бесінші сөзге жалғанып тұрған **-ты** қосымшалары жалғаулар болып табылады.

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде қосымшалар түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке жалғанады: *jumys-shy-lar-dyń, qart-tar-dyń, baqsha-myz-da; mekeme-de, berekesi, teńiz-shi-ler; kitap-tyń, qudiret-ke, muǵalim-niń; kógal-ǵa, kógorai-ǵa* [115,12]. А.Байтұрсынұлы әліпбиінде де дыбыстар үндестігі сақталып, жуан не жіңішке жалғанады.

А. Байтұрсынұлы қос сөз дегеніміз – қосарынан айтылатын сөздер, мысалы: *аяқ-табақ, киім-кешек, төсек-орын, жүн-жұрқа, құрт-құмырсқа* дейді. Сонымен қатар, қос сөздердің арасы сызықша (-) мен айрылып жазылады (*аяқ-табақ, киім-кешек*).

Сөзден сөз тудырудың тағы бір амалы –екі сөзді қосарлап айту. Қос сөздердің тілімізде алатын орны аса үлкен. Олар негізінен, екі сөзді бірге қосақтау, бір сөзді қайталау арқылы, я оның бір буынын қабаттастыру арқылы жасалады.

Қос сөздердің өзара тұлғалық айырмашылықтары да, мағыналары да ішінара бірдей емес. Мысалы: қып-қызыл, ат-мат, қора-қора, сөзбе-сөз, төсек-орын, оқта-текте сияқты қос сөздердің бір-бірінен құрамдары да басқа- басқа, мағыналары да түрлі-түрлі [56,196].

Ал, жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде қос сөздер дефис (-) арқылы жазылады делінеді. Қайталама қос сөздер дефис арқылы жазылады: lek-lek, alıyan-alıyan, júre-júre, kóre-kóre, sóilei-sóilei, bıik-bıik, kóp-kóp, taú-taú, qaita-qaita. Қосарланған еліктеуіш, бейнелеуіш сөздер және көңіл-күй, шақыру одағайлары дефис арқылы жазылады: jalt-jult, satyr-sutyr, qalt-qult, shaqyr-shuqyr, shart-shurt, sart-surt, tars-turs, pah-pah, shek-shek, qyraú-qyraú [116].

А. Байтұрсынұлының әліпбиінде қосалқы сөз дегеніміз –өз алдына мағынасы кем басқа сөздің маңайында тұрғанда мағына шығатын сөз делінеді. Мысалы: да, ғой, ғана (мал да, жан да, солай ғой, осы ғана). Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде толық мағыналы сөзбен тіркескен сайын, кеіп, бурын, деіп, шеіп, мен, бен, пен, қоі, ғоі, да, де, та, те, ма, ме, ба, бе, па, пе, ше шылаулары бөлек жазылады делінеді. Мысалы: jyl сайын, аі сайын; sabaqтан кеіп; budan бурын; jinalysqa деіп; túske шеіп; qalam мен qaғaz, kitap пен dápter; kerek қоі, kóre ғоі; ol da, мен de; halyq ta, úkimet te; Bar ma eken? Kele me eken? Suraq pa? Kóp pe? Az ba? Kem be? Sen she? [116].

Жазу – адамзаттық мәдениеттің дамуын айқындайтын әлеуметтік мәні бар зор құбылыс. А.Байтұрсынұлы бәрінен бұрын жазудан не қажет екендігін анықтап алу керек дей келе, жазу тілдің дыбысын нақты, айқын және дұрыс беруі керек екендігіне тоқталады. Екінші мәселе оқу үшін жазу жеңіл болуы керек. Осы екі негізгі талап А. Байтұрсынұлының айтқан талаптары болып табылады. Бір адамдар жазу алфавитпен байланысты десе, бір адамдар жазу алфавитпен байланысты емес дейді. Шындығында, алфавит толыққанды емес болған жағдайда ғана жазу алфавитпен байланысты болады. А.Байтұрсынұлы араб тілінің таңбаларын негізге алған кезде қазақ тіліне бейімдеп жасаған.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау мақсатында жұмыс жасады және тіл тазалығы дегеніміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбармалау деген анықтама берді. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу. Қазіргі таңда қазақ тіліне енген кірме сөздердің көпшілігі қазақ тілінің ауызекі тіліне ыңғайланып, бейімделген. Мысалы: араб тілдерінен енген дуниа-дүние, муаллим–мұғалім, китаб-кітап, қалам-қалам, дафтар-дәптер, алиф, ба –әліппе, ильм –ілім, мадраса –медресе, закат –зекет, шам –ақшам, кеш батқан мезгіл, т.б. Қазақ халқының тілдік қорында шеттілдік кірме сөздердің көпшілігі өздерінің тілдік құрамындағы дыбыстардан

ажыратылып, қазақ тілінің таза тілдік қорына негізделіп, өздеріне сәйкес келетін қазақ тілінің дыбыстарын қабылдаған.

А.Байтұрсынұлы комиссар деген сөзді, комюссер деп айтады дей келе, шет тілден енген кірме сөздердің қазақ тіліне енгенде сол қалпында қалуына қазақ артикуляциясындағы сөздер конструкциясы қолайлы келмейді дейді. Басқа тілдер де шет тілдерден енген сөздерді сол қалпында қалдырмай, өз тілдеріне бейімдеп ыңғайлап алуы керек деген тоқтамға келеді [1,418]. Дегенмен, А.Байтұрсынұлы қолдануға, айтуға және түсінуге ыңғайлы болған сөздерді сол қалпында қалдырған. Мысалы: наху, сарф, мәтбаға, хари́ф, химия, алгебра, математика, формула, форма, т.б.

Кірме сөздер жөнінде проф. Ә.Жүнісбек: «Қазақ жазуы: төл дыбыс – төл әліпби» атты баяндамасында: «Қазақ тіліндегі кірме сөздер деп жүргеніміздің бәрі орыс тілінің айтылым үлгісіндегі сөздер. Сол сөздерді қазақы айтылым үлгісіне бағындырып аламыз ба, жоқ әлде «орыс тілінде қалай айтылса солай жазамыздың» керімен оның төркін айтылымын сақтаймыз ба? Егер қазақ тілінің айтылым үлгісіне икемдеп алатын болсақ, онда мәселе оп-оңай шешіле кетеді де сол жоғарыдағы әліпбиіміз толығымен жетіп жатыр, оған ешнәрсе қосып-алып керегі жоқ. Ал, шын мағанасындағы халықаралық сөздерді (орыс тілінің айтылым үлгісіне икемдемей) сол өз латын үлгісіндегі жазылымын ала салуға болады. Күнделікті шет тілін көріп-тыңдап, оқып-жазып жүрген балаға да, ересекке де оның еш қиындығы жоқ. Қайта оқу-әдістемелік тұрғыдан ұтымды болып шығады», -дейді [103].

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқасына ұқсас жазылады, оларға қосымша буын үндестігіне сәйкес жалғанады: moderator (-dyń, -y, -ǵa, -lar), marker (-diń, -i, -ge, -ler), stepler (-diń, -i, -ge, -ler), vaýcher (-diń, -i, -ge, -ler), sýpervaizer (-diń, -i, -ge, -ler), banknot (-tyń, -y, -qa, -tar), bankomat (-tyń, -y, -qa, -tar), planshet (-tiń, -i, -ke, -ter), onlain (-nyń, -y, -ǵa, -dar), oflain (-nyń, -y, -ǵa, -dar), dizain (-nyń, -y, -ǵa, -dar), barmen (-niń, -i, -ge, -der), resepsn (-niń, -i, -ge, -der), skrinshot (-tyń, -y, -qa, -tar), blokbuster (-diń, -i, -ge, -ler) [116]. Демек, А.Байтұрсынұлы ережесіне сәйкес қолдануға, айтуға және түсінуге ыңғайлы болған сөздерді өзгеріссіз қалдырған.

Қазақ тілін талдап-тануда А.Байтұрсыновтың еңбегін және бір тұрғыдан ерекше бағалау керек: ол – термин жасаудағы іс-әрекеті. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынды. Осы күнгі қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз деген т.т. сан алуан лингвистикалық терминдердің баршасы А.Байтұрсыновтікі. Бұлардың барлығы дерлік не бұрынғы сөздің мағынасын жаңғырту (өзгерту), не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны атаулар, жасанды сөздер. Жасандылығына, сонылығына қарамастан, әрқайсысы сол өзі атап тұрған тілдік категорияны дәл атайтын термин (атауыш сөз, 20-жылдардағы терминімен айтсақ, «пән

сөздері» болып шыққан). Бұлардың өте сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді [60,33].

А.Байтұрсынов терминология мәселесіне қатты назар аударған. Ол тек тіл білім саласы емес, әдебиеттану саласының да көптеген терминдерін жасағаны мәлім. Бұлар да өте сәтті шыққан, қонымды атаулар болған. Сондықтан әдебиеттанудағы А.Байтұрсынов ұстанған терминдердің басым көпшілігі күні бүгінге дейін қолданылып отыр. Ғылымның тек бұл екі саласы емес, жалпы мәдениетке, халық тарихына қатысты әлеуметтік терминдердің көпшілігі ғалым қаламынан туып, қазір авторының кім екендігі ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткенін айту керек. Бұл салаларда оның термин жасаудағы негізгі принципі – ең алдымен қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану болды. Кезінде А.Байтұрсыновты жау етіп танытуға күш салғандардың оған тағатын идеологиялық айыптарының бірі «А.Байтұрсынов терминдер жасауда пуристік бағыт ұстады, яғни қазақ тіліне орыс сөздері мен интернационалдық терминдерді жолатпауға тырысты» деген пікір болатын. Бұл да әрбір іс-әрекеттің байыбына бармай, яғни себебін іздемей берілген солақай баға. Егер әрбір құбылысты, әрбір іс-әрекетті өз кезеңіне қарай, сол кезеңдегі жағдайға қарай тану керектігін мойындасақ, А.Байтұрсыновтың термин жасаудағы «қазақшылығының» негізі бар екендігін, яғни бұл ретте ұстаған принциптері мен бағытының дұрыс екендігін көреміз. Ол принцип – жас ғылым салаларының терминдерін жасауда қазақ тілінің өз қорына иек арту. Сол кезең үшін бұл принциптің ұтымды, қолайлылығы жаппай сауатын енді ашып, бұрын естіп білмеген ғылым салаларының ұғымдарын енді игеруге кіріскен қазақ оқушысы мен оқырманына сол ұғымдарды мейлінше түсінікті етіп жеткізу мақсатының көзделгендігінде. Жасанды болса да қазақ сөздері оқушының тез жаттығып, есінде жақсы сақтауына әрі сол сөздің мағынасына қарап, терминдік семантикасын өзі аңғарып, игеріп кетуіне мүмкіндік береді. Саналы ғалым осыны білген. Термин жасауда ана тіліміздің сөздік қазынасын мейлінше пайдалану – сол кезең түгіл, бүгінгі күнде де, яғни дүние жүзі білім-ғылымына жанасып, орыс тілін жақсы меңгеріп, сол арқылы интернационалдық лексика қорына бара алатын қазіргі кезде де өнімді, басты принциптердің бірі екендігі белгілі [60,34].

Сонымен қатар А.Байтұрсынов интернационалдық терминдерден мүлде бас тартпағанын да айту керек. Мысалы, 1912 жылдың өзінде «Айқаптың» беттеріндегі мақалаларында *грамматика, фонетика, морфология* деген халықаралық сөздерді қолданған, әрі қарайғы жазғандарында көптеген интернационалдық терминдерді орыс тіліндегі қабылданған түрінде пайдаланғаны байқалады. Тек тіл білімі емес, өзге салаларда да А.Байтұрсынов қаламынан шыққан материалдарда *проект, дума, депутат, фракция, доктор, фельдшер, микроб, флот, корпус, миллион, батарея, шрапнель, солдат, пулемет, завод, телефон, телеграм, план* деген интернационалдық терминдер мен орыс сөздерін кездестіреміз. Тіпті орайы келгенде өлең шумағында да еуропалық термин сөзді қолданудан қашпайды.

Р.Сыздықова: А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиялық тұлға-тәсілдерінің бірсыпырасын жаңаша талдап, дұрыс көрсете білді,-дейді. Орыс лингвистикалық мектебінен сусындап, негізін содан алғанмен, қазақ тілі грамматикасын тануда ол көп ретте тілдің типологиялық ерекшелігін ескеру принципін ұстанған дейді. Р.Сыздықова ана тіліміздегі ғылым саласы үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан басталғандығын, оның іргетасын қалаушы А.Байтұрсынов екендігін айтады. Оның себебін де келесі дәйектемелерді алға тарта отырып, келтіреді.

Н.И.Ильминскийдің 1861 жылы Қазанда басылған «Материалы к изучению киргизского наречия» деген кітабы қазақ тілінің грамматикалық жүйесін танытқан тұңғыш еңбек болды. Бұл «Материалдар» орыс тілінде жазылды, онда қазақша лингвистикалық терминдер жасалған жоқ. Бұл жұмыс, атынан-ақ көрініп тұрғандай, оқулық та емес, жүйелі түрде баяндалған грамматика құралы да емес, ол шығыс тілдерін, оның ішінде өзге түркі тілдерін зерттеушілерге арналған еңбек болатын. Оның өзінде де бұл «Материалдар» қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен (автордың жазуынша, татар тілінен) ерекшеленетін тұлғаларын көрсету мақсатымен жазылған-ды. Автор бұл еңбегім білім алған қазақ жастарының ана тілін зерттеп, дамытуды өз қолдарына алуларына мұрындық болар деп үміттенеді. Оның бұл үмітін жарты ғасырдан соң бірінші болып ақтаған – А.Байтұрсынов болды.

П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» деген атпен I бөлімі (фонетика және этимология) 1894 жылы, II бөлімі (синтаксис) 1897 жылы шыққан құнды еңбегі –қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ғылыми негізде жүйелі түрде баяндаған тұңғыш зерттеу екендігі мәлім. Бірақ бұл да түркі тілдерін зерттеушілерге арналған, орыс тілінде жазылған ғылыми сипатты еңбек болды. Сондықтан мұнда да қазақ тіл білімінің ұлттық терминологиясы жасалмады. Бұл ғылыми жұмыс та ана тіліндегі қазақ лингвистикасының басы болып таныла алмайды. А.Байтұрсыновтың қазақ тіл білімі мен тарихындағы орны мен еңбегі осындай [60,35-36].

Қазақ тілінің табиғатына сай келмейтін барлық қазақ тілді емес сөздер қазақ говорына сәйкес өзгерістерге ұшырауы тиіс. Бұл біріншіден, қазақ тілінің дыбыстарына бөгде болып табылатын барлық қазақ тілді емес сөздердің барлығындағы дыбыстар қажетті болып табылатын дыбыстармен алмастырылады, екіншіден, қазақ тілді емес сөздердің суффикстері қазақ тілінің суффикстерімен алмастырылады, үшіншіден, қосарлы дыбыстар қарапайым күйде қабылданады, төртіншіден қазақ тіліне бөгде болып табылатын жалғаулар айтылу барысында сол тілге ыңғайланып, сол тілдің талап етілген аясында өзгертілуі тиіс. Мысалы: Оренбург –Орынбор, Самара-Самар, пуховой–бөкебай, покров-боқырау, Адамовский –Адамау және т.б. [1,423]. Қазіргі таңда көп қолданылатын сөздерге мысал: самовар – самауыр, товар – тауар, номер – нөмір, съезд – сиез, почта – пошта, Турция – Түркия, Москва – Мәскеу, Россия – Ресей, комиссия – кәмиссие және т.б.

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде бірқатар кірме сөздер айтылуы бойынша жазылады делінеді. Олар: *taýar, nómir, poshta, kástóm, pálte, poiuz, siez, slesir, vedimis, vedimistik, ketchúp* [116].

Күрделі сөзге айналған фразеологизмдер бірге жазылады: *aqsaqal, aqsúiek, aqniет, aqniетtik, aqkónil, aqkónildilik; kóshbasshy, dúnieqońyzdaný, erjúrek, erjúrektik, janpıda, janpıdalyq, атақоныс; basqosý, atsalysý, atústi, atústilik* [116].

А.Байтұрсынұлы 1914 жылы Орынбордан жарияланған «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы) атты оқу құралында қос сөз дегеніміз – қосарынан айтылатын сөздер, мысалы: аяқ-табақ, киім-кешек, төсек-орын, жүн-жұрқа, құрт-құмырсқа дейді [1,154]. Ал, 1925 жылы Қызылордадан жарияланған «Тіл-құрал» (дыбыс жүйесі мен түрлері) атты оқу құралында толықтырып, қос сөздің екіге бөлінетіндігін айтады. Анықтамасын да түрлендіреді. Қос сөз дегеніміз қосарынан айтылатын бір өңкей есімді сөздер. Қос сөз екі түрлі болады, біреуі нәрсенің көбін қамти атайды дейді. Екіншілері нәрселерді айыра атайды дейді. Алдыңғысы жалпылағыш қос сөз деп, соңғысы жалқылағыш қос сөз деп айтылады дей отырып, әрқайсысына мысалдар келтіреді [1,182].

Жалпылағыш қос сөздер: аяқ-табақ, төсек-орын, ер-тұрман, киім-кешек, жүн-жұрқа, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жер-су, бұзау-мұзау, қой-қозы, т.б.

Жалқылағыш қос сөздер: жел-бау, жүк-аяқ, шеге-балға, есен-аман, т.б. [1,182].

А.Байтұрсынұлы жалпылағыш қос сөз бен жалқылағыш қос сөздің айырмасы сызықша (-) болып табылады деген тұжырымға келеді. Жалпылағыш қос сөздердің арасы дәйім сызықша (-) мен айырылып жазылады десе, жалқылағыш қос сөздердің арасы сызықшамен айрылып та, айрылмай да жазылады делінсе, ал жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде сыңарлары өзара мағыналас және қарама-қарсы, жиынтық және жалпылама мәндегі, сондай-ақ мағынасы көмескіленген қос сөздер дефис арқылы жазылады делінеді. Мысалы: *syı-qurmet, úgit-nasihat, oi-óris, ydys-аiaq, telegeı-teńiz, salt-dástúr, er-toqym, el-jurt, jer-jahan, kúsh-qairat, ońtústik-shyǵys, júrek-tamyr syrqaty, shtrih-kod, oqý-jattyǵý, ákimshil-qysymshyl; úlken-kishi, kári-jas, alys-jaqyn, ashshy-tushshy, alys-beris, joǵary-tómen, kóshi-qon, aıtty-aıtpady, kirer-kirmesten, kelimdi-ketimdi, kári-qurtań, kóilek-kónshek, et-met* [116].

А.Байтұрсынұлы қос сөзге байланысты тағы бір ескеретін нәрсе жуан не жіңішке айтылатындығында дейді. Қос сөзде екі сөз бірыңғай болса, мысалы, екеуі бірдей жуан не жіңішке айтылатын болса, онда екеуі де айрылмай тұтас жазылады дейді. Оған мысал ретінде келесі мысалдарды береді: басқұр, қолқап, Балжан, желкесер, айбалта, Алтынбай, Баймырза, т.б.

«Қазіргі қазақ тілі» оқулығында қос сөздердің тұлғалық түрлері қаншалықты көп болса, мағыналық ерекшеліктері де соншалықты көп дейді [56]. Қос сөздер келесідей топтарға бөлінеді:

1) Кейбір қос сөздер дара мағыналы сөздерден құралып, жыйнақтық я жалпылық мағынаны білдіреді. Мысалы: аға-іні, бала-шаға, шыбын-шіркей, жан-жануар, ауыл-аймақ, жер-су, құрт-құмырсқа, т.б.

2) Кейбір қос сөздер жалпылау я топтау мағынасын білдіретін жеке сөздерден құралып, керісінше, жіктеу, даралау мағынасын білдіреді. Мысалы: үлкен-үлкен, кішкене-кішкене, бет-бетіне, басқа-басқа, алуан-алуан, т.б.

3) Кейбір қос сөздер белгілі-бір ұғымды атамай, екіұшты етіп болжау мағынасын береді. Мысалы: бүгін-ертең деген қос сөз нақты емес, жалпы шаманы болжап қана білдіріп тұр. Мысалы: бүгін-ертең, кешелі-бүгінді, т.б. [56,197].

Ал, жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады дейді. Мысалы: kókónis, shekara, jertóle, baǵdarsham, beinebaian, sýsabyñ, kereñqulaq (өс.), itsandyq (өс.), kelteshash (өс.) [115,16].

Ал, екінші сыңары -lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik) қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика, -ar (-er) қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары, -lar (-ler, -dar, -der, -tar, -ter) қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар, -qysh (-kish, -ǵysh, -gish) қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары, -ty (-ti, -dy, -di), -pa (-pe, -ba, -be, -ma, -me), -ys (-is, -s), -ǵy (-gi, -qu, -q) қосымшасымен келетін лексикаланған тұрақты тіркестер мен зат атаулары бірге жазылады: ortaazıalyq, jerjúzilik, arampıǵyldyq, búkilálemdik, jalpyhalyqtyq, birrettik; aýyzashar, atqaminer; ashatuıaqtylar, balyqqorektiler, jalañkózdiler, aǵashkemirgishter; kespekeskish, sabynsalǵysh, órtsóndirgish; sharýabasty, nemketti, súikeısaldy; alypqashpa, baýkespe, janbaǵys, kireberis, kúnkóris; aýaqyzdyrǵy, aýasúzgi, bórioınaq [115,16].

Сонымен қатар тағы бір ескеретін нәрсе егер, қос сөзде екі сөз бірыңғай болмаса, мысалы, бірі жуан, бірі жіңішке болып келсе, онда аралары сызықшамен айрылып жазылатындығын айтады. Мысалы: жел-бау, төсек-ағаш, жүк-аяқ, т.б.

А.Байтұрсынұлы 1914 жылы Орынбордан жарияланған «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы) атты оқу құралында қосалқы сөз дегеніміз – өз алдына мағынасы кем басқа сөздің маңайында тұрғанда мағына шығатын сөз дейді. Мысал ретінде да, ғой, ғана (мал да, жан да, солай ғой, осы ғана) сөздерін келтіреді. Ал, 1925 жылы Қызылордадан жарияланған «Тіл-құрал» (дыбыс жүйесі мен түрлері) атты оқу құралында қосалқы «ма», «ба» лардан «еді», «екен» деген сөздер бөлек жазылады дейді. Айтар ма еді, келер ме еді, бармас ба еді. Айтқан ба екен? Көрген бе екен? Білді ме екен? т.б. деген мысалдар беру арқылы тұжырымдайды.

А.Байтұрсынұлы 1925 жылы Қызылордадан жарияланған «Тіл-құрал» (дыбыс жүйесі мен түрлері) атты оқу құралында тілге байланысты жіктеме береді [1,173]. Қазақтың тілі – түрік тілінің бір тарауы дейді. Дүниедегі жұрттың тілі үшке бөлінетіндігін атап өтеді. Олар: түбіршік тіл, жалғамалы

тіл және қопармалы тіл. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мысалы: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл – сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мысалы: түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл – сөз түбірімен қопарылып, өзгерілетін тіл, мысалы: орыс тілі, араб тілі. Қазақ тілі түркі тілдің бір тарауы болып табылатындықтан, жалғамалы тіл қатарына жатқызады. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей, соңына жалғау қосылып, өзгеріледі дейді. Жалғау екі түрлі болады дейді: бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағынасын өзгертпейді; екіншісі сөздің тұлғасын да, мағынасын да өзгертеді дей отырып, мысал келтіреді.

Мысал ретінде «құлақ» деген сөзді алады. Егер, «құлақ» деген сөзге «тың» деген жалғау қоссақ, «құлақтың» болады дейді. Тұлғасы өзгерді, мағынасы өзгерген жоқ дейді. «Құлақтың» дегенде бастың мүшесін атап көрсетеді. Егер, «құлақ» деген сөзге «шын» деген жалғау қоссақ, «құлақшын» болады. Мұнда тұлғасы да, мағынасы да өзгеретіндігін айтады. «Құлақ» бастың мүшесін көрсетуші еді, «құлақшын» болған соң, басқа киетін киімнің атауын көрсетіп тұр дейді. Мұндағы «тың» тысқарғы, «шын» ішкергі жалғау болады дейді. Демек, жалғаудың өзгеруімен сөздің мағынасы да өзгергендігін байқауға болады.

А.Байтұрсынұлы 1925 жылы Қызылордадан жарияланған «Тіл-құрал» (дыбыс жүйесі мен түрлері) атты оқу құралында тасымал туралы да айтады [1,173]. Тасымалды келесідей сипаттайды. Жазып келе жатқанда жол аяғында орын аз қалып, сөз сыймайтын болса, ол сөзге тасымал керек, яғни сөзді екі бөліп, бір бөлегін сол жолда қалдырып, екінші бөлігін келесі жолға асыру керек. Тасымал үшін әуелі сөзді буынға бөлу, сыймаған буындарын келесі жолға асыру қажет дейді.

1) Тасымалдағанда әр буын бөлінбей, не тұтас қалады, не тұтас асырылады. Мысалы: жол аяғында «шақырғанға» деген сөз тұтас сыймады, не істеу керек? деген сауал қояды. Сөзді дұрыстап буынға бөлу керек дейді. «Ша-қыр-ған-ға», «ша» буынды қалдырып, басқаларын келесі жолға асыруға болады. Не «шақыр» деген буындарын қалдырып, «ғанғаны» асыруға болады, немесе «шақырған» дегенге дейін қалдырып «ға» ны асыру керек.

«Шақ» деп бөліп, қалғанын асырса, «шақырға» деп бөліп, «ынға»-ны асырса, дұрыс болмайтындығын да айта кетеді. Өйткені, ереже бойынша буын бөлінбеуі керек, ал мұнда буындар бөлініп тұр дейді. «Шақ» деп бөлгенде «қыр...» буыны екі бөлініп тұр, «шақырға» деп бөлгенде «ған» буыны екі бөлініп тұр дейді.

2) Жалғыз қарып буын бола тұрса да, қалынбайды да, асырылмайды да дейді. Мысалы: «ағалар» дегенде бас буын жалғыз «а», бұл «а» өз алдына буын болған жағдайда да, қалынбайды дейді. Мысалы, «а»-ны ғана қалдырып, басқа буындарын келесі жолға асырмайтындығын айтады.

Сонымен, жолға сыймай қалған сөзді дұрыс тасымалдау үшін не істеу керек деген сауал қояды. Ол үшін:

- 1) сөзді буынға дұрыс бөлу керек.
- 2) бір буынды бөлмей, тұтас күйінде асыру.

3) жалғыз қарыпты буын бола тұрса да қалдырмай келесі жолға асыру керектігі айтылады [1].

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде тасымал туралы бөлімде сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады дейді. Мысалы: oqú-shylar, oqúshy-lar; bel-sendi, belsen-di; beı-bitshilik, beıbit-shilik, beıbitshi-lik. Буын й мен у дауыссыздарынан басталғанда da-úys (daú-ys емес), sa-úat (saú-at емес), da-ıundyq (daı-undyq емес), qu-ıyn (qui-yn емес) түрінде тасымалданады. Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс қатар келгенде, сөздің түбірі сақталып тасымалданады: kúńgirt-teú (kúńgir-tteú емес), jańgyrt-ty (jańgyr-tty емес). Біріккен және кіріккен сөздер буын жігімен тасымалданады: de-malys, demalys (dem-alys емес); kó-goraı, kógo-raı (kóg-oraı емес). Бір буынды сөздер тасымалданбайды: aı, kún, vólt, kvars, rýnkt. Сөздің жеке әрпі келесі жолға тасымалданбайды: ara (a-ra, ar-a емес), aıaq (a-ıaq емес), alaqaп (a-laqaп емес), uıa (u-ıa, uı-a емес). Кісі есімінің қысқартылған әрпі мен тегі тасымалданбайды: A. Baitursynuly, B. Momyshuly, G. Mustafin, A. Kekilbai [115,29].

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінде бөлек жазылатын сөздер емлесі туралы келесідей ережелер мен мысалдар беріледі. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері бөлек жазылады: altyn saǵat, kiiz úı, bota kóz, qara shai, at qora [115,14].

Күрделі етістіктердің, есім және еліктеуіш сөздермен тіркескен құрама етістіктердің әрбір сыңары бөлек жазылады: baryp keldi, kele jatyr, jaza ber, kiip júre ber, júgire jóneldi, bara almady, bara almaı qalyp edi, jyǵylyp qala jazdady; qyzmet etú, mán berú, qol shapalaqtaú; shap etú, dý ete túsy, baj etú, lap qoıú [115,14].

Толық мағыналы сөзбен тіркескен saıyn, keın, buryn, deın, sheın, men, ben, pen, qoı, ǵoı, da, de, ta, te, ma, me, ba, be, pa, pe, she шылаулары бөлек жазылады: jyl saıyn, aı saıyn; sabaqтан keın; budan buryn; jinalysqa deın; túske sheın; qalam men qaǵaz, kitap pen dápter; kerek qoı, kóre ǵoı; ol da, men de; halyq ta, úkimet te; Bar ma eken? Kele me eken? Suraq pa? Kóp pe? Az ba? Kem be? Sen she? [115,14-15].

da, de, ta, te шылаулы тіркестерімен келген күрделі сөздер бөлек жазылады: bar da kel, ait ta qoı, qara da tur, kir de shyq. Бірақ urda-jyq, asta-tók, úda-shú тәрізді лексикаланған тіркестер бірге әрі дефис арқылы жазылады [115,15].

Жалпы алғанда, А. Байтұрсынұлы әліпбиі мен қазіргі әліпбиді салыстырмалы тұрғыдан қарастырғанда қазіргі әліпбидің негізі А. Байтұрсынұлы әліпбиінен бастау алғандығын байқауға болады. А. Байтұрсынұлы әліпбиіне қазіргі таңдағы әліпби ережелерінің басым көбі негізделгендігін атап айтқым келеді.

А. Байтұрсынұлы ойлап тапқан метатілдің қайсысы болсын, халықтың танымына, табиғатына сәйкес жасалған. Түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар атауы бір естігеннен кез-келген адамға қарапайым, түсінікті болып табылады. Себебі, қазақ халқының табиғатына сәйкес

жасалынған және ойлап табылған метатілдің басым көпшілігі қазақ метатілінің негізін құрады деп айтуға болады.

3.2 А. Байтұрсынұлының грамматикалық емшелері – қазіргі емшенің бастауында

А. Байтұрсынұлы 1912 жылы «Айқап» журналының № 9, № 10, № 11 санында жарияланған «Шаһзаман мырзаға» атты мақаласында қазақ тілі туралы былай дейді. Тіл болса, оның заңы боларға керек дей отырып, қазақ тілінің заңы –қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейтіндігі болып табылады дейді. Ал, осындай заң тауып жазсақ, айтсақ, ол наху, сарфтың қағидасы емес пе? дейді. Наху, сарф дегеніміз тіл заңының ғылымы екендігін атап айтады. Ал, наху, сарфты А. Байтұрсынұлы грамматика мағынасында қарастырады [1,391]. Дегенмен, наху сөзі араб тілінде синтаксис, сарф сөзі араб тілінде морфология мағынасын білдіреді. А.Байтұрсынұлы басқа жұртта грамматиканың үшке бөлінетіндігін де қарастырып кетеді: фонетика, морфология, синтаксис. Фонетиканың қарастыратыны не деген сауалға келсек, А.Байтұрсынұлы фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады деген мәселелерге тоқталады. Қарастырып отырған мәселесі қазақ фонетикасы екендігін де айта кетеді.

Қазақ тілінде 24 дыбыс бар дей отырып, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жарты дауыстыны атап көрсетеді [1].

Дауысты харіфтер: а –ا, о –و, у –ؤ, ы –ى, е –ه, ө.

Дауыссыз харіфтер: б –ب, п –پ, т –ت, ж –ج, ш –چ, д –د, р –ر, з –ز, с –س, ғ –ع, қ –ق, к –ك, г –گ, ң –ڭ, л –ل, м –م, н –ن.

Жарты дауысты дыбыстар: шолақ ұ (y), һәм шолақ й (й).

А.Байтұрсынұлы ұсынған әліпбидегі әріптердің 18-і араб таңбалары, 3-еуі парсы таңбасы (پ, چ, گ), екеуі түркі таңбасы *ңе, ве*, біреуі өзі өзгерткен әріп (ұ-ؤ). А. Байтұрсынұлы бұл туралы келесідей түсініктеме береді: «О-дан айыру үшін үстіне (´) қоямыз. Себебі, о менен ұ-ның жазылуы ұқсас болғанымен, айтылуы ұқсас емес» [120,71].

А. Байтұрсынұлы алғаш жарияланған оқу құралдарында әріп пен дыбыс деген атауларды ажыратпай, дауысты әріп, дауыссыз әріп деп қолданса, кейін дауысты, дауыссыз болатындар әріп емес, дыбыстар деп түзетеді. Дыбыстардың классификациясында да өзгешеліктер бар екендігін айтқым келеді. 1914 жылы Орынбордан жарияланған «Тіл –құрал» оқу құралында сонор **у мен й** дыбыстары жарты дауыстылар деп көрсетілсе, 1925 жылы Қызылордадан жарияланған «Тіл –құрал» оқу құралында бұлар дауыссыз таңбалардың қатарында берілген. Сонымен қатар, 1914 жылы жарияланған «Тіл –құрал» оқу құралында ұяң дыбыстар деп **ж, р, з, л, м, н, ң** дыбыстарын көрсетеді, ал 1925 жылы жарияланған «Тіл –құрал» оқу құралында ұяң деп **м, н, ң** дыбыстарын атайды.

А. Байтұрсынұлы «Жазу қағидаларында» дыбыстарға байланысты келесідей жіктеме түрін ұсынады [1,149].

1-інші ереже.

«А» дыбысының харфі сөз басында (ا) мен жазылады, басқа орында (أ) жазылады. Мәселен: ات (ат), قوراق (кұрақ), جيرا (жыра) [1,149].

«А» дыбысына байланысты 1912 жылы Орынбордан жарияланған «Қазақша алифба» оқу құралынан қосымша кесте берілді [1,34].

Би исми-иллаһи-рахмани-рахим

	*	(з)	ز	—	(р)	ر	—	(а)	ا
	(а)	ا		(а)	ا	(а)	ا	(а)	ا
(зар)		(з)	ز		(р)	ر		(з)	ز
(азар)		(а)	ا		(а)	ا		(р)	ر
(араз)		(аза)	ازا		(ара)	ارا		(аз)	از
								(ар)	ار

Ар, ара, араз, аз, аза, азар, зар.

* Бұл үш хәріфті балаларға үйрету үшін әуелі әрбірін бөлек-бөлек бір-бір жапырақ қағазға үлкен етіп жазу. Сонан соң А-дан бастап әрбірін балаларға бөлек-бөлек көрсету. Балалар әрбірін жаңылмайтын болып білген соң, алифбаға қаратып оқыту. Бормен жазатын үлкен тақтай болса, әрбірін бөлек-бөлек тақтайға жазып көрсетсе де болады.

Сынау. Төмендегі сөздердің (ء) жазылатындарына оны қойып, қойылмайтындарына қоймай жаздырту.

Ауру* астан, дау қарындастан. Отпен ойнама күйерсің, баламен ойнама шаршарсың. Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол, қызың өссе, қылықтымен ауыл бол. Ел ерге қарайды, ер жерге қарайды. Аузың қисық болса, айнаға өкпе жоқ. Иесін сыйлағанның итіне сүйек таста. Ер қапталы батқанын иесі білмес, ат білер, ағайынның азғанын ағайын білмес, жат білер. Арпа-бидай ас болар, алтын-күміс тас болар. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала.

Ескерту**. Сөз басында «أ» дыбысы жоқ жерде ا харфі тұрса, ол басқа дауысты дыбысқа сүйеу үшін қойылған таяқ есебінде қойылса да айтылмайды [1,150].

2-нші ереже.

«О» дыбысы сөздің бас буынында ғана естіледі. Басқа буындарында һәм дауысты дыбыстардан соң қазақ сөзінде һеш орында естілмейді, сондықтан бас буыннан басқа орында яки дауысты дыбыстан соң و (о) жазылса, ۇ (ұ) қылып оқу тиіс [1,150].

«О» дыбысына байланысты 1912 жылы Орынбордан жарияланған «Қазақша алифба» оқу құралынан қосымша кесте берілді [1,35].

* و (o)							
(тор)	تور	(зор)	زور	(ол)	اول	(ор)	اور
(торла)	تورلا	(зорла)	زورلا	(олар)	اولار	(ора)	اورا
(торлар)	تورلار	(зорлар)	زورلار	(орлар)	اورلار	(орал)	اورال
(солар)	سولار	(сор)	سور	(от)	اوت	(Ораз)	اوراز
(толар)	تولار	(сора)	سورا	(ота)	اوتا	(орар)	اورار
(тозар)	توزار	(сорар)	سوزار	(отар)	اوتار	(Орас)	اوراس

Ор, орта, тор, торта, от, отас. Тол, толас, ор, орлас, осал.
 Ат озар. Тор тозар. Орта толар. Олар артар. Ол тартар. Ораз осал. Орал орар.

* «о» сөз басында келсе алдына таяқ қойылады; бұл таяқ оқылмайды, сүйеу болу үшін қойылады демек керек.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіртіп, و (o) келетін жеріне و (o) қойдырып, ۇ (ү) келетін жеріне ۇ қойдырып жаздырту.

Күресін қар көбейтер, қара қарын дау көбейтер. Бәрің бірдей қойшы болсаң, құл боларсың, бәрің бірдей тойшы болсаң қу боларсың. Ауыл қонағы айда-жылда бір қонар. Құтты қонақ келсе, қой егіз табар, құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабар. Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман. Ас – адамның арқауы. Аман болса бұл басым, тағы шығар бұл шашым. Дертін тұмау болсын, қысың тұман болсын. Татулық – байлық. Тәртеу түгел болса, төбедегіні алады, алтау ала болса, ауылдағы кетеді. Бай бір жұттық, батыр бір оқтық. Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылған. Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгірер [1,150].

3-нші ереже.

«У» қысқа айтылатын дыбыс, «у» ұзын естілсе, ол жерде екі «у» болғандықтан, оның алдыңғысы бүтін «у», соңғысы жарты «у», шолақ «у», «у» ұзын естілетін жерге екі «у» жазу тиіс [1,150].

Мысал: тұмсық, тұра, тұра, сұлұу, сұу.

«У» дыбысына байланысты 1912 жылы Орынбордан жарияланған «Қазақша алифба» оқу құралынан қосымша кесте берілді [1,36].

* (y), (ү) ۇ							
(кұл)	قۇل	(ұр)	اۇر	(корку)	قورقۇ	(ару)	ارۇ
(кұла)	قۇلا	(үк)	اۇق	(котару)	قوتارۇ	(азу)	ازۇ
(кұлан)	قۇلان	(үн)	اۇن	(орану)	اورانۇ	(алу)	الۇ
(тұр)	تۇر	(сұр)	سۇر	(асату)	اساتۇ	(табу)	تابۇ
(тұра)	تۇرا	(сұра)	سۇرا	(босату)	بوساتۇ	(тану)	تانۇ
(тұрақ)	تۇراق	(сұран)	سۇران	(балқу)	بالقۇ	(тасу)	تاسۇ

Құр, құрақ, құлақ, ұлтан, құрбан, ұзақ, тұзақ, құнан, сұлу, тұру, ұру, ұлу, бұзу.
 Ат ару. Тон тозу. Қазан асу. Ас салу. Бақан құлар. Құнан аттан арзан. Қар бораса, бұрқақ болар.

* «О» турасында айтқанды мұнда да айтарға керек. Яғни «ү» алдында таяқ сүйеу үшін қойылады деп.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіртіп, бір «у» жазатын жерге бір «у», екі «у» жазатын жерге екі «у» жаздыру.

Сұрап бергенше, соғып бер. Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аларсың. От пен су – тілсіз жау. Ер туған жеріне. Сиыр судан жеріп, су сиырдан жеріп. Егіз қозыдай тату бол. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ. Хакім тура болмаса, жұрт бұзылар, сауда таза болмаса, нарық бұзылар. Қуда сүт жоқ, жылқыда өт жоқ. Шешінген судан тайынбас. Ұялған тек тұрмас. Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу. Рудан аз – адасқан қаз. Татуда бота тату. Сүмбіле туса, су суыр. Ашу келсе ақыл кетер, ашудан ақыл көп болса, ашу не етер. Қуыс үйден құр шықпас.

Қарны ашқан ханға қарайды, суыққа тоңған күнге қарайды. Білегі жуан бірді жығады, білімі жуан мыңды жығады (жорта қаталы) [1,150].

4-нші ереже.

Шолақ **و** (у) дауысты дыбыстардан соң ғана естіледі, сондықтан дауысты харіфтерден соң жазылған «у» шолақ болады. Бүтін «у» һеш орында дауысты харіфтен соң жазылмайды. Мәселен, тау, туу, кеуде деген сөздерде ірі жазылған харіфтер шолақ «у», «у» дыбысы ұзын естілетін орындарға екі «уу» жазылады. Тіпті ұзын естілетін орындарға үш ууу жазылады. Дауыссыз дыбыс соңында бас буыннан басқа орында яки дауысты дыбыс соңында, қай буында болса да, «у» үтірсіз жазылса да қате болмайды [1,151].

«У» дыбысына байланысты 1912 жылы Орынбордан жарияланған «Қазақша алифба» оқу құралынан қосымша кесте берілді [1,40].

		* (у) ۇ					
(суыр)	سۇۋر	(айау)	ايارۇ	(сау)	سارۇ	(ау)	اۋ
(суық)	سۇۋق	(тайау)	تاريارۇ	(сауын)	سارۇن	(ауыз)	اۋز
(жуық)	جۇۋق	(буаз)	بۇۋاز	(қау)	قارۇ	(бау)	بارۇ
(ұуық)	اۋۋق	(ұуақ)	اۋۋاق	(қауын)	قارۇн	(бауыр)	барۇ
(ұуыз)	اۋۋز	(ауған)	اۋعان	(қалау)	قارлаۋ	(жау)	جارۇ
(ұуыс)	اۋۋس	(жауған)	جارۋعان	(жалау)	جالارۇ	(жауын)	جارۇн

Ау сал. Балық аула. Қой сау. Қар жауар. Қолың жу. Ақ жаулық. Қоңыр саулық.
Асау тай. Жуан қарағай. Асқар тау. Жауын жауып тұр. Таудан бұлақ ағады. Саулық сауын болады. Қалауын тапса, қар жанады.

* Дауысты дыбыстардың соңында «у» жарты дауысты болады. Мысалы саула деген сөзде үш буын емес, екі буын.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі шолақ «у»-лардың астын сызып көрсетіңдер. Сөз сөзден тұады, сөйлемесе неден тұады?

Жақсы болсаң, жердей бол, бәрін шыдап көтерген, таза болсаң сұудай бол, бәрін жұуып көтерген. Жақсыдан жаман тұады, жүйріктен шабан тұады. Ерден тұуған қырымға қарайды, иттен тұуған жырымға қарайды. Қатты жерге су төксең, сұуыққа тайғақ болар, жаманға сырыңды айтсаң, таршылықта айғақ болар. Аяғы жаман төрді былғар, ауызы жаман елді былғар. Көсеу ұзын болса, қол күймес. Жел аударған қаңбақтай, сұу аударған дінгектей. Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық. Дауыл болмай, жауын болмас; шұуақ болмай, қауын болмас; ит баласы сауын болмас; дау аяғы ауыл бол-мас, ауыл болса да, тәуір болмас. Дауды азсынба: көздей іс көлдей болууы оңай, қол сұуалмағы қиын. Тарыдай іс таудай болууы оңай, тау таусылмағы қиын [1,151].

5-нші ереже.

«Ы» харфі бас буында һәм барша бітеу* буында жазылмайды. Ашық** буында қалмай жазылды. Мәселен: «мысық» жазылады «ы»-сыз مسق болып «Мысығына» деген сөзде «ы» қалмай «мысығына» болып жазылады. Үйткені: «мы-сық» деген сөзде екі буын, бір буын «мы», екінші буын «сық», «мы» буынға -«ы» жазбаймыз бас буын болғандықтан, «сық» буынға «ы» жазбаймыз бітеу буын болғандықтан, сүйткен соң «мысық» مسق болып жазылмай, «мсқ» مسق ғана болып жазылады «мысығына» деген сөзді буынға бөліп, харіфтерін түгел жазсақ, мәселен, «мы-сы-ғы-на» деп төрт буын болады. Бас буынға «ың» жазбаймыз: басқа «сы», «ғы» буындарға жазамыз, үйткені бұлар ашық буындар [1,151].

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, «ы» жазылатын буындарына «ы» жазыңдар.

Алтын алма алғыс ал, алғыс алтын емес пе? Асың-асың асына, береке берсін басына. Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі. Жақын жолдың алысы жаман. Құлды құл десең өлгісі келер, биді құл десең күлкісі келер. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын. Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз. Дәм-тұзым тат, расыңды айт. Өтірік деген дұшпан бар, отқа сүйреп салады. Арамзаның құйрығы тұтам. Жарлының байлығы – денінің саулығы. Ерте тұрғанның ырысы артық. Төсегіңе қарап, аяғыңды көсіл. Жарлылықтан жақсы жоқ: жатып ішер ас болса. Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыздық жалғызын сойғызар. Барлық не дегізбейді, жоқтық не жегізбейді. Шөбі жоқ деп жерден түңілме, малы жоқ деп ерден түңілме [1,152].

6-ншы ереже.

Шолақ «й» дауысты дыбыстардың ғана соңында я алдында естіледі, сондықтан дауысты дыбыстардан соң жазылған «и» бүтін «и» емес, шолақ «й» болады. Мәселен, тай, қой-лар, құй-мақ, кій деген сөздердегі «й»-лер бұл ережеге теріс сияқты көрінер «и» жазылмайтын бас буындар. Мәселен, «қыйсық» деген сөзде шолақ «и» дауыссыз «қ»-ның соңынан келіп тұр. Олай болғаны бас буында бүтін «и» жазылмағандықтан.

Бас буыннан басқа орындарда «и» ұзын естілген жерлерге екі «и» жазылады, тіпті ұзын естілген орындарға үш «и» жазылады [1,152].

«Й» дыбысына байланысты 1912 жылы Орынбордан жарияланған «Қазақша алифба» оқу құралынан қосымша кесте берілді [1,39].

		* (й) ې					
(қый)	قي	(бой)	بوي	(ой)	اوي	(ай)	اي
(қыйсық)	قيسق	(бойа)	بوييا	(ойла)	اويلا	(айа)	ايا
(қыйсын)	قيسين	(бойак)	بويياق	(ойлан)	اويلان	(айаз)	اياز
(жыймақ)	جيماق	(айу)	ايۇ	(ойан)	اويان	(тай)	تاي
(жыйын)	جيين	(байу)	بايۇ	(ойна)	اويينا	(тайа)	تاييا
(тыймақ)	تيماق	(тайу)	تايۇ	(ойнар)	ويئار	(тайар)	تايار

Бай, май, шай, жай, байқа, шайқа, айкай, қайқы, қайсы, қайшы, айту, айтақ, аймақ, тайлақ, тайғақ.
 Ай жарық. Айаз мықты. Шай сұйық. Қайшы құрал. Тоғай толған жылқы. Сай малға сайа болады. Құм жыйылып тас болмас. Айу ағаш сайалайды.

* «й»-дың нүктесін мұғалім өзі қояды. Матбуғада жоқ болғандықтан, нүктесіз басылды.

39

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, шолақ «й»-лердің астын сызып көрсетіңдер.

Бай байға құяр, сай сайға құяр. Ауызы қыйсық болса да, байдың ұлы сөйлесін. Ақшалының қолы ойнар, ақшасыздың көзі ойнар. Байғұстың ауызы асқа тисе, мұрны қанайды. Кедейдің бір асағаны – шала байығаны. Тату болсаң балдай бол, араз болсаң тұздай бол. Айырылайын деген тамыр ердің артқы қасын сұрайды. Көз ауырса, қолың тый. Ит жүйрігін түлкі сүймес. Айналдырған ауру алмай қоймас. Ұры байымас, сұқ семірмес. Жаманменен кеңессең, алдайды дер, жаман атпен су кешсең, жалдайды дер. Күнге күле сөйлесең, көйлегіне жамау сұрар. Аталы сөзді арсыз қайырар, жүйелі сөзді жөнсіз қайырар [1,152].

7-нші ереже.

А, о, ы дыбыстары жіңішке естілетін сөздердің алдына дәйекші (ء) қойылады. Бұл дыбыстар жіңішке естілсе де, дәйекші қойылмайтын сөздер: к, г, е кіріскен сөздер [1,152].

«Ә», «Ө», «І» дыбыстарына байланысты 1912 жылы Орынбордан жарияланған «Қазақша алифба» оқу құралынан қосымша кесте берілді [1,40-41].

(ә) ۱

(сән)	سان	(тән)	تان	(әл)	ال	(ән)	ان
(сәнім)	سانم	(тәнім)	تانم	(әлім)	الم	(әнім)	انم
(сәнің)	سانك	(тәнің)	تانك	(әлің)	الك	(әнің)	انك
(сәні)	سانى	(тәні)	تانى	(әлі)	الى	(әні)	انى
(сәніміз)	سانىمىز	(тәніміз)	تانىمىز	(әліміз)	الىمىز	(әніміз)	انىمىز
(сәніңіз)	سانىڭىز	(тәніңіз)	تانىڭىز	(әліңіз)	الىڭىز	(әніңіз)	انىڭىز

Дән, дәм, мән, дәл, дәнiм, дәмiм, мәнiм, дәнiң, дәмiң, мәнiң.
Мәс, мәсiм, мәсiн. Дәрi, дәрiм, дәрiң, дәрiсi, мәнiс, мәнiсiм, мәнiсi,
бәрi, бәрiмiз, бәрiнiз. Әндi, тәндi, сәндi, дәндi, дәмдi, әлдi,
әбден, әрмән.

саула деген сөзде үш

**(ө) ۲

(тос)	توس	(боз)	بوز	(тсн)	تون	(ор)	اود
(төс)	توس	(бөз)	بوز	(төн)	تون	(өр)	اود
(тол)	تول	(тоз)	توز	(жон)	جون	(он)	اون
(төл)	تول	(төз)	توز	(жөн)	جون	(өн)	اون
(бол)	بول	(тор)	تور	(сөз)	سوز	(оң)	اوڭ
(бөл)	بول	(төр)	تور	(сөз)	سوز	(өн)	اون

Қамыс ор. Қамшы өр. Тайыз ор. Өр суат. Он асық. Өс-өн. Оң аяқ. Жаксы өң. Құба жон. Барар жөн. Қолың соз. Рас сөз. Боз ат. Ақ боз. Қалың тоз. Шығынға төз. Тор басқа, төр басқа.

** Бұл жіңішкелік белгісі — дәйекші. Сөз алдында дәйекші тұрса, ол сөздің хәріфтері жіңішке айтылады деп балаларға оқытарға керек.

		(i)	ى		
(түрлі)	تۇرلى	(жүн)	جۇن	(торы)	تورى
(бүрлі)	بۇرلى	(жүні)	جۇنى	(төрі)	تورى
(жүнді)	جۇندى	(сүт)	سۇت	(бозы)	بوزى
(сүтті)	سۇتتى	(сүті)	سۇتى	(бөзі)	بوزى
(түсті)	تۇستى	(түр)	تور	(жоны)	جونى
(түрпі)	تۇرپى	(түрі)	تۇرى	(жөні)	جۇنى

Ән. Әні. Іс. Ісі. Тіс. Тісі.
 Атың торы. Үйдің төрі. Аттың бозы. Матаның бөзі. Жоны сұлу. Жөні түзу. Жүн қымбат. Сүт арзан. Бояу түрлі болады. Түрпі бүрлі болады. Ін тайыз. Ол аға, бұл іні болады. Тоғаның тілі болады.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп «ء» қоярлық сөздердің алдына дәйекші қойындар [1,152].

Өзіміздікі дегенде өгіз қара күшім бар, кісінікі дегенде қол тимейтін ісім бар. Иесі семіз, аты арық түз жұтынан сақтасын; қатыны семіз, ері арық үй жұтынан сақтасын. Баланың сөзі батпандай, келіннің сөзі кетпендей. Ағаны көріп іні өсер, апаны көріп сіңлі өсер. Атасы басқа аттан түс, аталасым атқа мін. Түбі бірге түтпейді. Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз. Өзі білмес, білгеннің тілін алмас. Бір көрген біліс, екі көрген таныс. Түсі қара болса да, іші сара. Ит жеңгенін талайды. Шортанның өзі өлсе де, тісі өлмес; адамның өзі өлсе де, ісі өлмес. Білімсізбен алыспа, текке өмір тауыспа. Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ. Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы. Жібек асырай алмаса жүн болады, қыз асырай алмаса күң болады. Бала, баланың ісі шала. Інісі бардың тынысы бар. Сенікі, менікі деген көңіл тарлығы, әрі жат, бері жат деген төсек тарлығы (бұлар дәйекшісіз жорта қате жазылған) [1,152-153].

8-нші ереже.

«ء» сөздің бас буынында ғана жазылады. Басқа буындарда «ء» жазылады. Мәселен: ерке, кереге, терезе, келеке [1,153].

«E» дыбысына байланысты 1912 жылы Орынбордан жарияланған «Алифба» оқу құралынан қосымша кесте берілді [1,41].

(ع) ه ه ب							
(мес)	ميس	(менде)	مېندە	(елен)	اپلەن	(ел)	اپل
(месел)	ميسەل	(сенде)	سېندە	(ерте)	اپرتە	(ер)	اپر
(мешел)	مېچەل	(терең)	تېرەك	(езбе)	اپزبە	(ез)	اپز
(есе)	اپسە	(жерде)	جېردە	(зерле)	ذېرلە	(зер)	ذېر
(есен)	اپسەن	(әуе)	اۋە	(берме)	بېرمە	(бер)	بېر
(семсер)	سېمىسەر	(эуре)	اۋرە	(жеме)	جېمە	(жем)	جېم

Мен, менде, менше, өре, төре, ес, есер, шеш, шеше, шешен, дем, демеу, бет, бес, еп, теп, төбет, бөтен, төмен, тебін. жебір.
Дем ал. Атына жем ал. Жерде қар жұқа. Терезе терлеп тұр. Үш жеті — жиырма бір. Алты бес — отыз. Төрт жерде төртеу — нешеу болады?

41

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, (*) қойылған жерлерге тиісіне қарай «ه» «ب» «ع» харіфтерін қойындар [1,153].

Өсекке кірмесе, есепке кірмес. Сүтпен кірген мінез сүйекпен бірге кетер. Ер басына күн түссе, етігімен су кешер. Берсең – аларсың, ексең – оарарсың. Еңкейгенге еңкей басың жерге жеткенше. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Бақ-бақ еткен текені қар жауғанда көрерміз, батырсынған жігітті жау келгенде көрерміз. Көп жүрген білмес, көп көрген білер. Өнерді үйрен де жирен. Өнерлі өрге жүзер. Білмегенді үйрету – жерге соқа сүйрету. Келбеті келгеннен кеңес сұра. Көше білмес жамандар көше көлік өлтірер, сөйлей білмес жамандар сөзді өзіне келтірер. Я еріншек өлер, я көңілшек өлер. Өткен іске өкінбе. Бекерден Тәңірім безер. Төртеу түгел болса төбедегіні алады, алтау ала болса ауыздағы кетеді. Ер шекіспей бекіспес. Айбар керек, әл керек, әлсіз айбар не керек? Есітпеген елде көп, есек мінген сартта көп. Көк ит жеңбес, көп ит жеңер. Көрмес түйені де көрмес. Ел жоқта құрбақа көл менікі дер, ер жоқта жамандар ел менікі дер [1,153].

Қ һәм Һ дыбыстары

Кей орында «қ» дыбысы «ғ» болып өзгереді. Ондай орында айтылуынша «ғ» харфін жазу тиіс. Ақ-ағы, бақ - бағы, сақ – сағы [1,153].

Істің ағы білмес, жігіттің бағы білер. Иттің сағы жақсы. Аяқ – аяғынан, таяқ – таяғынан. Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан.

Кей орында «к» дыбысы «г» болып кетеді Ондай орында естілуінше «г» харфін жазу тиіс. Етік – етігі; Етігі жаман төрге шықпас. Еңбек – еңбегі, өнбек – өнбегі. Еңбегі молдың өнбегі де мол.

«Қ» һәм «һ» дыбыстар һеш уақытта жіңішкермейді яғни жіңішке айтылмайды.

«К» һәм «г» дыбыстар һеш уақытта жуандамайды яғни жуан айтылмайды, сондықтан бұл дыбыстар тоң дыбыстар деп аталады[1,153-154].

А. Байтұрсынұлы «Жазу қағидаларында» дыбыстарға байланысты ереже үлгісін береді және сынауды үйренушілерге арналған мысалдармен толықтырады. Сынау дегеніміз жаттығу. Демек, жаттығулармен толықтырады. Сонымен, ы дыбысына байланысты А. Байтұрсынұлы«ы» дыбысы үшін нүктесіз ى белгісін алғандығын 1912 жылы «Айқап» газетінің

№ 4-5 санында жарияланған «Жазу тәртібі» атты мақаласында айтады. Себебін ы дыбысына тура келетін араб әліппесінде әріп жоқтығымен түсіндіреді. **Ы** дыбысын сөздің аяғында ғана жазып, басында, ортасында тіпті жазбаймыз дейді. Жазбасақ та болады дейтуғын себебі: **ى** сөздің басында, ортасында қысқа және көмескі айтылатындығымен байланыстырады, барлығы да жоқтығы да аз сезіледі дейді. Демек, сөздің басында, ортасында жазбаған жағдайда, онан келетін кемшілік аз дей отырып, мысалдар келтіреді. 1912 жылы Орынборда жарияланған «Оқу құралы», қазақша алифба, 1-нші кітабынан ы дыбысына байланысты төмендегідей мысал берілді [1,37].

* (ы) ى					
(ықтың) اقتىن	(ық) اق	(алты) التى	(ары) ارى		
(ысты) استى	(ыс) اسى	(алтын) التىن	(арық) ارىق		
(нықтық) نقتىق	(нық) نق	(салқы) سالقى	(азы) اذى		
(кыны) قنى	(кын) فن	(салқын) سالقن	(азық) اذىق		
(жырық) جرق	(жыр) جر	(асы) اسى	(қаны) قانى		
(сызық) سزىق	(сыз) سز	(асыр) اسر	(қанық) قانىق		

Балшы, балшық, табы, табын, жыл, жылы, күл, құлы, жылқы, балы, балық, қызы, қызық, жақсы, бақсы.
Ол балшы. Асық алшы. Жылқы арық. От жарық. Балшы бал ашар. Балықшы балық алар. Қатын қабық аршыр. Қыс жақсы, астық арзан.

* «Ы» сөздің басқы буынында жазылмайды, оның сүйеніш таяғы ғана жазылады. Таяқ «ы»-ның жазылмаса да барлығын көрсетеді.

37

Ы дыбысын А. Байтұрсынұлы сөздің аяғында анық айтылатын болғандықтан, жазуды қажет деп табады. Сөздің аяғында **Ы** дыбысын жазуымыз керек дейді. Дегенмен, сөздің басында және ортасында жазуды қажет деп таппайды. Оның себебін **Ы** дыбысының барлығы мен жоқтығы аз сезілетіндігімен байланыстырады.

Ы дыбысы сөздің басында, ортасында жазылмаса да, оқылу барысында бірге оқылады. Қадим жазуында басты өзгешелік болып табылатын харакаттардың А. Байтұрсынұлы әліпбиінде қолданыс табуы қазақ халқының түпсанасында қалыптасқан дыбыстар жүйесін жаңғыртты деп айтуға болады. А. Байтұрсынұлы **Ы** харфі бас буында, һәм барша бітеу буында жазылмайды дейді. Ашық буында қалмай жазылды,- дейді [1,151].

А.Байтұрсынұлының жазуы жөнінде проф. Р.Сыздықова «Ахмет Байтұрсын және қазақ әліпбиі» атты мақаласында: «Үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарына дейін қазақта ұлттық әліпби жоқ болатын. Бұл кезге дейін өзге көршілес түркі халықтары сияқты, қазақтар да араб таңбаларын қолданып келді, бірақ ол қазақ жазуы емес, араб жазуы-тын. Сондықтан, халқының болашағын тереңірек ойлаған Ахаң 1910-жылдардан бастап қазақтың өз жазуын жасауды, сол жазумен оқытатын оқулық, құралдарды тұңғыш рет дүниеге келтіруді қолға алады. Қазақтың ұлттық өз жазуын түзу үшін сол әліпбидің қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сай келетіндігін көздеу керектігін де ғалым жақсы біледі, ал қолданып отырған араб әліпбиі дәл осы қалпында

қазақ тіліне қолайлы емес екендігін жақсы танып, оны ана тілімізге икемдеп, қайта түзуге кіріседі. А.Байтұрсын жасаған әліпбидің қазақ сияқты үлкен бір халықтың ұлттық мәдени-рухани сұранысын өтей алғандығын, оның куәсі осы күнге дейін халқымыздың бір бөлігінің қолданып отырғандығы екендігі»-дейді [121,4].

М.Жүсіпұлы еңбегінде А. Байтұрсынұлының әліпби, орфография жасаудағы негізгі концепциялық ойы – жеке фонемаға – жеке таңба екендігін айтады. М.Жүсіпұлы қазақ әліпбиіне байланысты өз пікірін білдіреді:

«А.Байтұрсынов мүлдем жаңа графика жасау мәселесін көтерген жоқ. Ол араб графикасын қазақ тілі дыбыс жүйесінің статикалық және динамикалық ерекшеліктеріне сәйкес реформаландырылу мәселесін көтерді. Яғни, қазақ жазуының графикалық базасы баяғы – арабша, бірақ бұған жаңа көзқарас ендірілу арқылы әріп пен дыбыстың қарым-қатынасы сингармофонемография ұғымына негізделіп, графемалардың сыртқы суреті де, ішкі мағынасы да өзгеріліп, қазақ әліпбиі мен орфографиясы қазақ сөйлесім процесінің барлық қасиеттеріне бейімделеді. Алфавитке (қолданылып жүрген әріптер негізінде) қосымша таңбалар ендіріледі. Олардың қазақ көзімен қабылдануы дәстүрлі (арабша) болу керек. Қазақ алфавиті мен қазақ орфографиясын жасағанда осындай шарттарды медеу тұту міндеттілігінің себебі – араб жазуының қазақ даласына дінмен (исламмен) бірге келгендігінде. Жазу және дін халықтың сана-сезімінде бөлшектенбейтін бір бүтін ұғым, сондықтан қазақ еліне бүгінде басқа графиканы немесе басқа графиканың элементтерін ендіру мүмкін емес. Сол себептен ең объективті, ең ұтымды шешім –араб графикасын қазақ дыбыс қорының қасиеттеріне бейімдеп, қазақ алфавиті мен қазақ орфографиясын жасау» [62,21].

М.Жүсіпұлы мұндай жаңашыл, үлкен жобаға негіз болған келесі 12 түрлі ғылыми жағдайлар екендігін айтады [62, 21-22]. Олар:

1. Қазақ тілінде керекті нақты әріптер санын анықтау үшін қазақ индивидінің ойындағы (басындағы, сана-сезіміндегі, ойлау қабілетіндегі) сингармофонемалардың (И.А.Бодуэн де Куртенэнің пікірі бойынша психофонемалардың) психологиялық бейнелерін (психобейнелерін) және сол сингармофонемалардың сингармопозициялық түрлерін нақты анықтау.

2. Сингармофонема –сингармодыбыстар қоры, сөйлесім (дыбысталым) процесінде сингармопозициялық түрлерінде дыбысталынады (реализацияланады).

3.Сөз құрамында дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға тәуелді: егер дауысты дыбыстар сингарможуан болса, онда дауыссыз дыбыстар да сингарможуан болады; егер дауысты дыбыстар сингарможіңшке болса, дауыссыз дыбыстар да сингарможіңшке болады.

4. Сингарможіңшке дыбыстың жіңшкелігін арнайы таңба – дәйекшімен белгілеу. Дәйекші сөздің алдында, бірінші әріптің биіктігінің деңгейінде жайғасады. Дәйекші сөз құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың және сөздің толық жіңшке дыбысталуын білдіреді.

5. Жаңа алфавит құрамына араб графикасынан басқа графикалардың таңбаларын, таңбалау элементтерін ендіремеу.

6. Сингармофонемалық алфавитке араб графикасының негізінде жасалған жаңа әріптерді ендіру және араб жазуына тән қосымша таңбаларды қолдану: нүкте, нүктелер, үтір; тұра, имек, дөңгелек, т.б. сызықтар. Қосымша таңбалар әріптің негізгі таңбасының үстінен, астынан, сол жағынан немесе оң жағынан орын алады.

7. Араб тілінде артикуляциялық және акустикалық эквиваленттері жоқ қазақ сингармофонемаларын жазуда таңбалау үшін араб графикасының негізінде жасалған жаңа әріптерді (6-шы тармақты қараңыз) қолдану.

8. Қазақ тілінде артикуляциялық және акустикалық эквиваленттері жоқ араб дыбыстарының (фонемаларының) таңбаларын сингармофонемалық алфавитте пайдаланбау.

9. Араб графикасының әрібі –таңбалар қоры. Сөз құрамындағы позициясына байланысты бір әріптің негізгі көрінісі (сурет бейнесі) өзінің бірнеше варианттарында (графикопозициялық түрлерінде, нұсқаларында) жазылады.

10. Түсініктілік.

11. Жеңілден –қиынға.

12. Белгіліден –белгісізге [62,21-22].

Алфавит пен орфографияны сингармофонологиялық көзқарастың негізінде жасау қазақ тілі әрпі санының үнемделуіне (көп болмауына) себеп болды. Яғни А. Байтұрсынұлы жасаған қазақ тілі алфавитінің құрамындағы әріптер саны алдымен 24 таңбадан жәнебір дәйекшіден құрастырылады. Қазақтың сингармоникалық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 24 әріптен және 1 дәйекшіден тұратын алфавиттегі таңбалар саны жеткілікті болады [62,22].

М.Жүсіпұлы А.Байтұрсынұлы ойлап тапқан төте жазудағы фонема-графема принципіне байланысты келесідей тұжырым жасайды: «1912 және одан кейінгі жылдары А. Байтұрсынұлы қазақ жазуының оған дейінгі арабша негізін сынап, онда қазақ тілі дыбыстарының толық белгіленетін графикалық таңба системасының жоқтығын дәлелдеген. Араб дыбыс қорының негізгі қасиеттерін жазуды айқын көрсететін әріптер қазақ тілі дыбыстарының қасиеттеріне сай емес.

А.Байтұрсынұлының пікірі бойынша дүниеге келетін қазақтың жаңа графикасы, әліпбиі және орфографиясы қазақ тілі дыбыс қорының сөйлесім процесіндегі сингармониялық қасиеттерін дәл көрсететін болу керек. Бұл ойды іске асыру үшін, біріншіден, қазақ индивидінің басындағы сингармофонемалар психобейнелерінің санын, екіншіден, оларды жазылымда белгілейтін нақты таңбалардың санын анықтау керек еді. А.Байтұрсынұлының бұл көзқарасының негізін іздейтін болсақ, онда әліпби авторының алфавит пен орфографияны жасаудың жоспарын түзгенінде-ақ, фонологияның маңызды принципі – әр фонемаға – әріп принципін медеу тұтқандығы айқын байқалады. Яғни А.Байтұрсынұлының бұл мәселені

шешудегі негізгі ғылыми бағыты – жеке сингармофонемаға –жеке әріп (жеке таңба) түсінігі еді [62,16-17].

Осындай биік ғылыми көзқарас А.Байтұрсынұлының сингармоалфавит пен сингармоорфографияны жасау үшін тілді ұзақ әрі тыңғылықты зерттеп дайындау барысында оның ұтымды жолдарын қарастырумен қатар, қазақ (жалпы түркі) тілі әлемінің өмір сүру дағдысына бейімдей түскендігін дәлелдейді. Сингармофонологиялық көзқарасты негізге алғандықтан тілдегі сингармофонемалар санын, олардың позициялық сингармотүрлерін анықтауға, сингармофонеманы – сингармодыбыстар қоры деп түсінуге, сол дыбыстар қорын (фонеманы) бір әріппен таңбалауға мүмкіндік туды. Бұл жағдай жазылымда бірнеше сингармофонемаларды бір әріппен белгілеуден және бір сингармофонеманы бірнеше әріппен таңбалаудан құтылу мүмкіндігін дүниеге әкелді. Оған дейінгі қолданылған тәсілді А. Байтұрсынұлының төмендегі сөздері дәлелдейді: «Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арналған белгі жоқ; бір белгімен әлде неше түрлі дыбыстарды жазамыз» [62,17].

А.Байтұрсынұлы қазақ тілі жазуына 17 дауыссыз әріп, 2 жартылай дауысты әріп, 5 дауысты әріп және бір дәйекші арнайды. Дәйекші –сөздің және оның құрамындағы дыбыстардың сингармотүрін анықтайтын арнайы белгі. Таңбаланатын жері –сөздің бас әрпінің алды. Дәйекші сөздің бас әрпінің биіктігімен тең жайғасады [62,17].

А.Байтұрсынұлы әліпбиіндегі дәйекші туралы проф.Р.Сыздықова «Ахмет Байтұрсын және қазақ әліпбиі» атты мақаласында: «А.Байтұрсын ғалым, зерттеуші ретінде қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер жайындағы пікірлерін 1912 жылдардан бастап «Айқап» сияқты журнал мен «Қазақ» сияқты газеттің беттерінде білдіре бастайды. Өзгелермен айтысады, өз жобасын ұсынады, оны түсіндіреді. Әліпбидің өзі ұсынған жобасында араб тіліне тән дыбыс таңбалары алынбайды, оның есесіне қазақ тілінде бар дыбыстарының таңбаларын қосады. Ең үлкен жаңалық: Ахаң әліпбиге дәйекші дегенді енгізеді. Сөздің оң жақ шекесіне қойылатын дәйекші белгі сол сөздің тұтас жіңішке оқылатынын көрсетеді, ал бұл –алфавитті қазақ тілінің ерекшелігі болып саналатын үндестік заңдары – сингармонизм дегенге икемдеу амалы екендігін көреміз. Мұндай икемдестіру өте қажет, өйткені қазақтың төл сөздері тұтасымен не жуан, не жіңішке дауысты дыбыстармен келетіндігін осы дәйекші арқылы көрсетуге болады. Дәйекші тұрса, сөз ішіндегі дауыстылар жіңішке болғаны», -дейді [121,4].

Сонымен, А.Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тіліндегі сингарможуан және сингарможіңішке дыбыстардың негізін қалады. Дәйекші белгісі қосымша таңба ретінде ендірген. А. Байтұрсынұлының алфавитіндегі дыбыстардың сингарможіңішкелігін дәйекші, қосымша таңба арқылы белгілеген.

Дауыстылар таңбасы жөнінде ф.ғ.к. Г.Мамырбекова: «А.Байтұрсынұлы дауыстылар таңбасын беруде қадим, жадид жазуынан бері қарай қолданылып келе жатқан 4 әріпті орнында қалдырған да ұ дыбысы үшін ғана уау (ә) таңбасына аз өзгеріс енгізген. Дауыстылар таңбасы аз деп есептелетін араб

әліпбиін еш қиындықсыз төл тілімізге икемдегені орасан зор жетістік. Сонымен қатар, араб әліпби жүйесіндегі басы артық таңбаларды әліпби құрамынан шығарып тастауы ешбір түркі халықтарында болған емес деп айтуға болады. Бұл ғалымның қазақ тілінің дыбыстық жүйесін жете меңгергендігімен байланысты»-дейді [21,115].

Дауыстылардың берілуі жөнінде Г.Мамырбекова: «А.Байтұрсынұлының әліпби жүйесіндегі дауыстылардың берілуін қадим, жадид жазуларындағы дауыстылар таңбасымен салыстырып қарасақ, ғалымның дәстүрлі жазу нормасынан ауытқымай, халық санасындағы психобейнесі қалыптасып қалған әріптерді өз орнында қалдырғанын көреміз және қадим жазуының басты ерекшелігі болып табылатын харакаттардың қолданылуы А. Байтұрсынұлы жүйесінде тек **ы, і** дауыстыларында берілген, оның өзінде сөздің мағынасына нұқсан келмейтін болса ғана»-дейді [21,115].

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, А.Байтұрсынұлы қазіргі заман тіл білімі тарихында фонетика және фонология, графика және орфография, лингводидактикалық салаларында тұңғыш болып ірі ғылыми зерттеулер жүргізді. Олар:

1) түркі тілдерінің сингармонизм заңына бейімдеп, араб графикасының реформасын жасау.

2) қазақ тілі материалының негізінде түркі тілдерінің ішкі және сыртқы қасиеттеріне сай сингармофонологиялық орфография жасау.

3) қазақ тілі материалының негізінде түркі тілдерінің ішкі және сыртқы қасиеттеріне сай сингармофонологиялық орфография жасау.

4) қазақ тілінің дыбысталу дағдысын негіз тұтып, жеке адамның (индивидтің) ойлау-қабілетіндегі ана тілі фонемаларының (сингармофонемаларының) психобейнелерін, олардың санын және сөйлесім процесіндегі қызмет ерекшеліктерін дәл анықтап, ғылыми зерттеу мен ғылыми баяндау жасау.

5) сингармониялық тілде доминантты сингармотембрін және сингармопозициялық түрлерін нақты анықтап, ғылыми зерттеу мен ғылыми баяндау жасау.

6) фонемаларды (сингармофонемаларды) дыбыстар (сингармодыбыстар) қоры деп анықтап, ғылыми зерттеу мен ғылыми баяндау жасау.

7) тілдің дыбыс қорын ғылыми зерттеу, баяндау процесінде позициялық көзқарасты ендіру (сингармофонологиялық позиция) ұғымының ғылыми негізін жасау; түркі тілдері дыбыстарының синтагматикасының ерекшеліктерін анықтау; позициялық принциптің фонология саласындағы даму жолдарын анықтау.

8) бірнеше түркі және басқа тілдердің негізінде (бірінші қатарға қазақ тілінің материалын шығарып) салыстырмалы типологиялық зерттеулер жүргізу.

9) түркі тілдерінің сингармониялық дыбыстау дағдысының қасиеттерін медеу тұтып (бірінші қатарға қазақ тілінің материалын

шығарып), фонетикаға және орфоэпияға оқыту әдістемесінің ғылыми негізін жасау [62,88-89].

А.Байтұрсынов, біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, сондан із салған жаңашыл ағартушы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914-1915 жылдардан 1927-1928 жылдарға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын А.Байтұрсыновтың «Әліпбиімен» ашып, ана тілін А.Байтұрсыновтың «Тіл-кұралы» арқылы оқып үйренді.

Екіншіден, А.Байтұрсынов – араб графикасына негізделген қазақ жазуыны реформаторы. Бұл жазу да үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан бастап 20-жылдардың соңына дейін (латынға көшкенше) қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Байтұрсынов жасаған жаңа жазу күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады.

Үшіншіден, А.Байтұрсынов – қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым және Қазақстан ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі.

Төртіншіден, А.Байтұрсынов –қазақ халқына, жас совет үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері [60,49].

А.Байтұрсынұлы әліпбиі нағыз грамматологиялық еңбек болып табылады. М.Жүсіпұлының теориялық тұрғыдан дәлелдеп, дәйектеген сингарможуан, сингарможінішке деп, сингармонизммен байланыстырған монографиялық еңбегі де А.Байтұрсынұлы әліпбиінің өзектілігінің дәлелі.

ҚОРЫТЫНДЫ

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің барлық салалары бойынша негізгі теориялық тұғыр қалыптастырушы көшбасшы. Ғылыми жұмысымызда А.Байтұрсынұлын ғалым лингвист ретінде қарастырғандықтан, қазақ жазу жүйесінің алғаш рет негізін қалағандығын, дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөліп қарастыру А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алатындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге тырыстық.

Бірінші бөлімде ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ жазуының тарихи сипаты, грамматология ғылымының зерттелуі және А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі басты қисындар қарастырылды.

Екінші бөлімде А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі дыбыстардың таңбалану жүйесі: грамматологиялық бағыты, А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі таным, А.Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің негізділігі, А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі дауысты дыбыстар жіктелімі, А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі дауыссыз дыбыстар жіктелімі және А.Байтұрсынұлы әліпбиі мен латын әліпбиінің жіктелімі қарастырылды.

Үшінші бөлімде А.Байтұрсынұлының күрделі сөздер емлесі және А.Байтұрсынұлының грамматикалық емшелері қарастырылды.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінде грамматология ғылымының ғана негізін салған жоқ, сонымен қатар фонетика мен фонологияның да негізін қалады. Қазақ тіліндегі дыбыстардың үндесім заңы А.Байтұрсынұлы алфавитімен тығыз байланысты. Қазақ сингармониясының, қазақ тіліндегі гармониялылықтың бастауы осы А. Байтұрсынұлы жазған оқу құралдарынан басталады. Ауызекі тіл мен жазба тіл, бір әріпке бір фонема ұғымын ұстанған, жазу экономиясына жету үшін дәйекші белгісін қолданған, қазақ халқы түсінікті де жеңіл қабылдайтын әліпби ұсынған А.Байтұрсынұлы ұлттық ғылым тілін қалыптастырды.

А.Байтұрсынұлының практикалық тұрғыдан қарастырған, оқу құралында берген мысалдары теориялық тұрғыдан дәлелденді. Дәлелдеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың жіктелімі берілді. Жіктелімде отандық ғалымдардың еңбектері негізге алынды: Ә.Жүнісбек, М.Исаев, С.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, С.Мырзабеков.

А. Байтұрсынұлының «Әліппе» оқу құралы нағыз грамматологиялық бағытта жазылған еңбек, қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп беріледі. Дыбыстар дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болады.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің грамматологиясы бойынша негізгі теориялық тұғыр қалыптастырушы көшбасшы. Грамматология жалпы жазу ғылымын қарастырады. Грамматология термині ең алғаш рет И.Гельбтің еңбегінде көрініс тапты. Грамматологияға қатысты қолданылған еңбектер: Жак Дерриданың «Грамматология жөнінде» атты еңбегі, И.Гельб «Опыт изучения письма» атты еңбегі.

Салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан қарастыру барысында А.Байтұрсынұлының алфавиті мен Деррида ұсынған теориялық терминдердің арасында көптеген ұқсастықтар табылды. Деррида еңбегінде грамматология позитивті ғылым ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, Дерриданың еңбегінде «із», «жазу», «прото-із», «өзгешелік», «прото-жазу», орнын толтыру, орнын толтырушылық деген терминдердің барлығы синонимдік қатар құрайтындығын айтқым келеді. Мысалы, із, жазу, өзгешелік, орнын толтыру терминдерінде уақыттың өту мәнін ұғуға болады: аталған терминдердің барлығы басқа терминдерде көрініс таба отырып, бірін бірі алмастырады немесе алмасады. А.Байтұрсынұлы әліпбиінде де Деррида еңбегінде қарастырылған терминдер синонимдік қатар құрай отырып, бір-бірімен алмасады және бірін-бірі толықтырады.

А.Байтұрсынұлы - қазақ грамматологиясының негізін қалаушы. А.Байтұрсынұлы қазақ грамматологиясының негізін практикалық тұрғыдан мысалдар беру арқылы дәйектеді, негізгі теориялық тұғыр қалыптастырды. А.Байтұрсынұлының оқу құралында мысал ретінде берілген сөздер грамматологияны теориялық тұрғыдан қарастырған Ж.Дерриданың терминдерімен байланыстырылып, кесте және сурет ретінде берілді.

Лингвистика теориясының аса күрделі мәселерінің бірі болып табылатын тіл мен ойлаудың арасындағы байланысты теориясынан халық санасында психобейнесі қалыптасып қалған әріптерді өз орнында қалдыра отырып, қазақ халқының табиғатына тән төл дыбыстарды өзіндік сонылықпен бейнелегендігінен байқауға болады. А.Байтұрсынұлы дыбыстарды ойлап табу үдерісінде ауызекі тіл мен жазба тіл арасындағы ерекшелікті сақтауға тырысты. Оның себебін, айтылым үдерісіндегі сөздерді жазылым үдерісінде сол қалпында қалдырғысы келді. Өзіміздің төл дыбыстарымызды сол қалпында өзгеріссіз сақтағысы келгендігін оқу құралдарында берілген мысалдардан байқауға болады.

А.Байтұрсынұлының оқу құралдарында берілген мысалдардан дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестігі, фузиялық өзгешеліктер, протеза, архисема, диссимиляция тіркесі көрініс табады. А.Байтұрсынұлы дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестігі заңдылығын негізге алып, қарастырған. Сонымен қатар, сөздердің үйренушіге, білім алушыға жеңіл жолмен түсіндірілуіне де назар аударған. Сөздерді буындап бөліп үйренген соң, сөздің әр буынындағы дыбыстарды айырып, тұтас сөздің ішіндегі дыбыстарды білген соң, дыбыстарды қосып сөз айтуды үйрету үшін әуелі дыбыстарды емес, сөздің буындарын бөлек-бөлек айтып, оларды қосқызып сөз айтқызу жөн болып табылғандықтан, үйретуге жеңіл де қолайлы етіп, архисемасы бір болып табылатын сөздерді мысал етіп алғандығын оқу құралдарында берілген мысалдар тізбегінен байқауға болады.

А. Байтұрсынұлы төте жазуының маңыздылығын дәйектеуге тырыстық. Төте жазумен 1914 жылы жарияланған «Қазақша алифба» оқу құралынан мысалдар беру арқылы айырмашылықты көрсетуге тырыстық.

Айырмашылық негізінен сөздердің санына және басқа да сөздердің берілуіне қатысты болды. Айырмашылық төте жазумен берілген мысалдарды жазумен беру арқылы көрсетілді.

Қ.Жұбанов сынға алған қосар дыбыстарды А. Байтұрсынұлы ауызекі тіл мен жазба тіл арасындағы ерекшелікті сақтау процесінде жасалған дыбыстар екенін дәйектедік. Дегенмен А.Байтұрсынұлы қазақ жазу үлгісінде сақтағысы келген ауызекі тіл мен жазба тіл арасындағы ерекшелік уақыт өте келе орыс тілінің әсерінен бір ғана дыбыспен бейнеленгендігін көрсеттік. Олар: ю, я әріптері.

Қазіргі таңда латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуында А.Байтұрсынұлының алфавитінде сақталған айу, сайа секілді ю, я дыбыстарын беретін сөздер қайтадан өз орнына оралғанын ғылыми жұмысымызда мысалдар беру арқылы дәйектедік. Бұл дегеніміз Байтұрсынұлы алфавиті қаншама уақыт өтсе де, құндылығын жоймағанының кепілі. А. Байтұрсынұлы алфавитіндегі ережелер латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуына енгізілді. Ю және Я дыбыстары А.Байтұрсынұлы әліпбиіндегідей айу, сайа деп берілген. А.Байтұрсынұлы әліпбиіндегі ережелер қазақ жазу үлгісінде сақталды. Қаншама уақыт өтсе де, қаншама әліпби ауысса да, А.Байтұрсынұлы әліпбиі өз өміршеңдігін жойған жоқ. Уақыт өткен сайын жаңғырып, қазақ халқының әліпбиінде өз орнын алды. Адамның түпсанасында орын алған төл дыбыстарымыз қаншама уақыт өтсе де, санамызда, айтылым процесінде, сөйлесу кезінде орын алады. Орыс тілінің әсерінен енген ю, я дыбыстары қазақ тіліндегі сөйлесім процесінде орын алатын дыбыстарды бере алмайтындығын байқауға болады.

А.Байтұрсынұлы әліпбиінде қазақ тіліндегі сингармозуан және сингарможінішке дыбыстардың негізі қаланды. Әліпбиде аса назар аударатын белгі – «дәйекші» белгісі қосымша таңба ретінде енгізілген. А.Байтұрсынұлы әліпбидегі дыбыстардың сингарможінішкелігін дәйекші, яғни қосымша таңба арқылы белгілеген. Егер дауыссыз дыбыстардың дауысты дыбыстарға бағынатындығын ескерсек, дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады, дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылады.

«Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы», - деп өзі айтқандай, А.Байтұрсынұлы әліпбиі халықтың жүрегіне жақын, ауызекі тіл мен жазба тіл арасындағы ерекшелікті сақтай отырып, жасалған дыбыстар арқылы қазақ тіл ғылымында әліпби құрастыруда өзіндік сонылығымен және ерекшелігімен есте қалды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992, 448 бет.
2. Ақымбек С. П.М. Мелиоранский және қазақ тілі фонетикасы: автореферат / Ақымбек Съезд Шардарбекұлы. - Алматы : [б. и.], 2003. - 30 с.
3. Иманқұлова С.М. XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс түркітанушыларының морфологиялық зерттеулерінің бағыттары. Кандидаттық диссертация- Алматы: 2009.-146 б.
4. Ахмет Байтұрсуновдың казакча алифбеси. Оқу құралы. - Оренбург, 1914
5. С.Аққұлы. Әлихан Бөкейхан. Аманат. II том.-Шымкент: «Азиат» баспасы. 2016.-640 б.
- 6.«Алаш» қозғалысы. Құраст: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. Алматы: А 39 «Сардар» баспа үйі, 2008,- 324 бет + 16 жапсырма бет.
7. Тер-Минасова С.Г.Язык и межкультурная коммуникация. -М., 2000.
8. Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков и его влияния на духовное развитие человеческого рода. Цит. по книге.: Звегинцев В.А. История языкознания XIX и XX вв. в очерках и извлечениях.Ч.І. М., 1964.
9. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. Издательство «Наука». Ленинградское отделение. – Ленинград. –1974.
10. Уорф Б.Л. Отношение норм поведения и мышления к языку//Новое в зарубежной лингвистике. 1960.
11. Истрин В.А. Развитие письма. -Москва. 1961.-395с.
12. Павленко Н.А. История письма. –Мн.: Выш. шк., 1987.-239с.
13. Фридрих И. История письма. Пер. с нем. М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1979
14. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Оқу құралы.– Алматы, «Санат», 1996. –128бет
15. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар) –Алматы. «Ана тілі». 1993. 320 бет.
- 16.Салқынбай А.Б., Көккөзова М.Б. Әдіскер тағылымы: Оқу құралы.- Алматы: Қазақ университеті, 2002.-142 бет.
17. Фердинанд де Соссюр. Труды по языкознанию. Переводы с французского языка под редакцией А.А.Холодовича. –Москва. «Прогресс», 1977
18. Гельб И.Е. Опыт изучения письма //Введение в языковедения. Хрестоматия. – М.: Аспект Пресс, 2000. –с.250-269.
19. Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы: монография. –Алматы: «Айкос». -184 б.
20. Садуақас Н.А. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуы туралы. Ахмет Байтұрсынов және ұлттық таным мәселелері. Аймақтық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. 16 наурыз, 2007. – Қостанай: (Қостанай МПИ, 2007. - 36-39 б).
21. Мамырбекова Г. XVIII-XIX ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері: фил. ғыл. канд. автореф. - Алматы, 2006.–130 б.

22. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық –Алматы: «Дәуір –кітап», 2013 ж.- 240 б.
23. Мамырбекова Г. «Байтұрсынұлы жазуы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінің жарық көргеніне жүз жыл. <http://anatili.kazgazeta.kz/news/10394>. 12.09.2012 ж.
24. Аңыз адам журналы №20(32), қазан, 2011жыл. –30б.
25. Тасымов Б.С.Араб тілі. - Алматы, «Мектеп», 1988 -294б.
26. Алтынсарин И. Начальное руководство к обучению киргизов к русскому языку. Оренбург, 1979. 32 бет
27. Дирингер Д. Алфавит. –М.: Едиториал УРСС, 2009. -656 с.
28. Алпатов В. М. Языкознание: От Аристотеля до компьютерной лингвистики / В. М. Алпатов — «Альпина Диджитал», 2017 — (Библиотека ПостНауки)
29. Nergis Biray. Ahmet Baytursınulı şiirleri üzerinde dil ve uslub incelemesi. 2012.
30. Nergis Biray. Alaş'ın Aydınlatıcı Önderi: Ahmet Baytursınulı. Türk Edebiyatı - Kazak Edebiyatı Özel Sayısı, 2019.
31. Ferhat Tamir. Ahmet Baytursınoğlu ve Arap alfabesinin ıslahı. Dil Araştırmaları Dergisi. Sayı: 3 Güz, 2008, 27-33 ss. Ankara
32. Ferhat Tamir. Gaspıralı İsmail bey ve Kazak aydınlarına tesirleri, Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi Sayı, 12/1, Güz 2001,Ankara (Türk Dil Kurumu yayını).
33. Ferhat Tamir. Usul-i Cedit ve Ahmet Baytursınoğlu, Kardeş Kalemler, Yıl: 2, Sayı: 24 (Aralık, 2008), Ankara.
34. Ferhat Tamir. Ahmet Baytursınoğlu ve 1926 Baku Türkoloji kongresi, Atatürk Kültür, Dil ve Tarih yüksek kurumu Türk Dil Kurumu Yayınları: 726 1926 Baku Türkoloji kongresinin 70.yıl dönümü toplantısı (29-30 kasım 1996).
35. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы.-Алматы: «Ел-шежіре», -2013.Т. I: -384 б.
36. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы.- Алматы: «Ел-шежіре», -2013.Т. II: -384 б.
37. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл- құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері).-Алматы: «Ел-шежіре», - 2013.Т. III: -384 б.
38. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер).-Алматы: «Ел-шежіре», -2013.Т. IV: -384 б.
39. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. «Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары.- Алматы: «Ел-шежіре», -2013.Т.V: -384 б.
40. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар.-Алматы: «Ел-шежіре», -2013.Т.VI: -384 б.

41. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. (Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С.) – Алматы: Жазушы, 1989.-320 бет., портр., суретті.
42. Байтұрсынұлы Ахмет. Қырық мысал: Өлеңдер.-Алматы: Жазушы, 2001.-120 бет.
43. Байтұрсынұлы А. Шығармалары/Ахмет Байтұрсынұлы-Алматы: «Өлке» баспасы, 2013.-240б. (Жасөспірімдер кітапханасы)
44. Әбдиманұлы Ө. Ахметтану: Оқу құралы/Ө.Әбдиманұлы. –Алматы: Қазақ университеті, 2015.-273б.
45. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы. Зерттеу-эссе. –Алматы: «Арда», 2007.-296 бет., Жапсырмалы.
46. Күдеринова Қ.Б. «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» оқу құралы (қазақ тілі мен әдебиеті, филолог мамандығы студенттеріне арналған) «Елтаным баспасы». - Алматы, 2013.
47. Жұбаева О. Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2002.
48. Салқынбай А.Б. Елдес Омарұлы зерттеулерінің қазіргі кездегі өзектілігі. Е.Омарұлының 125 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. ТБИ. –Алматы, 2019.
49. Елдес Омарұлы. Үш томдық шығармалар жинағы. Астана, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018 ж.
50. Салқынбай А.Б. Телжан Шонанұлы шапағаты: үндестік заңының анықтығы мен ұлттық танымға жақындығы. Т. Шонанұлының 125 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. ТБИ. –Алматы, 2019.
51. Шонанұлы Т. 5 томдық шығармалар жинағы, - Алматы: – Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2015.
52. Т.Шонанұлы «Орыстар үшін қазақша әліппе» Қазағыстан баспасы, (Одобрено УМС НКПроса КАССР для русских школ в качестве учебника для I года обучения казакскому языку) 1931 ж.
53. Т.Шонанұлы, Қ. Төлебайұлы «Үлкендер үшін қазақ тілінің оқулығы» 1934 ж.
54. Сухотин А.М., Юдахин К.К. О сокращении некоторых букв в ряде тюркских алфавитов//Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии.-М., 1970.-С.157-162.
55. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1999.–581б.
56. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика, грамматика). Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы. Жауапты редакторы: профессор М.Балақаев, доцент А.Исқақов. – Алматы,1954.
57. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. 49000 сөз. Қазақ ССР Ғылым акад. Тіл білімі институты.-Өңд., толықт.3-бас. –Алматы: Қазақстан, 1988.-400 бет.

58. «А.Байтұрсынұлы-қазақ тіл білімінің көшбасшысы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары/ғыл.ред. А.Б.Салқынбай. - 2012. 318 бет.
59. Р.Сыздық «Ахмет Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлының «Оқу құралы» атты көлемді еңбегі жайында». Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері (конференция материалдары мен тезистері). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004.-208бет.
60. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов-Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990, 52 бет
61. «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы»: ұжымдық монография. Жалпы ред. басқарған А.Фазылжанова. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 560 б.
62. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. 216 б.
63. Архив ҚазПИ им.Абая. Опись Л–1, связка № 6 «Б», д.209.
64. Райхан Сахыбекқызы. Қазақ әліпбиі немесе Байтұрсынұлы емлесі. «Абай-ақпарат». Abai.kz. 17 қаңтар, 2012.
65. А. Байтұрсынұлы. Оқу құралы. Қазақша алифба. Оренбург. 1912.
66. Байтұрсынов А. Тіл құрал: (Қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық.- Орынбор: ТД «Ғ.Ғ.Хұсайнов уә ширкәсі»-нің паровой матбәғасы,1914.-53 б.
67. Байтұрсынұлы А. Тіл–құрал: Дыбыс жүйесі мен түрлері.1-ші тіл танытқыш кітап. Фонетика:/Қазақ-қырғыз білімпаздарының І-ші тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 5-бас.-Қызылорда: Қазмембас, 1925.-40 б.
68. А. Байтұрсынұлы. Тіл-құрал, қазақ тілінің сарфы, 2-інші жылдық Орынбор. 1915 ж.
69. А. Байтұрсынұлы. Тіл-құрал, қазақ тілінің сарфы, III-інші тіл танытқыш кітап Қызылорда. 1925 ж.
70. А. Байтұрсынұлы. Баяншы. Қазақ мұғалімдеріне арналған оқу құралы Қазан, 1920 ж.
- 71.Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш.-1-бас.-Қызылорда: Ташкент: Қазмембас, 1926.-286 б.
72. А.Байтұрсынұлы. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу/Құраст. Р.Нұрғалиев. –Алматы: Жалын, 1991.- 464 бет.
73. А.Байтұрсынұлы. Қай әдіс жақсы? «Жаңа мектеп», 1928. № 4, 3-11 б.
74. А.Байтұрсынұлы. Жалқылау (айырыңқы) әдіс. «Жаңа мектеп», 1928. № 11-12, 45-49 б.
75. А.Байтұрсынұлы. Жалқылаулы-жалпылау әдіс. «Жаңа мектеп», 1928. № 1, 31-37 б.
76. А.Байтұрсынұлы. Жазу тәртібі. «Айқап», 1912, № 4-5.
77. А.Байтұрсынұлы. Жазу мәселесі. «Қазақ», № 35, 1913.
78. А.Байтұрсынұлы. Шаһзаман мырзаға. «Айқап» журналы, 1912 жыл, № 9, № 10, № 11.

79. А.Байтұрсынұлы. Қазақша сөз жазушыларға. «Шора» журналы, 1913, № 4, 110-113 б.
80. А.Байтұрсынұлы. Байтұрсынов Ахметтің араб әліп-би жақтаған баяндамасы.
81. А.Байтұрсынұлы. Оқу жайы. 1913, 21 апрель, № 11 (Бас мақала).
82. А.Байтұрсынұлы. Орысша оқушылар. «Қазақ» газеті, 1913, 15 август, № 26 (Бас мақала).
83. А.Байтұрсынұлы. Қазақша оқу жайынан. «Қазақ», 1913, 16 май, № 14 (Бас мақала).
84. А.Байтұрсынұлы.Бастауыш мектеп. «Қазақ» газетасы, 1914 жыл, 9 май, № 61.
85. А.Байтұрсынұлы. Мектеп керектері. «Қазақ» газетасы, 1914 жыл, 17 май, № 62.
86. А.Байтұрсынұлы. Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек?. «Қызыл Қазақстан» журналы. 1923, февраль, № 14, 12-13 беттер.
87. Байтұрсынұлы А. Әліппе: Жаңа құрал. Түрлі суреттермен басылған. -3-бас./Қазақстан білім ордасы мектепте қолдануға ұйғарған.-Қызылорда: Қазбас, 1928.-116 б.
88. Байтұрсынұлы А. Тіл–жұмсар:Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірібесі арқылы танытатын 1-ші кітап;.-Қызылорда: Қазбас, 1928.-46 б.
- 89.Байтұрсынұлы А. Сауат ашқыш: Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліппе. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап.-Семей, Семгуббас, 1926.-83б.
90. Деррида Ж. О Грамматологии. –М., 1967.
- 91.Сайбекова Н.У. Жазу әлемдік өркениет бесігі. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршы» журналы. № 6 (164) 2016 ж. 72-78 бб.
92. Шонанов Т. Ахмет Байтұрсынов халық ағарту және әдебиет саласында// «Жұлдыз», №2. –Алматы, 1992
93. Дала мен қала. Қазақстандық қоғамдық-саяси апталық. №32 (109), 12 тамыз, 2005ж.
94. Ескі қазақ жазуы. Араб әріптерінің негізіндегі түркі әліпбиінің қазақша жазу емлесі. Құрастырған Абдулла Жүнісов.- Алматы, 2002.
95. Салқынбай А.Б. Қазақ тілі: Сөздік құрам. Сөзжасам: оқу құралы/ – Алматы: Қазақ университеті, 2016. –390 б.
- 96.М.Томанов. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. -Алматы, «Мектеп», 1988.
97. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. -Алматы, «Ғылым», 1966, 240 бет.
98. Зиндер Л.Р. Очерк общей теории письма. -М.: Наука, 1987
99. Щерба Л.В. Теория русского письма.- М., 1982.
100. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері атты диссертациялық жұмыс. А., 1993,162 бет.
101. Базарбаева З. Қазақ тілі: интонология, фонология –Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. -326 бет.

102. Яковлев Н.Ф. Математическая формула построения алфавита //Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. – М., 1970. – С.123-148.
103. adebiportal.kz. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/3264>. 14.04.2017ж.
104. Джусупов Маханбет, Ибраимов Қапар. Ахмет Байтұрсынұлы: ғылыми таным, терминжасам, стилистика. Алматы, «Әлем» баспасы, 2015.-215 б.
105. Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. –Алматы: Елтаным баспасы, 2012.-156 бет.
106. Н.Б.Оспанғазиева. Қазақ тіліндегі дыбыстардың фонологиялық сипаты. Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. № 3(61), 2017.
107. Сыздықова Р. Сөз сазы (Сөзді дұрыс айту нормалары). Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1995. -120 бет.
108. Тіл және қоғам. Альманах. №1, 2004, -Астана
109. Салқынбай А.Б., Сайбекова Н.У. А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі дауысты дыбыстар жіктелімі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы журналы. Филология сериясы. №2 (170). 2018ж. 137-142 бб.
110. Исаев С.М. Қазақ тілі. Оқу құралы. –Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. - 208б.
111. Кеңесбаев С., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі: лексика, фонетика. - Алматы, 1962.
112. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы: Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1993-136 бет.
113. Ә.Жүнісбек. Қазақ фонетикасы/Әлімхан Жүнісбек –Алматы: «Арыс», 2009-312 бет.
114. Сычева С.Г. Проблема символа в философии. –Томск. Изд-во Том-го унив-та. 2000.-197с.
115. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері.-Астана, 2018.-29б.
116. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері. 18 қаңтар, 2019ж. Егемен Қазақстан. egeмен.kz.
117. Abai.kz. Абай ақпарат. 04.01.2013
118. Байтұрсынұлы А. Емле туралы //«Еңбекші қазақ» газеті. – 27.03.1929.
119. Дулатұлы М. Тіл –құрал. Оқшау сөз// «Қазақ», 1915. № 93.
120. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1993.-232б.
121. Шалқар. Еларалық апталық газет. 1993ж. 30 қазан. №40 (462). 4 бет.